



Абай ас-мә

ТӘНДІ
ҚОБДЖУДЫ

— 15 —

ШҮЖАРМАЛАРЫ



Если мы хотим быть нацией на глобальной карте XXI века, нужно, чтобы мир узнал нас по культурным достижениям.

*Нурсултан Назарбаев,
Президент Республики Казахстан*



821.512.122

К 66



ТӨЛЕУ КӨБДІКҰЛЫ

Ш Ы Ғ А Р М А Л А Р Ы

«АТАНДЫМ ӨЗ ТҰСЫМДА АҚЫН ТӨЛЕУ»

Ақынның отбасында сақталған шығармаларын іріктеп және ол туралы жазба-естеліктерді қайыра қотарып жинаққа дайындаған Шынар Мұратқызы (Төлеу немересі)

FOLIANT
LACONIC

Астана – 2018

2/3

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-5
К 66

«Абай әлемі» кітаптар топтамасы
Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Сәрсекә М., *бас редактор*

Редакциялық алқа мүшелері:

Ахметов Д.
Нусупова А.
Мухамедчинов А., *жауапты хатшы*
Еспенбетов А.
Қаңтарбаев А.
Абдуллина Л.
Жанболатов М.
Қасымов А.
Кратенко А.
Пуссеп Г.
Щербаков Б.

К 66 Көбдікұлы Т.
Шығармалары. «Атандым өз тұсымда ақын Төлеу». – Астана: Фолиант,
2018. – 296 бет.

ISBN 978-601-338-008-7

Аталмыш жинаққа Төлеу Көбдікұлының суырыпсалма және жазбаша толғаған өлеңдері, айтыстары, 1904-1954 жылдар аралығындағы өлеңдері мен толғаулары, ақынның замандастарына арнаған өлеңдері және ол туралы естеліктер топтастырылған.

Ол – өткен өміріміздің рухани бейнесін өткір сезім, ойлы сөзбен кестелеген жүйрік те шешен ақын. Абайдың ақындығының тәрбиесін көрген Төлеу бұрынғы сатымсақ, ел қыдырғыш ақындардай, жоқты-барды өлең қылып айтпаған: ескі қисса, діни хикая, ертегі-өңгімелерге әуестенбеген, өмір шындығы, тарихи ақиқатты нақты жырлауға талпынған. Бертінгі өлең-жырларында ақын майдандағы совет жауынгерлерінің ерлігін де, тылдағы колхозшылардың еңбек майданындағы батырлықтарын да шебер жырлаған.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-5

ISBN 978-601-338-008-7 Шығыс Қазақстан облысының «Фолиант» баспасы, 2018

Шығыс Қазақстан облысының
Абай атындағы
өмірбаян кітапханасының кіші
№ 517142

«АБАЙ ӘЛЕМІ» – ТАҢДАУЛЫ ЖАУҒАРЛАР



Қымбатты оқырман! Қазақстанның Құншығысы – жасыл орман көмкерген ақаршақар асқар таулар, солардың қойнауында жарқыраған айна көлтоспалар мен өзендер, шексіз дала. Табиғаттың көз тұндырған осынау сұлулығы көркем сурет, кестелі сөзге арқау. Осындай тұмса

табиғатқа бай бұл өңір тамырлы тарихымен, дарынды ұл-қызымен де дара. Шығыс өңірі – халқымыздың ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы, жазушы Мұхтар Әуезов сынды кемеңгер тұлғалардың Отаны. Бұл өңірде Федор Достоевский, Евгений Михаэлис, Георгий Гребенчиков, Анатолий Иванов сынды көркем сөздің ірі тұлғалары өмір сүріп, қызмет еткен. Әлқисса, осы жайсаңдардың өнегесі мол рухани еңбектерін қайыра жариялау, оған қоса Ертіс бойында туып-өскен ақын-жазушылар мен өнер адамдарының шығармаларымен оқырманды қауыштыру – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған нұсқауларынан туындап отыр. Соған орай, «АБАЙ ӘЛЕМІ» атанған кітаптар топтамасын шығарудағы мақсат – туған жердің тамаша табиғаты, осында туып-өскен адамдардың тағдыры туралы шығысқазақстандық жазушылар мен ақындардың таңдаулы туындыларын халыққа жеткізу.

Топтаманың алғашқы кітабынан оқырман Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының даналығын сезініп, Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясының орыс тіліндегі жаңа аудармасымен танысады. Абай Құнанбайұлының қазақ және орыс тілінде жарық көретін кітабының ең басты ерекшелігі – Абай мұрасын тұңғыш бастырушы Кәкітай Ысқақұлы мен Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп таныған Ахмет Байтұрсынұлының мақалалары кітапқа алғы сөз ретінде енгізіліп отыр. Жинақтарда Абай мен Шәкәрім шығармалары ешқандай қысқартусыз берілген. Шәкәрімнің

екі томдық жинағына ақынның көзі тірісінде төте жазумен Семейде, Орынборда жарық көрген кітаптары және ХХ ғасырдың басында газет-журнал беттерінде жарияланған аудармалары тікелей осы басылымдардан аударылып, текстологиялық өзгешеліктері барынша ескеріліп берілді. Ал Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы жазушы Анатолий Кимнің көркем аудармасымен оқырманға жол тартты. Федор Достоевскийдің Семей қаласында өмір сүрген кезінде жазған еңбектері де топтамаға енді. Атақты әнші, ұлттық театр өнерінің алғашқы қарлығашы Әміре Қашаубаевтың туғанына 130 жыл толуына орай әнші туралы халық әртістерінің, замандастарының деректі хикая, естелік, дастандары, сондай-ақ «Амре в Париже» деректі кітабы ұсынылып отыр. Нақ осы мақсатпен ұлы Абайдың ақындық үлгісін жалғастырған дарынды шәкірті Төлеу Көбдіков сынды поэзия дүлдүлінің көптен жарияланбаған және бұрын-соңды жарық көрмеген туындылары жинақталды. Балалар жазушысы Марат Қабанбаевтың мерейтойы қарсаңында балаларға арналған орыс тіліндегі кітаптар шығармалары шығыс өңірінде алғаш рет жарық көріп, жасөспірімдерге ұсынылады. Анатолий Ивановтың адамды еңбекке тәрбиелейтін «Тени исчезают в полдень» романы мен Медеу Сәрсекенің деректі реализм тілімен өрілген «Жарылыс», «Көмбе» романдары біріктіріліп алғаш рет дилогия болып және Борис Щербаковтың адам мен табиғат арасындағы үндестікті бейнелеген шығармалары топтаманың алдыңғы басылымына еніп отыр.

Әлбетте, оқырман қауым атақты жерлестеріміз Әзілхан Нұршайықов, Әди Шәріпов, Қалихан Ысқақов, Оралхан Бөкейдің тағылымы мол роман, хикаяттарымен, Георгий Гребенщиковтің Алтай өңіріне этнографиялық саяхатымен, Шәкір Әбенев пен Ұлықбек Есдәулеттің, Әлібек Қаңтарбаевтың және өзге де қаламгерлердің таңдаулы еңбектерімен қайыра танысады. Сондай-ақ өлкетанушылар Владимир Обручев, Борис Герасимов, Нифонт Долгополов, Евгений Михаэлис, Николай Коншиннің өлкемізге қатысты тамаша еңбектері де жарияланады.

«Абай әлемі» кітаптар топтамасына ұзақ ғұмыр тілеймін! Шығыстың жауһар туындылары әрбір оқырманның талғам таразысынан шығады деген сенімдеміз.

Даниал АХМЕТОВ,
Шығыс Қазақстан облысының әкімі

ТӨЛЕУ АҚЫН

(«Алып күшті Отаным» жинағының алғысөзі)

Өткен өміріміздің рухани бейнесін өткір сезім, ойлы сөзбен кестелеген жүйрік те шешен ақынның бірі – Төлеу Көбдікұлы. Жасы биыл (1948 жылы) 74-те. Туып өскен жері Семей облысы, қазіргі Шұбартау ауданы (бұрынғы Дағанды болысы).

Төлеу ақсақал өлеңге жас күнінен құмар болған, ел ақындарының кестелі сөзін жаттап, халықтың ән-күй, тақпақ, өлең-жырын жатқа айтып, ұлкен ақындардың айтқыштық өнеріне еліктеп, айтысқа араласу арқылы ақындық мектептің сан алуан мектебінен өткен. Оның ақындық өнерге көбірек бой ұруына бірден-бір себеп – туған анасы Қуандық өз заманында ірі шешен, айтқыш ақын болғандығы. Қуандық – найман ішіндегі атақты Сабырбай ақынның төл қызы.

Ал Сабырбай – өзімен тұстас, елдес Түбек, Жанақ, Байбала сықылды ақындармен сөз жарыстырып өткен саңлақ. Қуандық өзі («Абай жолы» романында Мұхтар аға сипаттағандай) ескі ақындардың өнерін, айтқыштық дәстүрін үйренумен қатар, соған қоса жаңа дәуірдің ақыны Абаймен, оның ақындық үлгісінен ерекше тағылым алған.

Ақындыққа талабы, бейімділігі бар баласы Төлеуді Қуандық анасы өзінде бар ескі ақын өнерінің шеңберінде ұстамай, өзінен жоғары, үздік Абай сөзін үйренуге бейімдегені анық. Талай рет ертіп келіп немесе Төлеудің өзін жіберіп, Абайдың мәжілісіне қатыстыртып, көп сөзін жаттатады. Төлеудің өзі Абай сөзінің терең мәнін ұққаннан кейін Абайдың барлық ақынның атасы, ұстазы деп ерекше табынған (сол жайтты Төлеудің Абай туралы өлеңдерінен нақты көруге болады). Абайдың ақындығының тәрбиесін көргендігінен де Төлеу бұрынғы сатымсақ, ел қыдырғыш ақындардай, жоқты-барды өлең қылып айтпаған: ескі қисса, діни хикая, ертегі-әңгімелерге әуестенбеген, өмір шындығы, тарихи шындықты нақты жырлауға талпынған.

Алайда Төлеу Октябрь революциясына дейін ірі ақындар қатарына қосыла алған жоқ, өйткені өз заманының шындығын жырлауға талпынған талабының тауы шағылып, өз жайының мұң-арманын не ел басындағы қара түнектей басқан ауыр салмақ, аянышты халдің жалпы сырын, күйін бірлі-жарым өлеңінде ғана айтады.

Мысалы, 1915 жылы айтқан бір өлеңінде ақын:

*«Айтушы аз, ұғушы кем, күтуші жоқ,
Жібектің жүн болмағы тұтпегеннен...
Өлеңді үлгі демей, жынды дейді
Бұл сөзді жай жүрелік жүктегеннен», –*

деп, өлеңнің құнсыз, қадірсіз болғанын айтып кейиді, біз түгіл ақылды Абай сөзі де сол заманда керексіз болып қалды деп те күйінеді. Ақын сөзінің құнсыз болуының түпкі себебін де ашып айтпақ болады. *«Мал түгіл басымызда ерік болмай, тілі жоқ хайуанға бір есеп болдық»* деуі де содан.

Сондықтан «заман тар, тілді қысқа ұстамасақ болмайды деп патша үкіметінің өзіне тәуелді халықты құлдықта, рухани қысымда ұстап отырғандығын ашып айтады.

Төлеу ақын бергі дәуірде ғана шын мәнінде ақын болып, қайта «туып», таланты қанаттанып, өнері өрістеді. Бірақ Төлеудің революциядан бұрын және совет тұсында айтқан өлеңдері мезгілінде жазылып, жиналмаған. Баспаға да шықпаған. Жазылып, басылуы 1941 жылдан басталады. Ақынға бұл кезде Жамбыл шығармалары үлкен әсер етеді.

Қазақ халқының Ұлы Отан соғысы кезіндегі патриоттық сезімі, зұлым жауды талқандау жолындағы ұлы ерлігі жасы жетпіске тақаған кәрі ақынды қатты толқытты, домбыраны қолына қайта алған Төлеу жалынды, өткір идеялы көптеген толғаулар, өлеңдер айтып таратты. «Жеңіс серті», «Ұлдарыма», «Төлегенге», «Жеңіс жыры», «Құлаш жайған көк дала» сияқты көптеген өлең-жырларында ақын майдандағы совет жауынгерлерінің ерлігін де, тылдағы колхозшылардың еңбек майданындағы батырлықтарын да шебер жырлады.

Төлеудің соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі өлең-жырларының тақырып жағынан алғанда өмір шындығын қамтуы әр алуан: Отан соғысының ерлері, жаңа заң, сайлаудың маңызы, Абай туралы өлең, қазақ елінің табысы мен салтанаты туралы,

колхозшылар ерлігі, т.б... Осы тақырыптардың қайсысын болсын Төлеу жаңа ақындық шабытпен, шеберлікпен жырлайды:

*«Жас жетсе де жаным жас,
Мен қартайдым демейін,
Көңіл құсы қанат қақ,
Желдей жұйткіп желейін.
Жай оғындай жырымды
Боратып оқтай төгейін», –*

деп бастайды ол соғыс кезіндегі жырларын.

Төлеу ақынның өлең-жырлары, айтыстары осы күнгі халық ақындарының шығармаларына үндес болғанымен, өзінің ақындық ерекшелігі, өзіндік сөз өнері, тіл шеберлігі бар.

Алдымен Төлеу хат таниды, Абайдан бастап осы күнгі ақын-жазушыларды үнемі оқып отырады. Өзі айтқан өлең-жырын қағазға өзі түсіреді. Өлеңді ықшам, тұжырымды, ойлы, мазмұнды, шебер, көркем тілмен жазуға көбірек көңіл бөледі. Төлеу өлеңдері тақырыбына сай суретті, лирикалы келеді. Колхоз тақырыбына арнағандары нақты бір адам, колхоздың еңбек өміріне байланысты жырланады.

Мәселен, Төлеудің колхоздағы егін туралы өлең-жырларын алайық. «Құлаш жайған көк дала» деген лирикалы өлеңінде ақын құлпырып піскен егіннің дәні толып, оруға, майданға баруға асығып тұрғанын бейнелейді. Сыртқы сұлу сурет арқылы ақын соғыс кезінің патриоттық идеясын шебер береді:

*«Бункерге бидай толып үйіліп тұр,
Майданға тез жүрсем деп түйіліп тұр.
Маржандай қызыл алтын таза бидай,
Шүмектеп қанар қапқа құйылып тұр».*

Төлеу – бертіңгі заманы қайта тудырып, таланты өсіп-жетілген күшті, патриот ақын, колхоздағы еңбек ерлерінің жыршысы.

Есмағамбет ЫСМАЙЫЛОВ.
1948 жыл

АҚЫН ӘКЕМ ТУРАЛЫ ЖҮРЕКЖАРДЫ ОЙЛАРЫМ

Академик Мұхтар Әуезов орыс жазушысы Павел Кузнецовқа 1943 жылы жазған хатында: «...жолсапарымыздың соңғы күндерін біз Семейде өткіздік. Онда ақындар айтысы болды. Облыста, бұрын неге көрінбегенін кім білсін, Төлеу деген ірі ақын бар екен. Оның тума шежіресі өте қызық. Ата-бабасынан – сонау алтыншы атасынан бері қарай тұқым қуалаған белгілі ақындар. Ал шешесі – көпке әйгілі Қуандық. Қуандық – Абаймен айтысқа түскен әйел ақын. Менің бірінші кітабымда осы жай суреттелген-ді. Сонымен, несін айтасың, Төлеу ақсақалды көргенде мен анасы Қуандықпен кездесіп, жүздескендей күйге келдім...» деген.

Мұханның хатындағы «Бұрын неге көрінбегенін кім білсін?» деген сөздері себепсіз емес. Оның мәнісі – әкем Төлеу 1928 жылғы ірі байларды кәмпескелеуден кейінгі «Мыналар кешегі би-болыс, бай, қажылардың шашбауын көтергендер» деген желеумен жүрген кейбір асыра сілтеушіліктің зардабын тартып, түрмеге қамалып, ұшырап, кесікті мерзімінің жартысын өтегеннен кейін басына бостандық алып, соның салдарынан туған елінен жырақтап, «ішкі жақ» деп аталатын Батыс Сібір өлкесі мен Алтай маңында біраз жыл тұрақтаған. Сол жылдарда өлеңнен де уақытша қол үзген.

Әкем, анығында, сол кездегі саяси әуеннің мәнін бірден дұрыс түсінген адам. Оның бұрынырақта жазылған «Сарыарқа», «1916 жыл», тағы басқа өлеңдерімен қоса, 1922 жылы Қарқаралыда өткізілген Қазақ автономиясының екі жылдық тойында оқылған «Коммунист, айналайын, ақ жүрегім» деп басталатын өлеңдері осы ойымызға толық дәлел. Мысалы, 1936 жылы жарық көрген «1916 жыл» атанған жинақта «1916 жыл» деген өлеңі тұңғыш рет баспа бетін көргеннен кейін ғана сұрау салынып, 1940 жылы Абайдың немере інісі Әрхам Ысқақов республика Жазушылар одағының тапсыруы бойынша Төлеу ақынды іздеп тапқан.

Бұрынғы қазақ «тіл, көз тиеді» десіп, балаларына жарасымды ат қоюға онша ықыласты болмаған. Менің атамның шын аты – Көбдік емес, Көпжер. Кезінде «ішкі жақ» атанған Сібір өлкесінде жүріп паспорт алғанда ол «Көбдіков» болып жа-

зылыпты да, әкем содан беріде осы фамилиямен өмір сүрді... Туған жылы – 1874. Туған жері – Семей облысының Шұбартау ауданы, бұрынғыша Қарқаралы дуаны Дағанды облысы.

Әкемнің әкесі Көпжер орта шаруалы, момын адам болыпты. Оның әкесі Ерубай дәулетті адам болған-мыс. Содан ба, қалайда, әкемді ел ішінде «Ерубайдың Төлеуі» деп атапты. Ерубай бабамыз: «Мен не қылсам да найман Ақтайлақ ауылымен құда боламын» деп, Ақтайлақтың кенже ұлы Сабырбайдың қызы Қуандықты әлдекім айттырып, малын беріп қойған жерінен, өз баласына әйел үстіне әпереді. Ел арасындағы дау-жанжалға байланысты сол келін бірер жыл кешігіп түссе керек. Сонда «келін келе жатыр» дегенді естіп, ауылдың қыз-келіншектерімен қоса алдынан шыққан Лекер деген күндесіне, ақын апамыз (Қуандық шешемізді барлық балалары солай атаған):

*«Керейге келін болдық баяулатып,
Бір сұмдық жаңа шықты жаяулатып.
Сен Лекер болғанда, мен – жандарал,
Шапшаң барып, үй тіктірі даярлатып», –*

деп бұйырыпты-мыс, әйтсе де екі шешеміз күндестік-лаңға ұрынбай, өзара тату өмір сүріпті. Бұрын перзент көрмеген Лекер шешеміз жүкті болып, ұл табады. Сонда ақын апамыз: «Бұл баланы сен мен келген соң көтердің. Сондықтан бала менікі және оған өз атамның атын қоямын», – деп, нәрестенің атын Байғара қойып, өз бауырына салыпты. Байғара Ақтайлақтың әкесі екен...

Сонымен, Көпжер әкеміздің бәйбішесі Лекерден Байғара, Ботақара, Есенқара, Болғанбай, Толғанбай, Жұмахан деген ер балалар туады. Ал менің әжем Қуандықтан Төлеу, Мұқаш деген балалар туған.

Көзі тірі кезінде мен әкемнің талай әңгімесін естіп, көп адамдармен кездескенін көргенмін. Біздің үйде ол кісінің өзімен тұрғылас әріптестері Сапарғали Әлімбетов, Омар Шипин, Шәкір Әбенев, Нұрлыбек Баймұратов сияқты халық ақындары әлденеше рет қонақ болған. Жастайынан өлең-жырға үйір болып өскен олар өткендегі ақындар, әнші-күйшілер туралы, қазақтың бұрынғы тұрмысы туралы әңгімелер шертісетін. Сонда әкем көбіне Абай туралы, сол ұлы дананың өз аузынан естіген сан алуан үлгілі әңгімелері мен шешендік сөздері жайлы сүйсіне айтушы еді.

Сондықтан да ол:

*«Қазақтың мәңгі айнасы Абай құтып¹,
Адамзат алған емес сөзден ұтып.
Таусылмас ұлы дария арнасынан
Отырмыз жүзіп ішіп, жалдап жұтып.
Өмірде өшпес жарық, батпас күнім
Біз жүрсек кім боламыз сізді ұмытып», –*

деп Абайды пір тұтып, қастерлеп жырлаудан жалықпаған.

Әкем ақындық тәрбиеге жас күнінен тап болған. Өйткені шешесі Қуандық – әр сөзін өлеңмен айтатын ақын адам. Нағашы атасы Сабырбай, нағашы ағасы Төлепхан – бәрі де суырыпсалма ақындар. Бірен-саран болмаса, хатқа тек түспегендіктен ұмытылған. Демек, әкеме және інісі Мұқашқа өлең өнері нағашы жұртынан жұққан. Әкемнің ертеректе айтқан бір өлеңінде:

*«Нәпсіні жамандықтан тыйып жүрмін,
Көңіліме жақсы сөзді түйіп жүрмін.
«Нағашың он жеті ақын» дегеннен соң
Солардың ыстығына күйіп жүрмін.
Нұсқалы сөз асылын теріп жүрмін,
Бетімді шыншылдыққа беріп жүрмін.
Әйтпесе әкемде жоқ, атамда жоқ,
Шешем ақын болған соң – сеніп жүрмін», –*

деуі содан. Ал ақындық үлгі не десек – әкеме бұл тұрғыдан ұлы Абай шығармаларының игі әсері болғандығы даусыз. Алғаш өлеңді бастағанда ауызша айтылатын ақындықтың көне түрінен бастап, кейін Абай шығармаларымен танысқаннан кейін, өлеңге ол сыншылдықпен қараған. Өйткені алғашқы тырнақалды өлеңінің бірінде:

*«Өлеңге әркімнің-ақ құмары бар,
Ішінде аз-аз ғана ұғары бар.
Көн жамап былғарыға былғамалық,
Әр сөздің өз жөнімен ұнары бар», –*

деуі соның дәлелі деуге болады.

¹ Құтып – көп біледі деген мағынада.

Әкем Төлеу жігіт шағында ұлы Абайдың қадірменді отбасынан төрт мәрте дәм татып, мәслихатын тыңдаған.

Өлең жолына әкем ерте түсіпті. Ол туралы өзі былай дейтінді: «Он екі жасар бала кезім еді. Жаздың бір күнінде әкем мені қойға салды. Ыстықтан шаршап-шөлдеп әрі тас батқан табанымды ауырсынып отырғанымда, бір жылқышы келе қалды.

Сонда оған:

*«Қой жайдым қызыл шақа тасқа жаяу,
Көңілім жаяу жүріп болды қаяу.
Түк қалмай табанымнан түсіп қалды
Бір тұғыр әкеп берші, ағатай-ау», –*

дегенімде, ол риза болып күліп, бір құнан ұстап әкеліп берген еді. Ең алғаш айтқан өлеңім осы болар деп ойлаймын».

Өлеңді әкем күнде жазбаушы еді. Жазатын күні домбырасын алып, жеке үйде отыратын. Ондайда мен үстіне кірмейтінмін, өйткені ол аса тыныштықты қалайтын. Өлеңді көп ойланып жазып шығаратын, бірақ кейде тұтқиылда да үш-төрт ауыз өлеңді айтып жіберетін кездері болатын. «Домбырасын алып» демекші, бір қызығы, домбыра тартып отырмаса, өлең жаза алмаушы еді. Ескіше, жаңаша хат танитын. Бұрынғы ақындардың кейбір өлеңдерін, халықтық дастандардың үзінділерін, Біржан-Сара айтысын түгел, ал Абай өлеңдерінің көпшілігін жатқа білетін. Жақсы көретіні – дойбы ойыны еді және оны өте жақсы ойнайтын.

Қадірлі қарт жазушыларымыздың бірі Сапарғали Бегалин ақсақал үйіне бір жолы сәлем бере барғанымда: «Мұрат, атаңның мінезінің бір ерекшелігі жете таныс емес адаммен бірден шүйіркелесіп кете алмаушы еді. Сенің де мінезің сол кісіге тартқан сияқты ғой деймін», – деді. Мен үнсіз төмен қарадым, өйткені адам өз мінезін әрқашан байқай бермейді де, кейде сөзден тосылып қалатыны бар ғой. Әкемнің сол мінезін мен де сезетінмін, ал аз-маз біліскен соң, жылы сөз, әзіл-қалжыңы дайын еді.

Өнер иелерін аузынан тастамаушы еді әкем. 1945 жылы ұлы Абайдың жүз жылдық тойына барып келгенде атақты әнші-ақын Естайды әңгімелеседі, сол тойда оның бұрынғы әндерімен қоса жаңадан шығарған «Қызыл тулы домбыра» атты әнін тыңдап, «Естайдың қолынан біржосын жіңішке алтын жүзік

көрдім, ол баяғы Хорланның жүзігі екен. Шіркін, махаббат деген ғажап нәрсе ғой» деп, аса бір толғаныс сезіммен сөйлеген еді. Естайдың есіміне бұрын сырттан ғашық болған әкем бұл сапарында оның өзімен жүздесіп, Абай тойын суреттеген өлеңінде тамаша әнші-композиторға мынадай өлең жолдарын арнаған еді:

*«Ақыны Павлодардың Естай саңлақ,
Баяғы ән шырқаған Хорланға арнап.
Жалпыға Естай болу қиын екен
Шықпаса мыңнан біреу талғап-таңдап».*

Кеңестік дәуірге өмірінің шау тартқан шағында жеткен әкем Төлеу Көбдіков көзі тірісінде небәрі үш өлеңдер жинағымен ғана танылды («Алып күшті Отаным» – 1948, «Өмір жыры» – 1953, «Өлеңдер» – 1955 жыл). Барлығының да құрастырушысы – Сапарғали Бегалин ақсақал...

*«Кеш келдім дүниеге ерте туып,
Жетпіске жеткізгенде өмір қуып.
Өлеңді көп жыл бұрын қапқа салып,
Қоймаға тастап едім аузын буып», –*

деп өткеніне өкініш білдірсе де, қайсыбір өлеңдерінің жемісін көзімен көріп:

*«Тас батып тар заманда табаныма,
Жоқ еді мұндай болу хабарымда.
Тарихтан мәңгі өшпейтін орын берді
Ризамын бүгін өлсем заманыма», –*

деп, өмірден риза болып аттанды.

Мұрат ТӨЛЕУҰЛЫ.
1975 жыл

АБАЙ ТУРАЛЫ ТӨЛЕУ КӨБДІКҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ

Мен Абайды бала кезімде шешем Қуандыққа еріп талай мәрте көргенім бар, бірақ сол көргендерімнен есімде еш нәрсе қалмапты. Ал ес біліп, ақындық сөзге бой ұрып жүрген шағымда Абайды төрт рет көрдім. Төменде соларды ғана сөз етемін...

Ең алғаш 22 жастағы кезімде төлеңгіт Наушабай деген ақсақалға еріп, Шыңғыс тауының құнбатыс «Кеңқоныс» деген жерде отырған Абайдың ауылына келіп қондық. Наушабай мен Абай құрбылас екен, бірден шүйіркелесіп, сөйлесіп кетті. Абай менен: «Шешең сау ма?» – деп амандық сұрады да қойды. Наушабай дәрет алып, намаз оқыды. Абай намазға араласқан жоқ.

Қонақ үйде Наушабай: «Әкең Қүнекең құдай жолын екі қылмайтын діндар еді, сені неғып үйретпей кетті?» – деді.

Бұған Абай: «Рас, әкем мені үйретіп бақты. Сол үшін де Семейге медресеге оқуға берді. Бірақ діннің ақылға, білімге ұнамсыз жағы бар екенін оқи келе білдім, ұнамсыз жайларын қабыл алмадым», – деді.

Наушабай: «Қүнекем кәріне алмады ма?» – деді тағы да.

Абай: «Кәріне алды. Ақылмен дәлел айтқан соң, қорқытып ұрысты да. Бірақ ермедім», – деді.

Наушабай: «Қүнекең не жайдан ұрысты?» – деп тағы сұраған соң:

– Сіз қазбалап қоймадыңыз ғой, жарайды бір жайды айтып берейін, – деп Абай сөзін әріден бастады.

– Жастау кезімде Ақшатау съезінен қайтып келе жатып әкеммен тұрғылас Көкшенің биі Қаратайға кездесіп, сәлем бердім. Ол бетіме ожырайып қарап: «Әй, бала, бұрынғы адамдардан кейінгі біздің заманымыздағы жастар артық дегенің рас па?» – деді. Мен нақ бұл түрде айтпасам да, бұрынғылардың, қазіргі қарттардың сөлекет істерін ылғи жаратпай жүретін әдетім болғандықтан, аз ойланып тұрдым да:

– Айтқаным рас, – дедім. Қаратай ашуланып былай деді:

– «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» – дейтініміз, бұрын атымыз бен асымыз көп еді, бір жақсыға билетіп, бағынып жүруші едік. Енді жастар, сендердің заманыңда

мұндай бірлік жоқ, бас-бастарыңа би болып, дау-жанжалсыз күндерің жоқ. Ас-суда береке жоқ, таласып-жұлысумен күндерің өтеді. Міне, кей осындай қылықтарыңмен бұрынғы адамнан қалайша артықпын деп мақтанасыңдар? Атадан бала ширек кем туады деген, заман ілгерілеген сайын адам аза береді екен. Өскенбайдан Құнанбай бір ширек кем туды, Құнанбайдан сен ширек кем тудың. Сенің барлық білімің мен ақылың Өскенбайдың жартысындай-ақ. Бұдан былай бұл сөзді аузыңа алма! – деді.

Сонда мен:

1. Қареке, сіздің айтқан көп ас, көп атыңыз қайсы? Көбі арам еді. Малдарыңыз арам өлсе – «сенің өлгенің жаңа, менің көргенім жаңа» деп жедіңіздер. Малдарыңызды қасқыр өлтірсе «ер сарқытын ер жейді» деп, оны жедіңіздер. «Мал денесінің бірі арам, бірі адал бола ма» деп, бауыздап қанын іштіңіздер. Біздің заманымызда ондай арам заттарды итке тастаймыз. Асымыз жетіп тұрғандықтан өлімтік, қан-жынға араласпаймыз. Өлімтікті асы жоқ аш, көзі қарайғандар таласып жейді.

2. Сіздің заманыңыздағы адам түйе мен қой секілді болған. Жүз түйені бір шал бағады, «шөк!» деп айқайласа, түйе тоқтай қалады. Мың қойды бір бала жаяды, «шөйт!» деп бір тас лақтырса, қой иіріліп қалады. Ендігі адам жылқы сықылды. Жылқы соныдан соны шөп іздеп, бет-бетімен жайылады. Орынсыз «әйт», шөйт-қа» көнбейді. Бізді бағуға қар жамылып, мұз төсенген қайратты ел жарайды. Жылқы артық па? Қой артық па? Оны бір салыстырыңыз. Қолдан қойған қой асығына біз бағынбаймыз. Осының бәрі біздің заманымыздың артықшылығының белгісі деп білем дедім.

Сонда Қаратай тоқталып:

– Осы сөзің дұрыс-ақ болсын. Бірақ дүние нұры Мұхаммед пайғамбар ғой, сол пайғамбарға біздің туысымыз бір табан жақын емес пе? – деді.

Мен айттым: «Дүниеде жарық, нұр беріп тұратын – күн. Күнге таудың басы жақын, бірақ осы биік таудың басында жаздай қар жатып, адам баласының керегіне жарамайды. Ал таудың бауыры кең жазық күннен алыс болса да онда егін, шөп, жеміс шығып, адам мен мал қызығын көреді. Сіздердің пайғамбарға жақындығыңыз сол таудың басының күнге жақындығы сықылды – көрлі, суық, пайдасыз жақындық...» – дегенімде, Қаратай: «Қап, бөлем, сені әкеңе айтып тоқтау салмаса болмассың!» – деп жүріп кетті.

Сол күні мен үйіме келдім. Әкемнің ауылы бөлек еді. Таңертең тұрып байқасам, қасында екі-үш жолдасы бар, Қаратай да келіп, әкемнің ауылына түсіп жатыр екен. Мені шаққалы келгенін сездім де, мен де бардым. Ол менен бұрын бар жайды айтып та үлгерген екен. Әкем кіре-ақ мені ұрысып, жерлей бастады.

– Сен үлкенді сыйламайсың, құдайды, пайғамбарды ұмытып, бетіңмен кетіп бара жатыр екенсің. Құнанбайдың көпір баласы деген масқара атақты маған алып бергелі жүрсің бе? Тіліңді кесермін мен, – деді. Мен үндемей отыра бердім.

Қаратай мені жеңгендей болып масаттанып, жадырап киімін шешіп, сыртқа шықты. Мен де ере шығып едім, Қаратай бетіме қарап: «Бала, қалай екен, кешегі шешендігің қайда, неге сөйлемейсің?» – деді.

Сонда мен: «Апырмай, сіздің мұныңыз қалай? Әкем мені ақылмен жеңді ме? Еселі сөзімді айтқызбай, үлкендік, әкелік әмірімен зорлық қылғанын мақтағаныңыз жөн бе? Әділ болсаңыз, мені сол шалмен тең сөйлестіріп көріп, сонда жеңілсем – айтыңыз мақтан сөзіңізді, – дедім.

Қаратай: «Саған сөз айтып болмас, бар өз үйіңе, кет!» – деді.

Осы әңгімелердің үстінде Абай анда-санда күрсінін алып отырды. Наушабай: «Неге күрсінесіз, өткен жастығыңызға өкінесіз бе?» – деп сұрағанда, Абай: «Өткенімді өкініш етіп не қылайын, бүгінгі көп қайғының ішінде бір қайғы өзегімді жегідей жеп барады. Ол – Әбіштің қайғысы» – деді. Наушабай: «Әбішке соншалық қайғырғандай, ол өзіңізден де артық білімді ме еді? Әбіш өлсе, басқа балаларыңыз бар емес пе? Ұрпақсыз емессіз ғой, несіне өзіңізді қайғыға жеңдіре бересіз?» – деді. Сонда Абай жарықтық Әбіш жайын сөйлеп кетті.

– Әбдірахманның орны өз балаларымның ортасында ғана емес, бәрімізден де үздік еді. Ол тоғыз жасынан орысша оқыды. Семей, Петерборда оқып, көп білім алды. Оқуын бітіріп, жаз демалысқа елге келіп, Алматы, Қаратал жаққа қызметке жүргелі жатқан мезгіл еді. Баламның білімі мол, терең екенін де сезем. Бірақ сол мол білімге сүйенген ақыл, ой тапқырлығын байқарлық бір кезі келмей жүрді. Осыдан былай бір-бірімізді көре алмай кетсек, баламды сынарлық бірауыз сөз айта алмай қалу үлкен арман болмай ма маған деген оймен бір күні шай үстіндегі көңілді бір мәжілісте отырып, мынадай сұрау бердім:

– Қалқам, Әбіш, осы жаратылыста ақ затты нәрсе асыл ма, қара затты нәрсе асыл ма? – дедім. Балам бетіме қарап отырды да:

– Қараны ақпен қатар қалай асыл дейсіз? – деп өзіме қайыра сұрау қойды. Мен:

– Олай емес, қара затты нәрсе асыл, – дедім. Ол бетіме қарап күлді де:

– Қараны қалай асыл дейсіз? – деді. Мен айттым:

1. Адам мақлұхат дүниені, яки жаратылысты көзбен көреді. Көздің ағы көрмейді, ортасындағы қарашығы көреді. Қараның асылдығына осы бір дәлел.

2. Қағаз ақ, ақ күйінде ешкімге білім бермейді, үстіне жазған қара сиядан барлық өнер, білім тарайды.

3. Жас шақта адамның шаш, сақалы қара болады, қартайса ағарады. Жас күнде ақыл, білім қайрат көп болады. Ал шаш ағарғанда қайрат та, ақыл да азаяды.

4. Барлық жан иесінің тіршілігі қара жерде, ақ қарда емес.

5. Күндіз жарықта адам өмірі бейнет көреді, бір дамыл жоқ. Түнде адамға тыныштық, рахат табылады.

Сонда Әбіш: «Оның бәрін немен ойлап білдіңіз, аға?» – деді.

Мен: «Ақылмен ойлап білдім», – дедім.

– Олай болса, ақыл мида болмай ма, ми ақ емес пе? Екінші, ақыл – нұр, жарық зат. Ол да аққа ұқсамай ма? Үшінші, адам, күллі жан иесі нұрлы жарыққа ынтық: туғанда қараңғыдан жарық дүниеге келеді; жарық дүниені тастап, қараңғы көрге барғысы келмейді. Күннің, айдың шамның нұрлы жарығы болмаса, өмір де, тірлік те жоқ. Қапас, қараңғылық асыл болса – жарықты көру үшін көздің керегі не? – деді.

Мен баламның тауып айтқан ақылды сөзіне риза болып, маңдайынан иіскедім. Талай асыл білім, терең ақыл сол баламмен бірге қара жердің құшағына кірген жоқ па? Оның өлімін қалай ұмытарсың? Жұртқа бас, елге тұтқа болар үл еді, – деп тағы ауыр күрсінді. Көзіне жас келіп, үндемей отырып қалды. Одан әрі әңгіме сұрауға болмады. Түнде қонып, ертеңіне жүріп кеттік.

Абайды екінші рет 24 жасымда, күзге таман көрдім. Бұл жолы шешеммен және екі ініммен, бірнеше жолдасымыз бір нағашымызға бара жатып, Абай ауылына түстік. Абай апамның алдынан жаяулап келіп, қарсы алып құшақтап амандасты. Елдің қандай игі жақсысы болсын, келген қонақты мұндай құрметтеп қарсы алу Абайдың әдетінде жоқ екен. Ерткен жолдастарымызды қонақ үйге түсірді де, апам мен үш баласы бізді Абай өзі отырған үйге түсірді. Сол жылы Абайды Әбен

жынды сабады деген хабар елге тарап, Абайдың қатты жүдеп отырған кезі екен.

Апам келгесін Абай көңілденіп, жайдары әңгімеге көшіп, қағыта әзіл сөздерді көп айтып отырды. Екеуі де әзіл сөздерін біріне-бірі аямай батыра айтады. Босаға жақта домбырасын дыңылдатып отырған жігітке бір мезгілде Абай қарап: «Сен немене, әлгі керейдің жаман Қарагерін тартып отырсың ба?» – деді. Апам бұған недәуір шамданып қалды да: «Керейді кемітіп, мақтаймын деген тобықтың не опа көрсетті саған? Алды-артыңа ойланып қарап сөйлесейші!» – деп тік кетті. Сонан былай Абай мен апам екеуі ата, шежіре айтысып, ұзақ таласқа кіріп кетті. Абай тобықтыны арғынның бір атасы деп дәлелдеді, апам тобықтының түбі – арғын емес, Ақтобық аттың бәйгесіне келген деп кемітті. Бір сөздің кезінде Абай: «Біз үш қоңыр атанған жоқпыз ба? Қанжығалы, тобықты тағы біреуі... әлгі кім еді?» – деп ойланып отырып қалды. Бұған келгенде де апам Абайдың намысына тиетін қатты-қатты сөздер айтып салды.

– Әй, Абай, сен тобықтының түбін, тегін қазбалап мақтап, арамтер болмай-ақ қой. Мақтауға тұрады деген, кешегі жұрт аузына ілінген Өскенбай, Құнанбайды атарсың! Үлгің жайылған өзіңді айтып мақтан. Бұған дауым жоқ. Атаға бара берме! Атасы жетелеп жүріп кісі болғанды көргенім жоқ, – деп бір қойды.

Абай: «Тегім, туысым, айналам бәрі бірдей жаман болса, менің жақсылығымда не қасиет?» – деп тағы дау айта бастап еді, апам енді тіпті тік кетті:

– Айтпайын деп едім, өзің қазбалай бердің. Кеше мынау арғын ішінде Ботақан деген ер жігіт Абылайдың қарындасына қол салып, айыпты болып, Абылай соны ұстап әкеткен екен. Сонда Ботақан: «Әй, Абылай, мені өлтірсең – қазір өлтір, ал өлтірмей жаза кессең – байлап ұстама, байлап қою маған өліммен бірдей, жарылып өлемін» дегенде Абылайдың қасындағы билері: «Ол неме өлсе-ақ қойсыншы, қайтер екен көрейік» деп байлатып тастағанда, ер жігіт Ботақан қорлыққа шыдамай сол күні өзін-өзі жарып өлтірген екен. «Ерді намыс өлтіреді» деген осы да. Ал бүгінде сені тобықтының бір иті сабап кетті, намысың болса, тұқымыңмен жақсы болсаң, Әбен сабағанда өліп кетпей тірі неғып отырсың? – деді.

Толық денелі, қараторы Абайдың кескіні күп-күрең болып, түгі сыртына шыққандай басын төмен салып, ауыр ойға батып, үнсіз қатып қалды. Ішімнен апамды атарға оғым болмай, Абайға

осыншалық ауыр сөз айтқанына қатты намыстанып, мен жүдеп отырмын.

Әлден уақытта Абай ауыр күрсініп:

– Иә солай, өлмей тірі отырмын. Әбен мені сабаған жоқ, бірақ сабамаса да сабаймын деп алыстан қамшы үйіргені мені сабағанмен бірдей. Ал, шынына келгенде, Қуандық, көп жайды бер жағынан жеңіл түсінін отырсың. Мен ес біліп, атқа мініп, ел ісіне араласқаннан бері осы сұм дүниеден одан да зор таяқ жеп, қорлықты әбден көріп келемін. Мың түрлі пәле, шала соққыдан болған қайғы, дерт іште жегідей боп жатыр ғой. Адам айуанның бір атасы, қанша ақылды, намысты болғанымен, өмірдің тар соқпағына мойынсұнып, ноқталанбақ, – деп ұзақ ғылымдық әңгімені айтып кетті. Намысқа шыдамай біреу оқтан, біреу қанжардан, біреу судан өлгендігі жайлы әр елдің тарихындағы әр адамды да әңгіме етті. «Дүниеден көріп отырған осы күйік, осы қайғы менің де өмірімді үрлап, өлімімді жақындатып жатқан жоқ па?» – деді тағы да Абай. Апам одан әрі үн қатқан жоқ, тыңдады да отырды.

Әңгіменің арасында Абай кәрілік, қайғы туралы кейбір өлеңдерін де еске түсіріп, айтып қойды. Әңгіме өлең жайына көшкенде апам «мынау баламның талабы жақсы, өлеңің бар ма, оқып көрсін...» деп тілек білдіргенде, Абай қалың дәптерге жазылған өлеңді маған алып берді де, «түсінбейсің ғой» деді. Бұрын Абайдың жастық жайлы өлеңдерін қызығып жаттап жүргендігімнен дәптерді алысымен қонақүйге апарып, түні бойы, таңертең ерте де көп оқыдым. Бәрі де осы күнгі таныс өлеңдер болғанымен, дәл сол оқыған уақытта Абай айтқандай, көбінің мағынасын жөнді түсіне алмадым. Бірақ Абайдың сөз орамы, өлеңді ұйқастыруы, ол кездегі ешбір ақындікіне ұқсамайтын артықша екендігін аңғарғандай едім. Өзім түсініп, қызығып оқыған жерлерімді жаттап, жазып алып отырдым. Жүрерде дәптерді Абайдың өзіне қайтып бердім.

1891 жыл. Қыркүйек айы. Қазақтың қойын қырқып, жүнінен киіз басып жататын уақыты. Мұқыр болысына қарайтын Көкше еліндегі Аманжолдың баласы Бушан деген кісіні далада бір жау өлтіріп кеткен, соны біздің Шақантай деген еліміздің ұрылары өлтірді деп жала жауып, арыз беріп, ішінде Бөдес деген жақсы кісіміз бар, төрт кісіні Қарқаралы арқылы шақыртып алып, Семей түрмесіне тұтқынға алған.

Сол абақтыға түскен кісіміз туралы Абайдан ақыл сұраймыз деп, алты кісі үйден шықтық. Мырзақан, Мәмбетей, Шоқбас

деген жақсы адамдарымыз бар. Мен сонда 25 жаста едім. Жалпақ деген асудан асып, Аршалы мен Ащысудың бойында отырған елге келіп, Ащысуды өрлей отырып, Абайдың ауылын таптық. Көкшенің Күйгенбұлақ деген жерін сұрап, қонып, күзеп отыр екен. Үлкен үйіне киіз бастырып, өзі оңаша ауылдың артына тіккен қонақ үйінде төсек-орын, көрпе-жастық, орамал, дастархан деген сықылды шаруашылығымен уақытша Еркежан деген бәйбішесімен екеуі отыр екен.

Алдыңғы ауылында сыртылдаған сабау, шиге салып тепкен киіз, бір жерлерде білек салып, киізді баурап жатқан топ-топ әйелдер, үйді айнала «соқ, соқпасаң, тулақ шашу жоқ» деп жүгіріп ойнап жүрген жас балалар. Тулақ шашуды жүн сабаған әйелдерге, қой қырыққан қырықтықшы еркектерге береміз деп, даладан қазған жерошақ, сойылған мал, асылған ет. Киізді шиге салып, домалатып, тартып, аяқтарымен теуіп жүріп, бірінің-бірі қолдарын иығына артып, екі-екіден ән салып жүрген әйелдерге қымызды үлкен шелекке құйып, қолына сырлы аяғын ұстап апарып беріп жатыр. Біреулері түрегеп тұрып, біреулері отырып ішіп, бірін-бірі ойнап түртіп қалып, қымыз шайқалып аузына төгіліп, былқылдап-сылқылдап, үйдің маңына жақын барса, ол үйдің әйелі алдына табаққа ірімшік, құртын салып, үстіне сары майын салып, алдарынан алып шығып, оны жас балалар талапайлап алып қашып, оған бір әйелдер ұрысып, бір әйелдер күліп, көкбарын алып қашқандай балалар бірінен-бірі алып қашып, ду базар той болып жатқан бір ауыл.

Абайдың келген қонақты алдынан шығып түсіріп алып тұратын, сайлап қойған жігіттері болады екен, солар алдымыздан шығып, Абайдың өзі отырған қонақ үйге түсірді.

Сәлем беріп, кіріп келдік. Абай дөңгелек сырлы аласа үстелді алдына құрып, үстелдің шетіне үлкен мамық құс жастықты қойып, жастыққа омырауын төсеп, қолына бір кітап алып оқып отыр екен. Не кітап екенін білмейміз. Сол жақтағы тізесіне жақын, көл жағасына саятқа шығып, салқындай сазда отырған аққудай бәйбішесі Еркежан отыр екен.

Абай біз кіріп келгенде кітабын жауып тастап орнынан түрегелді. Мырзақан, Мәмбетей, Абаймен жақсы құрбылас, бұрын көріп жүрген таныс адамдары, түрегеп тұрып, төсіне төсін тигізіп, құшақтасып көрісті. Олардан кейін сол құшағын маған да жайып тұрды. Мен Абайға қолымның ұшын ғана өзгер бердім. Оным Абайды жастық, жамандығымнан қорынғаным

ба, әйтеуір Абайдың құшағына кіріп көрісуге бата алмағаным айқын. Ел-жұрт, ауыл-аймақ, ер-азамат аман ба деген қазақтың рәсімі амандығымен аман-есен айтысып отырыстық.

Соның арқасында, айтқанша болмай, дыбысы суылдап, ақ көбігі бұрқырап екі кісілеп көтерген самаурын шай келіп қалды. Үстелдің үстіне дастархан жайып, оның үстіне ақ бауырсақ, ақ тоқаш, қант, кәмпит, өрік, мейіз, неше түрлі жемістер араластырып, түгел төкті.

Мырзақанның дәм шайнайтын тісі жоқ еді. Сондықтан бауырсақты бәкімен жарып, шайға салып жейтін еді. Қантты кішкене тістеуік темірмен ұстап, шағып аузына салып отыратын еді. Алдымызға шай жасалған соң Мырзақан бәкісі мен тістеуік темірін қалтасынан алып, үстелдің үстіне қойды.

Сонда Абай:

– Мырзақан, мына көкпеңбек темірің не, біреуді жарып тастағалы отырсың ба? – деп күлді.

Мырзақан:

– Тісім жоқ, қантты шағып, бәкімен бауырсақты жарып жеймін, – деді.

– Тіс неге салдырып алмайсың? – деді Абай.

– Тісті қайтып салады, тіс салына ма? – деді Мырзақан таңырқап.

– Тіс салынады, мен салдырып алдым, – деп жасанды тістерін көрсетті Абай.

– Оны қалай салады? – деді тағы да Мырзақан Абайдың бетіне қарап.

– Оны Семейде салады. Менің тоғыз тісім түсіп еді, тіс салушыға барып, тіс салып бер дедім. Тіс салушы тоғыз тіске он теңгенді берсең салып берем деді.

Мен оның үстіне бір теңгеден қосып, жүз теңгеден берейін, бірақ жақсылап сал дедім. Айтқанымдай жақсы ғып салып берді. Жақсы болды.

– Алғаш аузыма салғанда бөтен бір нәрсе тұрғандай, тіпті жабағы жүн тістеп отырғандай, ішім пысып, қапа болып, оған да шыдап, үш күнге дейін аузымнан алмадым. Содан кейін үйреніп кеттім. Осының бірін алып қойсам, орны олқыланып тұратын болды. Таңертең бір шайып, жатарда алып бір шайып, салып отырам, әйтпесе базданып, иістеніп кетеді. Жақсы болды тамақ шайнауға, ешбір кемшілігім жоқ. Сен де тіс салдырып ал, – деді.

– Жүз теңгеге тіс салдырғанша, жүз теңгеге жұмсақ, тәтті тамақ алып ішсем болмай ма, – деп күлді Мырзақан.

– Дүниеде бір күн тұрсаң да, тіс салдырып алған жақсы, – деді Абай.

Ол уақыттар ақшаның қамбат күні, мәселен, жүз теңге жүз тоқты, үлкен болса, 50 бойдақ алуға болады.

Абайдың тісі туралы сөзінен сөз туып, «япырмай, адамға тіс те салады екен» деп таңырқап отырдық. Абайдың тісін көзіміз көрмесе, сенетін емес едік, өйткені халықтың мәдениеті өнер-білімге тіпті қараңғы кезі еді.

Сонда Абай отырғандарға:

– Сіздер тамаша қып таңырқап отырсыздар. Бұл тіс деген ұсақ нәрсе. Адам баласының табатын өнері, білімі әлі көп. Құдай тағаланың адамнан асыл жаратқан мақұлығы жоқ. Адам баласына жансызға жан салуға рұқсат жоқ, одан басқаның бөрінің де кілті бар. Өнер-білімнің кілті бар. Өнер-білімнің кілтін жаңа-жаңа тауып келе жатыр. Әлі балықша суға жүзіп жүргенін де көресіздер, құс болып, қанат қағып аспанда, ұшып жүргенді де көресіздер. Және дүние мұнымен тұрмайды, өзгерісі болады. Адам баласы осы күнгі балалардың мал өсіріп, сенен мен артық бай боламын деп таласқан бәсеке байлығындай, өнерге сенен мен артылам деп өнер арттыруға таласады. Мал байлық бәсекесі болмайды, өнер бәсекесі болады. Осы күні көз салатыны да бар, бұлардың бәрі де ұсақ өнер, келешектегі болашақты әрбір тәжірибеден көріп, сезіп отырмыз. Бірақ кейіндеу болады, оны біз көрмейміз, біздің баламыз, баламыздың баласы көрсе көрер, – деді.

Бұл – менің көз көріп, Абайдың аузынан естіген жадымдағы сөзім.

* * *

Мен өмірде Абайдың алтын жүзін төрт-ақ рет көрдім. 1896 жылы ақырғы рет Семейде көрдім. Жатқан пәтер үйіне сәлем берейін деп келсем, үй сыртында, ашық қораның ішінде жүр екен. Қасында орта жасқа келген бір адам жүр. Өз елінің адамы болуы керек, кім екенін, аты-жөнін білгенім жоқ. Қасына келіп сәлем бердім. Сәлем алып амандасты, Абайға келгендегі ойымдағы мақсат – жалғыз сәлем емес, аузынан басқаша сөз есту. Сөзіне сұлу қыздай ғашықпын. Ұқпасам да, ұстамасам да

естігім келе берді. Сонша құмар болсам да, Абайды бірдеме деп жанап сұрап сөйлете алатын кісі мен емес.

Сөйлетуші біреу бола ма екен, болмаса өзі сөйлесер ме екен деген ойым. Абай құдайдың күнін көрерлік, ашық әуеге шығалық деп далаға шықты. Күн шығармақ ыстық еді. Үйдің көлеңкесінде бір бөренеге келіп отырды. Үстінде қазақша тіккен бешпет пен шалбары бар. Белағаш жақтағы қалың қарағай көрініп тұр.

– Осынау қалың қарайған қарағай ма? – деп сұрады қасындағы адамнан.

– Иә, қарағай, – деді ол адам.

– Оның ар жағында не бар?

– Оның ар жағында пәлен жер бар, – деді қасындағы.

– Одан әрі не бар?

– Одан әрі пәлен бар, – деді қасындағы тағы да.

Мен ішімнен Абай осы жерді өзі білмей ме, әлде әншейін мынаны жас баладай сөйлетіп, ермек қып отыр-ау. Ана байғұс өзіңіз білмейсіз бе, менен несін сұрайсыз деп несіне айтпайды екен деп ішімнен ойладым да кетіп қалдым.

Абай мен көргенде екі түрлі мақаммен сөйлейді екен. Бір түрі сыбырлап сөйлегеннің алдында баяулатып, қоңыр майда ұнмен сөйлейді. Екінші түрі көтеріңкі, күңгірлеген, адамға не қатты емес, не ақырын емес, құлаққа біртүрлі жайлы тиіп, қоңырлатып сөйлейтін еді.

Абай сөйлегенде мейлі ескі ғасырларда болып өткен пайғамбарлардан сөйлесін, мейлі патшалардан сөйлесін, болмаса өзінің өміріндегі көрген-білгендерін сөйлесін, қандай әңгіме сөйлесе, сол айтылып отырған затты көз алдына елестетіп, көрініп тұрғандай ұғынатын еді. Адамға сөздің кестесін өрнектеп, ұғындырып айтуы сондайлық, өзімше ойладым, Абай үзбей сөйлеп отырса, мейлі, ескі тарихтан сөйлесін, сөз ұғуды талап етіп, құлағын төсеп, көңіл берген ынталы талапты адамның бір сөткеге ұйқы, тамақ ойына келетін емес. Тек Абай сөйлеп отырсын, Абайдың бір сөтке әңгімесін тыңдаған адам баласы өмірлік азығын арқалап алып шығуына болады. Бірақ мен ақымақтығымнан өмірлік түгілі бір күндік те алып шығып пайдаланбадым ғой.

1945 жыл, 30 қаңтар

**ТӨЛЕУ АҚЫННЫҢ
СУЫРЫПСАЛМА ЖӘНЕ
ЖАЗБАША ТОЛҒАҒАН
ӨЛЕҢДЕРІ**

ЖҰМБАҚ ӨЛЕН

Жусаған бір аралда бір топ киік,
Жүретін аяғы жоқ жерге тиіп.
Бөрінің қатар тұрса, бойы бірдей,
Біреуінен біреуі емес биік.

Жусауы бір, түрлері екі басқа,
Залалы жоқ шөп пен су, ішер асқа.
Аямай бірін-бірі бас салады
Ойын ғып өз заңынша араласса.

Санасаң, елу екі санға барар,
Кей адам сол киікті таңдай алар.
Қарасаң – екі топқа бөлінеді,
Жартысы мүйіздерін қанға малар.

Мүйізін түгел төмам санатпайды,
Кей адам сол киікті жаратпайды.
Ішінде жалғыз көзді төрт теке бар,
Бетіне ешбіреуін қаратпайды.

Осының шыққан жері қиын еді,
Бағасы, мың да болса, тиын еді.
Қолына қару-сайман, қанжар алып,
Адамша он екісі киінеді.

Шешуі: карта

1909 жыл

ТӨЛЕУ МЕН ІНІСІ МҰҚАШТЫҢ АЙТЫСЫ

1909 жылы жазылған өлең. Жазылу себебі: керей Шолтанай қажы Мәтіш деген баласына Қарқаралы маңындағы Кент елінің Ыспан атты бай адамының қызын қалың беріп, әйелдікке әпереді. Келін түскен тойға Төлеу барып келгенде, шешесі Қуандық: «Келін қандай екен, жасау-жабдығы қандай екен?» деп сұрапты. Сонда Төлеу көрген жайын өлеңмен жазып беріпті. Өлең ел арасына тез тарап кетеді. Кейіннен Кент елінің адамдары ары-бері өткен керей руының адамдарына: «Сендер бар қызықты біздің қызымыз келін боп барғанда көріпсіңдер. Сән де, салтанат та біздің елде ғой», – деп мақтана берген көрінеді. Сонда Төлеудің інісі Мұқаш керей ауылына келін боп түскен қызын жасау-жабдығымен қоса жамандап өлең шығарады. Бұл айтыс туралы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 жылғы 15 наурыздағы «Екі өлеңнің тарихы» деген мақала басылған. Бірақ онда бұл өлеңдердің шығу тарихы жөнінде кейбір жайттар дұрыс берілмеген.

Мұрат Төлеуұлы

Төлеу:

Сырмағы өңкей манат дүриядан,
Шығады тоқсан сауыт бір ұядан.
Жемісін жетпіс түрлі төккенінде,
Дастархан көрінбейді миуадан.
Кем болса бес жүз сомдық тарантасы
Тізгіні бұрама алтын шілиядан.

Бір кісі емес, халықтың тілегі үшін,
Бір асыл қолға түсті қиуадан.
Күн шалған талай жерді аралап ем,
Мұндай жан көргенім жоқ дүниеден.

Сурет тұр алтын мүйіз лағыл қошқар,
Су құйған дәрет шәугім күміс қашқар.
Жайнап тұр бір үстелдің үсті сыймай,
Жасаған әр порыммен асыл тастар.

Карта, дойбы, домбыра, гармоны тұр,
Сауық қып ойнасын деп өңшең жастар.
«Пәлен жан салтанатты» дегенменен,
Болмайды ешбіреуі бұған астар.
«Кірсіз – ай, мінсіз – Құдай» деген екен,
Әйтсе де кемдігі жоқ іліп тастар.

Ақықтан стаканы, аққұйрық шай,
Қос табақ – біреуі бал, біреуі май.
Бай, жарлы, жақсы-жаман естен кетіп,
Болады көрген жанның көңілі жай.

«Қыз туар сепке лайық» деген осы,
Кез болды бір асыл зат дәулетке сай.
Гәуһардан шам орнына панар жаққан.
Ділдәдан қызыл алтын шашбау таққан.
Күмістен бұрамалы бауы құлаш,
Жұргенде сылдыр қағып жерді соққан.
Малындай дүниенің білезігі,
Жақұттан әр жеріне шеге қаққан.

Тыстаған мөтүрия мамық жастық,
Шымылдық асыл торғын перде жапқан.
Өзі де әйел заттың кемеңгері,
Адамның ішкі сырын оймен тапқан.
Әркімнің бойға лайық көрпесі бар –
Айтса да сыйып жатар қандай мақтан.

Бәтқама қара құндық кәмшат бөрік,
Адамзат айтар емес баға беріп.
Күләндам шаһарманның біреуіндей,
Құлақпен естігенді көзбен көрдік.
Қисынын қара сөзбен келтіре алмай,
Қағазға жаздық өлең оймен теріп.

Арапшын тақиясы алтын зерлі,
Мөр тамған он саусақтан тым өнерлі.
Қайынға басқа жанның бергендері –
Мал екен жауға кеткен арам терлі.

Болғанда қолда балдақ күміс оймақ,
Жете алмас қарышына ешкім бойлап.
Мүлікке жердің жүзін толтырса да,
Жалғанның қызығына бар ма тоймақ.
Қамқайғы, көңіл кірі қалар емес
Қасында аз отырсаң күліп-ойнап.
Аяқта рәзеңке кәмбір байпақ,
Таһматын ешбір адам білмес байқап.
Шағылып асыл нұры жерге түсіп,
Күлөндам әсемменен жүрсе шайқап.

Мұқаш:

Әй, Төлеу, сөз еместі сөз қыласың,
Ақтарып жоқ нәрсені қоздырасың.
Күмісті болыскей мен алтын қылып,
Қалайы, қаңылтырды жез қыласың.

Қандайлық мақтау сыяр адамзатқа,
Көтеріп Ыспан қызын салдың хатқа.
Бір ауыз мақтау сияр ешнәрсе жоқ,
Алмаймын бұл сөзіңнің бірін ходқа.

Сырмағы манат дейсің, ылғи тікпе,
Жалаң қабат, жарамай қалған түкке.
Жиылған тамашасын көреміз деп,
Ұялып көрсете алмай тығып көпке.

Жан қалмай тайлы-таяқ жұрт жиылды
«Көрем, – деп, – алмасақ та» жайған сепке.
Қатындар бетін үзіп күңкілдесті,
Аларлық нәрсе таппай берсе текке.

Келмесе де, келгеннен артық қылып,
Көтеріп бір шығардың аспан-көкке.

Дегенмен барға мақтан жарасады,
Бола ма ауызбенен айтқан епке?!

Ішігі ұнары жоқ оң қыларлық,
Ретті бір кілем жоқ санға аларлық.
Бір ішік қажы киер шықпап еді,
Қайда жүр қазынасы таңқаларлық?

Қайтеді сонша асырып ұлғайтпасаң,
Сөзінді кім тыңдайды тура айтпасаң?
Бір ауыз мақтау сыяр дәнеңе жоқ,
Илеген айыл-тұрман көнді айтпасаң?

Жайнаған асыл бар ма жаудыраған
Құбылып қолға ұстаса судыраған.
Тасты айтып он тиындық көп мақтапсың,
Бұлындай арбашаның саудыраған.
Өзі де қанша көсем болар дейсің,
Үлгісі кент еді ғой құдыраған.

Көрінер әйел жақсы көркіменен,
Мақтапсың тақиясын бөркіменен.
Шолпысы үш теңгелік күміс еді,
Ауыздың алтындапсың еркіменен.

Қара-сұр, көзі қыли, ұзын аяқ,
Мақтауды сыйғызыпсың аямай-ақ.
Дүниеде еш нәрсеге ұқсата алмай,
Апарып хор қызына қойдың таяп.

Күл беттенген көсеу сұр порымысын
Қайтеді сонша асырмай айтсақ жәй-ақ?
Сөйлесе – сөзі шешен бұлбұл дейсің,
Кигені – ылғи асыл күлгін дейсің.

Бір жуған ажарынан бәтес еді,
Құрылған шымылдығын торғын дейсің.
Мұңынды айтып Испанды дырдай қылып,
Ары өтіп, бері өткенде дәмін жейсің.

Шыны аяқ, мақтағаның дастарханы,
Сол екен өзінің де барлық сәні.
Көп айтып, көлдей қылып көтергенің,
Он парлы дегере бас стаканы...

Бар еді қандай сәні асып жарасымды,
Шын сөзге қою керек таласуды.
Лағыл гауһар жаққаны панар дейсің
Лампы мен жалғыз қадақ кәресінді.

Бар еді қандай сәні асып жатқан,
Ауыздың ебіменен қосып жатқан.
Нәрсе жоқ біз көргенде он тиындық,
Болмаса қазынасы басып жатқан.



**ТӨЛЕУ, ІНІСІ МҰҚАШ ЖӘНЕ ШЕШЕСІ
ҚУАНДЫҚТЫҢ БӨЛШІ АЙТҚАН
БІР ШУМАҚ ӨЛЕҢІ:**

Мұқаш:

Ассаламағалейкүм, ауылнайым,
Қайда қалып қойды екен шорнабайың?

Қуандық:

«Сенген қойым сен болсаң» дегендейін
Күйсегенің бұл болса – нәйім-нәйім.

Төлеу:

Осының сұрау, сотын өзім көрем
Басыма салмаңдаршы сары уайым.

Ертерек кез екен. Ауылнай старшыны әрі сауатсыз, әрі егде тартқан адам екен – қыс ішінде Қарқаралыға елден жиналған алым ақшаны апара алмай, жас жігіт Төлеуді жұмсайды. Төлеу старшынның өкілдігін алып, ақшаны апарып, тиісті орнына тапсырады. Содан елге қайтып келе жатып қанжығасындағы старшынның журналын түсіріп алады. Журналды іздеп жолда бөгеліп жүргенде, оның хабары ауылына жетеді. Содан ауылға келгенде айтылған сөз.



ТӨСЕК ТАРТЫП ЖАТҚАНДА

Қара жел ұршығымнан қармап жатыр,
Түбінде сегізкөздің салмақ жатыр.
Дос жарым: құдай қуат берсін дейді,
Дұшпаным әлдене деп қарғап жатыр.

Түлкінің кескектегі күшігіндей,
Жаудырап екі көзім жайнап жатыр.
Жүргенін сау адамның көргенімде,
Күйзеліп ішім оттай қайнап жатыр.

Байғұздай ін түбінде тас жастанған,
Көңілім әр қиялды ойлап жатыр.
Дәрмен жоқ кіріп-шығып қозғаларға,
Құр тілім қайғыменен сарнап жатыр.

Қара жел жібермейді жамбасымнан,
Безе ме дені сау жан шаруасынан.
Бәрінен бір шыбындай жан тәтті екен,
Жатырмын безгендей боп мал-басымнан.
«Михнат түбі рахат» деген бар ғой,
Тағдырдың үміткермін қазынасынан.

Қор қылма тіршілікте дұшпаныма,
Тағдырдың кім көнбейді қысқанына.
Арзан ғой мың теңгеге алсаң сатып,
Бір күнгі денсаулықтың мысқалына.

Сау күнде жаққан шамнан жарық болдым,
Науқастан бұл уақытта ғаріп болдым.
«Жал кетсе арғымақта сын бола ма»,
Бұлтылдап екі ұршығым арық болдым.

Сақтай көр, жаратушы, медет айлап,
Бердің-ау осы дертті ұзаққа айдап.
Ыстық жел суық желмен араласып,
Кетеді бойым қызып, етім қайнап.

Жүргенін сау кісінің таңсық көріп,
Жатырмын бір қапаста көзім жайнап.

Бәрі де, екі жаһан керек екен,
Қам болдым екі дүние тұбін ойлап.

Барғанда ақыретке халім нешік,
Қиямет – қыл көпірдің жолы тайғақ.
Жас бала, жадау қатын қалса артымда,
Оны кім асырайды күтіп, жайлап?

Науқаспен сау кісінің ісі бар ма,
Келеді оп-оңай ғып тілмен жайғап.
Айтайын қайсыбірін арман қылып,
Жүретін қайран күнім күліп-ойнап.

Отыздың тоғызында – сиыр жылым,
Бұрынғы Төлеу дерлік бар ма түрім?
Бір Алла өзі ғапыл ойламаса,
Барғанда ақыретке көп қой мінім.

Өмірді ғибратсыз босқа өткіздік,
Қорқады алдымды ойлап ішкі сыным.
Тереңдеп бойға науқас ілінген соң,
Адамда қалмайды екен ақыл-білім.

Қарыстай қара жерде қаласың-ау,
Сайраған бұлбұл құстай қызыл тілім.
Бас қосып құрбылармен әзілдескен
Дариға-ай, келер ме екен қайран күнім?!

Бұл науқас ілді мені қармақ болып,
Қара жел жібермейді салмақ болып.
Әуелден алқымдатып ауыр келді
Қалса – бейнет, арысы – алмақ болып.

Мен дағы бір Аллаға мойын ұсындым,
Ақ жолға, әмір қылса, бармақ болып.
Қыран ем желге өрлеген, – жерге тұстім,
Шымшықтай шым жастанған тарғақ болып.
Тұлпардың түрі кеткен тулағындай,
Жатырмын арыған соң аруақ болып.

Сау күнде жүзім шамдай жарық еді,
Тұман болды науқас кеп шалып еді.
Жаратқан жоқтан бар ғып раббымсың деп,
Рахым бірлігіңе нанып еді.

Неше жыл Нұх-нәбиді толқын соғып,
Тұқымды әр рухтан алып еді.
Билеген жердің жүзін хақ Сүлеймен
Жапанда жалғыз жаяу қалып еді.

Үш жүз жыл бірін-бірі көрмей зар боп,
Бұл михнат атамыздан қалып еді.
Ғайыпты жеті жылдай құрт жегенде,
Жүрегі сабырлықта болып еді.

Алланың әмірімен дарияда,
Жүністі қырық күн жұтқан балық еді.
Зынданда Нүсіп-нәби он жыл жатып,
Ол қашан михнатқа налып еді?!

Пәлеге сабырлықпен тәуба қылып,
Бәрі де пайғамбарлық алып еді.
Дертіме шипа бергін, қадір Алла,
Мен құлың көп зарыққан ғаріп еді.
Бір тамшы рахматыңнан нәр жіберсең,
Мен түгіл барша ғалам қарық еді.

Дүние ғой өтіп жатқан неше буын,
Жалғанның неше түрлі көрдік нуын.
Күлкіні, сүймек, құшпақ күйлейміз деп,
Шайтанның көтердік қой талай туын.
Дүниенің шартарабын шыр айналған
Тапқан жоқ Ескендір де «мәңгі суын».

Өлімнен қырық жыл бұрын Қорқыт қашқан,
Шын заһит кереметі жаннан асқан.
Ажалдан құтыларлық жер таба алмай,
Аллаға тәуба қылып қайта басқан.

Басы адам, аяғы – нүр Мұхаммед,
Ажалдан жүргені жоқ өлмей бостан.

Теңсеген қаһарланса қара жерді
Дүниеден ол да кеткен Ғали арыстан.

Әуелден өлмек үшін жаралғанбыз,
Қаларлық пенде бар ма бұл «жарыстан».
Алды – үміт, арты – өкініш, сұм дүние-ай!
Не белгі ұстап қалдық өткен жастан!

Ажалы жоқ, бейнетке себеп бол деп,
Шығардың бақсы-балгер, дәруіштан.
Тағдырда уақытымыз кейін болса,
Бұл науқас қашан шығар біздің бастан.
Не қажет, рахым етсе қадір Алла,
Боталы нар туғызған қара тастан.

Ажалдан қашар жер жоқ, қайда бұғам?
Жығылды ауырған соң алтын жығам.
Он бір ай дарияда қалқып жүрмін
Қараңдап қара жерге қашан шығам?

Науқастан сергімейді биттей бойым,
Бар қызық осы ма әлде көрген тойым?
Байқасам – әрбір сөзім кем соғады
Су тартқан шыңыраудан қайран ойым.

Қыран ем желге өрлеген, жерге түстім,
Сарғайып қапалықпен қайғы құштым.
Сау күнде қадіріңді білмейді екем
Денсаулық, енді көзден бұлбұл ұштың.

Науқастың бейнет пенен дәмін таттым,
Ауыру белден алып жанға баттың.
Он бір ай жүзі аумай болды, міне,
Сарғайып төсек тартып мен де жаттым.
Ғарібің бір өзіңе сиынады:
Бір Алла рахым етсе тыйылады.
Бойыма бір уақытта тарап кетіп
Қаражел ұршығыма жиылады.
Буынға басын қосып кеңес құрып,
Қайтпасқа ол мезгілде бұйырады.

Пенденің халі нешік жан бергенде,
Ораған үш кез көйлек тар келгенде.
Қайсысы мені тілеп келед дейсің
Жалықтым бақсыдан да, балгерден де.

Бірі айтпас «білмейміз» деп, судай ағып,
«Науқасты жасымыздан жүрміз бағып.
Жылқыдан ат, қойыңнан қошқар берсең...»
Қарамас өлгеніңе жымың қағып.

Қарар деп көңілденсе оң көзімен,
Осыған қалайық деп әбден жағып.
Шай мен қант, шапаны мен көйлек әкел
Кетпесін балгеріміз кінә тағып.

Осымен іш майынды тауысады,
Бақайшақ, сыбырлақты түгел шағып.
Ей, Алла, асылыққа жаза көрме
Пендеңе пенде қылдың мұнша не ғып?!

Япыр-ау, қызымыз ба төркіндеген?
Мырзалық қайыр емес серпіндеген.
«Бір белгі пәлен айда болар» дейді
Орнында науқас жатыр серпілмеген.

«Дем тәуір болады» деп шақырамыз,
Келеді қожа-молда керкілдеген.
Тартқанда «ағузыны» күңіrentіп
Әлхам оқып сақалы желкілдеген.

«Құл ағузы бираббил палахы» деп,
Жауырынын қозғап қойып селкілдеген.
«Балыңа түсі тәуір мал түсті» деп,
Алуға оны берсең іркілмеген.

1913 жыл

ТІРЛІК ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС (САРЫАРҚА)

Ойлаған елдің қамын кісі бар ма,
Қазақпен қарны тойса, ісі бар ма?
Әуелі өз арқаңнан бір жұлады
Тығылсаң, әлің келмей күші барға.

Ағасын құрметтеген іні бар ма,
«Жамансыз» «жақсылардың» күні бар ма?
Сұрайды жауабына бір жүз теңге
Бір сөзді перуаттатсаң¹ тілі барға.

Інісін еркелеткен аға бар ма,
Білімді шын жақсыға баға бар ма?
Білгеннің шалыс басқан бір аяғын
Дап-дайын сырттан сөз ғып табаларға.

Жалғанға көзі тойған пенде бар ма,
Сауаптан жалған үшін кенде қалма?
Жарқылдап жақын келіп еркелерлік
Кең маңдай, кең пейілді жеңге бар ма?

Күншілсіз, қиянатсыз елің бар ма,
Талассыз-даусыз мекен жерің бар ма?
Қаймығып қайнағадан инабат қып
Сыйлаған ата-енесін келін бар ма?

Арымас алты ай мінсең, атың бар ма,
Көңілде адалдықтан татың бар ма?
Қарамай ер бетіне қызмет қылып
Ақтаған ақ некесін қатын бар ма?

Нұсқалы сөз шығарған ақын бар ма,
Жөн айтқан құдайшылық мақұл бар ма?
Сыртынан қанша қормал болсаң-дағы
Жақсыны қадір тұтқан жақын бар ма?

Шеп бұзып ту құлатқан батыр бар ма,
Бұрынғы қазақ ғұрпы атың бар ма?

¹ Перевод, аударма мағынасында.

Кім малды, момын болса өшігесің
Жақсылар, соған кеткен ақың бар ма?

Берсе тәуір көресің еркек қойын,
Жылқыдан атын мінсең алма мойын.
Тоқтамай-ақ қойыңдар мен айтты деп
Алдыңнан бір кездесер үлкен тойың.

Басында толық біткен миың бар ма,
Ойланып өнер табар зиын бар ма?
Қамалды біздің қазақ бір тұйыққа
Ғылымсыз надандықтан қиын бар ма?

Артылып арқа сүйер панаң бар ма,
Құласа көз салмайсың анаң жарға.
Ана сүтін, атаның хақын ойлап
Әдепті адал туған балаң бар ма?
Арсылдап беттен алып балаң тұрса
Ал сонан құтылуға шамаң бар ма?

Өткен соң қайтып келген жасың бар ма?
Зекетті мал, құшырлы асың бар ма?
Көп беріп, аз алғанын арман қылмас
Құдайлы құда-тамыр, досың бар ма?

Халықта ғаділетті биің бар ма,
Талассыз, даусыз жүрген күнің бар ма?
Табылсын қолға салса құдайшылық
Қалтаңда бес-он теңге тиын бар ма?

Толымды топқа түсер палуан бар ма,
Күйзелмей түзу тұрған шаруаң бар ма
Көпке шүкір, азына қанағат қып
Нәпсіңе шын ықылас тәубаң бар ма?
Өзінің аларына бейімдетпей
Тура айтқан шарифатты молдаң бар ма?

Аққа алғыс, арамға жала бар ма,
Арамнан бойын тартқан таза бар ма?
Тәрки жалған дүниеге қызықпаған
Шын шәйіт құлқы түзу қожа бар ма?

Хан парақор, жасауыл тырна болса
Халыққа өмірінше маза бар ма?

Халыққа осындай тұр пайда болды,
Берген тауда, бермеген сайда болды.
Парақорға төкашпар қосылған соң
Орыны екеуінің қайда болды?

Алғаннан басқа ойлаған санаң бар ма,
Айтып болмас құлқы ауған надандарға?
Жау да болса, жалған сөз айтпайды деп
Отырар сырттан сеніп адам бар ма?

Балауса, балдырғанды сайың бар ма?
Тел өскен шалғын жайлап тайың бар ма?
Көздемей бір пайдасын қайыр қылған
Халқыңда қайырымды байың бар ма?

Дәм бермек, бай атанбақ атақ үшін,
Мейман келсе ырзығын татпақ үшін
Ат беред, ақша беред би-болысқа
Бір қажет бай кісі деп айтпақ үшін.
Бір аттың он теңгемен майын беріп
Өзіңді түгел алды сатпақ үшін.

Тек бермес құдай үшін тайдың майын,
Артынан мінген құрлы қайғың дайын.
Жіберсін сатпақ түгіл көз көрмеске
Айтамын тыңдап отыр байдың жайын.
Қызылға қол ұстасып қарсы шаптың,
Қалайша көре тұрып қайғырмайсың?

Не хақтан бір момынға жапты жала,
Шабады ат, ақшасын қолына ала.
Астында аты, қалтаңда ақшасы тұр
Ал не дейсің байыңның ісі қара?

Жүзіндей ұстараның осы екі ара,
Тәпсірден нанбасаңыз байқап қара.
Берген перде бұзады деген қазақ
Бай сөзін «жөн» демеске бар ма шара?

«Жөн» деген соң, алғаның болды пара,
Тиегі иманыңның – ақ пен қара.
Қайыр емес, не сенің көңілің емес
Әуелден көздеп берген соған бола.

Сатқан соң ар-инабат несі пайда?
Қарызсыз ішілмейді ет пен шай да.
Ағайын мұрасымен ізет-құрмет
Қазақ ғұрпы дейтұғын сөзі қайда?

Құрбылық ойын-күлкі, татушылық,
Қалыпты әлдеқашан ол бір сайда.
Байдан хайыр, жақсыдан рахым кетіп
Көрмейді біреу жылда, біреу айда.

Бергенін беймаза еткен байың құрсын,
Жеген ет, ішкен қымыз, шайың құрсын.
Адал иман, адамдық арды сатып
Ақша алып, одан мінген тайың құрсын.

Нәпсі дұшпан, дүниеге жақын болмақ,
Нәпсіге билеткен жан ғапіл болмақ.
Иманның, исләмнің тиегі осы
Арамды адал десе, кәпір болмақ.

Қарамай алды-артыңа бай мен жақсы,
Бірің алып, біреуің беріп бақшы.
Маған өкпе қылмаңдар неге айтты деп
Сіңбейтін ұрлағанмен тәңір ақысы.

Демеймін сіздер харам, өзім адал,
Өркім-ақ сұм жалғаннан тартар залал.
Алуға қолым жетпей әділсімін
Қол жетсе, ойымда жоқ арға қарар.

Түсеміз бәріміз де шын есепке,
Адам аз қосылмайтын бұл өсекке.
Алдыңғы жақсыларды жөндей-ақ
Болмай ма өзімізді түзесек те?

Табиғаттан басқаға мағлұм емес
Өлген соң кім жатпағы жәй төсекке?

Десем де бұл сөздердің жалғаны жоқ,
Айтылмай әлі шыннан қалғаны көп.
Салғанша жаратушы жаһаннамға
Бүгінгі бір тойғанның арманы жоқ.

Жақсылар нашарына күш қылады,
Жер тарпып, айғай шықса пысқырады.
Адамның рахымсыз түсі суық
Сұрланып айдаһардай ысқырады.
Ерік беріп, жаратушың сынап отыр
Желкеңнен жегеніңді құстырады.

Дайын тұр қарсы алдында ажал тұзақ,
Сескенген тұзақ бар деп адам аз-ақ.
Біраз күн бір адамға бақыт қонса
Үздік-ақ халық алдына шығады ұзап.

Болғандай өзі жақсы құдіретімен,
Бірді қорлап, біреуді қылар мазақ.
Белсеніп белшесінен батып жүріп
«Мың күнәға бір тәуба» дейді қазақ.

Осы арасын қалай деп ойлайды екен,
Тәуба дейді, тоқталып қоймайды екен.
Мың күнәға бір тәуба болған күнде
Мың сауапты бір обал жоймай ма екен?
Әділ жүрек түбінде шыңыраудың
Осыған қандай ғәділ бойлайды екен?

Мінезі осы не маңғаз байының да,
Сәлдесі хажылардың қойынында.
Не деп барып келгенін біле ме екен
Мақсаты өлексе жеп тойынуда.

Қақпалап мінді шайтан қажымызды,
Қолдағы қағып алып азымызды.

Парасыз қажылар да сөз айтпайды
Айтамыз қайда барып назымызды?

Иманды қайда жүрсе көңілі халал,
Қарайды жақыныңа қақсұл залал.
«Барған соң, партия ғып, пара ал» деген
Сіздерге Мәккедегі қандай далал?

Шын ғазиз хақ пұлына егіледі,
Күнәсі егілген соң сөгіледі.
Шайтан кеулеп, жамандық керіп алып
Аздан соң қол беруге ерінеді.

Орнатып бармағанға бар тозақты,
Төрт шардай өзіне өзі көрінеді.
Толтырып алтын-күміс салса дағы
Қалтадан түбі тесік төгіледі.
Бардың, келдің – ендігі парқы қандай
Қажылар бұл байыптан не біледі?

Келмесін алал қажы барғанынан,
Дарияның топырақ тартып ар жағынан.
Өлшеулі күн, санаулы дем біткен соң
Ажалдың құтылмаймыз қармағынан.

Болсаң да күнде жауыр запы емессің,
Баянсыз дүниенің жалғанынан.
Жан жолдас – иман тәуір емес пе екен
Парадан бес-он теңге алғаныңнан.
Бүгінгі бес-он сомды қызық көрдің
Қара жүз төңір алдында болғаныңнан.
Сұңқарлар шаң жұқпайтын кім боп кеттің
Қарғаның дәме қылып қалғанынан?
Көзіңе көрінбейді жиған мүлкің,
Айдаған ақтылы қой, мыңнан жылқың.
Бұл қазақты бір жерге таяйды ғой
Жақсылар, осы айтылған сенің құлқың.

1914 жыл

1916 ЖЫЛ

1916 жылдың дүрбелеңіне арналған осы толғау күллі елдің толағай тағдырына әсерін тигізген. Балаларын майданға жібермеу үшін халықтың қарамды тобы Қытай асып кетпекші болады. Алайда ата-бабаларының сүйектері жатқан, қиыншылық, қызықтың куәсі болған туған өлкені қиып, бөтен жерге бет бұрған елді сол босудан тоқтатуға ақсақалдар басшыларды емес, өткір де қайсар Төлеу ақынды жұмсаған. Сонда ұйлерін жығып, көшкелі отырған ел «Өлсек, сүйегіміз осы Сарыарқада қалар, көшпейміз» деген байламға келеді.

1936 жылы қазақ халқының патша отарлаушыларына қарсы көтерілісінің жиырма жылдығына орай Алматыда «1916 жыл» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Соған «Сарыарқа» деген атпен Төлеу толғауының небәрі 16 жолы еніпті. Жинақты оқыған Глияс Жансүгіров М. Әуезовтен «Мына жырдың иесі кім, өлеңі жақсы екен» деген-міс.

М. Әуезов кейін Әрхам Кәкітайұлынан бұл ақынның Сабырбайдың жиені, Қуандықтың баласы – Төлеу екенін, Батыс Сібір жақта жан сауғалап жүргенінен хабардар болады. Осы әңгімеден кейін Әуезовтің тапсырмасымен, Жазушылар одағы бөлген қаражатпен Әрхам ақсақал Төлеу ақынды Барнауыл қаласының іргесіндегі бір елді мекеннен елге көшіріп әкеледі.

Төменде сол толғаудың ақынның үйінде сақталған толық нұсқасын келтіреміз...

* * *

Көп шығар сөзде қате жетпегеннен,
Бар шығар ойда қате етпегенмен,
Ұнауы өлеңнің де құрауменен
Әр ненің іс болмағы септегеннен.
Айтушы аз, оқушы кем, күтуші жоқ
Жібектің жүн болмағы түтпегеннен.
Шешуші миы тұнық шеберлерге
Ишарат сөз асыл ғой тіктегеннен.
Өлеңді үлгі демей, жынды дейді,
Бұл сөзді жай жүрелік жүктегеннен.

Абай сөздің патшасы өлең деді,
Өлеңмен үлгі жазып берем деді.

Артымда мирас болып сөзім қалсын
Бір күн ажал жетіп өлем деді.
Сөзім менен өзіме өлім болмас
Арам тән шірісе де денем деді.
Абайдың милы қазақ жаралған жоқ
Соны кім сөз айтты деп елеңдеді?

Өлеңге әркімнің-ақ құмары бар,
Ішінде аз-аз ғана ұғары бар,
Көн жамап былғарыға былғамалық
Әр сөздің өз жөнімен ұнары бар.
Қызыл тіл келте толғап сөгіс алма
Милының көлденеңнен сынары бар.
Жауабы зыйындының беп-белгілі
Секілді көзді құдық құнары бар.
Сөз болса төрт аяғы түгел тиген
Аз сөзден көп мағына шығарып ал.
Көргені аз, қиял қысқа, миым олқы
Үшкір тіл жеңіл сөзге орамы бар.
Жабырқап жабы болған заман болды,
Арғымақ алтын баулы тұмары бар.
Жақса тыңдап, жақпаса қоярсыздар,
Біреуге дерт емес қой жұғары бар.

Азырақ сөз сөйлейін жалғанынан
Күйзелген елдің ұлы арманынан.
Қазақ боп жаралғалы естімеген
Патшаның шұғыл шыққан парманынан.
Он тоғыз қырық үш пен жиылсын деп
Жарлықты жарқ еткізіп салғанынан.
Отыз бір он тоғызды бір реттеп
Көр төгіп ықтиярсыз алғанынан.
Басында жұрт қозғалып аумақ болып
Құлазып жайлау артта қалғанынан.
Мысалы, рахаттана күлген жан жоқ
Қайғының қалың басқан салмағынан.
Ой толқып, ми шайқалған көңіл алаң
Қаптаған ғаламаттың зардабынан.
Қайратсыз қара балық секілдіміз,
Біз қайтіп құтыламыз қармағынан?

Июньде жиырма бес шықты жарлық,
Жарлықты естігенде естен таңдық.
Көр қылды үш-ақ күнде жыясын деп
Болады бұдан артық қандай тарлық?
Дауасыз ұлығы пәрман болғаннан соң
Қазақта ес қалмады ой табарлық.
Тәңірі нашар жұртты қолдай көр деп
Жыладық бір Аллаға қылып зарлық.

Ұлық тұр айтқаныма көнесің бе?
Кісіні дереу жиып бересің бе?
Ал деген ықтиярсыз жарлығы бар
Болмаса қан төкті боп өлесің бе?

Ал қазақ мына сөзді көресің бе?
Айтқанын қылмайды деп сенесің бе?
Құрылған көпке бірдей орын еді
Думаның бір қазақ жоқ кеңесінде.
Қазақтан мал да керек, жан да керек
Таласқан әскерліктің егесінде.

Кісіні құтыламыз жиып берсек,
Тілі жоқ біз кәдімгі хайуанға есеп.
Санға бар, сауынға жоқ деген осы
Күші адал, сүті харам болдық есек.
Военный положение оқылады
Бір ауыз арыз айтып пәлен десек.

Арғыдан келе жатқан аталы-ақ біз,
Өркіммен теңдес туған қатар-ақ біз,
Ләппай, хұп тақсыр деп шұлғып тұрған
Мыңқ етпес біз бір момын жапалақпыз.

Жақсылар өзі білер нұсқаласақ
Тоқтау жоқ отыз тіске қыс қаласақ.
Осы жерде аз арманы айтылмайды
Заман тар, тілді қысқа ұстамасақ.

Шықпаған момын қазақ үйірінен,
Қамалып жол табалмай иірілген.

Баласын бауыры мен алмақ болып
Сенделді оқ тигендей бүйірінен.
Адасты қиял болып ақылынан,
Патшаның қысым қылған зақымынан.
Шырқырап тірі айрылып қалам ба деп,
Туысқан туған бала жақынынан.

Алланың добы деген адам басы,
Болар деп үміт еттік бір панасы.
Аллаға, Мұхаммедке жалбарынып,
Үй басы айтып сойған ақсарбасы.
Халыққа күллі әшия жетет деген
Инабат бір мүмкіннің ықыласы.

Ат сайлап, азық қамдап кетпек болды
Он тоғыз, отыз бірдің екі арасы,
Қашқанда қандай күйге жолығады деп,
Зарлайды одан жаман ата-анасы.
Аллалап күллі қазақ шулағанда
Күңіренді Сарыарқаның сар даласы.

Жылайды қашып кетсе баламыз деп
Патшамен келіспей тұр арамыз деп,
Кемпір-шал, жесір қатын, жетім бала
Біз қалып қайтіп адам боламыз деп.

Толқыды жұрттың көңілі аумақ болып,
Жер тапса жан қаларлық бармақ болып,
Азырақ Сарыарқаға қош айтамыз
Тұрған соң қайран мекен қалмақ болып.

Сарыарқа, қош аман бол, салқын белім,
Малға жай, жанға рахат шалқар көлім.
Әр түрлі тамашанды ойлағанда
Көзімнен тыйылмайды аққан селім.

Сарыарқа қаламысың өскен жерім?
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім?
Қалмақпен қан төгісіп атам қонған
Жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім.

Айырылып Сарыарқаның самсасынан
Бола ма қазақ аты өшкен жерің?

Сарыарқа далаң толған егін еді,
Тәңірім ырақымын төгіп еді,
Жаяуға ат, ашқа тамақ, киім болған
Сатусыз дүниесі тегін еді.

Сарыарқа тауың толған ағаш еді,
Өлшеусіз артық еді бағасы енді.
Жоңышқаң алпыс екі гүлденгенде
Зейнетің хор қызындай тамаша еді.

Сарыарқа ойың толған өзен еді,
Асуың жолы тегіс кезең еді,
Қала ғып әр сайыңнан қыстау салған
Бірің жайлау, бір жерің күзек еді.
Бас қосып Сарыарқаға қонғаннан соң
Ел болып қазақ сәнін түзеп еді.

Бүгін де мұз қойғандай жүрегіне,
Байқасаң жан шошитын сүреңіне,
Күндіктеп приговорға қол қойысты,
Патшаның шыдай алмай білегіне.
Мархамат беруіне болғаны жоқ
Жеті ауыз сөз жазған боп тілегіне.
Ақыры көнді қазақ – берді қазақ
Көп сөз ғып ол арасын керегі не,
Қайғылы күллі қазақ қара көңіл,
Жалын да, шоғы да жоқ сөнген көмір,
Таласқан бес тиынға қазақшылық
Бір үйден бес кісі алса болды жеңіл.
Халыққа қайырлы ғып артын берсін,
Ғаламның падишасы жалғыз тәңір.

Сән қалды салтанат қып жарасарлық,
Бақ қалды партия ғып таласарлық,
Сапырып сар қымызды салқын үйде,
Қайран күн жүйрік жорға сынасарлық

Халыққа қара тұман жаза түсті,
Қоштаспай бір-бірінен адасарлық.
Әр пенде өз халімен өзі әлек боп
Шама жоқ бір біреуге қарасарлық.

Қазақты қалт еткізбей алған жері,
Мал түгіл, басқа құрық салған жері,
Жас бала, жесір қатын, кемпір-шалдың
Үйіліп қаздай шулап қалған жері.

Қазақтың алла-әкбар болған жері,
Толымның төгілерге толған жері,
Қызықты жас жайнақтың бәрі кетіп,
Гүлденген бәйшешектің солған жері.
Күрес сап, ат жарысқан бозбаланың
Жайлауда құлазыды-ау қонған жері.

Япырай бұл не деген болды сұмдық,
Туысқан бауырларым майлық-сулық,
Қам қайғы қасіретте қалмақ үшін –
Заманға қан төгілген қарсы тудық.

Аман бол бір туысқан бауырларым,
Қарындас қазақ атты қауымдарың,
Алланың рахмет нұры болсын
Басында қара тұман жауындарың.
Жел шайқап дария толқып селге кеттің,
Миуалы пісіп тұрған қауындарым.

Ақ сауыт оқ өтпейтін қаруларым,
Белгісіз қандай жерге баруларың,
Тірідей жесір болып қалып жатыр,
Алған жар Ақжүністей аруларың.
Алланың рахметті нұры болсын
Басында қара тұман жауындарың.

Қайран жас дүние гүлін жандырғаным,
Патшаның көріп тұрмыз кәр қылғанын,
Бірі майлық, біреуің сулық болып
Қайғысыз түнде ұйқыны қандырғаным.

Сендер ең ерлік пенен серлігіміз,
Дейтұғын жан қалмады ендігіміз,
Жігіттер қағаздағы түгел кетсе
Немене болад дейсің елдігіміз.

Аш белбеу алтын айдар еркем едің,
Көңілге тоқ, көруге көркем едің.
Не деген ғаламатқа душар болдың
Арттағы тұқым болар өркен едің.

Құрып тұр ылаж таппай амалдарың,
Болмады ақыл оймен табарларың,
Ас батып қалған елде адам болмас
Қашан бір естілгенше хабарларың,
Қаптаған қалың өртке қарсы кеттің,
Болады әлдеқандай замандарың,
Сабырлық тәуба деймін жылаймын да,
Тоқтатпас толған көңіл уайымға,
Кемесі тәуекелдің суға батпас,
Тапсырдым қош аман бол құдайыма.

Семейге жүрді халық улап-шулап,
Болған соң құтылмастай ішкім шулап,
Қарсаң қалған елдің порымына,
Жансыз табыт секілді тұрған қурап.

Шырқырап тірі жетім бала қалды,
Иесіз азды-көпті қара қалды,
Айырылып біреу жалғыз егізінен,
Ата мен жер таянып ана қалды.

Түскендей шабындыға ауыл қалды,
Үйде өліп арман қылмай ауырғанды,
Жақыннан тірі айрылған қиын екен,
Елжіреп ет жүрегі бауыр қалды.

Қазаққа ауыр жаза асынғандай,
Көзіне қан толып жүр тас ұрғандай,
Өрт еді қазақ көңілі қаулап тұрған,
Жалыны жаңбыр тиіп басылғандай,

Шарбаққа қойдай тізіп қамағаны,
Есігі тар зираттың ашылғандай,
Қалтырап адамзатта ес қалмады,
Бұрқырап тозақ оты шашылғандай.
Отказ боп кем-кетік сап босағандар
Арылып күнәсынан қосылғандай,
Ақшамен жалдамаға кіріскендер
Басынан бір көтерін асырғандай.
Екінші проверкеге қалғандары
Қайғылы артын ойлап шошынғандай.
Мысалы, алған жігіт өлгендей боп
Топырақ бетін басып жасырғандай.

Ұлықтар пара алады бауыр демей,
Нәпсім тойып, жан қалтам толды демей,
Ақшамен бай баласы аман қалып,
Орнына кетті жылап сорлы кедей.

Таусылмас арман дүние айтқан сайын,
Сөз де көп қалам ұстап тартқан сайын.
Айтылды уақытылы өткен заман
Осымен сөз аяғын тәмамдайын.



ҚАЙРАН ЖАСТЫҚ

Кетеді көңіл толқып әр уақта,
Алаңдап ғұмырды іздеп өткен шақта.
Өрекіп шіркін жүрек талпынады
Қонам деп жаңа шыққан жас бұтаққа.

Құр көңіл талпынады жоғары ұшып,
Сүм нәпсі тоқталады неден күсіп?!
«Жүректі ұйықтап жатқан оятады»
Суреті өткен күннің ойға түсіп.

Байқасам, келіп қапшын орта жасқа,
Құрбының ойында жоқ бізден басқа.
Қайғысыз, уайымсыз қайран жастық
Қырандай құрағытып түскен тасқа.

Жалындай жастық шіркін жалындаған,
Ісінен ауыр жеңіл тартынбаған.
Күн қайтып, көлеңкенің басы ұзарып,
Секілді ыстық денем салқындаған.

Салқындап ыстық денем, қайтты жалын,
Қамалға қарсы шықтым талай қалың.
Отыз бен жиырманың арасында
Демеуші ем иесі бар кісі малын.

Қырандай аспандағы жүрген жүзіп,
Талайдың құтылушы ем торын үзіп.
Айқасып жарқ-жүрқ етіп қалушы едік
Аққумен ойнап жүрген көлде жүзіп.

Жас күнде жағалтайдай жайраңдасқан,
Дүние, өте шықтың айналмастан.
Ақсұңқар айдын көлден қаз ілгендей,
Қайран күн ғашық жармен майдандасқан!

Қасыма ертіп алып бір сырласты,
Кешікпей іздегенің душарласты.

Көлбендеп ақбоз үйден шыға келіп,
Көтеріп ақ маңдайды, қаққан қасты.
«Сен сүйсең, мен де сүйдім» дегендейін
Қарасаң төңкеріліп көздің асты.

Сол дәурен енді бізден алыстаған,
Қисайып, қия тартып шалыстаған.
Өткір тіл, ұшқыр қиял шабан тартты,
Дүбірлі бәйгі атынан қалыспаған.

Қайран күн көкірегім гүлін төккен,
Алманың сабағындай саяқ еткен.
Қырындап қарамайсың, бойжеткендер,
Бар ма еді мен байғұста араз-өкпең?!

Жастарға қабыл болмай айтқан назым,
Қартайтқан құдіретке бар ма лажым?
Балқыған нұрдай болып ажарыма
Тотығып, көне тартып түскен ажым.

Жалындай жарқылдаған ойқой жастық,
Елірткен ішпей-жемей, қызу мастық.
Көл құрап, топырақ мұздап, күз жақындап
Көшкендей ел жайлаудан қайта бастық.

Жастықтың ісін тастап жарамастық,
Артына уақыт келді қарамастық.
Бойыңнан қызу-қызба бәрі арылып
Мал бағып, шаруаға араластық.

Қырандай самғаушы едім желді күнгі,
Замандас көзі көрген серігімді.
Не керек, көрмегенге бәрі бекер,
«Қартайсаң, айтпа, – деген, – ерлігіңді».

Ал енді төңірекке қаралық та,
Алдыңғы ғұмыр қанша, саналық та.
Өлмес жан, өшпес нәрсе болмақ емес,
Дүние бір кісі үшін жаралып па?

Соншалық болмасам да сөзге шешен,
Кеткен жоқ өз тұсымда ешкімге есем.
Мінеки, бозбалалар, қылған ісім –
«Жасыңда жиырма бес қайттің?» десең.



ҚЫРЫҚ БЕС

Өткен соң жас өмірдің сапарынан,
Қалған соң бозбаланың қатарынан.
Өлеңді көңілім біліп тұрса-дағы
Ұялам айқайлауға сақалымнан.

Өлеңнен жүргенім жоқ тапшы болып,
Жұрт асып кетпесем де жақсы болып.
Ендігі өлең бізге ұят-ақ қой,
Кісідей жын шақырған бақсы болып.

Аларлық әр түлкінің құсы бар ғой,
Жаз да кезек, күз бенен қысы бар ғой.
Қыз бөрік, қатын жаулық салынғандай,
Әр жастың уақтылы тұсы бар ғой.

Жасымда салып өстім сауықты да,
Сөгед деп ойға алмаушы ем қауіпті да.
Бұрынғы «жұлып таста» деген жоқ па, –
Шақырған мезгілі жоқ тауықты да.
Еріксіз осы өлеңді қалдырып жүр
Қырық пен қыз арасы жауықты да.

Өлеңді айтып едім білгенімше,
Қырыққа жасым кәміл келгенінше.
Қыздармен қырық жасым бітім тапса,
Қоймас ем бұл өлеңді өлгенімше.

«Айт», – деп маза бермейді сөзге ерінсек,
Бозбаладай көрмейді жүз керілсек.
Енді ығыса қашатын заман болды
«Үлкен кісі келед», – деп біз көрінсек.
Жанға жанын, тәніме тәнін қосқан
Қимас-ақ досым еді еді қыз-келіншек.

Қыздарға үлкен кісі көрінсек те,
Қырық бес әлі тәуір келіншекке.
Қорқамын қауіп қылып елу бестен
Түрі бар ұстап берер еріншекке.

Жігіттің жиырмадай жасы бар ма,
Адамның кәріліктен қасы бар ма?
Елу бес еріншекке ұстап берсе
Атаңның алпыс бесте басы бар ма!?

Адамға тәтті жолдас зайып екен,
Жалғанда жанға рахат жайың екен.
Үлкейген соң жастардың ісін қылса,
Адамға ол үлкен шам-айып екен.
Ойды орып, қырды қырып алмасам да
Қайран жастық Еділ мен Жайық екен.

Жасымда зырлаушы едім бәйгі боздай,
Шын жүйрік сынала ма топтан озбай.
Мағүріп – мәшүріпті тегіс аралап
Жүреді қартайсам да көңіл тозбай.
Көңілмен Каф тауына шықсам-дағы
Мақсатқа кім жетеді тәңірім жазбай?
Дүние күйіп жатса мойын бұрмай
Қайран күн қыз аулаған ала жаздай.
Отырмын қыздан қалып құр қаңқылдап
Адасқан үйірінен ақсақ қаздай.

Қолға алып домбыраны сарнасам да,
Бұрынғы шабысымнан танбасам да.
Көрмейді бозбаладай енді қыздар
Қырандай желді күнгі самғасам да.
Бозбастық қол жетпеске кеттің шығып
Тал қиып қарағайға жалғасам да.
Көз салған көп сұлуға қайран күнім
Заман жоқ еңбек жанар бұрынғыдай
Саламын бос айқайға анда-санда.

1921 жыл

СІЛӘМБЕКТИ ЖОҚТАУ

*(1926 жылы Қарқаралыдан жазғы демалысқа келіп,
жасында қайтыс болған баласына арнаған өлеңі)*

Жарығым, жүрегімнен шыққан қайнап,
Өртеді-ау қасіретің іштен жайлап.
Қасқиған ақ маңдайың, қайырған шаш
Түрушы ең күлімсіреп нұрдай жайнап.

Келбетті, кішіпейіл мінездім-ай,
Кішіні – іні, үлкенді – ағатайлап.
Болғандай бір көргенің – мың күн жолдас,
Тартушы ең жатты жақын күліп-ойнап.
Түскенше қара жерге шешілместей
Қайғының қапасына кеттің байлап.

Не шара маңдайыма сыймаған соң,
Илаһи өзі беріп, қимаған соң.
Иесіз қорадай боп құр сүлдем тұр,
Көңілдің күй сандығы қираған соң.



КЕНЖЕ БАЛАСЫМЕН АЙТЫСЫ

*(Жасы алпыстан асқанда туған кенже баласы Мұратпен
әзіл түрінде жазылған өлең)*

Өзі:

Қолға алып әлдилесем жайланасың,
Қашан сен адам болып ойланасың?
Порымың бөденеден үлкен емес,
Денеңнің қарап тұрсам айналасын.
Ғайыптан пайда болып келе қалған,
Жөніңді айт, сенің өзің қай баласың?

Баласы:

Атамның алпыстағы олжасымын,
Шеп бұзар Қызыл әскер қолбасымын.
Дұшпанды жермен-жексен қылатұғын,
Кеңестің асыл құрыш балғасымын.

Өзі:

Талпынып аяқ басып жүремісің,
Біржиып езу тартып күлемісің?
Болмассың маған тартсаң шәлдіріксіз,
Ешнәрсе өлең сөзден білемісің?

Баласы:

Өлеңнің ұлы дария арнасымын,
Ән салған әртістердің жолдасымын.
Ақындық арғы түптің өзінде бар,
Адамның қызыл тілді жорғасымын.
Баланың өзім теңдес сергегімін,
Ән салғыш көп ішінде көрнегімін.
Көсеу шал от басында болған күнде,
Атамның қолға ұстайтын ермегімін.

Өзі:

Жаралған дүниеде адам бар ғой,
Әр түрлі адамзатта амал бар ғой.
Сен ержетіп санатқа қосылғанша,
Бірталай алдымызда заман бар ғой.

Баласы:

Атақты қазақ асқан болсам ақын,
Алмасам зұлым болып кісі қақын.
Әй, ата, олай деме, сабыр ойла,
Өлмей тірі жүргенге бәрі жақын.
Қолға алып әлдилесең, уанамын,
Аузыма емшек салса, жұбанамын.
Мәдениет гүлденіп келеді екен,
Соған орай туғанға қуанамын.
Атамның алпыстағы кенжесімін,
Кешігіп кейін туған пендесімін.
Көрген соң өкіметтің тәрбиесін,
Бәрімен біраз жылда-ақ теңдесемін.

Өзі:

Атаңа жаратушы бергендегі,
Алпыста атаң сені көргендігі.
Адамдық арнасынан ойың бар ма,
Мақсатың не дүниеге келгендегі?

Баласы:

Мақсатым – дүниеде тірі болсам,
Әрі ақын, әрі мықты ірі болсам.
Қажымай халқым үшін қызмет істеп,
Елдегі еңбекші ердің бірі болсам.

Баһадүр қазақ асқан балуан болсам,
Көп оқып, ығылымға толған болсам.
Халықтық батырлардай атақ алып,
Ерікті еңбекші елге қорған болсам.

Қазіргі мақсатым сол ойымдағы,
Ойлаған қасиетім бойымдағы.
Кемеңгер кең толғамды болсам деймін,
Өткен соң балалықтан ойындағы.

Атама айт деп қойған сөзім сол-ақ,
Өзім әзір айтуға аузым олақ.
Апамнан атам жақсы қартайса да,
Апамның іштен туған қолы шолақ¹.

Ішіне тар бесіктің қамадың ғой,
Ескі-құсқы шүберекті жамадың ғой.
Қырқымнан шықпай жатып туысымен,
Жағыма шолақ қолмен сабадың ғой.

Анам деп ұрғаныңды кешірдім ғой,
Өкпемді көп жылатып өшірдің ғой.
Емшегін әр жеңгемнің бір емізіп,
Тұртіншек қозыдай ғып өсірдің ғой.

1937 жыл



¹ Шешесінің саусақтарының кей буындары бүгілмейтін, жұдырығы толық жұмылдамайтын адам болған.

АЛПЫС БЕС

Келсем де елу асып алпыс беске,
Жоғары жүзге қарай шығып төске.
О, шіркін, тоймас нәпсі, тозбас көңіл!
Түседі өткен өмір әлі де еске.

Оралып аяқ алып жүре алмаушы ек
Деуші еді: біреуі ерте, бірі – кешке.
Ат ернін алар жер жоқ ел жайлаған
Отырған секілдімін сар белесте.

Ән салдық, өлең айттық зуылдатып,
Күлдіріп көпшілікті дуылдатып.
Балқытып сай-сүйегін батыл сөзбен
Жүрегін тыңдаушының шымырлатып.
Майысқан балдыр гүлдей жиырма бес
Шал болдық бүкірейген буын қатып.
Түлкідей түнде жортқан қайран өмір
Күн батса, кеш тұрамыз бұрын жатып.

1939 жыл



ӨЗІМЕ ТАЛАП

*(Әрхам Ысқақұлы 1940 жылы Барнауылға
өзін іздеп барғанда айтқаны)*

Сөзіне ақындардың сын тағасың,
Жеткізіп кім айтады сөз сағасын.
Қырағы қыран көзбен қарағанда,
Айырып мысқылдан да мін табасың.
Елігіп айғай-дуға босқа кетпей,
Адамзат білу керек өз шамасын.
Толтырып толық түрде айта алам ба
Елімнің шалқып жатқан кең саласын?
Жастардың қатарына қосамын деп,
Әрхам-жан сүйреп отыр кәрі ағасын...

Ежелден жүйрік те емен зырқыраған,
Сөзіңіз арзан емес сіз сұраған.
Әуелден оқымаған қараңғы едім,
Сәуле жоқ көкірегімде жылтыраған.
Ескі сөз ертеде айтқан бар да шығар,
Түтіні будақ-будақ бұрқыраған.

Сақтанам, білемін деп айта алмаймын,
Жеңіл сөз нәтижесіз тапқандаймын.
Керекке жарайсың деп шақырғанға,
Бұлданып, не бой тежеп тоқталмаймын.

1940 жыл



ОҚУШЫ СЕРТІ

Жарға ойнаған лақтай,
Көк балдырған құрақтай,
Тойғанымша жұтамын
Ғылымды дария бұлақтай.

Білімге мейірім қанған соң
Жүрегім жарық шырақтай
Тоқтамаймын долданып
Жаудың туын құлатпай!

Сүтке бөккен бұзаудай,
Ғылымға тойып тұрамын.
Команда берсе мұғалім
Бетімді жауға бұрамын.
Жеткіншек едім – жетілдім
Барамын да қырамын.

Жас ботадай тайлақтап,
От жүрегім ойнақтап.
Өрге жүзген өр қайрат
Мақсатым – жауды қиратпақ!

Енесінің артынан
Құйылып шапқан құлындай
Әскерлік ойын ойнаймын
Балалыққа бұрылмай.
Құйындай соғып фашисті
Түсіремін жұлындай.

Жамыраған қозыдай,
Анталаймыз оқуға.
Бал береді мұғалім
Таласып дәмін татуға.
Бәрі құрал сабағым
Фашисті көзден атуға.

Мұғалім берген сабағын,
Екі айтқызбай жаттаймын.

Кәмелетке жетемін
Енді қарап жатпаймын.
Қаламым – найза қан жардай
Дәуітімді оқтаймын,
Жауға қарай қаптаймын,
Табаныммен таптаймын,
Басынан қарғып аттаймын,
Өз жерімнің шетіне
Барғанда бір-ақ тоқтаймын.

1941 жыл



ЖЕҢІС САЛТАНАТЫ

Көкорай шалғын көк майса,
Саялы самал беліме,
Құмы меруерт, тасы алтын,
Топырағы торқа жеріме,
Қыры киік, мәуелі,
Суы балық көліме,
Өнімінде өлшеу жоқ
Қайнап жатқан кеніме,
Салмақ боп қанды шеңгелін
Ұлан-байтақ еліме,
«Ежелгі жауда елдік жоқ»
Деп жүрген дұшпан «сені ме»
Еуропаны жаралап
Қанға қанып семіре,
Екі көзі қанталап,
Құтырған иттей желіге,
Алмақ болып ат қойған –
Жау жерімнің шегіне.
Ерлеріме жолықты
Тас балқытқан деміне,
От жайнап, оқ бүріккен
Тау құлатқан лебіне.
Сол ерлерге үн қосып
Жігер қосып кегіне,
Домбыраны ап Жамбыл қарт,
«Жауға қарсы!» – деді де,
Әлеуметке жар салып,
Шақырып алды мені де.
Дабыл қақты майданға
Домбыраның шегі де.
Ғарыф болсын фашистер,
Сөздің тасқын селіне,
Өр тасқынды өлеңім
Өңменінен дарысын,
Өлтіре соқсын көріне!
Қаһарлы халқым құлақ сал
Мына бір айтқан сөзіме:

Азықты мол алыңдар,
Жеңіс иесі еріне.
Өнімнен оқ алыңдар
Ердің зеңбірегіне.
Арпа, сұлы алыңдар
Арғымақтың жеміне.
Жеңіс сертін беріңдер,
Сталин сынды қол басы
Көсем кемеңгеріме!
Осыны айтып кәрі ақын
Жар салды тағы еліне.

1941 жыл



ЕРТІСКЕ ҚҰРМЕТ

«Ертістің суы толы құндыз, балық,
Жанды түгіл, жансыз зат пайдаланып.
Дуа қонған Ертіс – деп ел айтатын, –
Маужырап жан-жануар мейірі қанып».

Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі осында,
Сұңқылдап сұлу әнге болып қарық.
Алапты Тарбағатай, атақты Алтай
Басы содан басталып жатқаны анық.

Қарақасқа дүлдүлдің қасқасындай
Қақ жарып көл Зайсанды басып ағып.
Зайсаннан су да алмайды, су бермейді
Сынаптай өте шығып сылаң қағып.

Аралы алабымен қалың орман
Жайқалған жапырағы көкті шалып.
Көктегі күн нұрымен құшақтасып
Құбылып сәнді сағым мұнарланып.

Кілемдей жайып салған көк шалғыны,
Раушан жұпар иісі мұрын жарып
Алтайдың ақ иығы ақ түлкімен
Саяда жарқ-жарқ етіп жұмарланып.

Ішінен келген адам кете алмайды
Қимайсың ғашығыңдай құмарланып.
Пароход қаздай қалқып қайшы алысқан
Сыбызғы сырлы дауыс әнге салып.

Су бетін сыза тартып жөнеледі
Сан тонна құрал-сайман артып алып.
Тылдың да, әскердің де қажет мүлкін
Түсіреді қалаған жерге апарып.
Қамтамасыз болған соң әскеріміз
Дұшпанның тез құруы шамнан жарық.

1942 жыл

ҚАРА БАЙТАЛМЕН АЙТЫС

Төлеу:

Сені алдым түйе беріп, қара байтал,
Су тұнып, көк шыққанша біраз байқап.
Қашан бір жүнің түлеп түзелгенше
Түрі жаман екен деп әркім айтар.

Алмадым кәрі малдың ересегін,
Табылар аман жүрсең бір есебің.
Өмір, тілеу алдында жас малсың ғой
Бар ғой деп үміт еттім келешегің.

Қара байтал:

Үміт ет, үміт етсең келешектен,
Мал едім жаратылған асыл тектен.
Бір жетілт жілігімді, кейітпеспін
Колхоздан құтылдым ғой күнде жеккен.

Төлеу:

Екіге толған жоқ қой анық жасың,
Қайда кеткен ішкен су, жеген асың.
Қыршаңқыға кездесіп жас басыңнан
Жұлым-жұлым болыпты үсті-басың.

Қара байтал:

Ақсақал, бар ма менің көрмегенім,
Жалғыз-ақ олжа боп тұр өлмегенім.
Сабалап кеп суытпай қоя беріп
Қыршаңқыға жеткізді терлегенім.

Төлеу:

Сен былтыр тай едің ғой жаз шыққанда,
Бұл қалай, мал демеген қастықтан ба?
Ферма басың кім еді күтетұғын
Әйтпесе жиі мінген бастықтан ба?

Қара байтал:

Бастықтар хал-жайыма қараса да,
Түгелдеп ертеңді-кеш санаса да.
Көз тайса, көрінгені бір төбелеп
Түбіме жеткен менің бала-шаға.

Төлеу:

Сені алдым қаймал інген түйе беріп,
Жас болсаң да саркідір бие көріп.
Колхоздың баласындай кейітпеспін
Мен саған тірі жүрсем ие болып.

Қара байтал:

Ақсақал, шамаң келсе, күтіп ұста,
Көрмегенім болмады өткен қыста.
Колхозға да қоятын кінә жоқ қой
Соғыс болып тұрған соң біздің тұста.
Қайратты ат, азамат соғыста жүр
Содан салмақ түсті ғой мен байғұсқа.

Төлеу:

Далаға бағып сені, жинаған кім?
Мінуден қолын тартып тыймаған кім?
Колхоздың бастығы бар, басқасы бар
Шыныңды айт, қинаған кім, сыйлаған кім?

Қара байтал:

Айтайын сұраған соң мен шынымды,
Көрмедім күндіз-түні бір тынымды.
Құрманғалы шығарып құмарымнан
Мусин де қандырды ғой сусынымды.

Мусин сипап көрген жоқ маңдайымнан,
Төбелеп күндіз-түні мал қайырған.
Бір күні ауыздықпен қоя берді
Сонысы қалар емес таңдайымнан.

Бастық та мал жағына өте салақ,
«Айдай сал, жия сал», – деп үстірт қарап.
Қалжырап халім бітіп жүргенімде
Қасыма келген емес бір күн жанап.
Ол менің хал-жайымды қайдан білсін?
Бір жерде бес бөтелке ішеді арақ.

Колхоздың ақсақалы Қабыланбай,
Жүреді пошта тасып дамыл алмай.
Құртқан титығымды осы кісі
Жүрейін-ақ десем де жабыланбай.

Бір күні сүт, бір күні почта тасып,
Болдырған соң жақын жер болды қашық.
Мал көрген-ақ кісі еді, өзі ақсақал
Айдады қамшы үстіне қамшы басып.

Жоқ болсам, «қара байтал қайда?» дейді,
Колхозға жұмыс бітсе пайда дейді.
Әлімхан не дейді деп қарап тұрсам –
«Жас мал ғой, түк етпейді, айда!» – дейді.

Жалғыз-ақ басын кесіп, сой демейді,
Бауыздап қан-жынына той демейді.
Кенже де жас баладай жарбиып ап
Біріне бір күн оттат, қой демейді.

Жазы-қыс мінді мені Шағыр молда,
Шалшық су почта тасып сабыр жолда.
Аяңнан артық жүріп қинаған жоқ
Онысын ұмытпаймын, қабырғамда.

1942 жыл

«БҮРЛЕН БӘЙТЕРЕКТИҢ БІРІ ЕДІМ»

Айтушыдан: 1940 жылы Мақұлбек деген кенже балам қайтыс болып, одан кейін соғыс басталып, қалған балаларым әскерге кетіп, халыққа ұлкен қауіп, ауыр хал болғанда кеудемнен жарып шыққан сырым еді, жасы келген бір қарттың шегесі босаған кездегі мұңы деп қабылдарсыздар.

Кетіп бара жатқан жоқ өлең кернеп,
Болмаса қуанышты көңіл өрлеп.
Не болмаса жалынды жастық қысып,
Мақтан үшін айтпаймын мені көр деп.
Ежелден кәсіп қылған ісім емес,
Өлеңмен зат алмаймын пәлен бер деп.
Қарайып, қайғы басып, жабырқаған
Әңгіме өлеңменен ойды бөлмек.

Сорғалап сұңқылдаған мұңлы дауыс,
Қолыма домбыра алсам болады ермек.
Тәтті ұйқы, махаббатты ойын-күлкі
Татиды ауызыма бәрі кермек.
Жас өмір бұлғын ілген ақиықтай
Қанатын құлаштайтын көкке сермеп.
Жатса ұйқы, тұрса күлкі, ойын-сауық
Жастықта уайым жоқ, көңіл сергек.

Алдыңғы Абайлардай болмасам да,
Әлімше шығарушы ем сөзден өрнек.
Терең ой, ақыл-білім, өнер, қайрат
Кетіпті көз көрмеске түгел желдеп.
Бұрленген бәйтеректің бірі едім,
Төгіліп жапырағы тұрмын шөлдеп.
Соқа айдап, қамыт соққан боз мәстектей
Отырған түрім мынау көзім терлеп.

Осымен қалған өмір өтемісің,
Болғанша о дүниелік қашан жерлеп?
Жарқ етіп жарылқасаң ғажап емес
Жаратқан жалғыз Алла жоқтан тербеп.
Апырай, бұл не деген болды сұмдық!?

Туысқан-туған, бала майлық-сулық.
Қам-қайғы қасіретке қалмақ үшін
Заманға қан төгілген қарсы тудық.

Ойлаймын, ой түбіне жете алмаймын,
Басқа ойға бұрсам-дағы кете алмаймын.
Уайым – түпсіз терең бір қара су,
Сал байлап, қайық жасап өте алмаймын.

Тәңірім жақсылығын көпке берсін,
Бәрің де азаматың кеткен елсің.
Бұрғанға болмайтұғын жарасы бар
Қалайша шіркін жүрек епке көнсін?!

Алжуға таяныпшын есім ауып,
Тұрған соң нұр орнына пәле жауып.
Бір жағы – өрт, бірі жағы – су, қыл көшірдей
Өмірдің осы уақта бәрі қауіп.
Кеселі Гитлердің болмағанда
Жақсы еді заман қандай күнде сауық.
Қайғыға қайраттанам десем-дағы
Насырға болмайтын боп кетті шауып.

Жүректе толып жатыр талай арман,
Қызықтың керегі не артта қалған?
Әбусәлім, Ағылам о да кетті
Бұғанасы қатпаған екі қарғам.

Өкімет қамын ойлар халқының да,
Қайырын бергей-ақ та артының да.
Құлжанбек, Қаскен менен алыс жерде
Ажалдың олар да жүр алқымында.

Қартайған уағымда жасым жетіп,
Ойдан ақыл, бойдан күш-қайрат кетіп.
Тапсырып бір жалғызға өлмеген соң,
Жүред те шықпаған жан қалт-құлт етіп.

Айрылдым, 40-шы жыл Мақұлымнан,
Адастым ол кеткен соң ақылымнан.

Жанымда біреуі жоқ, жалғыз жүрмін,
Туған бала, туысқан, жақынымнан.

Көл болған көздің жасы бетті жуып,
Өмірдің қызығынан көңіл суып.
Алдымнан бұра басып өтпеп еді
Мейірімді, ата-анаға адал туып.

Ойласам көз алдымда елестейді,
Мысымды құрытады келмей жуық.
Қолыма өмір бойы түспейтұғын
Сандалып отырғаным сағым қуып.

Жан бар ма жаралған соң өлмейтұғын,
Өлшеулі тағдырына көнбейтұғын.
Айрылдым ақ алмастай асылымнан
Қайрап ап қара тасқа сермейтұғын.

Қайғының отын бастым сөнбейтұғын,
Жандырып жанға сая бермейтұғын,
Қамалдым қара тұман уайымға,
Түпсіз ой ойлатады өнбейтұғын.

Қараймын қара көзден қан аққанша,
Керуеннің жолын тосып келмейтұғын.
Көрілік, қайғы екеуі қосылған соң,
Аударып аз ақылды дендейтұғын.

Жамауға келмейтін боп жараланды,
Дауа не, жүрегімді емдейтұғын?
Кешегі балалардың бар шағында
Саяда арғымақ ем жем жейтұғын.

Төсеніп мамық жастық, мақта көрпе,
Шынтақтап қайран күнім көлбейтұғын.
Кез болдым қартайғанда мұндай халге,
Бүкшеңдеп еңбек істеп терлейтұғын.

Бола ма ризалық етпеуіме
Жалғызға жоқтан бар ғып тербейтұғын.

Мен түгіл пайғамбардан қалған мирас,
Мен кіммін көр дегенін көрмейтұғын.

Қайғының қалың өртін жүрмін жалдап,
Уайым іш-тысымнан алған қармап.
Түпсіз терең, ұшы жоқ ұзын болды
Аз емес бір денеме түскен салмақ.

Қыстауды – қыс, өрт алған өрісімді,
Тегістеп айта алмаймын түгел талдап.
Жаста – қызық, кәрілікте – бейнет көр деп,
Шернекке жазылыпты солайша арнап.

Адам сопы атадан бермен қарай,
Дүниеден кеткен жоқ па талай саңлақ.
Мехнатсыз өткен соның біреуі жоқ,
Тарихтан оқып, сұрап, тұрсам барлап.

Бір күн қызық, бір күні бұзық болып,
Пендені өткізбекші өмір алдап.
Әуелден мұсылмандық міндетіміз
Қазаға – ырза, пәлеге сабыр қылмақ.

Жамайын осы сөзбен жүрегімді
Жетсе – жібек, жетпесе – кендір жалғап.
Айтамын тыңдаушыға әңгіме үшін,
Сөз сатқан кісі емеспін тілді жалдап.
Кей-кейде шер тарқатып, ой бөлемін,
Өзімді қасақана өзім алдап.

Түйемен шөп тасыдым, тезек теріп,
Тезекке өрнек салдым тежеп келіп.
Аз ауқат, жас өмірді артқа тастап
Кәрілік, кедейлікке кезек беріп.

Деуші еді жөн білетін жүйелі шал,
Бірымды кіндігі бар киелі шал.
Барлығы балалардың арқасы екен,
Байқасам, ендігі атым «түйелі шал».

* * *

Тұрмыстың толқынына түстің жалдап,
Өмірдің құбылысы бұл бір толғақ,
Жолына келешектің бетті бұрып
Тұрғанда жаңа заман толық орнап.

Қол сұқты Отаныма Германия
Өзінің жазған шартын өздері алдап.
Көпшілік қайраттанып ұмтылыңдар,
Тазарсын шегімізден жауыз қармақ.

Жүрсе де үйде, түзде тағдыр біреу,
Келмейді ажал оғы ажар талғап.
Өзімнің жүріп-тұрар қуатым жоқ,
Отырмын сөзбен атып, тілмен қарғап.
Көрдiңдер ел шетiне жау келгенiн
Бiлгенге Отан деген ауыр салмақ.
Соқтықты өзі келіп жай жатқанда
Мүмкін бе жағаласпау елді қорғап.
Ақыры біз жеңеміз, басшымыз бар
Болжайтын кемеңгерім кеңнен толғап.
Аз емес, арық емес, семіз елміз
Өзіңе өз етіңді жегізерміз,
Аңғармай бір тереңге түсіп кеттің
Сай қайда енді маған дегізерміз.

Бізде көп құрал-сайман, өнер, қайрат,
Айтуға тіл жетпейді бәрін талдап,
Қаһарман қайраты зор қызыл әскер
Құрытар айдаһарша деммен арбап.
Ленин, Карл Маркс, Энгельстің
Дүниеге айтқан сөзі мәңгі қалмақ.
Тарихта солар айтып кеткен дейді
Қайыры бұл соғыстың бізге болмақ.
Біз жеңіп, тыныштық орнауына
Болмайды деп айнымасын жүрек толғап.

1942 жыл

ҰЛДАРЫМА

Ұлдарым майдандағы, жүрсің бе аман?
Қарсы шап қайраттанып жауға таман.
Шатырлап нажағайдай шебін бұзып
Дұшпанның туын жығар туды заман.

Дүниеге неге келдік жаралғанда,
Асылы жоқ жаралғаннан адамнан да.
Жауынан елін қорғау – ер борышы,
Қайтпай шап, қанын ағыз қадалғанда.
Әлін білмей соқтығып әлек болған
Өзі тиген зұлымға обал бар ма?!

Балта шап, тамырына қанын шашып,
Талқанда жау қамалын алға басып.
Қанды көз, болат тұяқ ақиықтай
Жарқылда шам отындай ажарланып.

Туын жық, түбірімен шебін бұзып,
Қарусыз қара жерге отырғызып.
Таңба сал таңдайынан қалмайтын ғып,
Біржола бұрылмастай күдер үзіп.

Сендерсің қызыл ерлер болат білек,
Қайратты арыстандай қайтпас жүрек.
Құртыңдар туған елден фашист жауды,
Міне, осы – дәл қазіргі біздің тілек.

Әскерге қуанышты сәлем бердім,
Газеттен қайраттарың оқып көрдім.
Қанды қол сұм фашисті қуып жатыр
Маңынан Орел менен Курскінің.

Күн сайын алға басып асып отыр,
Өсімі, өндірісі мұндағы елдің.
Партия басшылығы арқасында
Көсемім ұлы басшы кемеңгердің.

1942 жыл

* * *

Дүние бір күн олай, бір күн былай,
Бірде тұнық болады, бірде ылай.
Бір жалғыздан басқаның бәрі де егіз,
Жақсылыққа жамандық шыққан орай.
Кемеңгер, нелер жақсы милы да өткен,
Қазылы, қабырғалы қалың шұрай.
Ажалдың құрығынан құтылмақ жоқ
Бермеген жүйрік болсаң топтан торай.
Өмірлік бақытым деп ойлайтын бар,
Біраз күн жолы болса әлдеқалай.
Жетсе де төбең көкке бүгінгі күн,
Ертең не боп шықпағың екіталай.
Қызметті заң жолымен түзу атқар
Қабарып, ісіп-кеуіп болғансымай.
Көпке шүкір, азыма қанағат қыл
Сонда жақсы пендемсің деген құдай.
Мал-мүлік, қатын-бала артта қалмақ,
Ақ жамбы асыл күміс алтын арай.
Дүниеге келіп қайтпақ біз бір қонақ,
Жаралған пәтер үй боп бұл бір сарай.

1943 жыл



ЖАУДАН ЖЕРІМ ТАЗАРАДЫ

Қанды қол, қасиетсіз, қара тажал,
Ұялмай бізді алам деп салдың назар.
Әліңді білмей жүрсің есерлікпен
Өзіңдікі боларын алғашқы ажал.

Басында әдетің бар ұрлап енген,
Жарықты жай білгелі қарсы келген.
Арқа тіреп отырған Харьковты алдық,
Бізге қарсы келесің енді неңмен?

Августің жиырма үші деген күнде,
Бітірді бар шипанды бірақ түнде,
Конев батыр бастаған қызыл ерлер,
Түбіріңмен талқандап шықты мүлде.

Ұлы Сталин бастаған Совет елі,
Қайтпайтын, қажымайтын қайраткері,
Ілезде өз Отанын тазартады,
Басқаның керек емес бізге жері.

Құттықтап қуанышпен жазған сөзім,
Ерлерге алғыс айтар келді кезім.
Жалынды өрттей қаптаған осы бетпен
Жау жеріне баруына жетті көзім.

1943 жыл



ҚҰЛАШ ЖАЙҒАН КӨК ДАЛА

Құлаш жайған көк дала,
Көрінбейді егіннен
Трактормен айырып
Сеялкамен себілген.
Ақ мамықтай малалап,
Тырмаменен көмілген.
Масаты кілем түріндей,
Жайқалып жайнап көрінген,
Меруерттей асыл дән
Басы иліп төгілген.

Арпа, бидай, сұлы тұр,
Дәнім өсіп толды деп,
Аттанамыз майданға
Көрсет бізге жолды деп.
Көмек берем әскерге
Жүрер уақытым болды деп.

Бізден басқа шаруаға,
Көп кідіріп алданба.
Өзімнен күшті құрал жоқ
Тезінен жүргіз майданға.
Барып ойран саламыз
Әділетсіз айуанға.

Мен барған соң әскердің,
Киімі жылы, тамақ тоқ.
Қамтамасыз етемін
Уайым-қайғы онда жоқ.
Күл-талқан етем фашисті
Сабаным – найза, өзім – оқ.
Ал көпшілік, келіндер,
Не дегенін көріндер.
Айтқанын тез орындап,
Тілегенін беріндер.

Естіп тұрсың, халайық,
Майданға жалпы барайық!

Бір дәнін жерге түсірмей
Тезінен жиып алайық.
Қап-қап қылып вагонға
Миллион тонна салайық.

Қызыл вагон қызып тұр,
Қызыл туы дүрілдеп.
Ауыздықпен алысып
Паровоз тұр гүрілдеп.
Кондукторлар, машинист
Майданға шапса күлімдеп
Тез талқандап жауызды
Аламыз кейін тыным деп.

1943 жыл



ҚАРАҒАНДЫ АҚЫНДАРЫНА

Жолдікей амансыз ба Сәби, Қайып?
Ағамен амандаспау ініге айып.
Замандас жасың кіші бауырларым,
Құрметпен қарсы аламыз құшақ жайып.

Себеппен келіп қапсыз Семейіме,
Ортақпыз әбүйір-атақ мерейіңе.
Құрығыр жау шалғайыма жабыспаса
Серуен құр, сейіл жаса демейім бе.

Ой теңіз, ақыл дария шалқып жатқан,
Сүңгуір білсең, түбінде алтын жатқан.
Ауыр зіл ел басына күн туғанда
Жасанып жау жарақ боп жауға шапқан.

Ел үшін келді кезек самғайтұғын,
Өрлеуден өрен жүйрік танбайтұғын.
Елімнің ерлігі мен ен байлығын
Баяндап көркем тілмен талдайтұғын.

Жерлерің Қарағанды қалқыма айқын,
Қара алтын, қалың қаймақ қалқымайтын.
Қаһарын Қарағанды төгіп берсе
Есітіп дұспан сырттан қалтырайтын.

Менің де тауым – Шыңғыс, Семей – жерім,
Семейді бай ел емес демейді елің.
Семейдің сексен тарау байлығы бар
Ақындар, кешегі емес Семей бүгін.

Айтайын ең алдымен Ертісімді,
Ертіс бір ел аузында ер пішінді.
Қашаннан халық аузында аңыз болған
Ертістің маңызына ел түсінді.

Айтулы Ақжалым мен Балажалым,
Алтынмен емшек берген ана жалым.

Қоймасы қазынаның Қазаншұқыр
Қойнынан қопарылған қалағаның.

Қаз-қатар қалың орман тал мен қайың,
Артым тау, алдым жазық кең шалғайым.
Қарақат, бүлдіргенді желегімен
Ашып тұр жер шырайын, бел шырайын.

Семейді көрген кісі сөкпейтін жер,
Көргеннен көрмегенім көп дейтін жер.
Жауға жарақ, досына жабдығы мол
Сөз тауып айтуға тіл жетпейтін жер.

Торқадай топырағы шумақталған,
Гүлденіп қар үстінде көктейтін жер.
Түгелдей тұр-сипатын жеткізе алсам
Байлыққа бұдан ешкім өтпейтін жер.

Ертістің суы толған құндыз, балық,
Жатады серуендеп жұлдызданып.
Ертісті ел ырысы деп айтады
Сусындап бал суынан мейірі қанып.

1943 жыл



ҚҰТТЫҚТАУ БАТА

*(1943 жылдың желтоқсанында болған республикалық
айтыста дастарханға тартылған басқа арнап,
қолма-қол айтылған сөз)*

Созылды қызық айтыс неше күнге,
Қызықтың көрдік талай кесегін де.
Әуелі құттықтауды бұрын айтам
Әскер мен жауды жеңген көсеміме.

Екінші сіздерге айтам құттықтауды,
Ақындар, айтқан сөзің көпке ұнаулы.
Шаттанып көңіл өсіп, көкке шарпып
Желпініп ашып тұрмыз омырауды.

Сталин ұлы көсем терең ойлы,
Өсірген өркендетіп біздің бойды,
Бұл тойымыз – жеңістің біріншісі
Істейміз біраз күнде үлкен тойды.

Қазақта қасиетті өткен ата,
Болмайды атамыздың сөзі қата.
Дуалы ауыз атамыз айтқан сөзі –
Тойың тойға ұлассын деген бата!

Бұрынғы қасиетті ерді айтамын,
Ерлердің айтқан сөзін елге айтамын.
Артқыға алдыңғының сөзі мирас
Атам айтқан батасын мен де айтамын.

1943 жыл

* * *

Мінейін жасымдағы қайратыма,
Дайындал, қызыл тілім, сайратуға.
Деген бар: « жау санасып соғыспайды »
Уақыт тығыз қалды жәй жатуға.
Семейдің ел байлығын, ен байлығын
Көрсетіп көркем тілмен жайнатуға.
Қарағанды жағдайын біліп алып
Алтын қазан ішіне қайнатуға.
Тегінде үлкен көмек сенен болмақ
Берген ми жаратылыс ойлатуға.



* * *

Өлеңге мына ақындар ағып жатыр,
Құстай күйлеп, малындай бағып жатыр.
Жолдікей, Қайып пенен Сәби ақын
Бірі шалып, біреуі қағып жатыр.
Көптің сөзін бір жерге қорытқан соң
Сөздері жақсы шығып жағып жатыр.
Жыландай барлық уын бойға жайып
Бұйірден бұрғы тілмен шағып жатыр.
Білмеймін жалғыздық па, жамандық па
Бұлардан менің сөзім шағын жатыр.
Көрдім ғой қияметтей жалғыздықты
Нұрлыбек, Сапарғали не ғып жатыр?

*Өлең 1943 жылы Қарағанды облысы
ақындарының айтысы қарсаңында жазылған*



СЕМЕЙ АҚЫНДАРЫНА

Семейде менен басқа тоғыз ақын,
Бәрі де тілінен май тамызатын,
Инжудей сөз асылын тізілдіріп,
Бұлақтай мөлдіретіп ағызатын,
Әсетке шәкірт болып үлгі көрген,
Біреуі – Есенсары нағыз ақын.

Жасымнан атансам да Төлеу ақын,
Болмадым онша жүйрік өрен ақын,
Ұлы аңғар, ұлы дүбір той болғанда
Уа, шіркін, Нұрлыбек қой керек ақын.
Сонылап көктемдегі көшкен елдей,
Өмірдің көріп жүр ғой рахатын.

Абайда Әбенұлы Шәкір отыр,
Бәрінен адымы алыс, бөлек ақын.
Сабырлы Сапарғали саспайтұғын
Орденды ұзақ ойлы терең ақын,
Нұрғали шыға салма жүйрік еді
Қартайып енді болды керең ақын.
Айт десе Рақымбай іркілмейді,
Бөгетсіз тисін, күйсін, берен ақын.

Жақсылық жаңа шықты кәрі тарлан,
Жасымда болдым дейді ерен ақын.
Жас ақын Тәңірберген ішімізде
От жүрек, ұқпа құлақ зерек ақын.
Оңдасынов Кәкім жүр Шұбартауда,
Өзінің өзі білмей дәрежесін.

Білмей ме ақын деген кім екенін,
Кен тапқан инженердің бірі екенін.
Патшасы өлең сөздің деген Абай
Таза алтын ақын сөзі шын екенін.
Көтеріп адам көңілін әсер беріп
Дүниенің бір раушан гүлі екенін...

«ШҰБАРТАУ – ТУЫСҚАН ЕЛ, ТУҒАН ЖЕРІМ»

Автордан: 1943 жылғы сөз. Шұбартауды 13 жылдай көрмей жүріп, елді, жерді сағынып барғанда айтқаным.

Шұбартау – туысқан ел, туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Жалаңаш, жалаң аяқ жарға ойнаған
Көйлек желпіп көбелек қуған жерім.

Жаралып дүниеге келген жерім,
Жалғанның жарығына енген жерім.
Босанып алты ұя – тар құрсақтан
Аймалап ана сүтін емген жерім.

Ляззатты көусар суын татқан жерім,
Қызыққа неше түрлі батқан жерім.
Ақбесті ат деп ақ сабау мініп алып,
Ши садақ, торғай қуып атқан жерім.

Дүниені арзан-қымбат парық қылмай,
Асыққа алтынымды сатқан жерім.
Төсеніп масатыдай көк шалғынды
Сарыарқа салқын төсте жатқан жерім.

Ірге көміп, күлімді төккен жерім,
Сағындым көрмеген соң көптен жерім.
Ақ сүйек, асық ойнап, асыр салып,
Әлпеншек, алтыбақан тепкен жерім.

Бой түзеп, әсем киім киген жерім,
Енші алып есе өзіме тиген жерім.
Басыма үй, бауырыма қазан асып,
Жар құшып, бала-перзент сүйген жерім.

Ержетіп ақыл-есім білген жерім,
Сайрандап сауық салып жүрген жерім.
Ақ тұйғын, қанды балақ қаршығадай
Көктен қу, жерден бұлғын ілген жерім.

Тарқатып жас өмірдің шер құмарын,
Бұралтып бұраң белмен күлген жерім.

Ержетіп кәмететке толған жерім,
Жаз жайлап, қыс мекендеп қонған жерім.
Зираты ата-анамның бәрі осында,
Мекке мен Мединедей болған жерім.

Сондықтан көрінесің маған жылы,
Адамзат қайда айдаса тұрмыс құлы.
Өз елің, өскен жерің – мысыр шаһар,
Бекер деп айта алмайды ешкім мұны.

Сарыарқа сағындым ғой, салқын белім,
Малға жай, жанға рахат шалқар көлім.
Көзімнен бір көргенше бұлбұл ұштың,
Біріңмен «сен» деспеген қайран елім.

Қызбын ғой мен бір кәрі төркіндеген,
Келдім ғой көрсем деген сертімменен.
Бұйырып басқа жердің дәм мен суы,
Уақыт мезгілінде келтірмеген.

Қойтастан жердің шеті көрінгенде,
Жас келді екі көзге мөлтілдеген.
Сіздерге көзің көрген мақтан болмас,
Жүйріктің бірі едім ғой серпіндеген.

Алқа топ, қалың дуда сөйлегенде,
Ұмтыла оза шауып еркіндеген.
Тіс түсіп, ұрт суалып, ажар кетіп,
Тұрғам жоқ мен баяғы көркімменен.

Айрылып өлі-тірі бар баламнан,
Кебім көп жүрегімде шертілмеген.
Үстіне көріліктің қайғы басып,
Ағарды сақал-мұрттым желкілдеген.

Жақындап жар басына келіп қалдым –
Өмірдің ұшығына елпілдеген.

Тағдырдың бергеніне ризамын,
Халқымды бір көргенше өлтірмеген.
Бір көрдім енді, сірә, арманым жоқ
Еркелеп өскен елім еркімменен.

1943 жыл



АҚЫНДАР АЙТЫСЫНДА

Үш жүздің хабар беріп баласына,
Көп ақын Қазақстан саласында.
Айында декабрьдің қырық үшінші,
Жаңа жыл ескі жылдың арасында
Бастығы айқын тудай алып Жамбыл,
Атақты ақындардың бәрі осында
Көрмеген дүниеде қызық көрдік,
Көсемім Сталиннің панасында.
Айтысып сегіз облыс ақындары
Бас қостық Алматының қаласында.

Алысып ауыздықпен қарысқанда,
Балуандай топқа түскен алысқанда,
Ойда уайым, көңілде кір қалмады
Тұлпарлар дүбір салып жарысқанда,
Құттықтап айтыс басын жыр жырлаған
Қол бердік Жамбыл сынды арыстанға.
Отырған іс басында азаматтар
Кездестік ылғи саңлақ данышпанға.
Жарқырап жаз шыққандай жайраңдасып
Көрмеген қарындаспен танысқанда.

Құрметпен сахнаға отырғызып
Ақындар қарсыласты қамал бұзып,
Көкайыл, құлаш мойын ылғи тұлпар,
Өнерді кеудесіне қойған сызып.
Кезеңге тізе қағып шығып жатыр,
Қалмайды бірі кейін, біреу озып,
Жетпістің біреуіне биыл шығам.
Көргем жоқ өмірімде мұндай қызық
Қол созып зал күңіреніп ұран салып,
Бес жасар бесіктегі бала қызып.
Артистер әнін салып күй күйлеген,
Қазақтың көп баласы би билеген.
Құбылып ұжмақтағы хор қызындай
Құла тон киімдерін жан кимеген.
Ән салды Күләш, Жамал аса шалқып,
Қос бұлбұл біреуінен біреуі артып.

Бұларға оның да үні пар келмейді
Аққу құс аспандағы жүрген қалқып.
Дүниеде теңдесі жоқ перизаттар
Еріксіз табиғатты алған тартып.
Жүрекке жылы нұрдай әсер беріп
Маужырап адамзаттың бойы балқып.
Көп болды ат пен түйе бөйге алғаны
Атанып халық ақыны арналғаны.
Жарқырап сағат салып, шапан киіп
Болмады ешбірінің құр қалғаны.

1944 жыл



ЕГІН

Астыққа салған екен колхоз қолды,
Қызулы қимылына көңілім толды.
Комбайн, молотилка, машиналар
Боратып жауған қардай оңды-солды.
Майданға тез арада жібермек боп
Мол өнім алып жатыр қалың қорды.
Ақырып арыстандай паровоз тұр
Алам деп алты-ақ аттап айлық жолды.

Қалмайды дөнің жерде мыңнан бірі,
Ерекше биылғы өнім елден ірі.
Маржандай басын иген сұлы, бидай
Көз тартып құлпырып тұр сәнді түрі.

Колхоздың осы қайрат көмегімен,
Әскерім жауды жеңіп, еңсеріп жүр.
Сұм фашист жан қоярға жер таба алмай
Сандалып сая таппай теңселіп жүр.

Қызбайды кімнің қаны намысына,
Қасиетті Отанның дабысына?
Өлшеу жоқ осы күні әйелдердің
Тылдағы адал еңбек табысына.

Наркескен балалары қылта қырқар,
Тас түлек тайынбайтын ылғи сұңқар.
Өрт қайрат от перідей ойнақ қағып
Қосылған тайында атқа бала тұлпар.

Еңбегім Отан үшін бәрі тегін,
Колхозым алып үйген қалың егін.
Шаттанып ішпей-жемей көңілім тойып
Аралап шалқып келдім көктің көлін
Көрген соң қаһармандай қайраттарын
Көз жетті кетпесіне енді кегім.
Ебі қашып, еңсесі кетіп тұрған
Құртып, талқандаймыз жаудың шебін.

1944 жыл

ҚАРТАЙСАҢ...

Қартайсаң болбыр түгіл бос боласың,
Арыған кәрі мәстек бастанасың.
Ең жақының – жарың да күрең қабақ
Жасыңдағы досыңмен қас боласың.

Тоқтық бойда жүрмейді баяғыдай,
Ішіп-тойып отырсаң аш боласың.
Көз айырмай жүретін күлім көздің
Бетіне бір қарауға жасқанасың.

Кәрілік те, қажу да, алжу да бар –
Басқа келсе білерсің масқарасын.
Алтын миың азайып, мырыш болса
Мінсіз ғып сөзді қалай басқарасың?

Көтермелеп кетер деп жас тұлпарым,
Нобайлап жіберемін бастамасын.
Жаманымды жасырып, жақсы асырып
Сенген соң бекер жерге тастамасын.

Жас күнде ойладық па шал болам деп,
Қызулы қызық күнге зар болам деп.
Ми кеміп, терең ойың таязданып,
Адасып аз біліммен дал болам деп.

Өлең болсын, басқаша өнер болсын,
Талаптанып, бәріне бар болам деп.
Кәрілік кеп жағамнан ала түсті
«Қайда кетіп барасың, ал бәлем!» – деп.

1944 жыл

КӨРІКТІ КӨКТЕМ АЛДЫНДА

Кәкімов «Кезең судың»¹ басқармасы,
Колхозың домалаған өрге тасы.
Өр қайрат, өрге жүзген тылдың ері
Қатарлас құрбысынан озған басы.

«Уралап» Отаным!» деп ұмтылады
Жас түгіл, ақсақалы – қариясы.
Жастан артық жұмысқа сыбанып жүр
Көрілер де алпыстан асқан жасы.

Өсім көп, малында жоқ ешбір шығын,
Істелген тәртіппенен жұмыс ығын.
Көктемге дайын отыр сақадай боп
Аяқтап әзірлікті елден бұрын.

Күш көлік күтімдегі бір жүз сегіз,
Бұғыдай жуан мойын жартысы өгіз.
Күтімі келіскен соң елегізіп –
Секірген ор құландай бәрі семіз.

Аралап барлығының көрдік жайын,
Жұмсадық көз көрген соң тілдің майын.
Ескеріп ерте жөндеп аяқтаған
Құралдың соқа-сайман бәрі дайын.

Маржандай тазартылған тұқым бидай,
Біте ме жұмыс оңай сайман жимай.
Түйенің он төрт-он бес шлейкесі
Самсап тұр жаңа істелген үйге сыймай.

Ұйқыдан тұрады екен таң жарылмай,
Бұларға қараңғы түн күн барындай.
Әйелдер жұмыс десе жалақ қағып
Солдаттың сапқа келіп тұрғанындай.

¹ «Кезең су» – Шар ауданындағы колхоз.

Жұмысты күл-талқан ғып бітіреді,
Фашисті біздің елдің қырғанындай.
Ақыры жегін, әбзел бәрі дайын
Әскердің құрал сайман-тұрманындай.

Мақтайды колхоз болып Марияны,
Бәйгі алған талай рет «стаханды».
Күтеді қырық өгізді бір көліктей
Өзі әйел азаматтан артық дәлі.

Мезгілсіз көз ұйқыға ілінбей-ақ,
Жұр екен кемшілігі білінбей-ақ.
Жұмысқа қатты қимыл салады екен
Әскердің майдандағы біріндей-ақ.

Ер екен «е» дегенде «ме» дейтұғын,
Еңбексіз арам тамақ жемейтұғын.
Аудан да, облыс та бәйге берсе –
Мұнымыз неге кетті демейтұғын.

1944 жыл



МАРЖАНДАЙ БАСЫН ИГЕН МОЛ ЕГІНІМ

Жеңіс жыл, биылғы жыл – еңселі жыл,
Жаудың тез құруына ел сеніп жүр.
Қаһарман, сайын қыран ұландарым
Қашырып жаудың құтын еңсеріп жүр.
Майданға елім мұнда қайрат беріп,
Еңбектің майданында белсеніп жүр.

Комбайн ну егінде қаздай қалқып,
Есіп жүр еркіндетіп өрттей шалқып.
Сап алтын тонна-тонна күреп алып
Күн сайын қайрат тасып, жігер артып.

Маржандай басын иген бидай, сұлы,
Көз тартып құбылып түр жердің түрі.
Орман түлкі, бұлғынның жүніндей боп
Жайқалған қызыл-жасыл дүние гүлі.

Мол өнім табыстары артылғанда
Үдемей халық күші сарқылған ба.
Кәрі, жас, әйел, еркек – еңбек ері
Қайраты тау қопарған талпынғанда –
Салмағың сары алтындай басып шықсын,
Еңбегің таразыға тартылғанда.

Ісіне бәрі маман өңшең ерім,
Сары алтын күреп алған жүрген жерің.
Тұрады тәжім етіп, басын иіп,
Егіске құрыш болат тисе қолың.

Жайнап түр масатыдай салған жерің,
Адал ғой Отан үшін аққан терің.
Жұмысты бітпесіне қояр емес
От жүрек, құрыш білек өңшең өрім.

Еңбегім Отан үшін бәрі тегін,
Құттықтап қызығына алған егін.
Ішпей мас, жемей тоқ боп көңілім тойып
Аралап шалқып жүрмін көптің көлін.

Қоғамға қормал сөйлеп, үгіт айтам,
Басқаға жұмсамаймын тілдің ебін.
Мол өнім отанына табыс тауып
Алқынып екі иніңнен алған демің.
Көрген соң қаһармандай қайратыңды,
Көз жетті кетпесіне жауда кегім.
Ебі қашып, еңсесі кетіп тұрған
Талқандап құрытамыз құрған шебін.

1944 жыл



СОВЕТ ӘЙЕЛДЕРІНЕ

Әйелдер, бұрын кім ең, қазір кімсің?
Өзгерген бұрынғыдан жаңа түрсің.
Құлпырған құлпы тонмен хор қызындай
Жәннаттай жайнап тұрған қызыл гүлсің.
Айыққан қара түнек бастарыңнан
Жарқырап бұлтты жарып шыққан күнсің.
Тұншыққан сұм өмірде бақыт таппай
Қазірде гүлстанда сен бұлбұлсың.
От басы, ошақ бұты болған әйел
Майданда азаматпен бірдей жүрсің.
Мұндай ерлік, мәңгі бақ, мұнша білім
Бергенін ұлы Отан әлем білсін.
Деп шырқап жырлағанда бақыт жырын
Күлімдеп көктегі алтын күн де күлсін!..

1944 жыл



ТҮРМАНЫМ ТҮГЕЛ, ҚАПЫМ ЖОҚ

Қазынасы қалың жерім бар,
Қайнап жатқан кенім бар.
Жағасы гүлдеп жайнаған,
Ен байтақ елім жайлаған,
Бұлбұл құсы сайраған,
Балықты Балқаш көлім бар.
Жыл сайын санын асырып,
Жердің жүзін жасырып,
Мыңғырып жатқан төлім бар.
Тұқымды толық мол салған,
Бармағынан бал тамған
Берекелі елім бар.
Жауға шапса екпінді,
Жігерлі қайрат текпінді,
Еңбегінде өнім бар.
Алатау, Кавказ қосылса,
Салмағын салып басылса,
Қайыспайтын белім бар
Ұшқан құс асып өтпейтін,
Атқан оқ өрлеп жетпейтін,
Көк тіреген өрім бар.
Қабағынан қар жауған,
Қылышынан қан тамған,
Қызылөскер ерім бар.
Ел болмауға айналған,
Салақтап жанға байланған,
Аш қасқырда өлім бар.
Жау шыдамай тұруға,
Айқындалды құруға,
Жүректе толық сенім бар.
Түтіні түйдек қосылған,
От жақпай қазан пісірген,
Шалқыған жалын демім бар.

Осынымның бәрі рас,
Азуым қарыс бір құлаш,
Қай жерімде мінім бар?
Тұрманым түгел, қапым жоқ,
Арыстан ағам алдымда,
Отанды қорғар інім бар.

1944 жыл



* * *

Бұл тоқтам жай тоқтам ба, жеңіс тоқтам,
Ашылды зор қуаныш алтын қақпам.
Қанды ауыз, қара жүрек Гитлер сұм
Сойқанды мінезіңнен пайдаң тапқан.
Мәңгілік сүйегіңе таңба салып
Басыңа бұғау темір таққан ноқтам.

Әділді алдым сені ақ жолыммен
Салсаң да неше қырға сан порыммен.
Кескілеп құлақ, мұрнын, көзін ойып
Арманым өлтірмедім өз қолыммен.
Бәрібір бізден өлдің, арманым жоқ,
Тұрмағыр орыныңнан, жат соныңмен.



ТОЙЫМ ТОЙҒА ҰЛАСТЫ

Қапысыз тұрмын түгел, шаруам тегіс,
Кең далам бау-бақшалы қалың егіс.
Үш-төрт жыл аяғыма ілгіш болған,
Құрыды түбірімен жауыз неміс.
Болған соң жолым тұзу, ісім әділ,
Бір жылда мейрамдалды екі жеңіс.

Көз жетті күн асса күн артуыма,
Тасқынды дариядай шалқуыма.
Еліме кәтер тіккен жапон еді,
Ашуын жайып жүрген алқымына...

Әділ жоқ, адал еңбек алға басып,
Түсемін бүгінімнен ертең асып.
Орнаттық жер жүзіне бейбітшілік,
Өрт салған жаудың өзін қан қақсатып.

Биылғы сән-салтанат ұнасып тұр,
Ерлерім егескенін құлатып тұр.
Сұмырайдың сұр бұлтын серпіп тастап
Күлімдеп нұрын төгіп, күн ашық тұр.
Ай сайын әділдігім алға басып,
Күн сайын тойым тойға ұласып тұр.

1945 жыл



МЕН КІММІН?

Мен қаһарман алыппын,
Әлемге айна жарықпын.
Басқан сайын бақ өрлеп
Нұрға толған халықпын.

Еңбектің үстем ерімін,
Дәулеттің шалқар көлімін.
Өнер-білім ғылымның
Қайнап жатқан кенімін.

Өзімшілдік, күншілдік,
Бақ күндестік менде жоқ.
Әділеттік теңдіктен
Мақұрым қалған пенде жоқ.

Мызғымайды құрыштай
Қауіпсіз елім мәңгі дос.
Коммунизм төріне
Қауіпсіз барам алдым бос.
Бейбітшілік, жеңістің
Екі туы қолымда
Қуанышым зор, көңілім хош.



АБАЙ

(Туғанына 100 жыл толған мерекесіне)

Қазақтың мәңгі айнасы Абай құтып¹,
Адамзат алған емес сөзден ұтып.
Насихат таусылмас көл-дариясынан
Отырмыз жүзіп ішіп, жалдап жұтып.

Дәм татып үш-төрт рет ордасынан,
Көріп ем алтын жүзін, қолын тұтып.
Өмірде өшпес жарық, батпас күнім,
Біз жүрсек кім боламыз сізді ұмытып!

Бұрынғы Абай сөзін ұға алмаған,
Ұқса да, кейбір надан құп алмаған.
Сан жүйрік, сан тұлпармен сайысқанда
Өр тартып, оза шауып шығандаған.

Ақылдың алтын өзек арнасы – Абай,
Мұхиттың дариясындай суалмаған.
Атағы, абыройлы Алатаудай
Шыңына бұлт өрлеп шыға алмаған.

Абайдың сөзі бар ма алмайтұғын,
Бекер деп мына жері нанбайтұғын.
Нұр төгіп шам-шырақтай жарық қылар
Қайдағы қараңғыны жанбайтұғын.

Жүрекке Абай сөзін сақтаған жан
Қарыны ашып, өзегі талмайтұғын.
Бір көрген қайта-қайта көргісі кеп,
Сұлудай сүйсе, мейір қанбайтұғын.

Саф алтын Абай сөзі – меруерт-маржан,
Теңіздің тереңінен теріп жазған.
Білгенге одан қымбат зат болмайды,
Әрине, ұқпағанға судан арзан.

¹ Құтып – көмалатты, көп біледі деген мағынада.

Білімнің Абай тапқан терең түбін,
Көтерген тайлағында нардың жүгін.

Қараңғы оқымаған надандықтан,
Сол күнде ұқпады ғой қазақ түгін.
Көктегі Күн мен Айдай әлемге айқын,
Дүниеде Абай тірі күні бүгін.

Жарыққа шығарған соң Абай сөзін,
Оятып көп адамға берген сезім.
«Іші алтын, сырты күміс» сымбатты өлең
Үлгі боп ақындардың ашқан көзін.
Той жасап туғанына жүз жыл толып,
Отырмыз көргендей боп бүгін өзін.

Абайдай милы қазақ жаралмайды,
Абай болам дегенмен бола алмайды.
Бір сөзін қателесіп ұмытқан жан
Ордасын өзіндей ғып сала алмайды.

Абайдың сөзі терең басқа ақыннан,
Толық ми, тұнып шыққан таза ақылдан.
Абай сөзі секілді сөз көргем жоқ
Не жаңа, не бұрынғы ескі ақыннан.

Қазақтың Абай еді атқан таңы,
Ішінде қараңғының жаққан шамы.
Таң үстіне бостандық күні туып
Арылды қара тұман, басқан шаңы.

«Ерінбей еңбек істе, тіленбе» деп,
Айтқаны өмір бойы көптің қамы.
Абайдың көксеп кеткен жолы емес пе
Орнатқан біздің елдің Алтын заңы.

Абайға дүние жүзі әлемі ортақ,
Дария көптің көлі айдынды алқап.
Дарияның іші толған алтын қазына,
Қадірін білген жан жоқ онда байқап.

Жылымды аз біліміне бас иетін,
Кері кеткен кесір көп: кердең, шалқақ.
Болғанды, болашақты айтып өткен,
Қайғысы, шер-құмары сөзбен тарқап.

Кемеңгер кеңнен ақыл толғайтұғын,
Сөзінде зәре кіршік болмайтұғын.
Арналы, алабы ұлкен, адымы алыс,
Кең ойлы келешекті болжайтұғын.

Қазақтан қараңғылық қалады деп,
Тізгінді бір көзі ашық алады деп,
Айнадай дүние жүзі жарық болып,
Жарқырап нұрдың оты жанады деп.

Толықсып өнер-білім толады деп,
Сусыны шөлдегеннің қанады деп.
Адамзат ақ балықтай суда жүзіп,
Қыранша құзға шығып қонады деп.
Жалғыз ғана өлгенге жан салмайды,
Содан басқа бар мақсат болады деп.

Естіп ем осы сөзін құлағымнан,
Көркем тіл, көзді жүрек қырағыдан.
Бір ұрттап, ұмытпаймын, татқан сөзім
Мөп-мөлдір ағып жатқан бұлағынан.

Абайдың өз аузынан ұққан сөзім
Сол күнде жиырмаға келген кезім.
Айтқанда «бү не сөз?» деп таңырқап ем,
Мінеки, соны бүгін көрді көзім.

Абай айтқан сөзіммен өлмеймін деп,
Адыммын, надандыққа көнбеймін деп,
Келетін келешекте кең заман бар,
Бірақ оны көзіммен көрмеймін деп.

Сөзімнің танитұғын иесі бар,
Сендер ие болад деп сенбеймін деп.

Өзі тауып алады уағында
Ешкімге өз қолымнан бермеймін деп...

Қараңғы көп халықты басқара алмай,
Ішінде жалғыз өзі асқарадай,
Қамығып, қапаланып өмірі өткен
Сыр шешіп, шын айтысар дос таба алмай.

Қиын ғой жұрттың бабын түгел таппақ,
Бір адам көптің аузын қалай жаппақ?
Ер мұңын, елдің қамын ойлар жан жоқ,
Әр адам өз басының шамын жақпақ.

Заманы азулының қара жүрек,
Саны артық кім бай болса жуан білек.
Туысқан інісі жат, ағасы – алаш,
Әкеден баласының ойы бөлек...

Абаймен сөз егесті менің шешем,
Өзіндей болмаса да, мұлы, шешен.
Болмас ед артық айтқан менің сөзім,
Абайды күні бүгін тірі десем.

1945 жыл



АҚЫН ТОЙЫ

Құзар шың, зәулім биік асқар Абай,
Ақылы, парасаты асқан Абай.
Қазақты тура жолға беттетем деп,
Құсамен өмірі өткен басқара алмай.

Қараңғы қазақ халқы надан күнде,
Есігін мәдениет ашқан Абай.
Халықтың мұңын мұндап, жырын жырлап,
Дүниеге үлгілі сөз шашқан Абай.

Ел үшін еңбек еткен ардақты Абай,
Әуелден әлемге айқын аруақты Абай.
Ел үшін көздің жасын көл ғып өткен,
Қоя ма оны халқым ардақтамай.

Абайдың туғанына жүз жыл болып,
Мереке қуанышты мейрам болып,
Көрсетіп Абай салтын барындағы
Киіз үй, бие байлап, көшіп-қонып.

Бас қосып қанша халық қиырдағы,
Сансыз көп салтанатпен жиылғаны.
Өзінің ауданында болған тойы,
Мың тоғыз жүз қырық бес жылындағы.

Тойға арнап лайықты сойған қойын,
Ақ ауыл тола қонған өлке бойын.
Ат жарыс, балуан күрес, көкпар тартыс,
Қыз қуып, теңге алысып салған ойын.

Сұлу қыз, әсем жігіт бәрі сонда,
Аршын төс, жұпар иіс, алма мойын.
Бір жасап қызығына Ұлықпандай,
Атқардық көзбен көріп Абай тойын.

Көп халық ат сабылтып ой мен қырды,
Ақындар селдей төгіп өлең жырды.

Абайдың арнай тіккен ақ ордасы,
Сом алтын босағасы нағыз сырлы.
Масаты жиған жиһаз неше түрлі,
Ішігі бұлғын, жанат түпке жиған,
Адамзат ұстар емес қолы кірлі...

Көрмеген көрсем-ау деп құмартып жүр,
Осыдан салтанатқа кім артып тұр?
Бауырына жұмақ орнап нұр толған соң,
Күлімдеп ерке Шыңғыс мұнартып тұр.

Тасы алтын, тауы күміс ерке Шыңғыс,
Данышпан сонда туған Абай білгіш.
Хан тұрып, халық қонып мекен еткен,
Басынан атқарған тау талай тұрмыс.

Тұрмыстың көрген жеңіл, ауырын да,
Осы той Хан Шыңғыстың бауырында.
Ақ орда айналасы ат шаптырым,
Абайдың салтанатты ауылында.

Келелі қызыл нарға артқан түйе,
Болмады ішкен дәмге ешкім ие.
Сары қымыз сапырулы қара саба,
Желілеп тартқан құлын, сауған бие.

Қымызы көл боп ағып бір сауғанда,
Өзендей күркіреген сел жауғанда.
Бас қосып Абай тойын атқарсын деп,
Облыс нұсқау берген ұш ауданға.

Шұбартау, Абай менен Абыралы,
Бұлардан сән-салтанат табылады.
Әйелдер көлбеңдеген бұрме көйлек,
Ақ жаулық аққудай боп салынады.
Қыздары асыл бешпет, кәмшат бөрік,
Күміс бау, алтын шолпы тағынады.
«Домалар тойға қу бас» деген мақал,
Осыдан адам көңілі қабынады.

Ертеден елдің салты балуан күрес,
Ат бөйге, құнан бөйге шабылады.
Өткізбек Абай тойын осы салтпен,
Әйтпесе ескіні кім сағынады?!

Беріп тұр артық өнім асыл кендер,
Тойға арнап шашу шашып алтын көлдер.
Қызыл нар қырғауылды қоңыраулатып,
Құйылып үш ауданнан көшкен елдер.
Күн күліп, аспан төніп тамашаға,
Асқақтап мұнартып тұр асқар белдер.
Ыстық та, суық та емес салқын самал,
Ән қосты, тойға келіп жібек желдер.
Саңлақ ат, сәнді киім жарқ-жұрқ етіп,
Айқасқан қыз бен жігіт өзі теңдер...

Абайдың тарихын сөйлеп той бастады,
Әуезов, Мыңжасаров деген ерлер.
Бегалин Сапарғали, Мүсірепов,
Осындай көмектесті кемеңгерлер.
Асқар мен Ысмайылов Есмағанбет
Жазымпаз сөз маманы тіл шеберлер.
Басиев, Жұмағазин, Шамкин, Қайым
Өрісі жас та болса өте кеңдер.
Киініп ескі салтпен ақсақалдар,
Салпы етек, саптама етік, салқы жеңдер.

Қажасып бірін-бірі сөзбен іліп,
Тымақты алшысынан басқа түріп.
Шақшаны сылдыратып ерге қағып,
Айтысып әзіл-қалжың сылқ-сылқ күліп.

Атты айдап қақ жарылып қанша халық,
Қызыққа көрген жанның көзі талып,
Балуаны екі жақтың топ-топ болып,
Белсеніп майдан жерде тұрды барып.
Қазақтың арыстаны Қажымұқан,
Көркіне көз сүйініп топты жарып.
Дүбірге кәрі тұлпар тоқтай алмай,
Аузынан жалын шалқып, оты жанып,

Бастатқан атан түйе, тоғыз бәйге,
Күрессіз Қажымұқан алғаны анық.

Айбынды алтын сырлы, қызыл туды,
Дүр етіп көтергенде көкті шалып,
Сансыз көп, салтанатпен жиылған жан,
Қол соғып шуылдасып, ұран салып.

Адамзат тағат қылып тұра алмады,
Лүпілдеп бой шымырлап, жүрек қағып,
Жайраңдап жастар күліп тамашаға,
Көзіне қарт адамдар жасын алып.

Айдады құнан менен атты алысқа,
Дүбірде қызбай тұрмас ер намысқа.
Құнаны Шұбартаудың озып келді,
Алдыңғы құнан бәйге кіл жарыста.

Орта жүз – арғын, найман, керей, уақ,
Ат қосты бұған келіп төрт арыс та.
Дегенің Ұш жүз қазақ бері қалып,
Қатысты ССРО боп бір намысқа.
Ұласып тойым-тойға жауды жеңіп,
Өзі де кез болған жыл мол табысқа!

Балуандар жағаласып жармасқанда,
Алысып айдаһардай арбасқанда,
Балуаны Ақсуаттың лақтырып,
Астына бір мықтыны нық басқанда.
Атылған айбат шегіп арыстандай,
Шығарды бұрқ еткізіп шаңды аспанға.

Жуырда ат келмеді ұзаққа айдап,
Көз талып қараса да қанша бойлап.
Басқа ойын ат келгенше бола берді,
Кәрі, жас өз теңімен күліп-ойнап.
Жасарып жайраңдасып кемпір, шалдар,
Шауып жүр тай-құнанмен бала жайдақ.
Теңге алып, қыз қуысып, көкпар тартқан,
Ат көпір, ұлан топыр мұқым аймақ.

Жер жазық, тау-тасы жоқ мидай дала,
Бәйге атқа елу-алпыс шапқан бала.
Күн қайтып сағат беске айналғанда,
Көрінді көз ұшында жалғыз қара.

Біреу айтты бәйгі аттың алды деді,
Көрінбей өзгесі артта қалды деді,
Кейбіреу бәйге ат келер қисыны жоқ,
Бір қара жерді шола барды деді.

Көрінген бәйгі ат болды шынында ақыр,
Айтқанға көз көрген соң – ауыз бақыр.
Жел тұрып екпінінен дауыл соғып,
Құйындай бұрқыратып келе жатыр.

Өзге аттың көрінбейді қарасы да,
Өрескел қашық қалған арасы да.
Бір аттың лақтырған тозаңынан,
Шыңғыстың шаңға толды даласы да.
Өзі жалғыз тозаңы тоқсан аттай,
Осыған көрмеген жан нанасың ба?!

Көрмесем нанбас едім басқа адамға,
Ұқсайды екі көзі тостағанға.
Жылтылдап төрт тұяқтан от шығады,
Уыстап топырақты тастағанда.

Зу етіп кірешіден ағып өтіп,
Көмбеге бұлдыр қағып келді жетіп.
Тұқырып бүктетіліп жер қабады,
Құйысқан көбік жапқан шылп-шылп етіп.

Бәйге алды жалғыз қара озып келіп,
Жарамды баласы да атқа серік.
Біле алмай бұ кім аты деп тұрғанда,
«Абай!» деп ұран салды өте беріп.
Айқайлап ұран салып ақырғанда,
Шаң басқан атты-жаяу топырдан да.
Бұршақтап көздің жасы, бой шымырлап,
Абайдың атын атап шақырғанда.

Көмбеден өтіп барып азар тоқтап,
Өзін де қосқан екен таза баптап.
Ширығып оқ жыландай ыршып түсіп,
Ұйтқып жүр тоқтай алмай бос далақтап.
Қарысып әл бермеді тартса да іркіп,
Бұрқырап сулығынан көбік бұркіп.
Долданған хас батырдай ыза кернеп,
Жібер деп басын шайқап, жұлқып-сілкіп.
Ерекше озып келді өкімденіп,
Артқы аттар азар келді секіп желіп.
Алысып ауыздыққа әл бермейді,
Бүйірі жаңа қызған секілденіп.

Тіпті жас түспегендей құнан тісті,
Оза алмас тұлпар шапса бұдан күшті.
Ақанның Құлагері секілденген,
Ат екен кертторының ұнамдысы.

Міні жоқ қартаймаған жастығының,
Жараған бауырын тартып аштығының.
Абайдың өз атына арнап қосқан,
Аты екен районо бастығының.

Жұрт құмар айтқан өлең, тартқан күйге,
Ұнамды күйге лайық ойын-биге.
Мәз болып масайрасып бәйге үлесіп,
Күн бата қайтты халық тіккен үйге.

Қызығы бір күнгіден бір күн өсіп,
Жарысып жаяу бәйге, жұрт күресіп.
Уралап ұран салып қайтты халық,
Құшақтап сыйлық алып, барды үлесіп.
Бәйгеге атты-жаяу жұмсалатын,
Пұл мен шәй залға сыймай тұр сіресіп.

Далада балуан түсіп, ат жарысып,
Көрісіп көрмегенмен жұрт танысып,
Көк майса ақ орданың самалында,
Желпініп бірер сағат дем алысып.

Сонан соң тағы шықты түнгі ойынға,
Өлкенің толған халық өн бойында.
Қалмады қазақы ойын ойналмаған,
Абайдың салтанатты бұл тойында.

Жеген ет, ішкен қымыз, кәусар шарап,
Қыздырып қызықпенен бойға тарап.
Жастардың неше алуан сауығына,
Сап-сап боп ақсақалдар тұрды қарап.

Ай жарық күндізгідей күңгірт түндер,
Сыбызғы сырнайлатып шыққан үндер.
Дауысы қайтқан қаздай сыңғырлаған,
Күй тартып көмейінен бұлбұл тілдер.

Жәннаттың бір бөлімі секілденіп,
Құлпырған қыз бен жігіт қызыл гүлдер.
Қолдасқан, қолтықтасқан жасты көріп,
Елестеп еске түскен ескі күндер.
Жастарға мезгіл өткен, дәурені өткен,
Қарттар тұр көзі қызып құры сұлдер.

Жас шіркін қалған екен алға кетіп,
Сары тісті ақ сақалды шалға жетіп.
Дариға-ай, осы тойда жас болсам деп,
Өкініп өткен күнге арман етіп.

Әртістер әнге басты гармонь тартып,
Мойнына бір-бірінің қолын артып.
Құйқылжып құладындай төңкеріліп,
Бишілер билегенде бойың балқып.
Бұл ойын бір жер емес тұс-тұсымен
Самсыған сар далада жатыр шалқып.
Білмейсің қайсысына барарыңды,
Қызықтың біреуінен біреуі артық...

Әр аудан өз бетімен ойын бастап,
Мақсаты біреуінен біреуі аспақ.
Өткеншек теуіп тұрып ән салады,
Әр жерде алтыбақан құрып тастап.

Құрылған нақ осындай өткеншегі,
Қазақта қадірлі ойын бұрын тегі.
Жоғары тербетіліп ән салған соң,
Жүгірді солай қарай жұрттың көбі.

Мәз-майрам, ду-ду күлкі, жиылған жан,
Қол жазып бас тартпайды ойнағаннан.
Ұзақ түн сәнді сауық ойын салып,
Болғанда жұрт тарайды бозала таң.

Бес күнде той тарауға жақындады,
Сауықсыз бір күн таңды атырмады.
Абайдың алтын орда ақ үйіне,
Кіргізді салтанатпен ақындарды.

Ордаға кірді ақындар маң-маң басып,
Иліп қыз-келіншек есік ашып.
Бәрі де Отанға еңбек сіңіргендер,
Өр екпін өрге жүзіп судай тасып.

Бал тамған ауызынан ылғи саңлақ,
Түседі біреуінен біреуі асып.
Бірінің айтқан сөзін бірі айтпайды,
Қойғандай сен соны айт деп сөз байласып.
Халықтан рахмет, алғыс алды,
Абайға бет-бетімен шашу шашып.

Айтайын анық көзбен көргенімді,
Қарттар да қайта жасап өзгерілді.
Сары қымыз сапырулы алдарында,
Дәстүрмен ақындарға сөз берілді.

Алдымен сөз бастаған Нартай ақын,
Ән салса әуенімен шалқаятын.
Дауысы гармонымен бірдей шығып,
Кісі емес жүзге келсе қартаятын.
Атақты облысы Қызылорда,
Олжа алған оза шығып талай жолда.
Терең сөз ақтарылып төгіледі,
Гармонын айқай салып алса қолға...

Екінші сөз берілді Нұрлыбекке,
Жұлде алған жұма сайын қара көкке.
Дауысы дауылпаздай жерді жарып,
Бұрыннан белгілі ақын бұ да көпке.

Тыз етпе жүйрік емес жері жақын,
Біледі Қазақстан анық атын.
Тұлпардай ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Дүбірде тоқтамайтын пері ақын.

Орынбай Шымкенттен кәрі тарлан,
Сексенге жетпіс асып жасы барған.
Кешегі ұлы дүбір қан майданда,
Сіңіріп Отанға еңбек олжа салған.

Ақыны Алматының Үмбетәлі,
Кетеді қызған сайын одан әрі.
Аралас қарлы жаңбыр бұрқыратып,
Өзінің қалай айтса ықтияры.

Ақыны Қарағанды Қайып ақын,
Қолма-қол айтар сөзге дайын ақын.
Жұп-жұмыр төрт аяғы түгел тиіп,
Сөзі жоқ оқшау шығып жайылатын.

Салмағы сары алтындай маңызы зор,
Толғамын кеңнен толғап қайыратын.
Қараса дүрбі салып мін таппайды,
Шеберлер сөздің сынын айыратын.

Ақыны Керекудің Естай саңлақ,
Баяғы ән шығарған Қорланға арнап.
Жалпыға Естай болу қиын екен,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.
Жасы бар осы күнде жетпіс асқан,
Атанған әнші-ақын бала жастан,
Толқытып тоқсан түрмен төңкереді,
Дауысы әлі күнге айнымастан.

Жармадан Әлімбетов Сапарғалы,
Сөзінің маңызы зор, артық нәрі.
Асыл сөз Абайға арнап сөйлегенде
Қол соқты қошеметтеп жанның бәрі.

Өлеңі айтқан сайын қабындайды,
Өмірі жаман атақ тағылмайды.
Сөзі бар қиюына қыл сыймайтын,
Зәредей кір мен кіршік табылмайды.

Баласы қарт Нұрғали Тұнғатардың,
Жасынан алдын көрген бірқатардың
Тап басып нысанаға дәл тиетін
Оғындай өлеңі бар бесатардың.

Бір ақын Шардан барған Рақымбай,
Бәрінің қалғаны жоқ ұнатылмай.
Бәйгеге тың қосылған жүйрік еді,
Бұ дағы сөйлеп шықты бір ақындай.

Ақындар терең ойлы, текпілі еді,
Сөздері ақ алмастай өткір еді.
Бәрі де Абайға арнап айтып шықты,
Бергенін не деп баға көп біледі...

Тәмамдап сөзді осымен тарқатамын,
Тараттым басын қосып әр атаның.
Абайға зиярат етіп тойын тойлап,
Тауына шыққандай боп Ғарапаның.

Тарады ырза қош боп көп жамағат,
Тамаша қызық көріп бек қабағат,
Партия, үкіметпен өркендесін,
Абайдың аруағына мың салауат.

1945 жыл

ТОЙ ТОЛҒАУЫ

Домбырамды қолға алып,
Жел маядай желейін.
Шарықтайын толғанып,
Жыр маржанын терейін.
Сыр сандығын ақтарып,
Бүлкілдесін көмейім.
Көкке өрлеп қиялым,
Сөз нөсерін төгейін.

Кәрі серік домбыра,
Құландайын құлдырап,
Мен де саған ерейін.
Жас жетсе же жаным жас,
Мен қартайдым демейін.
Көңіл құсы, қанат қақ
Желдей жүйткіп жөнейін.
Жауар күндей түнеріп
Жау басына төнейін.
Жай оғындай жырымды
Боратып оқтай себейін,
Жау жағасы жығылып,
Болғанда үстем мерейім.
Қаумалаған халқыма,
Біраз толғап берейін.
Толқып тоқсан толғанып,
Қырандайын қомданып,
Екі дүние көлемін
Тегіс көрген көнемін.
Е-е леп қиқу шыққанда,
Ерік бермес тоқтарға
Өршеленіп өр қиял!
Көк дауылдай долданып,
Көгерген көлкіп көл қазір,
Ойым – теңіз, мен – қайық.
Сезімім сула, дауылпаз,
Ой аспанын кел сайып.
Желге қарсы желігіп,
Зырламасаң ерігіп,

Көңіл құсы сенде айып.
Көре алмасам жер сынын,
Айта алмасам ел сынын,
Кәрі тарлан менде айып.

Ата қоныс мекеннен,
Ел айрылған кезінде,
Бауыр басқан елінен,
Жер айрылған кезінде;
Қара нұр қалың нұрынан,
Бел айрылған кезінде,
Көгала үйрек көркінен,
Көл айналған кезінде,
Патшаның отар түнінен,
Күдер үзіп түңілген,
Кіреукесі сетіліп,
Сенген семсер кетіліп,
Еңреп босқан елінен,
Ел айрылған кезінде –
Торын бұзып азаптың,
Бұғауын үзіп мазақтың
Ерлікті байтақ ел қылып
Терезесін тең қылып,
Алып берген азат күн,
Шаңырағын көтеріп,
Ұлы Ленин данышпан,
Отауын тіккен қазақтың.
Тайпалған жорға табаным,
Мен емес шаршар шабаның,
Ұлы думан мерекем,
Күндей күліп келгенде,
Делебем қозып дүбірге
Қосыла мен де шабамын.
Қу медиен, қу дала,
Құлазыған құм ғана,
Таппаған ешкім амалын;
Аты қалған мақалда,
«Жапалақ ұшпас жапанға»
Жан бітірген жайнатып,
Сталиндік заманым,

Алтайдан сонау Еділге
Аралдан мынау Ертіске
Емірене қарады;
Бақытты қазақ жайлаған,
Алалы жылқы, ақты қой,
Төрт түлігін айдаған,
Келбетін көрдік даланың,
Аспанда аймен тілдескен,
Көкте күнмен тірескен
Сәулетін көрдім қаланың.
Жайдары өскен ақжарқын,
Салтанатты ел салтын,
Өзгеше өмір адамын;
Дүниені меңгерген,
Алдына тау өңгерген,
Өнер, ғылым, сананың
Толып жатқан бар жайын.
Қазақстан елінің,
Қарағанды көмірін,
Лениногор, Шымкент пен
Жезқазғанның жезісің,
Қоңырат пен Ащысай
Эмба нефті кенінің,
Алтай, Орал, Алатау,
Сарыарқаның жерінен,
Колхоз, совхоз қалың ел
Көз жеткісіз егінін,
Төрт түлігі түгел сай
Сан жеткісіз өнімін,
Арттырумен ақтады
Қазақстан тылда да
Отанға берген сенімін.
Залым жылан өрмелер,
Басына биік шынардың,
Зәһарін төгіп жемекке
Балапанын қыранның.
Қиядан шолған ер қыран,
Қырды барын жыланның.
Қажымас батыр халықпыз,
Әлемнің зәулім шынары.

Теңдесі жоқ алыпшыз,
Сарқылмас күштің бұлағы.
Айтатын келді кезегім,
Суы шәрбат өзенім,
Ертісті еміп тел өстім,
Талған емес өзегім,
Ет алыбы орнаған
Ертісімнің жағасы,
Мәдениет ордасы
Ежелгі Семей қаласы.
Ардагер Абай туған жер,
Ақындардың ағасы.
Қара қалба, тау Шыңғыс,
Ақтарсаң алтын саласы.
Алтынменен аптаған,
Күміспенен қаптаған,
Қазақстан ордасын
Ұлы көсем кемеңгер
Адамзаттың данасы,
Үстем болсын мерейің,
Дейді қазақ баласы!
Қаумалаған қалайық,
Жырыма құлақ салыңыз,
Ата дәстүр салтымен,
Кәдесін айтты кәріңіз,
Тойың тойға ұласып,
Шалқитын келді шағымыз.
Толғалы отыр жиырма бес,
Қонғалы басқа бағымыз.
Қуанардай досың сүйініп,
Жылардай дұшпан күйініп,
Таң қаларлық табыспен,
Жер жарған даңқы дабыспен.
Қарсы алайық бәріміз!

1945 жыл

ЕРІКТІ, ЕРКІН, ТЕҢ ЕЛМІЗ

Ерікті, еркін бақытты ел,
Күнде думан құрамыз.
Тиіскен жауды талқандап
Күрескенді жығамыз.
Алысқанға әл бермей,
Алқымынан сығамыз.
Қарсыласқан дұшпанды
Қара жерге тығамыз.

Осындай батыр елім бар,
Жауды жеңген талқандап,
Қуаныш шатты көңіл бар.
Күн сайын гүлдеп өсуге
Көңілде айқын сенім бар.
Қиын-қыстау күндерде
Табаны елі таймаған
Халқы қалап сайлаған
Ел қамқоры ерім бар.
Төрт құбылам түп-түгел
Қай жерімде кемім бар.
Бұл күшімді алдыма
Көрсетер тағы жерім бар!..

Алғыр қыран ерлерді,
Қыздырған қызу намысқа.
Жүлде алдырған жүйрікке
Оздырып шығып жарыста.

Қарсы алайық сайлауды,
Қапысыз әбден қамданып.
Бірлігіме жер жүзі
Қалғандай етіп танданып.
Өткізейік сайлауды
Сақадай боп сайланып.

1945 жыл

МАҚТАН, ҚАЗАҚ

Тізесі теңсіздіктің батқан қазақ,
Қорлықтың талай дәмін татқан қазақ,
Теңдік жоқ, теңгеру жоқ, ерік кетіп,
Өлкеңді қара түнек басқан қазақ.

Өнерлі басқа ұлтқа қосыла алмай,
Азабын ауыр тұрмыс тартқан қазақ,
Бұл күнде татыраңға құлаш жайып
Бостандық рақатын артқан қазақ.

Жарқ етіп қан майданда шыға келдің,
Тот басып топырақта жатқан қазақ.
Көсемнің басшылығы арқасында
Дүбірде озып шықтың топтан қазақ.
Қайтпайтын батырлығың айқындалды,
Жанған өрт, жауып тұрған оқтан қазақ.

Жайратып жан аямай жауды жеңіп,
Отанға ұлы табыс тапқан қазақ.
Жеңіспен жиырма бес жасқа толдың,
Сыяды қалай айтсаң мақтан қазақ!

Ежелден батырлығың асқан қазақ,
Табанға егескенді басқан қазақ.
Ел болып Қазақстан ерік алып,
Октябрь – арылған күн бастан азап.

Болғалы Қазақстан елім де бай,
Құндыз, меруерт, балықты көлім де бай,
Құшағы, қойны-қоншы толған алтын
Орнаған фабрик, завод жерім де бай.

Дәнді егіс далам толған арпа, бидай,
Қалың ну бау-бақшалы орман тоғай.
Толықсып төрт түлік мал төлдеп өсіп
Керілген кең даламда жатыр сыймай.

Артым бақ, алдым мөуе биік жардай,
Бет алсам қалған емес бағым жанбай.
Сансыз көп салтанатты кендерімнен
Шығады кесек алтын шөккен нардай.

Жыл сайын артылуым тағы шамдай,
Тұлпардай шабысымнан бір күн танбай,
Мәдениет, білім де өркендеуде
Көз ашық, көңіл жарық атқан таңдай.

1945 жыл





АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІ



ТӨЛЕУДІҢ НҮРЛЫБЕКПЕН АЙТЫСЫ

(1945 жылы наурыз айы. Семей облысы халық ақындарының жиыны)

Төлеу:

Мен неге сөйлер сөзден тоқталайын?
Қазынаның аузын ашып ақтарайын.
Шарықтар өрге жүзіп, өрттей шалқып
Азырақ сөз алдында мақтанайын.

Ақындық айт дегенде тоқталмаса,
Шыға ма сөз қазынасы ақтармаса.
Ақынның аузына тез сөз түспейді,
Азырақ көп алдында мақтанбаса.

Туысым – атам Керей, Төлеу атым,
Сөзге бай сөйлегенде тілім батым.
Ескіше Қарқаралы дуанымыз,
Жондағы Жобалай деп шыққан даңқым.

Ауданы осы күнгі Шұбартаудың
Малға бай, қысы жылы, жазы салқын.
Нағашым найман, асқан Ақтайлақ би,
Кенжесі Сарыбайдың шыққан затым.

Керейде ер Жәнібек ел бастаған,
Ел үшін еңбек еткен ата салтым.
Мен-дағы осы жұрттың саясында
Қадірлі халқым үшін болдым ақын.

Қай күнде барға мақтан жарасады,
Болсам да өзім кәрі – сөзім алтын.
Маңызды мағыналы сөз келгенде
Құлақ сал, көңіл қойып тыңда, халқым.

Жүргем жоқ, біреуді алдап, біреуді арбап,
Өлеңді үнем көріп жүрек жалғап.
Халықтың көңілін көтер, көмек бер деп,
Шығарған елім қалап әдейі арнап.

Алдымда айқын тудай алып Жамбыл,
Өлеңмен көп ақын жүр Отан қорғап.
Сөздері қардай борап майданда жүр,
Бермеген топтан ылғи саңлақ.

Оғындай ақ береннің айтқан сөзім,
Дүшпанды ататұғын көзден қармап.
Наркескен ақ алмастай өткір тілім,
Өкпеден өтетұғын қанды қармақ.

Шығыпты нағашымнан он жеті ақын,
Солардың аруағы жүрген қолдап.
Өзіме он екімде аян берген
Жүрген сөз содан бері жүрекке орнап.

Ертістің толқынындай төгіледі,
Қолға алсам домбырамды біраз толғап.
Менімен тар кезеңде таласқандар
Шаңға ермей қалатұғын босқа сорлап.

Елім бар атам қазақ еркін өскен,
Басынан нелер қилы заман кешкен.
Айбынды арыстандай батыр туып
Жауларын өрттей жайпап ерегіскен.

Адамдық ақындықтың алтын туы,
Қалмайды Абай сөзі бар кеңестен.
Іші алтын, сырты күміс сымбат беріп,
Кілтін ақындықтың Абай шешкен.

Лақылдап, ақтарылып кетуші едім,
Өзім де ала қаптың аузын сөксем.
Қырандай желді күнгі самғайтұғын
Жазбай түр құлашымды, өттең, сексен!

Айтысты жасым үлкен мен бастайын,
Өзірше артық-кем деп бет ашпайын.
Нұрлыбек, оған дейін толғана бер,
Айтып кеп ақырында сөз тастайын.

Алдында бір сөйлеуге көп халықтың
Мен дағы қартайсам да қозғалыпшын.
Орасан кемшілігін бетке басып,
Артығын айқындалық екі алыптың.

Отанға ауыр тұрмыс келген жерін,
Көсемге көпшіліктің сенген жерін,
Ерге сын, ел басына күн туғанда
Алыптың аса қайрат бергендерін.

Көп керек жауға қарсы қару-жарақ,
Алдымен ең керегі – киім-тамақ.
Кете ме желдей есіп жем болмаса
Арғымақ алма мойын алтын сағақ.

Жеткізіп азық-түлік біздің ерлер
Жауды тез құрытуға еткен талап.
Ақтады еңбегімді жауынгерім,
Жауды айдап өз көріне тықты қамап.
Болған соң халық ақыны бізге міндет
Өлеңмен осыларды айқындамақ.

Бойдан күш, азайған шақ ойдан білім
Ұялып көріліктен ішкі зыным.
Жетпістің сексенменен арасында
Өзі де айтып тұр ғой сыртқы сыным.

Қырымнан қылпы өткізбес қырағы елім,
Мысқалдап айыратын сөздің мінін,
Қайласың қартаймайтын жүйрік көңіл,
Бір сілтеп қалатұғын туды күнім.

Қырандай сорғалаған ұшқыр қиял,
Қимылда наркескендей өткір тілім.
Жасартып, көңілімді жайнатып тұр,
Көңіл шат, қуанышты жеңіс жылым.

Бұрынғы құлазыған құрғақ дала,
Осы күн қандай екен байқап қара.
Өндіріс шалқып жатқан фабрик-завод,
Аймағым ат шаптырым салған қала.

Орнаған ет комбинат атышулы,
Бақша еккен орман-тоғай қалың нулы.
Көл орнап, кең далаға сел құйғандай,
Ертістен күн сайын тартқан суды.

Нұр жайнап, бұлбұл сайрап саяқтаған,
Көресің қаз қаңқылдап ұшқан құды.
Көктегі күн нұрымен құшақтасқан
Айбынды әлемге айқын қызыл тулы.

Сылдырап сынап суды ағып жатқан,
Бал дейді кәусәр шарап дәмін татқан.
Айнала алабында алтын шарбақ,
Төрт жағы төрт құбыла қақпа орнатқан.

Меңіреу әлсіз, күнсіз сары дала еді,
Бұл жерге Иранбақты кім орнатты.
Аңқытып жұпар иісі алтын буын
Заводтар түс-тұсынан бұрқыратты.

Ұлы Отан зор майданның қызуында
Өнері күн-күн санап үстеп артты.
Мысқалын бұл алтынға бағалаймын,
Жасалып осылардан шыққан затты.

Нұрлыбек, көпті көрдің, көпті білдің,
Дәм-тұзын татып жүрсің талай жердің,
Қырандай түлеп ұшып сорғалаған
Алмастай арқасында қызыл тілдің.
Отанға шын жүректен көмек берген
Ойламай осыларды қайда жүрдің?

Ақталсын Отаныма берген сертім,
Тілеген қабыл болды хақ ниетім.
Қапысыз қуанышты болған жылым
Сөндіріп су сепкендей жаудың өртін.

Қадірлі ел, қазыналы жерім таза,
Арылды жүрегімнен бар індегім.
Нұрлыбек, сен де әрі-бері шарықтап қайт,
Көрсеттік айтысарлық сөздің бетін.

Нұрлыбек:

Асыл сөз сұңғыла ойдан шыққан қайнап
Көк дауыл толқынындай толқын айдап,
Шарықтап шар тарапты ұшқыр қиял
Төгілсін сөзден нөсер нажағайлап.

Әйгілі сөз майданы ашылғанда
Бір түлер дарынды ақын гүл-гүл жайнап.
Шын жүйрік той-топырда тоқтай алмас,
Тұлпардай ауыздығын қарш-қарш шайнап.

Қос алып қолма-қолтық шайқасқанда
Белсенер бел кездесті белді байлап.
Арысқа асқар асып жөнелді ақын,
Құландай құлдыраған салып ойнақ.

Ақындық арнасына сал құлашты
Салғандай алдаспанды қия қайрап.
Бейнелеп сөз өнерін кестелейін,
Ақыным, толғана бер терең ойлап.

Терейін сөз маржанын көк теңізден,
Қауыстай шыңырауға сүңги бойлап.
Атылған айбат шегіп жолбарыстай
Ағындап сөйле, тілім, ащы айғайлап.

Сонымен, сөз желісін түйіп тастап,
Борандай бұрағытсын сөз ойқастап.
Ағындап арысқа асып адуын тіл
Келелі кенелейін ойды бастап.

Ежелден жауынгер ел қазақ халқы
Өзгеше басқа жұрттан елдің қалпы.
Ат жарыс, балуан күрес, ақын айтыс,
Ежелден ер қазақтың ата салты.

Ардагер адамдарын аузыма алмай,
Келмейді кемеліне сөздің шарты.

Орынбай, Кемпірбай мен Біржан, Сара
Айтысқан қоян-қолтық екеуара.
Әніне тау күңіреніп, тас балқыған,
Тамылжып жасыл орман, жалпақ дала.

Кемпірбай, ақын Шөже, Орынбайлар
Асқақтап айтыс десе қаққан дабыл.
Қасқайып қара қарсы айтыс салу,
Солардың салып кеткен жолы даңғыл.

Өкшелес ақындардан үлгі көріп
Айтысқан Шөжекеңмен ақын Жамбыл,
Жоқтаған елдің мұңын, ердің құнын,
Өзінің заманында талай бұлбұл.

Сондықтан айтыс деген – ел қазынасы
Біздерге мирас қалды солардан бұл,
Шынында адам – бала, заман – ана,
Сөйлейін заманымды жеткенше тіл.

Асаудай алып қашқан адуындап,
Жаяйын құлашымды кең адымдап.
Тап берме, шыға салма жүйріктер бар
Аздан соң жайылатын баста ағындап.

Ашылса шын ақынның сыр қазынасы,
Толқындай төгілмей ме сөз қабындап.
Көрсетіп көп алдына сөз шешейін
Ақиықтай асыл сөзді бұған самғап.

Жүректің қылдан нәзік шегін шертіп,
Тұрғандай белгісіз күш қиялға ымдап.
Тапқыш ой, өткір тілді ер керек деп,
Өркеш сөз бұлдыр қағып тұрса ағымдап.

Тұрмыстың тұтқасындай өмірге азық,
Ішінен кәдеміз көп алар таңдап.

Келейін келте оралып кезек сөзге
Аралап салғастырмай бәрін талдап.

Іргелес Октябрьмен Калининим
Ұлы Ертіс алтын астау аққан көлім.
Екі аудан облыстық Семейімде
Қайнаған қазанында өнер-білім.

Айналам қалың колхоз, қаптаған мал,
Егісті бау-бақшалы жайнар гүлім.
Қаламның фабрик-завод өндірісін
Бейнелеп келтірейін жетсе тілім.

Серпілді қара түнек албасты жау,
Шаттанып көңіл тасып сөйлер жылым.
Әділдік жауыздықтың бұлтын айдап,
Асқақтап қарт Алтайдан соққан желім.

Әділ жоқ, адал еңбек жетер деген,
Халықтың жігеріне берген сенім.
Бұл сенім ақиқатпен айқындалып,
Тазартты сұмырай жаудан совет жерін.

Атағы асқар таудай тарихқа үлгі,
Тудырды талай батыр елдің ерін.
Бауыржан, Мәлік, Балташ, ер Төлеген
Отты көз, өр кеуделі ардагерім.

Елімнің батырларын аузыма алсам,
Адамның өрістеткен ой-жігерін.
Орайын ой-өрісін алға қарай,
Құлақ сал, қала, дала, байтақ елім.

Тартайын сөз желісін өндірістен,
Күрделі өнерлі еңбек өнген істен.
Мол азық, жылы киім арқасында
Жауларға жауынгерім жайдай түскен.

Қос алып, ет пен тері комбинатым,
Бір құстың мысалға алсам қос қанатын,

Топшыдан томырылып бірі сынса,
Құс болмас сыңар қанат ұша алатын.

Сондай-ақ егіз ердің өмірі бір
Бірінен бірі ауысып күш алатын.
Майданның жауынгері қаһарманы
Жаулардан өрттей жайнап өш алатын.

Қайырсам орағытпай сөзді қысқа,
Аталған егіз едім обылыста.
Аталған еңбек үшін сынға салып,
Қос алып топ алдында түсті айтысқа.

Айтыста бір-бірінің мінін таппақ,
Балтадай шодыр мінді сөзбен шаппақ,
Орасан олқылықта қалған істі
Ала алмас, оны ешкім сөзбен ақтап.

Бойда жоқ болмағанды болдырды деп,
Орын жоқ топ алдында тұрар мақтап.
Істеген көпе-көрінеу кемшілікті
Өзі кінә ондайды бұркеп, жаппақ.

Көрсетіп кемшілігін айқын түрде
Ызғарлы зәрлі тілді сөзді тақпақ.
Түйеше бойға сенбей ет комбинат
Көрпеңді өлшеп көсіл бойға шақтап.

Шоқақтап қия басып қалған аттай,
Ішінде жұмысың көп жатқан ақсап.
Достықты жек көрмеңіз, кек алмаңыз,
Көзге айтып кемшілігін, мінін тапсақ.

Ағасыз жолың үлкен, көргенің көп,
Үлкеннен ұят болар бұрын айтсақ.
Қазақтың қағидалы жолы бар ғой,
Ағаға жол ұсынып, тізгін тартсақ.

Аталы таласпаспыз төте сөзге,
Соны ойлап мен тоқтадым кезек сөзге.

Ал, Төке, ақсақалдық асыл сөз айт,
Үлгілі ақындардың жолын көзде.

Төлеу:

Сөйлейін домбырамды қолыма алып,
Мен қыран көрген емен қанат талып.
Алтайдан түлеп ұшқан ақиықтай
Еркімше шарықтайын көкті шалып.

Калинин атындағы ауданымда
Өнерлі көп өндіріс аумағында,
Қайтпас күш, болат жүрек жұмыскерім
Еңбектің қызу күрес майданында.

Қайнатқан батыр халқым жаудың сорын
Алтынға еңбегі өніп малған қолын,
Орденді комбинат деп аталады
Алып тұр аймағымда бірінші орын.

Тамылжып төгіліп тұр нұры көктен,
Жанаттай жарқыратып гүлін төккен,
Гүл жайнап, бұлбұл сайрап Иранбақтай
Секілді алабына жұпар сепкен.

Ішінен табылмайтын зат болмайды
Адамға пайдалы зат не керектен.
Мұз балақ, алғыр қыран ерлерімді
Қамтамасыз етеді май мен еттен.

Комбинат бақыт туы жайнап тұрған,
Халқымның қазынасындай қайнап тұрған.
Осындай, қане, сенде не байлық бар?
Май кілкіп қара суға қаймақ тұрған.

Ардақты ауданымыз Калининнің
Кіндігі барып тұрған бар өнімнің.
Комбинатым болмаса күнің қараң,
Аласың бәрін бізден керегіңнің.

Сүйреткен көгеремдей құр жаныңды,
Мен түгелдеп беремін тұрманыңды,
Жағар от істеуіңе мен бермесем
Білмейсің қайдан келіп тұрғаныңды.

Сайманмен өзім берген жетілесің,
Мақтанып көп алдында көпіресің.
Өзімнің асыраған текешігім
Қалайша сен басыма секіресің!

Комбинат асу бермес асқар белім,
Сары алтын сарқыраған басқан жерім.
Немісті топан судай басып кетер
Ақ майдан нәсер төгіп аққан селім.

Ұшырып күлін көкке қырып жатыр
Күркіреп нажағайлап аққан селім.
Қопарып іргесінен жоқ қылады,
Уф деп ауызымнан шыққан демім.

Шын майдан санасатын болған жоқ па
Ерлердің ерлігінің артық-кемін.
Айбынды алыбымның біреуісің
Отанға тиетұғын күш, көмегің.

Сенің де қаһармандай қайратың бар,
Жалғыз-ақ емессің ғой менің теңім.
Сен едің жауға қарсы құрған шебім
Кетпейд деп тізе қоссам жауда кегім.

Екеуіміз егіз аудан емес пе едік,
Ұраным большевиктік шыққан тегім.
Өте нас зауытында тазалық жоқ,
Бекер деп айта алмассың осы жерің.

Жатса да ит пен құс жеп іріп-шіріп,
Бір мезгіл жиылмайды етек-жеңің.
Мінсіз деп бияладай кіршігі жоқ,
Бола ма осыған да пәлен дерің?

Бар жұмыс электрмен істеледі,
Өзгеден өндірісі үстем еді.
Бұған да айтар, таласар сөзің бар ма?
Фабрик бар заводқа күш береді.

Барлық Семей халқының отын жаққан
Анық нұрдың бұлағы қайнап аққан.
Сенің де ауданыңда бар заводтың
Осының күшіменен пайда тапқан.

Егер бұл бір есеппен от бермесе
Білмейсің келгеніңді қайсы жақтан.
Мыңдаған, миллиондаған жұмыскерім,
Жұлдыздай көпшілігі орден таққан.

Нұрлыбек, сенің сөзің босқа әуре,
Сыяды қалай айтсам маған мақтан.
Менсіз сен өмір сүріп күн көрмейсің,
Болғаның сенің адам менің арқам.

Көк өгіз жер мен көктің тірегіндей,
Алыбым арыстанның білегіндей,
Барлық Семей халқының, бар заводтың
ТЭЦ қой жан тербеткен жүрегіндей.

Береді бойға жылу, көзге жарық,
Нұр төгіп көпшілікке тұрғаны анық.
Ток берген электрдің қуатымен
Майданға көмек берген қанша халық!

Калинин ауданының өндірісі
Ерекше тұрған жоқ па олжа салып.
Былғары, тон заводы аталасың,
Затыңды бар істейтін бізден алып.
Шұғаны тонналаған алмадым деп,
Кәнекей, құтыласың қалай тынып?

Фабрик жүн шығатын бір заводта
Ат көпір айналасы жүн мен мақта.
Асқар бел, асу бермес құба жонды
Тау-тау боп үйіліп тұр кең алапта.

Жібектен ұстап көрсең айырмайсың,
Тазартып неше сортқа бөлген шақта.
Болады сан фабрик қамтамасыз
Жетіп тұр бір жер емес, әр тарапқа.
Бір заводым шұғаны тоқып жатыр,
Азамат қан майданда жүрген шақта.

Сан жерде балаларға бақша-ясли
Гүл шашқан, жұпар аңқып қызыл-жасыл.
Осындай бір тәрбие көрді ме екен,
Бұрынғы өтіп кеткен неше ғасыр.

Мектебім алтын күмбез асыл шатыр,
Ғылымның ләззаты дәл балдай татыр.
Баласы майдандағы ерлерімнің
Мектепте бірі қалмай оқып жатыр.

Алыбы ауданымның осы завод
Шықпаған жұмысынан ешбір ағат.
Майданда мұз төсенген ерлерімді,
Бөлеген шұғаменен неше қабат.

Шұғамның отаныма пайдасы көп,
Ерлерім ерлік етер ақ майды жеп.
Жауызды қара жерге тыққан жоқ па,
Сұмырай сұм Гитлерге жібермей кек!

Қар жауып, қара бұлт қан төккенде
Күн сайын кемімедім өрлемесем.
Әскерге берген азық-түлігіңді айт,
Нұрлыбек, сен де мендей болам десең?

Нұрлыбек:

Аға деп сөз ұсындым ақын Төке,
Ағындап ағалықтан шықтың жеке.
Орнына ақсақалдық сөз айтудың
Қып-қызыл жанжал салдың қызыл шеке.

Сөз болсын, өлең болсын хақиқатты
Шынында айту жөн ғой айқын төте.

Екі аудан удай болмай екі жақ боп,
Айтысқа кекіл түйіп түстік жеке.

Октябрь өндірістің ұясындай,
Саусақтың қатарланған саласындай,
Тармақты талай жылға ағып келіп
Теңізге құяр жердің сағасындай.

Бұл күнде бұрынғыдан өскен өмір
Алысы жер мен көктің арасындай.
Беделді комбинатты бетке ұстап,
Орын жоқ сыңаржақ кеп таласудай.

Вокзалым қайшыласқан қалың нөкер
Ақырып, тау талқандап жауға төнер.
Мыңдаған вагонменен ет, майыңды
Жеткізіп ерлеріме жедел төгер.

Ысылған кілең жастан ерлерім бар,
Бермей ме мұндай қуат бойға жігер.
Асау күш алып қара паровозды
Тоқтатып жүргізуге жетеді өнер.

Ақыным тарих білсең таласпассың,
Соғыста жол күшіне жанаспассың.
Жол деген ер жолдасы, ер қазынасы,
Күндіз, түн жолмен жүрсең, адаспассың.

Келген жау әуел жолға қол салады,
Жауласып әлі жетсе жолды алады.
Жол алынса жолымыз болмағаны
Қуаты басқа күштің жай қалады.

Сондықтан ең қару күш жол жеңіске,
Жол туралы мақал көп алсаң еске.
Жортқанда жолың болсын дейді қазақ
Болмайды бұл мақалды ескермеске.

Қай жерден өнерінді асырасың,
Жасадым сан кемеңі – ел қазынасын.

Ақыным, сізде бар ма мұндай табыс
Адамның тербетегін ой-санасын?

Жайындай ұлы Ертістің суын тіліп,
Құс қанат су сабалап жылып, жылжып.
Пассажир пароходта салтанатпен
Барады болашаққа құлаш ұрып.

Буксерлер алуан-алуан жол сүйреген
Қосақтап қос-қосынан кемеңі іліп.
Осындай ұлы табыс ел қазынасын
Жөн емес көрмеуіңіз көзді жұмып.

Сол үшін кешегі Отан соғысында
Көтердім асқақтатып асқар шыңға.
Жалақтап жауға қарсы сумаңдады,
Суырған ақ семсердей тыққан қынға.

Қай күшің мұндай күшке теңеледі,
Ақыным, құлақ қойып таза тыңда.
Амалсыз көпті көріп көне болған
Жол білсең таласпассыз айқын шыңға.

Сыраның заводы бар – аққан өзен,
Молдығы шалқар көлдей қаздай жүзем.
Артпаса, әлі кеміп көрген емес,
Кедергі кездесе де талай кезең.

Ыстықта қайнап шөлдеп, тандай қақсаң,
Сырадан мұздай тынық тына жұтсаң.
Шөл қанып маңдай терің бұрқ етпей ме,
Ақыным, аңғалдығың мұны ұмытсаң?

Ресторан, столовой, әр дүкенде
Бөшкелеп тасып жатыр күндіз-түні.
Сусындап қала-далам мейірі қанар
Түскенде әуе айланып қырық күн шілде.

Ол рас, сенің де бар тиер пайдан
Ел үшін екеуімізге бірдей майдан.

Бірлесіп, тізелесіп күш көбейтіп
Ғашистен кек алайық, жау сұмырайдан.

Істейсің қан мен безден дәрі-дәрмек
Қан қосылып қаны аздарға дәру бермек.
Жанға азық, бойға қуат, дертке дауа
Әлемнен аз табылар мұндай өрнек.

Мен сізден ішке тықпан мұндай күшті
Көрсетем әр жақтан да үлгілі істі,
Октябрь ауданында кожкомбинат
Есіме айналып кеп жаңа түсті.

Әуелі бейнелейін алып күшін,
Жаннаттың сарайындай көрсең ішін.
Кавказда Қазбектің қатпарындай
Байқасаң, тамашалап сыртқы түсін.

Шытырман бытқыл-жыныс кей сарайы,
Ғажайып дәл осындай бірталайы.
Киінген торкөз сауыт батырлардай
Шарт та шұрт, айқыш-ұйқыш бар маңайы.

Тетіктер аққан жайдай жарқылдайды,
Ұршықтай сансыз буын бұлтылдайды.
Болса да ауырлығы талай батпан
Түскен қыл арасына қырқылмайды.

Сағаттың жүрісіндей баяулықпен
Буыны кей тетіктің сыртылдайды.
Өнердің кейбір күші сумаң қағып
Жүйріктей сылаң қаққан сымпылдайды.

Жарқылдар жұлдыз көзді жаққан шамдар,
Айбынды салтанатты зәулім-заңғар,
Иірсең он мың жылқы жүк болмайтын
Кендігі бір жазира алқапты аңғар.
Ішінде осы алқаптың бөлшек-бөлшек,
Үйілген төбе-төбе былғарылар.

Асқақтап өнер күшім барады артып,
Жоспарым жылдан-жылға берілді артық.
Майдан тұрсын, басқа облыс аймағын да
Киіммен жабдықтаймын түгел қамтып.

Ел үшін, Отан үшін, намыс үшін
Комбинат құлаштады өнер күшін,
Тайталас Ұлы Отанның соғысында
Дауылдай қабындатты өндірісін.

Істеген игілікті істерімнің
Көрсетем әрбірінен керектісін.
Түгел айтсам, түбіне көз жетпейді,
Ақыным, осы арасын терең түсін.

Ісім мен өнерім көп артып жатқан,
Екпінін жылдан-жылға қарқындатқан.
Белсеніп бел асудың тартысында
Комбинат табыс күшін тасқындатқан.

Істейтін әрбір істі жеделдікпен
Ғажайып неше түрлі тетік тапқан.
Сондықтан ауыспалы Қызыл туды
Неше рет құрметпенен сыйға тартқан.

Сонымен, тоқтатуды мақұл көрдім,
Келелі кезек сөзден маржан тердім.
Өзің біл, не десең де, Төке ақсақал,
Толастап сөз кезегін сізге бердім.

Төлеу:

Нұрлыбек, айтқан сөзің өзіңе жөн,
Жұмысын заводыңның көрдім ғой мен.
Ет комбинат алыбы ұлы өлкемнің
СССР-дың ішінде атақты кен.

Ауданым айналасы толған завод,
Салынған тас болат үй сансыз қабат.

Көрген жан комбинатқа көзі талып,
Есінен адасады қылмай тағат.

Орнатқан босағасын сом алтыннан
Құлпырып іші толған бұлғын, жаннат.
Халықтың анасындай алыбыма
Тұрғаның тіл тигізіп, үлкен ағат.

Осымен ет комбинат тоқтасын да,
Айтылды байлық күші сөз басында.
Көпшілік, құлақ салып тыңдаңыздар,
Берейін біраз сөйлеп басқасын да.

Ертістің үн комбинаты жағасында
Көк майса көңілді еркін даласында.
Қараған көз айтуға сөз жетпейді
Өлшеусіз өндірістің бағасына.

Мың тонна тоқсан сортпен үн жасайды
Барлығы бірер тәулік шамасында.
Болады үн мен наннан қамтамасыз
Отанның жүрген ерлер таласында.
Сенің де күн көргенің менің наным
Ат қойып бұған да айдар тағасың ба?

Нұрлыбек, бола алмайсың сен маған тең,
Он есе сенен менің аймағым кең.
Құнарлы азық жасайтын бір заводым,
Әскердің тұлпарына дайындап жем.

Қоспа боп сұлы мен қант, арпа мен шөп,
Май мен тұз, басқа заты онан да көп.
Кезінде қан майданның қас қаққанша
Не деген тапқан өнер, не деген еп!

Дайындап сансыз тонна тәулігіне
Ат, әскер, жауынгерге пайдалы деп.
Фашисті тұяғымен тоздырады
Тұлпары ерлерімнің осыны жеп.

Жүрсе де құстай ұшып, қоймай жетіп,
Немісті қырып жатыр жібермей кек.
Отанға күш көмегім өте кесек
Нанбайсың атын атап көрсетпесек.

Жеткенше жол бойының ұшығына
Тұрады бір заводым шпал төсеп.
Дайындап жол сайманын отырғаным
Немісті күл-талқан қып қырғанға есеп.

Мінсең ат, кисең киім, ішсең тамақ,
Ауданым жайнап тұрған гүл-бәйшешек.
Тағы да бір заводым бар кірпіш сарай,
Маржандай қызыл кірпіш алтын арай.
Ұмытып құдайынды отырмысың,
Кірелеп тасушы едің сен де талай?

Сен түгіл пайдаланып тұрған жоқ па,
Облысы барлық Семей, барлық маңай?
Төбеңнен төмен қарай нұр құйсам да,
Алдым деп бір айтпайсың, мұның қалай?

Салған үй қызыл қыштан тасболатпен
Құмбездеп, көкке тіреп сан қабатпен.
Мұржасы, мұнарадай көрінеді
Қаланған нақысты өрнек салтанатпен.

Сен түгіл бықсып жатқан тері завод,
Аудан жоқ СССР-да бұдан өткен.
Ауданың бықсық десем, шынын айттым,
Ақыным, бола қоймас бұған өкпең.

Үйткені сенде мұндай өндіріс жоқ,
Атақты жер жүзіне даңқы кеткен.
Әскерге тон жасасаң, менің терім,
Шығарған өздігіңнен бар ма өнерің?

Оныншы облыстық сессияда
Жүздеген орден алды еңбек ерім.

Бір адам Октябрьден аталмады,
Ұят-ақ болған жоқ па осы жерің?

Теріңнің иін көрдім қазандағы,
Кеткенше кетіп тұрды мазам-дағы.
Өздерінше ұқсастық деп-ақ жатыр,
Мен ойладым қиын деп тазармағы.

Кемшілік сөз естісең, көп алдында,
Жақсылап істемеген сазаң-дағы.
Шешек шыққан кісідей қожыр-қожыр,
Былғары ұлтан сенікі базардағы.

Жауап бер сұрағыма қойған кезеп,
Азырақ дем алайын бойды тежеп.
Осынша кемшіліктің себебі не?
Айтып өт, Нұрлыбегім, бердім кезек.

Нұрлыбек:

Сексенге жетпіс асып басқан, Төке,
Тұсында теңдесінен асқан, Төке.
Ту ұстап, жауға шапқан қас батырдай,
Керісті туғызып ең бастан, Төке.

Ақындық адамыңыз қаз-қалпында
Түспесе көлденең кеп тоқсан, Төке.
Асылдан ағып түскен алдаспандай,
Артықсыз әлі талай, Төке.

Мін іздеп, қисын қуған жұқа сөзге
Тарылып, тапшыланып саспан, Төке,
Сүйтсе де ағалықтың жолын сыйлап,
Алғашқы берген сөзден аспан, Төке.

Алайда, ақын Төке, сөз айтыс қой,
Белдескен белес белде бір тартыс қой,
Ар сақтап, шынға тоқтап, кемдікті айту
Айтысса, ең қымбаты артық іс қой.

Өтейік олай болса шыңға тоқтап,
Айтайық кемшілікті тағы жоқтап.
Тапқыр тіл, ұшқыр қиял жеткенінше,
Қалмайық білген сырды ішке сақтап.

Мініңді көп қазбайын бірақ сенің,
Таусылмас өркештенген таудай мінің.
Естісе, басқа облыс жарамас деп,
Тоқтаттым терең ойлап істің түбін.

Саққұлақ Алматының ақындары,
Түп-түгел білуші еді мені бәрі.
Кералам бір айтыста кез болар деп
Бармадым жамандауға бұдан әрі.

«Аз сөзде көп мағына» деген мақал,
Мағлұм ұққан жанға сөздің мәні.
Толастап сөз аяғы тынар кезде
Айтайын, болса айтылмай қалғандары.

Атақты ерлерім бар айтылмаған,
Ерлігін ел көзіне айқындаған.
Тыл болсын, майдан болсын тар кезеңде
Іркіліп тізгін үшін тартылмаған.

Асқарым, Байбосынов жауынгерім,
Айтыңыз соған теңдес болса ерің?
Үш рет орден алды үздік шығып,
Кең қолтық, батыр жүрек, ардагерім.

Василий Зуев жолдас, бас инженер,
Сабырлы, терең ойлы, бір кемеңгер,
Мамандық білімімен қоса-қабат
Бойынан табылғандай қайрат-жігер.

Галина Григорьевна деген әйел
Сұңғыла терең ойлы іске шебер.
Секілді шын жауынгер қарындастар
Көрсетер жылдан-жылға артық өнер.

Таусылмас сөйлегенмен өмір сөзі,
Бұл бір кез өмір тулап жатқан кезі.
Айтылған түрлі кеміс үгіт сөзбен
Түзетер, түзетпесе заңның тезі.

Өмір тұрмыс ісіне жұмсалмақ қой,
Ой-сана, жігер, қайрат, ақыл кені.
Ойлаған терең шеңгел ойлы адамға
Осы айтыс сол саланың бір кезеңі.

Шынды айтсақ, екі жақта кемшілік бар,
Көзге айтсақ кемшілікті болмайды ар,
Келелік тоқтам сөзге, Төке ақсақал,
Артық, кем айтқаның да өткен шығар.

Кезеңде кезектесіп көп тартыстық,
Артық-кем адуындап сөз айтыстық.
Кемшілік сын кезінде болмасын деп
Ағындап барған сайын ширай түстік.

Тоқтадым сөз желісін өрістетіп,
Айтар сөз қалмаса да тегіс бітіп.
Ақыннан, көпшіліктен кешу сұрап
Артық, кем айтқан болсам, теріс кетіп.

Шын ақын ұйір болмас көп айтуға,
Жол табар жігін тауып жөн айтуға,
Сөз іздеп, қисын қуып, азар тауып,
Не пайда сөз желісін ұзайтуға.

Ақын деп олай болса кімді айтамыз,
Аттарын асқар белдей ұлғайтамыз,
Өлеңін ақын біткен олай болса
Сандарын сын тезінде ұзайтамыз.

Сондықтан осы облыс айтысына
Жиылған ақындарға сыр айтамыз.
Өзімді қоса қосып ақын топқа
Жүректен қайнап шыққан шынды айтамыз.

Еркесі еркін елдің егде ақындар,
Екшелер егес кезде ең батырлар.
Ескірген ескі өмірді еске алмай
Арнасын ақындықтың ағытыңдар.

Оралған қапылыста сұр жыланның
Қиратып улы тісін уатыңдар.
Тобыңа қосшылыққа мені ала жүр,
Қиқулап жандай шабар қуатым бар.

Ер ісін еңбек үшін сынар заман,
Кім болсаң да сыналар іспен баған.
Кім не істеп, не қойды, тарих куә,
Алғанда бөрі етекпен, жау жағадан.

Осының бәрін өлшеп қорытқанда,
Қиялды ор текедей орғытқанда,
Адал еңбек, әділдік, шындық керек
Сөз түйіп, ой тиегін ағытқанда.

Айтысқа жол ашылды екі жылдай,
Кемшілік болып тұрмас үнемі, ұдай.
Тартысқа тапқан мінді таптап өтіп,
Табысқа құлаштайық бұдан былай.

Батысқа тықтық қуып жаудың бұлтын,
Өзіне тұр түнеріп билеп ырқын.
Жай құлаш қала, далам, соқ сом балға
Ашуға қолымызға ап Берлин кілтін.

«Ақырғы жеңіс бізде болад» деген
Сенім сөз дана аузынан шыққан еркін.
Жас болсын, кәрі болсын ойрандауға
Жау болсын жайратарың есіл-дертің.

Ақырғы айтар сөзде берген сертім –
Бел будым өсіруге өнер көркін.
Лау жанып, бықсып сөніп, көмір болған
Кұл қылып өшіргенше жаудың өртің.

Төлеу:

Нұрлыбек, енді айтысты қоясың ба,
Өлеңмен жаудың көзін оясың ба?!
Кәріміз жас, жасымыз бас боп тұрмыз,
Көсемнің ел басқарған саясында.

Жетпіс асып, сексенге аяқ басқан,
Ілесіп мен де келдім қара сынға.
Алысса, атаңды жық деген бар ғой,
Төкең де құлаштады-ау, аясын ба!

Нұрлыбек, бұл айтыста кек болмайды,
Айтиссақ, бір күн, бір түн көп болмайды,
Ежелден атам қазақ айтқан мақал,
«Жақсыда кек, жаманда тек болмайды».

Бар мақсат – күл-талқан қып жауды алмақпыз,
Өзіміз жауды олжалап сау қалмақпыз.
Қалдығын тақыр таза құрытуға
Халықтың бетін солай аудармақпыз.

«Октябрь»¹ бұл айтысты кек алмасын,
Неғұрлым айтқан сайын жоғарыласын.
Екінші мұнан былай жұмысынан
Кемшілік қараған жан таба алмасын.

Қылыштай қыннан шыққан қырланыңдар,
Түңіліп жауға қарап сұрланыңдар!
Көрдіндер сөздің беті қалай шықты,
Осыдан, барлық халық, үлгі алыңдар.

Борадық жауған қардай оңды-солды,
Боран да басылатын мезгіл болды.
Күліп тарап, қуанып қосылалық
Нұрлыбек, жасың кіші, әкел қолды!

¹ «Октябрь» – Семей қаласының бір ауданы.

ЖАС АҒЫНДАРҒА ЖАУАП

Отырған «Екпіндіде»¹ балаларым,
Көзі ашық, көңілі жарық даналарым.
Жауабын бірер ауыз қайырайын
Сөз болса, менен күтіп қалағаның.

Өгіздей өрге сүйреп жеткізед деп
Сіздер ең өз көңіліме балағаным.
Келмеген кемшілігін толықтырып
Басар деп сол бойында жарағанын.

Сенемін терең ойлы жастарыма,
Бақ орнап, білім құйған бастарына.
Мен сөздің сыртын пішіп жіберемін
Әдіп пен сіздер ие астарына.

Өлеңді мен жасымда қаламадым,
Халыққа атым шығып тарамдым.
Жаңа өмір дәуірімде қайта жасап
Алабын Қазақстан араладым.
Жетпістен асқан шақта аз олжа ма
Беруге шылбыр ұшын жарағаным?

Кәйкенжан², айтпасаң да сөзің таныс,
Сіздерден жас мөлшерім үздік алыс.
Жастарға қайырлы өмір, бақыт берсін
Шығады енді бізден қандай табыс.
Кездесе, жастарыма көмектесем
Отандық, облыстық ұлы намыс.
Жайшылық жағдайда, айтыс емес
Салуға жараймын ба жаспен жарыс?
Қалайша өзіңді өзің ұсақтадың
Болғанда мен кім болам сіздер меліш³.

¹ Семей облыстық газетінің сол кездегі аты.

² Жазушы Кәйкен Шамкин.

³ Меліш – әдейі бұрмаланған, орыстың «мелочь» деген сөзі.

1946 жылы күзде жазушы Кәйкен Шамкин Төлеу ақсақалға редакциядағы азаматтардың атынан әзіл өлең жазып жіберген екен. Сол өлеңнің аяғы мынадай шумақпен аяқталыпты:

Деменіз бұлар неге тақылдады,
Семейдің өңкей меліш ақындары.
Әншейін інілікпен әзіл айтып,
Сізден бір жауап күтіп жатыр тағы.



ҚАЗАҚСТАН

(1946 жылы Жамбылдың 100 жасқа толуына арналған халық ақындарының жиынында айтылған)

I

Кестелеп келтірейін сөзден ырғақ,
Маңызын терең алып сыртын сырлап,
Ескі дәуір, қазіргі болған қалды
Айтайын сүйінгендей халқым тыңдап.

Жаңа сөз ескіні айтпай еске түспес,
Біріне бірін жалғап түгел сындап,
Жаннаттай ойы-қыры жайнап тұрған,
Берейін Қазақстан көркін жырлап.

Халық емес қазақ халқы тек жаратқан,
Қазыналы жер алабын кең жаратқан,
Сап қасқа, сайын қыран, батыр маңғаз,
Той-думан, балуан күрес, салтанаттан.

Топ жарған өрен жүйрік үлгілі ақын,
Аузынан шыққан сөзін ел жаратқан.
Шар айна жеті қабат, жібек қаттау,
Батырлар сауыт киіп көк болаттан.

Долданып қорамсаққа қол салғанда,
Сар жебе сарнап өтіп сан қабаттан.
Бота көз, бөкен қабақ, болат тұяқ
Аттары теке жаумыт қазанаттан.

Желегі найзасының дүр-дүр етіп,
Көк сүңгі ұңғысынан қанға батқан.
Ақ семсер алты құлаш сермегенде
Жауларын өрттей жайпап, шөптей шапқан.

Атамыз асқан ерлік қайратымен
Асты алтын, үсті меруерт қоныс тапқан.

Тарихта жүрген іс қой айқын сөз боп,
Сан ғасыр осы ерлігім қор боп жатқан.

Өнерсіз патша, билер заман кез боп,
Ескеріп елемеген елімді ел деп,
Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерімді,
Орнына жұмсамаған бірін жөндеп.

Аузынан алтын аққан ақындардың,
Бір сөзін қостамаған таптың сен деп,
Сөзіне баға берер жан таба алмай,
Абай да қапа болып өткен шөлдеп.

Қазына жер астында жатқан жайнап,
Бұлбұлдар қор боп жүрген іштен сайрап,
Партия бақыт заңын орнатқан соң,
Бұрқырап тұс-тұсынан шықты қайнап.

Қыстығып, ыза кернеп жүрген ерлер
Фашисті қырып-жойып шықты жайғап.
Түйіліп Москваға жау төнгенде,
Қанжардай қылшылдаған тісін қайрап.

Қамалға қардай борап қарсы шапқан
Күркіреп жауған күндей нажағайлап.
Қолдасып ұлы орыстың баласымен
Қазақтың батырлары шыққан айдап.

II

Бұрқырап өнер шықты әрбір тұстан,
Ат міндік аэроплан ұшқан құстан.
Партия ерік беріп ел қылған соң,
Іргелі ел атандық Қазақстан.

Сап алтын сардаладан күреп алып,
Тас көмір, тарықпаймыз жез бен мыстан.
Жер байлық, ел байлығың әлемге айқын,
Жайылып жер жүзіне даңқың шыққан.

Шыр етіп туысымен адам болдың,
Жыл сайын өсіп-толып, өрлеп қондың.
Тобықтай тұла бойда бір мінің жоқ,
Жиырма бес мүшеліңе былтыр толдың.

Өлшеу жоқ өндірісті табысыңа,
Өріске ойдағыдай барысыңа.
Жарқылдап жай отындай жау төнгенде,
Көрсеттің үздік өнер намысына.

Тұлпардай дуда қызған сілтегенде,
Кім сенің шақ келеді шабысыңа.
Қайратың қайтпас болат, талмас қанат,
Салайын көпшіліктің жарысына.

Алатау кең алапты асқан биік,
Төбесі күнді құшып, көкке тиіп,
Басына ақ бұлттан қалқан тігіп,
Үстіне көк болаттан сауыт киіп.

Ну орман, қалың жыныс, бұлғын, жаннат,
Сай-сала, бұғы, марал, арқар, киік.
Бұғының мойнын бұрап тоят алған
Ақ иық, алғыр қыран көкте шұйіп.

Сансыз көп жанды, жансыз қазынаңды,
Айтуға тіл жетпейді түгел жиып.
Саяда алма, құрма, сандал ағаш
Таранған сұлу қыздай шашын түйіп.

Мөлтілдеп сәукеленің моншағындай,
Мәуесін көтере алмай басын иіп.
Астанам, алтын орман алабында,
Тұрғандай он сегіз мың ғалам сыйып.

Шығысым – атақты Алтай асқар белім,
Алыбы ақтарылған алтын кеңім.
Батысым – Каспий, Арал, аққан мұнай,
Балығы пілден де үлкен Балқаш көлім.

Асты алтын, үсті миуа, жәннат сарай,
Құлпырған масатыдай басқан жерім.
Шалқи бер, шарықтай бер құлаш жайып,
Бөленген бостандыққа бақытты елім.

Алтайдың не шықпайды алыбынан,
Сай-сала саялы орман тарауынан.
Қойнынан астау-астау алтын төгіп,
Аламыз қолмен тосып балағынан.

Табысын айта алмаймын түгел тапқан,
Жылқысы текежаумыт, қазанаттан.
Құланын қолмен ұстап құрықтайды,
Мыңғыртып бұғы, марал қойша баққан.

Алтайдан алтын өлкем Ертіс аққан,
Қақ жарып көк Зайсанды сылаң қаққан.
Толқыны томарылған алтын айдап,
Тасқыны тасты ағызып, тауды соққан.

Жағасы қалың орман гүл шашқанда,
Көкке өрлеп күн нұрымен құшақтасқан.
Сыланған қыздай сынды қалың қайың,
Сылдырап маржан тізіп шолпы таққан.

Көрпедей көк далада шалғын пәйек
Меңгеріп ала алмайды бірер шапқан.
Жайқалып салған егін, еккен бақша,
Блияны бір керемет алып жатқан.
Пароход қыздай қалқып, қайшыласып.
Жүк тартқан тонна-тонна миллион батпан.

Түрксиб он алтыға толған жасы,
Асынған болат сауыт ақ алмасы.
Жарқылдап ақбөкендей зулағанда,
Басқан жер тітірейді тау мен тасы.

Ұшқан құс, шапқан тұлпар ілеспейді,
Шын жүйрік – бұған кімнің бар таласы?!
Отанға ұлы өндіріс еңбек еткен,
Түрксиб қазынаның желмаясы.

Самолет болат қанат көк қыраны,
Ерлігі қан майданда көпке ұнады.
Жарқылдап төбесінен жайдай түсіп,
Жау қайда, көрсет маған деп тұрады.

Мейлінше о да аянбай атқылады,
От шашып, оқ жаудырып қатты ұрады.
Көре ме қырау құрлы біздің қыран,
Сазасын он есе артық тарттырады.

Семейім ұлы Ертістің жағасында,
Құт құйған еңбегі өніп сабасына.
Білімнің мәдениет нұрын төккен
Ежелден алтын астау шарасына.

Бергені қандай көмек көпке мәлім,
Майданның ұлы жеңіс таласында.
Өндіріс, фабрикке сан жетпейді
Бір алып тері завод тағы осында.

Жай отын қағып алып шам жағады,
ТЭЦ тұр жер мен көктің арасында,
Толықсып төрт түлік мал сыймай жатыр,
Арқаның кең жазира даласында.

Кір жуып, кіндік кесіп сонда туған,
Данышпан Абай сынды данасы да.
Нұрқия, Нәйләмізды Отан сүйген
Қазақтың мақтанышы – баласы да.

Ертіске Семей бастап орнағалы,
Болыпты үш ғасырдың шамасында.
Жаңа отау, жас балалар таласа алмас,
Үлкен үй ақсақалды ағасына.

Қиялды шартарапқа аралаттым,
Ойыммен орағытып бәрін таптым,
Алатау, атақты Алтай, Ертісті өрлеп,
Каспийдің жағасына барып қайттым.

Қарсақпай, Қарағанды, Жезқазғанмен
Ерлігін көрсетейін Қоңыраттың.

Төрт алып аралары шектес жатыр,
Үстінде болат сауыт бұлт шатыр.
Құрыштап, гүрілдетіп күрзі соғып,
Орнатқан дұспанына заман ақыр.

Көкшетау – ерте күннен ерке Көкше,
Ерлігі игілікті елге ерекше.
Бурабай дертке дауа, ажалға ара,
Мәңгінің шипа болған суын сепсе.

Көкшеден сексен сала көл қайнаған,
Хан, қара қазақ елі ен жайлаған.
Қалың ел ошақ ойып, орда тігіп,
Басына Оқжетпестің ту байлаған.

Ту тігіп, тұлпар шыққан көркем Көкше,
Елге құт, ерге сая еркем Көкше.
Ежелден ойы балық, қыры киік
Бірысы шайқалмаған басқа тепсе.

Көк дала көпке нәсіл егін ексе,
Торқадан топырағың тұқым сепсе.
Артық тұр барлық таудан қасиеті,
Көрмей ме басқа жерге ақ нар шөксе.

Сырдария, Есіл, Нұра, Іле мен Шу,
Шынында сыр мен сынап айтарға су.
Дарияның асты балық, үсті сауық,
Ән қосқан әсем ұнмен қаз бен аққу.

Өлшеу жоқ колхоз, совхоз байлығында,
Мыңғырған тұс-тұсында сан қалың ну.
Жер байлық, мал байлығы елден асып,
Советтік Қазақстан көтерді ту.

Кемі жоқ біздің елдің мал басының,
Шымкент ұлы ордасы қорғасынның.

Тасы алтын, тауы күміс Қазақстан,
Үзілген сабағы алтын алмасынан.

Тұрғанда бектер мініп алтын тағын,
Кұрмелген сөзге келмей тіл мен жағым.
Мәдени оқу, өнер ен байлықтан,
Ретке сан қосылмай сынған сағым.

Асылдың жерден шыққан бәрі де бар,
Шығады жарлауланып қатпар-қатпар.
Болмаған, жер жүзінде естілмеген
Кенімнен шығып жатыр қымбат заттар.

Бір шетім алып жатыр Орал тауын,
Ерлерім шендетпеген оған жауын.
Сорғалап төбесінен жайдай түскен,
Ағытқан ақиықтай аяқбауын.

Ерлерім ел қорғаны әлемге ұран,
Бақытты шат өмірде мәңгі тұрам.
Мұз балақ, қырау қабақ, қарлы қанат,
Айбынды қайтпас болат, қызыл қыран.

Жерімде қымбат баға затым да көп,
Кемеңгер ерлерімде ақыл да көп.
Адамы он алты Одақ түгел доспыз,
Тіземіз ашылмайтын жақындап көп.

Топ жарып, тау құлатып, қамал бұзған
Бауыржан, Мәлік сынды батыр да көп.
Алдымыз Алатаудай алып Жамбыл,
Бұлбұлдай сайрап тұрған ақын да көп.

Бас тартқан ынтымақтан елім бар ма,
Жайратып жауды алмаған ерім бар ма!
Ішінде ширек ғасыр Қазақстан
Жетпеген, жетіспеген жерім бар ма!

Надандық, бар ма сенен көрмегенім,
Қалмады етек ұстап ермегенін.

Ғалымдар академиясы туын тікті,
Осы еді ынтам құрып шөлдегенім.

Аз көрдік жарық дүние бұрын тіпті,
Қараңғы тарта алмаушы ек ауыр жүкті.
Орнатып ғылым көлін ортамызға,
Астанам Алматыға орда тікті.

Қамалып қараңғыдан қаша алмаушы ек,
Жарыққа адым салып баса алмаушы ек.
Бір жақта ғылым бар деп іздегенде,
Белестен асқар түгіл аса алмаушы ек.

Жамылып надандықтың көне тонын
Бір түлеп өміріне жасармаушы ек,
Ұлы орда ортамызға тікпек түгіл,
Есігін отау үйдің аша алмаушы ек.

Төменнен қанат қағып, шыңға шықтық,
Ғылымның дариясынан жүзіп іштік.
Білім мен ерлік, еңбек арқасында,
Айды өбіп, аспандағы күнді құштық.

Енді біз әл бермейміз алысқанға,
Сынасып өнер, білім жарысқанға,
Қолдағы малды айтушы ек, барды айтушы ек,
Өмірде бұдан артық табыс бар ма.

Бауырым Қаныш, Мұхтар, алғыс айтам,
Ғылыммен елің үшін танысқанға,
Құтқарған надандықтың бұғауынан
Бас идім өздеріңдей данышпанға.

1946 жыл

АҚЫЛЫММЕН КЕҢЕСУ

Кәрілік жат қылатын жақыныммен,
Өмірдің көріп тұрмын ақырын мен.
Бір күні қиял-ойға көп салынып
Ойландым кеңесуге ақылыммен.

Көп емес, ақылым да шамалы еді,
Болар деп аздың азша табары енді.
Мақсатым – өз жайымды сұрамақпын
Келген соң кәріліктің хабары енді.

Өмірде екі түрлі заман көрдім,
Әзірше өлгенім жоқ, аман келдім.
Жайымды айтып, халімді сұрайын деп
Ақылым, аз да болсаң, саған келдім.

Көңілім қартайған жоқ, әлі аспанда,
Қалады бір шайқасып жанасқанға.
Оңымен, терісімен жұмысы жоқ,
Келеді жөн айтқысы адасқанға.

Лепіріп, алып-ұшып шарықтайды,
Баяғы ескі әдеттен жалықпайды.
Шайқама шағым тілі тағы да бар
Маған кеп мына сөзді анықтайды:

«Тұлпарда тұр бола ма күй кеткен соң,
Кім болдың жастар ақыл үйреткен соң?
Қор болған тіршіліктің керегі не
Балаға қатынменен билеткен соң?».

Кей кезде сол сөзге еріп мақтанамын,
Сөйтсе де көп еруден сақтанамын.
Қысқасы, енді қалған өмірімді
Қайлайша қадірімен атқарамын?

Әлқиса, ақылымның айтқаны:

Әуелі бірінші сөз – мақтанбасаң,
Өмірді артта қалған ақтармасаң.

Мақтан сөз кәрі түгіл жасқа ұнамсыз,
Ертерек есің барда сақтанбасаң.

Жастарды алдындағы күндемесең,
Қисығын көрсең дағы – мін демесең,
Сұраса, білген ғана сөзіңді айтып,
Ешкімге өздігіңнен үндемесең.

Біреуді сырттан сөз ғып даттамасаң,
Бірді сөгіп, біреуді мақтамасаң,
Өзіңді өзің бағып, жайлап жүріп,
Ақсақалдық арынды сақтап қалсаң.

Елсізге ен жайылып кетпей босқа,
Азынап сары азбандай тоқтамасаң.
«Бері кел, жоғары шық» демегеннің
Тек жүріп босағасын аттамасаң.

«Е» десе, мен де «мә!» деп тұрам деме,
Ешкімді «жоямын» да, «қырам» деме.
Болмаса адал еңбек, таза кәсіп,
Біреуді үзіп, біреуді жұлам деме.
Жіліктің майлы басын бері тартып,
Пайдаға тым өзімшіл болам деме.

Сонда азар болсаң қалай қадірлі шал,
Кеткенін заманыңның мойныға ал.
Әлі айтқаным келеді деп арпалыссаң,
Демей ме біреу сырттан «адырам қал!»
Кешегі жалындаған жас шағыңда,
Әрине, болған шығар айтқаның бал...

Сұм өмір тиянақты тіреуі жоқ,
Болады бірі жалын, біреуі шоқ.
Басыңа білім-ілім құйып тұрған
Жастарды дей алмаймыз тілеуі жоқ.
Азынап от басында отырсаң да
«Ақсақал, сіз біл» дейтін біреуі жоқ.

Себебі олар ескіден ерте безді,
Алмайды қалған дәуір ескі сөзді.
Оқымаған соқырдан жөн сұрай ма,
Жол көрген өкіметтен «екі көзді»?

Енді сен қайта жасап жас болмайсың,
Жастарға нұсқау айтып бас болмайсың.
Дені сау, балаларың тірі жүрсе,
Киім жыртық, тамағың аш болмайсың.

Бұл жалған көшпелі алтын қолдан қолға,
Сен де аз күн ұстағансың әрең зорға.
Әуелден арнаулы ажал алдыңда тұр
Таянып отырсың ғой тайғақ жолға.

Мықты бол піл секілді жараға да,
Кіріспе егерлескен араға да.
Атанып от басында қазымыр шал
Соқтықпа қатынменен балаға да.

Атанба «неғылған шал босқа жүргіш»,
Естіген әңгімеге құлақ түргіш.
Естігеншіл, білгеншіл, бола берсең,
Шығады ондай сөзден талай ілгіш.
Дауасы көріліктің – ауыз баққан
Тіл алсаң – бола берме онша білгіш.

Қиын ғой өткен істің табылмағы,
Жас өмір жарқылдаған шағындағы.
Ен дала сахарада жүрген шақта,
Адам ең ел қатарлы табындағы.
Адамға қартайған соң әбестік қой,
Өмірді артта қалған сағынбағы.
Ойласақ – өткен өмір көрген түстей,
Бұлдырап елестеген сағымдағы.
Ол дәурен енді саған ұстатпайды,
Көз салшы заманыңа ағымдағы...
Дәм ішіп, бет-қолыңды таза жуып,
Жата бер тұрмысыңа бағындағы.

* * *

Өзім де жаралғаннан жасық едім,
Мен қашан озық туып асып едім?
Осыдан пайдалы сөз таба алмадым
Әр жерді байқап-байқап басып едім.

Ақылым осыны айтты, әбден ұқтым,
Жағама тұмсығымды мықтап тықтым.
Жасық, жаман емессің бәрің мендей,
Басқа шал, қимылдай бер менен мықтың!..

1948 жыл



ДОСТЫҚ

Терезе тең зор бақыт,
Заманым берген еркіндік.
Тұншығып ойда жатушы ек,
Биікке шығып желпіндік.

Бұлтты түріп, күн шығып,
Қараңғыдан серпілдік.
Ой-өрісі көсіліп,
Көрікті сөзге жетілдік.

Тіл тиегі шешіліп,
Қиыннан қисын келтірдік.
Бұрынғы жат ел дос болып,
Бір бауырдай берілдік.

Ертеде елде достық жоқ,
Болса арбасу бір түндік,
Бүгінгі достық мызғымас
Өмірлік мәңгі шын шындық.

1948 жыл



ЖОҚТАУ

(Ала¹ қайтыс болғанда, келіні Шамаранның атынан жоқтаған сөзі)

«Адалынан қосылып,
Үш жастың бірін жасамай,
Арманда кеткен жолдасым,
Топыраққа түсіп, тот болдың.
Алтын сапты қанжардай
Жарқылдаған алмасым,
Қайғының тонын жамылып,
Ақ бүркей басқа салынып,
Көл болып ақты көз жасым.
Жер таппаймын кірерге,
Ағла деп келгенде,
Құрбыларың, құрдасың.
Ыңқ еткеннен ауырып
Арыздасып, қоштасып
Жалғанда біліп тұрмасын,
Жәннатта болып орының,
Алдыңнан Алла оңдасын.
Жалғанда қимас татуым,
Пайғамбардың туында
Көруге тәңірім арнасын.
Өлейін десем, өле алмай,
Тағдырсыз жанды бере алмай,
Жұртыңда қалдым қайғырып,
Қатарыма ере алмай.
Қара салып, қан жұтып,
Қасқайып қарсы келе алмай.
Жер бесікке бөлендің,
Жарығында жалғанның,
Жайраңдап аз күн тұра алмай.
Бір жасында Айбегің
Аяғын басып жүре алмай.
Тым болмаса тіл шығып,
«Аға» деуді біле алмай.

¹ Ағла – Төлеудің Құлжанбек деген үшінші баласынан туған немересі. 1949 жылы мамыр айында 23 жасында дүние салған.

Бүгіліп отыр кәрі атаң,
Топшысынан томырылып,
Қанаты сынған қырандай.
Арманда кеткен боздағым,
Отты жүрек, өр қайрат
Майданға түсіп сыналмай».

Немересі Ағла дүние салған соң, төрт айдан кейін Төлеудің өз баласы Құлжанбек те қайтыс болады. Соған жазған жоқтауы:

Өз алдына отырған,
Ақар-шақар ауыл боп.
Баласы болса үйленіп,
Бір тайпа елдей қауым боп.
Алтын еді қадамы,
Бір сөйлескен адамы,
Туысқандай бауыр боп.
Енді мұндай хал болды,
Есім шығып дал болдым
Желсіз күн маған дауыл боп.
Ашық күн маған тұмандай,
Түзу жолым бұраңдап,
Бүлтсыз аспан жауын боп.
Жайқалған жасыл шалғыным,
Мәуеленген балдырым,
Ел көшкен жұрттай дабыл боп.
Ой шатасып, ми шіріп,
Немене енді тіршілік?!
Жүрегім жара жауыр боп,
Адамның көркі – бала ғой,
Жазылмайтын жара ғой,
Өлгенімше тәуір боп.
Арасына жыл салмай,
Екі оқ тиіп дем алмай,
Батпандай басты ауыр боп.
Желмаядай жер шалған,
Жүйрігі-ай шіркін көңілдің
Қу түлкідей күлімдеп
Алдамшысы-ай өмірдің!
Артыма арнап сақтаған,

Жемісім жерге төгілдің,
Тот алмайтын алтыным,
Топыраққа көмілдің!
Болаттан асыл сүйегім
Бордай босап егілдім.
Көз жетпейтін шыңырау,
Түпсіз ойға үңілдім.
Алдағы аз өмірдің
Қызығынан түңілдім.
Жиырмадан астам жыл
Ағарту жолға жегілдің.
Бала оқытып сонша жыл
Халыққа еңбек сіңірдің.

Қыс оқытып, жаз оқып,
Қолыңнан түспей қаламың,
Партияның жолынан
Таймап еді табаның.
Болашақ пен болғаннан
Толық еді хабарың.
Басқан сайын еңбекші ел
Айтушы ең мақсат табарын.
Қалды артыңда қайтейін,
Бақытты, қызық заманың.
Қос қанатым, қос қалқам,
Іздеп қайдан табамын.
Жылаймын да шыдаймын,
Әлі де артын сұраймын,
Тағдырға бар ма амалым?!

1949 жыл



ЗАМАНЫМ

Ой толғап, ми қорытып, жүрек тербеп,
Сен аш деп сөздің кілтін тілге бермек.
Алмас тіл асыл сөзден нақыс салып
Безеңдер алтын шашақ төгіп өрнек.

Жасымда зая болды адал еңбек,
Қапқа сап өлеңімді атқа теңдеп –
Жүрсем де баға беріп ұғар жан жоқ,
Амал не, істеп жүрмін өзіме ермек.

Сондықтан сол заманда қара түнек,
Еңбегім зая болды жүрдім жүдеп.
Өкінбен кең заманға кеш келдім деп,
Тотыдай түрленген соң қайта түлеп.

Күн сайын түлеп, үдеп төске өрлеймін,
Ойға алып жетпіс бесті ескермеймін.
Ауру менен ажалдың жөні басқа,
Кәрілік тіпті саған дес бермеймін.

Мен неге қартаямын көңілім жай,
Туып тұр алдымнан күн, артымнан ай.
Бақытқа бастап тұрған ұлы көсем,
Елім бай, ел қорғаны ерлерім сай.

Өмірім күн-күн сайын гүл-гүл жайнап,
Сайраңдап сандуғаштай жүрмін сайрап.
Қосылып жастарменен күліп-ойнап
Заманым салтанатым жүрмін тойлап.

Қосылып ән шырқасам жастарменен,
Мәңгілік айрылмайтын достарменен.
Әсем ән аққудайын қанат қағып,
Мәскеуге естіледі аспанменен.

Заманым күнде бәйге, күнде жарыс,
Құлашым сермегенде түседі алыс.

Күн сайын, сағат сайын, минут сайын
Дәстүрім болып алды даму, табыс.

Бас иіп құзырыма тізе бүккен,
Соқтыққан талай тентек шөлкем-шалыс.
Қалмайды бір сіліккен қарпуымнан
Арыстан азу тісі алты қарыс.

Аумағым, Алатаудың аумағындай,
Салмағым бүкіл дүние салмағындай.
Шоқтығым бар әлемнен жоғары тұр,
Асқар шың Гималайдың заңғарындай.

Менің бұл мықтылығым, елімменен,
Елімнен туған мың-мың ерімменен.
Сыңсыған қалың егін, қаптаған мал,
Тасы алтын, тауы күміс жерімменен.

1949 жыл



КӨРКЕМ АЙЫ КӨКТЕМНІҢ

Көлемі гүл бақшамен көмкеріліп,
Саяда қаулап өссін егін жайым!
Шығынсыз төрт түлігім төксін төлін
Ылдидан төске өрлейік өскен сайын!
Шаруаның төрт маусымы атанады,
Бөлгенде төрт тоқсанға он екі айым.
Сол төрттің бірі көктем болса-дағы,
Көргем жоқ көркемдікке майдан байын.
Үш ай көктем, үш ай жаз, үш айым күз,
Үш ай қыс ақпан, қаңтар ызғарлы сыз.
Жер-көкті маужыратып май келгенде,
Қалмайды ерімеген жерде тоң-мүз.
Майда желі жібектей тұнық түні,
Масайрар нұр сәулелі ашық күндіз.
Аққу-қаз көлге жүзіп қоразданып,
Сайраған бұлбұл, көкек, таста байғыз.
Ұйқыдан көзін ашқан нәрестедей,
Жаудырар жасыл орман тауда жалбыз.
Жер жүзі мәуеленіп көз тартады
Киінген сұлу қыздай камшат-құндыз,
Жымыңдап жылт-жылт еіп гүл-бәйшешек,
Шыққандай шырақ жанып жерден жұлдыз.
Қолымыз көкке жетер құлаштасақ,
Жаз – еңбек бәйгесінде жыраққа шап!
Озат ел даңқымызға нұқсан келер,
Жылдан-жыл күндегіден күнде аспасақ.
Бас қосып жер-жаһанның демократы,
Айтып тұр қалмаймыз деп біз бастасақ.

1950 жыл



МЕНИҢ ӨМИРІМ

(Ж... есімді замандасымның толғауы)

Атыңмен мақтанатын халқым менің,
Жырлайын той төрінде даңқыңды елім.
Ежелден ел шаттығын жырлап жүрген
Қаумала шабытты ақын қартыңды елім.

Ел үшін туған соң, мен елім деймін,
Еліме еңбек етсем ерінбеймін.
Жырласам бүгінгіні, бұрынғыны
Не қалды айтылмаған дегізбеймін.

Жырлайын бүгінгіні, бұрынғыны,
Ашылсын талай жырдың шымылдығы.
Болған соң салғастыру қағидасы
Ақынның айтылғанда ұзақ жыры.

Артыма бір бұрылып, аялдайын,
Бұрынғы айту үшін қазақ жайын.
Өзімнің көзімменен көргенімді
Азырақ алдарыңа баяндайын.

Біз бұрын Азияда көшпелі елміз,
Көшүмен талай тайғақ кешкен елміз.
Түңлігі түрілмеген құрым үйдей
Тұманды тұн астында өскен елміз.

Қараңғы оқымаған наданы көп,
Болған соң көзімді ашар адамым жоқ.
Жырымды жаздырмады, жатқа айтқызды
Қытымыр патшаның сұм заманы боп.

Патшаның заманында ақын Абай,
Мінеген надандықты талай-талай.
Мінедім мен де жырмен, ұқпады жұрт
Болғанмен тілім – жырау, атым – малай.

Бүлінді дау-жанжалмен ел арасы,
Құн дауы, жесір дауы, жер таласы.

Жем болған қала, дала ұлығына
Қазақтың қалың қара бұқарасы.

Қалмаған қанға сіңген шылықтары,
Бірінен бірі асады былықтары.
Орнына жөндегеннің жүндейтұғын
Ойда ояз, қырда болыс ұлықтары.

Ұрыдай ру басы пәле бағып,
Параны ұлықтарға беріп жағып.
Әл жеткен аз атаға күнде шапты
Кінәсі болмаса да кінә тағып.

Келгенде приставтың шабарманы,
Қалмайды қансырамай қадалғаны.
Қайда барсам Қорқыттың көрі болып
Паналап жан қалар жер таба алмадым.

Бүлінді ел арасы сайлау болса,
Мәнсапқа таласатын байлар болса.
Болады бірі болыс – ақша шашып
Көбірек малды қырып сойған болса.

Сайланып елу үйден елубасы,
Қолына ұстағаны – шардың тасы.
Болсын, қалсын сайланып тас өткенше
Бәрі соның аузында байдың асы.

Байлардың асын ішіп, атын мініп,
Қансырап біреу жылап, біреу күліп.
Атадан ұл, анадан қыз айрылған
Сайлау емес, әрекет бүліншілік.

Әрекет басталады бір жыл бұрын,
Байлардың ат пен ақша алып пұлын.
Қым-қиғаш, қырғын қызыл төбелесте
Өлгенді талай көрдік боп көк жұлын.

Қожасы екі жақтың – байдың табы,
Кедейдің құлшылықта жүрген шағы.

Шеп құрып, алдына сап оққа ұстайды
Сонда елетін – тағы да кедей жағы.

Мақсаты – болыс болып ел меңгермек,
Еркіндеп ел несібін қылғи бермек.
Сайлауда шығын болған мал мен ақша
Болыстың пайдасына елден өнбек.

Болыстан көре алмадым жарық, опа,
Көргенім опа орнына зәбір-жапа.
Жалыншақ жалтаң көз боп өмір сүріп
Текені – жезде дедім, ешкіні – апа.

Қараңғы, келешектен хабарым жоқ,
Жол біліп өздігімнен табарым жоқ.
Болса да қисық-қыңыр жүре бердім
Былай деп жөн көрсеткен адамым жоқ.

Дыбыссыз жым-жырт дүние құлақ түрсем,
Кірмейді түсіме де көзімді ілсем.
Кім білсін, басқа пікір болар ма еді
Таң атып, күн шығарын сонда білсем.

* * *

Саудагер тар пейілін кеңге бұрып,
Берерде ол да күліп, мен де күліп.
Тебен ине берсе де несиеге
Тиынын өсіреді теңге қылып.

Саудагер бұлын артып ат-түйеге,
Келгенде бай алады ту биеге.
Тайынша ғып берем деп бұзауымды
Матасын мен де аламын несиеге.

Қуанам аз да болса, көптей көріп,
Бергенін несиеге тектей көріп.
Жаз шыққан соң білмеппін бір-ақ түсті
Төбелінен жайдың оты көктен келіп.

Жаз шықты, саудагердің келді қосы,
Жемтіктес ол да байдың құзғын досы.
Төлеткен үш есе ғып несиесін
Секілді жан алғыштың өзі осы.

Қысылдым терім шығып жауырыннан,
Қарызға мал сұрадым ауылымнан.
«Енді қайттім, өледі-ау балаларым
Айрылса жалғыз сиыр сауынымнан.

Кедейге кім береді малын қарыз?
Мойнымда өтелмей жүр әлі қарыз.
«Еңбегім сіңіп жүрген малшыңмын» деп
Жүгіріп байға келіп айттым арыз.

Жас ағып, көзім жылап, аузым сөйлеп:
«Алып ем несиені тегін ғой деп.
Бермегім тайынша еді, сиыр бопты
Алғаным – әйеліме жалғыз көйлек.

Бір сиыр – бір үйлі жан қарағаным,
Болмады одан басқа жарағаным.
«Сиырдан айырылсақ, не болдық?» деп
Бақадай шулап отыр балаларым».

Шомылдым қысылғаннан қара терге,
Бай-еке, таяндым ғой өлер жерге.
Өзіңіз жетпегенін қосып беріп
Өткізсең тайыншамды саудагерге.

Болды ғой борыш қиын өлгенімнен,
Қараңғы көр азабын көргенімнен.
Ақы алмай, киім кимей алты ай жүріп
Өтейін үстеуіңді еңбегіммен.

Ақы алмай, киім кимей байға жүрдім,
Мұртынан жымың етіп бай да күлді.
«Жарайды, жетпегенін берем», – деді
Ішінен «тапты ғой, – деп, – ойдағымды».

Өмірі жаным сая таба алмады,
Не қылса байға кедей жаға алмады.
Сөз естіп, таяқ та жеп, малын бағып
Сонымен сақал-шашым ағарғаны.

Қауғадай салпылдаған көрі шалдар,
Тақымы жалтыраған тері шалбар.
Түнде күзет, күн бойы бие сауып
Көп болды қорлық көрген мендей жандар.

Құрығыр одан әрі ескі дәуір,
Аяқты ақсақ, арқамды қылды жауыр.
Өліп жатсам қара су тамызбады
Өзі бай, өзі емшектес туған бауыр.

Толмады кедей байдың тақымына,
Туысқан сүйкімсіз боп жақыныма.
Жұмыссыз ауыз толы ас бермейді
Арқалап әкелмесем отынын да.

Туысқан қашық емес арамыз да,
Бір әйел бізді туған анамыз да.
Бірі қойшы, біреуі қозышы боп
Жүрмесе тезек теріп баламыз да.

Тұрмысым – дүниенің масқарасы,
Әкемнің шымнан салған баспанасы.
Бір жағы салдыр-гүлдір құлап жатқан
Тіреген қисық арша тас қорасы.

Болған соң үйдің іші бықсық түтін,
Әйелім көзі көрмей төгіп сүтін.
Орнына пиаланың қарын қаптап
Болмады бір терезем көзі бүтін.

Болмады бұрын менің адамдығым,
Ішінде өскендіктен қараңғының.
Жанған соң өмірімнің жарық шамы
Арттағы көрініп тұр надандығым.

Болмады жұмысымда сан мен сапа,
Көрмедім еңбегімнен ешбір опа.
Жер жыртып бірер тақта егін салсам
Сайманым – жауыр өгіз, ағаш соқа.

* * *

Қолданған молда болды арап әрпін,
Ұстаған өмір емес, діннің шартын.
Өмірге бір пайдалы іс ете алмай
Қараңғы артта қалған қайран халқым.

Бала оқытсаң, қанша деп алар ақың,
Молда айтады алудың шарифатын.
Алты айда кісі аты мен цифр жазып
Танысам аз емес қой қойдың хатын.
Ақы беріп бос қалған талай бала
Қой түгіл тани алмай «ешкі хатын».

Алдамшы молда осындай дін таратқан,
Шарифат, дәріс айтып ескі араптан.
Жұмақ пенен тозақты байқап тұрсақ
Секілді өз қолымен сол жаратқан.

Молдаға садақаны көп қып берсек,
Аламыз сөзсіз орын сол жұмақтан.
Қайыр, ықсан аз берсек, не бермесек
Күнәһар боп құр қалдық көп сауаптан.

Мөлиіп көзді жұмып құран оқып,
Сырты сынық, сұмдығын ішке тоқып.
Өлім көрсе – жиылып ойдан-қырдан
Қара құстай үймелеп жемтік шоқып.

Ұқсайды жемтік көрген қара құсқа,
Аяттың біреуі ұзын, бірі қысқа.
Байға көбін оқиды, кедейге – азын
Бай, кедейдің құраны екі басқа.

Қарадай шарифатқа судай ағып,
Өлікті меншікке алған қойдай бағып.

Ішінде біраз күннің кісі өлмесе
Нала боп тәңіріне табыт қағып.

Бояған бақсы болды елдің көзін,
Көрсеткен бір керемет бұзып өзін.
От шашып, ойран ботқа аласұрған
Нандық-ау заңдай ұйып жынның сөзін.

Молданың алуға айтқан шарияты,
Көрінбей бақсының да көп оғаты.
Халықты сонша жем ғып адастырған
Бәрі сол надандықтың ғаламаты.

* * *

Әйелдің күні құрысын ондағы өткен,
Көбінің күңшілікпен күні кешкен.
Екінің бірі алады екі қатын
Алған бар ұйір топ қып төрттен-бестен.

Осы менің көргенім жасымдағы,
Сондағы шыққан сақал-мұрт, шашымдағы,
Ағарып ерікті елдің таңы атқанша
Өзімнің кешіргенім басымдағы.

* * *

Таң атып мөлдіреді кең аспаным,
Жолымнан бұрынғыдай адаспадым.
Әлемді кереметтей таңырқатты
Құздардан нелер қиын дәл асқаным.

Қосылып қала менен даладағым,
Іске асып сан ғасырлар қалағаным.
Шығыста Отанымның отауы боп
Жаңадан Қазақстан шаңырағын –
Көтердік соқтырдық та сом болаттан
Босаға, табалдырық, сағанағын.

Атым – қазақ, өлкеміз – Қазақстан,
Атанып арналды оған талай дастан.
Жайғандай жайлауына жібек кілем
Қаланды қалалары мәрмәр тастан.

Үсті – ырыс, асты – қазына байтақ жерім,
Қойнынан табылып тұр бар керегім.
Алуан кен ақтарылып төгіледі
Салғанда болат бұрғы инженерім.

Уа, менің қазыналы байтақ жерім,
Ақтарып алуан түрлі асыл кенін.
Басталып басы Алтайдан сансыз алып
Еліме беріп жатыр бәрін тегін.

Қарасам Қарағанды көміріне,
Көмірдің өлшеу жетпес өніміне.
Келешек ұрпақтардың бақыты үшін
Жетерлік сан ғасырдың өміріне.

Қарсақбай, Қоңыратым, Жезқазғаным,
Мың жылдық қуат, азық, жем қазғаным.
Айта алмай теңеу тауып тасқын кенге
Бұл менің тілім жетпей кем жазғаным.

Байлығы қорғасынға Шымкентімнің,
Кешегі қиын-қыстау дауыл күннің.
Тағдырын шешті десем, артық болмас
Ажалды аран ашқан оқпен жеңдім.

Толықсып жер мен көктің арасынан,
Аспаған қазынам бар ма шарасынан.
Балығы тайдай тулап Каспий жатыр
Тасытып мұнай селін жағасынан.

* * *

Зулатып Түрксибпен талай оздым,
Асқарлар асып, күнге қолым создым.
Тарбағатай тауындай жүк тартатын
Күші бар от жүректі паровоздың.

Жер сілкіп тегеуріні серпіндеген,
Желпінсе желден оза еркіндеген.
Тас түссе табанына талқан қылып
Тау тұрса жарып өтіп іркілмеген.

Болса да барар жері қанша қашық,
Алады алты айлығын алты-ақ басып.
Көрінген көз ұшында көк белестен
Бұлдырап қас қаққанша барады асып.

* * *

Құрыштай колхозымның құрылысы,
Береке толып тұрған іші-тысы.
Бұлақтай буы шығып қатпайтұғын
Байлығы тасып аққан жазы, қысы.

Саялы егін жайым орман-тоғай,
Бау-бақша мәуеленген барлық маңай.
Өзгертіп табиғатты қолдан жасау
Бастаушы көрсеткен соң болды оңай.

Секілді арықтарым – аққан бұлақ,
Жаңбырға жалынбаймын көктен сұрап.
Жүгірткен бұлақтарды өз соңынан
Көңілі көлдей шалқып біздің мұрап.

Олжаға адал еңбек әбден баттым,
Табыстың күн-күн сайын кілтін таптым.
Қыртысы қара жердің қардай тілген
Күші бар тракторда сексен аттың.

Қарасам қапысызбын қай жағыма,
Машина сан жетпейді сайманыма.
Көктемде тоқпен сауған колхозымның
Сүті ағып, көлдей шалқып қаймағы да.

Жұмысқа шығарғанда сайдақталып,
Қайраты тасты жарып, тауды ақтарып.
Көргенде еңбек еткен ер, әйелді
Тұрамын мақтанышпен мен шаттанып.

* * *

Жарқырап омырауға орден тағып,
Бегінен нұр төгіліп, оты жанып.
Тойға бара жатқандай жұмысына
Жайраңдап жарқылдасып күлім қағып.

Көрмеген еңбек десе ерініп бір,
Ерлерім еліне шын беріліп тұр.
Бүгінгі адамымның ажарынан
Нышаны келешектің көрініп тұр.

* * *

Отырдым мен де келіп орыныма,
Клубтың тамашалап толуына.
Күндізгі қоңыр киім жұмысшы емес
Бәрінің таңырқадым форымына.

Ажары ай сәулеті ашық нұрдай,
Бұрқырап жұпар иісі шыққан будай.
Ақ жүзі айнадайын қыз-келіншек
Жарқылдап көл бетінде жүзген құдай.

* * *

Оқып жүр мектебінде барлық бала,
Болады енді туған бала дана.
Өмірім өнерменен өркендеді
Секілді болып кетті далам қала.

Бақыт шамым жарқырап маңдайымнан,
Бал тамып, алтын ағып таңдайымнан.
Атайын талай асу ассам-дағы
Өзімнің қартаймайтын жағдайымнан.

Ой толғап, ми қорытып, жүрек тербеп,
Кестелеп келтіре алса тіл шеберлеп.
Алмас тіл, асыл сөзден нақыс салып
Безендір алтын шашақ төгіп өрнек.

Өлеңім нәсерлетіп тасқын селдеп,
Қазақтың кең даласын кетсін кернеп.
Жетпістің бесеуінде жігіт болып
Күн сайын көтерілем аспанға өрлеп.

Жасымда зая болды адал еңбек,
Қақпа сап, өлеңімді атқа теңдеп.
Жүрсем де баға беріп ұғар жан жоқ
Амал не, істеп жүрдім өзіме ермек.

Сондықтан сол заманда қаратүнек,
Еңбегім зая болып жүрдім жүдеп.
Өкінбен кең заманға кеш келдім деп
Тотыдай түрленген соң қайта түлеп.

Күн санап өрге шауып, төске өрлеймін,
Ойға алып жетпіс бесті ескермеймін.
Ажал мен ауырудың жөні басқа
Кәрілік, тіпті саған дес бермеймін.

Қосылып ән шырқасам жастарменен,
Мәңгілік айырылмайтын достарменен.
Әсем ән аққудайын қанат қағып
Мәскеуде естіледі аспанменен.

Заманым күнде бәйгі, күнде жарыс,
Құлашым сермегенде түседі алыс.
Күн сайын, сағат сайын, минут сайын
Дәстүрім болып алды даму, табыс.

Бас иіп құзырыма тізе бүккен
Соқтыққан талай есер шөлкем-шалыс.
Қалмайды бір сіліккен қарпуымнан
Арыстан азу тісі алты қарыс.

Алты ауыз алалықтан кеткен елміз,
Бақыттың кілтіне қол жеткен елміз.
Талқандап тауын жарып, тасын шағып
Күдірден талай қиын өткен елміз.

Аумағым – Алатаудың аумағындай,
Салмағым – бүкір дүние салмағындай.
Шоқтығым бар әлемнен жоғары түр
Асқар шың Гималайдың заңғарындай.

1950 жыл

МАЙ КӨРІНІСІ

Май келгенде масайрап,
Жердің жүзі түрленіп.
Жайнай түсті табиғат
Орман, тоғай бүрленіп.
Сай-салада қар еріп,
Арықтың суы мөлдіреп.
Болат тұяқ трактор
Қызыл жалау желбіреп.
Балбырап жердің топырағы
Бауыры сүтті анадай
Еміреніп, елжіреп.
Май да туды елімде
Бар береке өзінде
Басқа айлардан демдірек.
Іріленген колхозым
Ерлері күшті сом бөлек.
Еркін өскен тас түлек
Өр қайратты, от жүрек!

Еңбек еткен колхозшы,
Кең далада әндетіп.
Маржандай асыл тұқымды
Сеуіп, көмген тездетіп.
Фермадағы малшылар
Төрт түлігін төлдетіп.
Төлдің түгін түсірмей
Қаптатып малды айдаған
Кең даланы кернетіп.
Бір жастағы бұзауы
Бесті өгіздей ер жетіп.
Жең сыбанып сауыншы
Майлы сүтті селдетіп.

Бейбіт еңбек тілегім,
Нығайып Отан, бел бекіп.
Таудай табыс, алып іс
Жасартады мені де
Бойымды шаттық тербетіп.

1951 жыл

ПШЕНШІЛЕР

Колхозым күшін қосып іріленген,
Ертеңі мұнан да артық – көңілім сенген.
Кернеген кең даланы бес түлік мал
Көлбеген кең өрісті қаптай өрген.

Малынтып бау-бақшаға жердің жүзін,
Еңбектен неше алуан жеміс өнген.
Тау-тау боп алабында үйген мая
Малдары тарықпайды шөп пен жемнен.

Барып ем көрейін деп шөп шабысқа,
Көк тұлпар түскен екен шын жарысқа.
Сыпырып ұстарадай жердің шөбін
Серпіндеп бәйге атындай кетті алысқа.

Кировтың атындағы ірі колхоз,
Ұштасқан бір табысы бір табысқа.
Артылып өткен жылдан қалған мая
Жететін жұмсауына бірер қысқа.
Мал басы өсімімен аман болса
Зор көмек болашақ құрылысқа.

Самоход машиналар құстай зулап,
Тырма жүр едел-жедел, умақ-шумақ.
Бастығы Тойшыбаев көппен бірге
Отаулап мая салып жатыр дулап.

Жас бала, еркек, әйел, кәрі де жүр,
Бұл науқан игілікті бәріне бір.
Еңбекке ынта қойған колхозшының
Сыбанып шөп басында бәрі де жүр.

Жұмыстан қалар емес бірі келмей,
Еңбегі салтанатты серуендей.
Шөп тартқан көп көліктер базға қарай
Шұбалып бара жатыр керуендей.

Алапта отау, мая өлшеусіз көп,
Тауысар деп ойлайсың қашан мал жеп.
Бір қысқа артығымен жететіндей
Қазіргі баз басына үйілген шөп.

Ойладым: мал азығы толады-ау деп,
Қыстауға ел кең отырып қонады-ау деп.
Басқасын колхоздардың көрмесем де
Сенім зор табысы мол болады-ау деп.

1951 жыл



ШАР ҚАЛАСЫНА

Аздаған бұрын қазақ малын айдап,
Құр қалған бар өнерден соры қайнап.
Көшпелі ел ол уақта Шар өзенін
Кететін жаз бойында біраз жайлап.

Шаһар боп салған мұндай қаласы жоқ,
Оқытқан мектеп ашып баласы жоқ.
Өнеркәсіп еңбексіз өскен халық
Елге ие – басқарған данасы жоқ.

Көктемде майдың айы күліп өтіп,
Аз күнде шөп сарғайып нілі кетіп.
Ел көшіп иесіз меңіреу сары дала
Құлазып жатушы еді түрі кетіп.
Сондағы құлазыған құрғақ дала,
Бұл күнде қандай екен – енді қара.

Аймағы толған егіс, миуа жеміс
Жәннаттай безендіріп салған қала.
Жеткіншек Отанымның ұл-қыздары –
Мектепте оқып жүрген мың сан бала.

Қаптаған қалың ырыс Шардың бойын,
Өмірдің көріп тұрмыз шаттық тойын.
Клубта әнші, күйші, жанды кино
Мереке күнде сауық салған ойын.

Шарымның алтын қазына – тау-тасында,
Өмірге керек заттың бәрі осында.
Өнер-білім, байлыққа түгел жеттік
Көреген басшылықтың арқасында.

Келеміз аса сілтеп басқанменен,
Күн сайын өнер тауып сақанменен.
МТС-ім тракторды ойнақтатып
Депом түр қол ұстасып аспанменен...

1952 жыл

КӨКТЕМ

Келді көктем,
Нұрын төккен,
Күн шұғыласын төндіріп.
Нәсіп еткен,
Жаңбыр көктем,
Құйылып тұр сел қылып.

Егін еккен,
Тұқым сепкен,
Колхозшылар өндіріп.
Бәрі шектен,
Асып кеткен
Ұшан-теңіз мол қылып.

Өнім артып,
Асып шалқып,
Еңбектің туы дүрілдеп.
Шарадан асып,
Екпіндей тасып,
Тоғанның суы күрілдеп.

Алмастың өзі,
Соқаның дүзі,
Ұстарадай дірілдеп.
Алып күші,
Болат тісі,
Тас тұрса да тілем деп.
Тракторист,
Бөкен желіс,
Шаттық кернеп күлімдеп.

Екі туым қолымда
Мызғымайтын орында,
Қауіпсіз бейбіт елім деп.
Шыңның зәулім өріне,
Коммунизм төріне,
Шығамыз күшті сенім деп.

1952 жыл

ЖАС ТУРАЛЫ

Балдыр тіл бала күнгі қызық жастық,
Жарасқан жалаң аяқ, жалаңаштық.
Ұсақ тас, сынық шыны қазына жиған
О да сән балалыққа бір жарастық.
Он бесте ойға түсіп, қолға түспей,
Жетсек деп жиырмаға өр таластық.
О, шіркін, бір қайрылмай өте шықты-ау
Жиырма-отыздағы қызу мастық!
Ондағы қарқын күшті, қазына мол
Беталды кез келгенге төгіп шаштық.
Бөгелмей қырық-елуден шауып өтіп,
Желе жортып алпысқа араластық.
Алпыстан асқан кезде желіс тоқтап,
Сыдырғы шерте аяңмен жетпіс астық.
Сыдырғы аяң деген де бір күн екен,
Ілбіп-мүлгіп сексенге аяқ бастық.
Тоқсаннан көрмей, естіп түңілемін,
Барғанға жасайд дейді бөгет, қастық.
«Жүзден күдер үз» депті бұрынғылар,
Сонда білем, нәрі жоқ нағыз аштық.
Қырымнан қызыл көріп шырға тартқан
Қырандай сорғалаған қайран жастық!

1953 жыл



ӨРГЕ БАССЫН БАР ІСІҢ

Жаңа жылды биыл да
Қарсы алдық бейбіт еңбекпен.
Көркейген елдің өмірі
Балқытып бойды тербеткен.
Халықтың балдай достығы
Ойымды шыңға өрлеткен.
Ұл, қыздарым өзімнің
Әлдилеп кеше тербеткен.
Колхозға қайта оралды
Оқыған маман ержеткен.

Жаңа жылым – ақ мамық
Қалың көрпе жамылсын.
Саялы орман сәнденіп
Арпа, бидай дәнденіп.
Арықтан өзен ағылсын,
Егін мен шөп, бау-бақша
Мәуеленіп нұрға малынсын
Қойымның жүні көбейіп,
Сиырдан мол сүт сауылсын.
Асау өзен бөгеліп,
Сансыз жұлдыз жағылсын.
Еңбегі үздік ерлердің
Өрлеп даңқы танылсын.
Жарқыратып омырауға
Орден, медаль тағылсын.

Партия бастап бақытқа
Мерейің өскен халқымсың.
Ой мен қыры Отанның
Таусылмас кен – алтынсың!
Жаңа жылда тілегім:
Өрге бассын бар ісің,
Бейбіт еңбек табысың
Бұдан да асып артылсын.

1954 жыл

ҰСАҚ МАҚАЛ, МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕР

Жат та дос, жақын да дос жабайыда,
Жан келмес жарлы болсаң маңайыңа.
Басыңа ғаріпшілік бір іс түссе
Қадірің кете қалмақ ағайынға.
Басыңды әркім сыйлар қалың қауда,
Ілінген уақытың болса балық ауға.
Маңыңа бас ауырса кім жолайды
Көңіліңді ел сұрайды өзің сауда.
Ақымаққа адырайған көз бітеді.
Мақаудың әңгімесі тез бітеді.
Дауасы жоқ ауызға су татыған
Байлаусыз судыраған сөз бітеді.
Еріншектің ертеңі таусылмайды,
Күнде ертеңмен құдығы аршылмайды.
Бір күні суық түсіп, мұзы қатып
Су ала алмай иегі қалшылдайды.
Әуелі адам болсаң өзінді біл,
Адамша сөйлейтұғын сөзінді біл.
Әр жаста әрбір түрлі міндетің бар
Қай жаста нені істейтін кезінді біл.
Адамдық оқу оқып, білім тапқан,
Нұр құйып жүрегіңе шырақ жаққан.
Еліңе ғылым біліп, тағылым берсең,
Азамат адаммын деп сонда мақтан.



ӨМІР ТУРАЛЫ

Ерте-кешің белгісіз өмір шіркін
Кейде шат, кейде реніш көңіл шіркін.
Дүниеге кеп қайтасың бір-ақ рет
Келетұғын сен емес екі-үш дүркін.

Сүм нәпсім досым да сен, қасым да сен,
Қас болуға шыққансың басында сен.
Ауызбен адам айтып болар емес,
Талай қылмыс істеттің жасымда сен.

Өмірде сен қызыққа тойған жоқсың,
Аузыңды таза сумен шайған жоқсың.
Жастығың да бір сәрі болар еді,
Өскенде де әдетті қойған жоқсың.

Өмірден болса-дағы үмітім зор,
Бір жағымда тұрады қауіп те мол.
Өмір шіркін дүниеге тұрақты емес,
Екі де емес, бір-ақ кеп қайтатын жол.

Кәріге лайық ісі ауыз баққан,
Анық сол ауыз бақса ақыл тапқан.
Мен сөйттім, мен бұйттім деп өткенді айтып
Алатын сөз қадірін құрғыр мақтан.



ЯПЫР-АУ, ҚАЙТЕР ЕКЕН МЫНА СЕКСЕН

Япыр-ау, қайтер екен мына сексен,
Буынып қалтырайды басқан өкшем.
Денемнің бар қуатын өрлеп апсың
Дегендегім осы ма «саған жетсем».

Аузымның сынын бұзып, тісімді алдың,
Бет ажарын кетіріп, түсімді алдың.
Көзіме сағым іліп, мұнар байлап
Газет оқып, жазатын ісімді алдың.
Болмады-ау сенің менен аяғаның,
Іргеңе жақынырақ таяғаным.

1954 жыл





**АҚЫННЫҢ
ЗАМАНДАСТАРЫНА
АРНАҒАН ӨЛЕҢДЕРІ**



ҚОЙГЕЛДІГЕ

Байсып, паңсып,
Өзіне-өзі нәнсіп.
Бытып-шатып
Аузына келгенін тантип
Аузы көксал татып.

«Неткен соң нетіп¹»
Мен ұрысқан соң кетіп.
Маң-маң басып
Менмендігі асып
«Мал бітті» деп тасып
Аузы сасып.

Аспанға қарап,
Ақшасын санап.
Өзін зорға балап.
Ыржың-ыржың күліп,
Көңіліне біреу жақпаса
Сөзбен кекеп іліп.

Береке-бірлік ойламай
Ағайынды бөліп.
Дәулетім көп деп,
Өзімнен басқа жоқ деп.
Қарным тоқ деп
Біреу аттан жығылса,
Жаны ашымай «шоқ!» деп.

«Байбай» десе еліріп,
Қайырсыз малға семіріп.
Саумал ішкен кедейді
Берген құрлы кеміріп.

¹ Қойкелді «нетіп-нетіп» деп сөйлейтін адам екен.

Дәулетіне мастанып,
Мың теңгесін жастанып.
Үйінде Ордың тауын алады
Екі кісі бас қосса
Сөз таппайды қасқарып.

Жаңа өспірім баладай
Әлі өнерден ойы бар
Көкала бура бастанып.
Несібенде кемдік жоқ,
Есебін тауып бермесе
Малмен алған теңдік жоқ.

Дәулетің – сансыз,
Көңілің – қамсыз.
Бір дәулетің болмаса
Ақмаққа таяу жансыз.

Дәулетің болды жетерлік,
Жақсыда жоқ бөтендік.
Ал, ескеріп жиып ал
Халқың болды кетерлік.

Білсең – достығым,
Білмесең – қастығым.
Дұшпандық көрсең сөзімді
Шын делқұлы мастығың.

Сөзді ойға келген айтпай қалайын ба?
Әркімнің тәңір берсе талайында.
Қолың берсе, аузыңмен бейтарап қып
Мейірімсіз жан болдыңыз ағайынға.
«Қу бас айғыр құнанын қуады» деп
Қалмады алыс-жақын маңайыңда.

Осы сөзді естіп, Қойгелді айтыпты: «Төлеу оңбайды. Себебі біздің елде өлең айтқандар оңбаушы еді. Бұрынғы уақытта біздің елде Қабылбек, Жансарқұл дегендер өлең айтып кедей болып, артында бала қалмай оңбап еді. Бұл да сондай, оңбайды. Осыны айта бар», – депті Тулақбай деген адамнан. Сондағы бір ауыз сөз:

Дәулеті – мол, кесек,
Мол болғанмен қайыр жоқ,
Ойлағаны – есеп.
Күші – адал, сүті – арам,
Бейне хайуан есек.
Тәуір кісі дер еді
Өзіндей оттап, былшылдап
Не болса соны жесек.
Басымызды шұлғып
Байдікі жөн десек.

1904 жыл

Ескерту: Абай атамыздың 1961 жылы шыққан жинағына «Төңірбердіге» деген атпен қате кіргізіліп жіберген өлең. Бұл жөнінде Қайым Мұхамедхановтың мақаласы «Семей таңы» газетінде жарияланған болатын – *М. Төлеуұлы*.



ЖЫЛҚЫБАЙҒА¹

Мұқаш:

Сал сарымен салақтап жырықты ізде,
Екі көзің алақтап осы кезде.
Қазанбұзар, үйгентек қара кесел-ай
Еш берекең болмады-ау үйде-түзде.

Қуандық:

Былжырап берекесіз сөз айтасың,
Сал сарымен салақтап бос қайтасың.
Алып барған түйеңнен айырылып қап
Итім-ау, өз үйіңді неге артасың?

Төлеу:

Сал сарысы астында секектеген,
Тәуір-ақ жігіт еді елпектеген.
Сарыны шоқтығынан ерттеп алып
Шаншылып қуығынан тепектеген.

Алып барып түйені қоя берді
Ол итті ойда бар ма кетед деген?!

1908 жыл



¹ Жылқыбай – Төлеудің шешесі Қуандықтың күтушісі Тыныштыбаланың баласы екен. Қуандық шешей Жылқыбайды еркелетіп ұстаған. Жылқыбай жақсы ат мініп, жақсы киім киіп, өзінше сал боп жүрген жігіт, бірақ ақыл жағы кемшіндеу болған болуы керек. Үйін артуға берген түйеден айырылып қалып, ауылға қайта келгенде айтылған сөз екен. – М.Төлеуұлы.

КҮРДЕУБАЙҒА

Автордан: 1924 жылы Қарқаралыға қараған Дағанды елінің болатком председателіне Байжұман ұлы Күрдеубай деген азаматты сайлаған еді. Мені оның орынбасарына сайлаған. Күрдеубай – жұмысшыдан шыққан, партиядағы адам. Өзі Қу елінің адамы, Шаншар атаның баласы болуы керек. Күрдеубай сыртынан сайланған. Бес-алты айдай елінен келмей, қызмет менде болды. Алты айдан кейін Смағұл қажы деген кісінің ауылына барлық делоны көшіріп келсін деп маған хабар беріпті. Мен барып отырғанда Күрдеубай жолдас маған: «Өлең айтыңыз», – деді. Мені бірінші рет көргені сол еді. Ол уақта біздің ел Жетісудағы Садыр, Матай, Жалайыр деген елден астық алып тұрады. Сөйтіп жүргенде арамызда барымталасқан дау-жанжал көп болады. Бірталай басты азаматтарымыз тергеуде жүрген уақыты еді. Сондағы Күрдеубайға айтқан өлең:

Өзімді өзім байқап шамалайын,
Асылдың затын танып бағалайын.
Жақсылар, жаман болса айып етпе,
Азырақ білгенімді сабалайын.

Айтып ем мен өлеңді жаралған соң,
Қойып ем жас елуге таянған соң.
Глндім аздан бері қызметке
Нашардың көзі ашылып оянған соң.
Болмай ма жолдас хақы мойынымда
Күрдештен білген сөзді аянған соң?!

Сиынам ер Жобалай ұраныма,
Берген соң құдай өнер тұрамын ба.
Жас өмір, жарқылдаған кезім емес,
Кез болдың баршын тартқан уағымда.

Болса да жақсы-жаман білген сөзім,
Естілер ертеңді-кеш құлағыңа.
Бұрынғы «жақсыменен жолдас болған
Жетеді, – деген екен, – мұратына».

Жаманмен жолдас болған болады қор,
Мирас қып бұрынғының айтқаны сол.

Адассам – дұрыс жолға бастайды деп
Сіз келеді дегелі үмітім зор.

Дүниенің қайла таптың амалына,
Дұшпанның қарсы шаптың қамалына.
Күдірді нелер қиын таптап өтіп
Тарланым тас батпаған табанына.

Үстінде бір үстелдің дәмдес болып
Кез болдым кер маралым заманыңа.
«Әулие жанындағысын қолдайд» деген
Ғафу ет қате басқан жаманыма.

Халықта жақсы да бар, жаман да бар,
Не шыған жүйрік те бар, шабан да бар.
Кем-кетік, кедей нашар толып жатыр
Азын-аулақ шаруасы аман да бар.

«Бір коммунист болыс боп келед дейді,
Әлде қайтед», – деп жүрген надан да бар.
«Халықтың хал-жайына қарайд дейді
Сол келсе екен», – деп жүрген адам да бар.

Сарыарқа бетегелі белің мынау,
Білімсіз шетте жатқан елің мынау.
Айналасы төрт-бес жүз шақырымдай
Дағандел тақыр көкпек жерің мынау.

Жасың да, жасы жеткен қартың мынау,
Семізің, егізің де, жылқың мынау.
Басынан төрт-бес дәуір күн өткізіп
Отырған нашар тартып халқың мынау.

Боларлық болатымсың елге тұтқа,
Суық қол араласты нелер құтқа.
Мың тоғыз жүз он тоғыз жыл болғанда
Ілінді біздің халық ауыр жұтқа.

Келер жыл ақ қаптады өзің қуған,
Білмедік қайдан келіп, қайдан тұрған.

Аз малды жұттан қалған ақтар талап
Айрылды талай байлар қалың нудан.
Күш-қуат қолда құрал болмаған соң
Өгіздей болып тұрдық ауыз буған.

Ер қайда қамын ойлар халқының да,
Жартысын жарып жемек жартының да.
Үшінші разберске налог болды
Дүниенің басылмаған толқынында.

Төртінші, жәрдем жиды помгол¹ деген
Іс болды ол да бізге оң келмеген.
14-ші жылдағы санмен алып
Ондағы азаматтар қоса жеген.

Бесіншіде продналог² болды,
Мемлекет пайдасына керек болды.
Ел аман 14-жылдағы сан...
Бір қалмай соңымыздан әлек болды.

Осындай төрт-бес түрлі өтті дәуір,
Аяқты ақсақ, арқаны қылды жауыр.
Халықтың әл-ауқатын сұрап жазып
Әлбетте, халық жайы биыл тәуір.
Қазақтың қаны бірге баласысың,
Жақсының жай білерлік бәрі бауыр.

Жан сақтар поселке боп егін де жоқ,
Көшпелі ел, артар түйе көбінде жоқ.
Халықпыз бергі уақта ауып келген
Аққан су, өлкелі өзен тегінде жоқ.

Барамыз астық іздеп Алатауға,
Барған соң ілінеміз құрған ауға.
Аман-сау жүзден бірі келе алмайды
Жолығып күндіз – зорлық, түнде – жауға.

¹ Помощь голодающим.

² Продналог – азық-түлік салығы.

Өзі алып ел, шапты деп арыз беріп,
Қалып жүр басты адамдар үлкен дауға.
Көлігі аман бір түйе астық келсе
Жеткендей өміріне, дейміз «тәуба!»

Халықты ғаділ ұлық меңгереді,
Ақылмен адасқанын теңгереді.
Қаладан үш күндік деп жазған бұйрық
Ең болмаса бір жұма соң келеді.

Мезгілі өтіп кеткен соң не табамыз,
Қайтсе жұмыс бітед деп зар қағамыз.
Мұндағы ел арасы тағы қашық
Қызметке сол себепті кем соғамыз.

Халықта қалған сопы, діншіл де бар,
Жоқты кінә қылатын міншіл де бар.
Қарайып атқа мініп жүргендерді
Көре алмай күркірейтін күншіл де бар.

Таласы жоқ білгеннің ғылымына,
Әркімнің берсін құдай пиғылына.
Өзіңнен үміт күтіп отыр халқын
Апсаң – ая, жұмсаңыз – жұмырыңда.

Бай – маңғаз, жуандарға талас едің,
Нашарға біз секілді аласа едің.
Атаңды атам келіп пана тұтқан
Көлеңкең зор, ағаның баласы едің.

Қанша айтып халық жайын қақсасам да,
Көрерсіз өзіңіз де саспасам да.
Ілдік етегіңнен айрылмастай
Сүйрелеп от пен суға тастасаң да.
Күрдешжан, елің мынау, жұртың мынау
Мейлің оң, мейлің солға бастасаң да.

Жақсыны жаманменен табыстырып,
Жақынын жаман сөйлер алыс қылып.

Бар шығар ел болған соң артық-кемі,
Ешкімді жаттамаймын шағыстырып.
Екі-үш жыл халық ішінде қызмет қылдым
Ешнәрсе алды демес қағыстырып.
Аманат бізге қойған диалаңды¹
Отырмын бүгін әкеп табыс қылып.

Жасасын алға ұстаған ұранымыз,
Кедейге байды алғызған алыстырып.
Арқалы арғын аға ауылымыз,
Төрт арыс орта жүзде сауырымыз.
Абырой-мәртебеге алдың толып
Халыққа құтты болсын бауырыңыз.

1924 жыл



¹ Диала, дело – бас жұмыс.

РАХЫМЖАНҒА

Автордан: Рахымжан – Күрдеубайдың хатшысы. Өзі Итбас деген аз атаның баласы болатын. Бізбен ағайын. Қарқаралыда туып-өскен. Менімен қалжыңдаса беретін құрбы адам еді.

*«Рахымжан, сенің де жолың болсын,
Абырой-мәртебеге алдың толсын.
Кедейшіл өкіметтің арқасында
Болсаң да кешегі Итбас, бүгін зорсың».*

Осы Рахымжан енді мені жаманда деп болмады. Оның алдында бір жыл бұрын біздің Қойгелді деген байдың ауылында мұғалім болып, бала оқытып, тиісті еңбегін алып, риза болып, артынан біреудің иек көтерген шағым тіліне азып, Қойгелдінің баласы Қажығалидың үстінен сотқа арыз беріп, ақы даулап жүрген кезі еді. Сонда айтқан сөзім төмендегі...

*«Бір лебіз өлең деген жел емес пе?!
Жай жүрген жамандаспай жөн емес пе?!
Сөйлесем, бір күн, бір түн тауыса алмайтын
Өлеңім тұз дариядай кен емес пе?!
Нағашым он жеті ақын Байғарадан
Тұқымы жүдәлінің мен емес пе?!
Менімен қарсыласып сөз айтқаның
Атқандай айға мылтық өр емес пе?!
Дәм татқан құдығыңа түкіретін
Қайырсыз кәпір зәлде сен емес пе?!*

*Өз басың, Рахымжан, тәуір едің,
Қосайдан бірге туған бауыр едің.
Өспеген жеті атаңнан жеті үй болып
Әуелден қарғыс тиген ауыл едің.*

*Қалайша сотқа бердің көзің қиып,
Дәм татқан құдығыңа пәле құйып.
Кесіліп кіндік қаның басқа жерде,
Жат бауыр өскен итсің қаның сұйық».*

Тағы бір күні Күрдеубай, Рахымжан үшеуіміз бір жаққа жүретін болып ат ерттетіп, киініп отырғанда (қыстыгүні еді)

қар қатты борап, күн басылсын деп атжүргішті қолға ұстап отырғанда, Рахымжан бір ауыз өлең айтшы деді. Сондағы айтылған сөз:

*«Күрдеубай болаткомнің төрағасы,
Шын ғаділ, ханға лайық қара басы.
Өзі ғаділ болған соң не қылады
Қасында итбас-ситбас жанамасы.
Ауызға тұтқиылда сөз түспейді
Кісіні кілтең жерде сынамашы».*



ЕЛТАЙҒА

...Бұл өлеңді қашан, қандай жағдайда айтқанын әкейдің өзі оқта-текте әңгіме ететін-ді. Тек толық нұсқасын естімеп едік. 1928 жылдың кәмпескесіне ілінбесе де, 1930 жылдың қаңтарында қайта бір «тазарту науқаны» жүрген кезде, әкем он жылға сотталып, Қарқаралыдағы «Қоңыр абақты» деп аталатын түрмеден бір-ақ шығыпты. «Не үшін сотталғанымды өзім де білмеймін», – дейтін-ді.

Шұбартау өңіріндегі қырғын науқан 1930 жылдың қаңтарында басталыпты. Егінді білмейтін елге астық салығын салған. Малды түгел сыпырып алған. Үй-үйді аралап жүріп, белсенділер соғымның етіне дейін тартып алған. Осындай халге душар болған елдің жайы не болғаны, әрине, айтпаса да түсінікті. Сондай ауыр шақта осы өңірге Елтай Ерназаров келіпті. Бұл – 1931 жылдың жазы.

– Сендерде бір ақын отыр дейді. Шақырыңдар, маған өлең айтсын, – деген-міс.

Қарқаралы абақтысының есігін ашып, күзетші жас жігіт:

– Ақсақал, Ерназаров Елтай ағамыз келді. Сізді шақырып жатыр. Өлең айтсын! – дейді, – деген-міс.

Сонда ол шабарман жігітке:

*«Шырағым, мен өлеңді кеңде айтамын,
Кеңде айтсам – бұдан гөрі өңді айтамын.
Есігін абақты үйдің бір ашпайсың,
Отырып тар қапаста немді айтамын?» –*

депті-міс.

Біраздан соң күзетші жігіт қайта келіп, «сізге келсін» деп жатыр деген соң ақын орнынан көтеріліп, есікке беттепті.

Алғашқы шақырғанда бармағаны – ел ағасы Ерназаровқа жүректе жатқан халық мұңын шама-шарқы келгенше толық жеткізуге уақыт ұтып, ойына өлең жолдарын түсіріп алайын дегені болса керек. Сондағы айтқан, бірақ артындағы ұрпағы – біздер осы уақытқа дейін толық таба алмай жүрген өлеңін биылғы қаңтар айының 9-күні Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде жарияланған Астанадағы ұлт аспаптары музейінің аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты Омар Қаймолдиннің «Өнер өрінде өткен ақын» де-

ген мақаласынан тауып, қуанышымызда шек болмады. Мақаланың аяғына «Алматы ақшамы» газетінен» деген де ескерту берілген.

Ащы шындықты бетіне айтқан өлең оны қатты шошытса керек, Елтай Ерназарұлы: ағамыз «Түрмеде отырғанда айтқаны мынау, босатсаңдар тіпті бүлдіреді. Апарып қамап қойыңдар», – депті.

(Мұрат Төлеуұлының «Халық тағдыры – ақын тағдыры» мақаласынан алынды. 1990 жыл).

Ассалаумағалейкүм ханымызға,
Көтерген қазақ жүгін нарымызға.
Еңбекші ел, бүгін сенің арманың жоқ,
Қарайтын аға келді қалымызға.

Егін ор, қар үстінен бидай тап деп,
Кәмпеске қаттау жүрді малымызға.
Келген соң басқа қысым, малы құрысын,
Бір қайран болар ма екен жанымызға.

Үй басы бірді-екілі қара қалды,
Бейкүнә талай момын жараланды.
Қолдағы бар азықты сыпырып ап,
Тамақсыз шуылдап аш бала қалды.

Мүбәрак ұстаған соң қолыңызды,
Көрерсіз қайнап жатқан сорымызды.
Қаталдық, қараңғылық, надандықпен,
Сыпырды белсенділер жонымызды.

Атқан таң, шыққан күнім, туған айым,
Тауыстық сізге қарап көздің майын.
Ішінде бес қаралы кедей де бар,
Міне, отыр қорқақ қоян «сорлы» байың.

Қалайша өкіметке қас болады?
Білесіз қойдан момын қазақ жайын.
Жұмысты таза шешіп, қылмыс тауып,
Алсаңыз, мен риза, басым дайын.

Ежелден қазақ еді езілген тап,
Көрпесі ерте күннен бойына шақ.
Ұлы Октябрь жеңісі қатарға алып,
Хан етіп азаматын мінгізген тақ.

Ағамыз атқа мінген қияндағы,
Сізсіз ғой бұқараның тиянағы.
Отырған аузын ашып, көзін жұмып,
Сары ауыз бір балапан ұядағы.

Келіпсіз жылап жатқан елімізге,
Кір жуып, кіндік кескен жерімізге.
Бал қылсаң қара суды құдіретің бар,
От жақпай қазан қайнар деміңізге.

Ұзамай келер тұрмыс ырғағына,
Жібермес белсендінің тырнағына.
Көпшілік «жасасын!» деп соқ қолыңды,
Хан тағы, халық орнында тұрмағына.

Сізді де хан тағына қойған халық,
Күн көрмес су түбінде болған балық.
Қайраңдап жағалауда жан тапсырып,
Қайран ел бүгін міне болған ғарып.

1931 жыл

Сонымен, шау тартқан ақын, жасы асқандарға жасалған бір кешірім болса керек, 1934 жылғы жаз айында ғана түрмеден босап шығып, Дегелең, Шыңғысты басып, күзге таман Семейге жаяу жетіпті.



ЕЛЕМЕСКЕ

Автордан: Шар ауданында сельпоға агент болып, зат беріп, тегі-жүн жиып жүретін Елемес деген жігіт ауылдың тері, жүнін «затыңды кейін беремін» деп алады. Ол затын айтқан күнінде бере алмайды, қолдарына квитанция қағаздарын ұстап жүрген колхозшылар да аз емес. Сол кезде Елемес «мені жамандап бір ауыз өлең айтыңызшы» дегенде айтылған өлең.

Бірісің арақ ішіп алмасқанның,
Қуысың дым тамбайтын жер басқанның.
Су жұққаны бар ма екен ауызына
Үміт қып етегіңе жармасқанның.

Бермең «беремінмен» елді сорып,
Колхозды айналдырып күнде торып.
Сен алмайтын нәрсе жоқ ұлы заттан
Ағын ақтай, көктігін көктей орып.

Екі сөзді болғаннан өлген артық,
Айтқаныңнан шықсаңшы адам болып.
Құдайдың ай мен күні таусыла ма?
Жүресің күнде «ертеңмен» жылжып қонып.
«Ақымақ» дейін десем, сезімің бар
Осыны бағалаймын кімге жорып?

1942 жыл



БӘТИМАМЕН АЙТЫС

Төлеу:

Бәтима, арқан алдың бермек болып,
Айналып екі-үш күнде келмек болып.
Екі күнің екі айдан асып кетті
Озыңқырап барасың өрлеп қонып.
Қайтейін жас өмірім артта қалды-ау
Арқан сылтау жүретін ермек болып.

Берем деп, бермей кеттің арқанымды,
Білмедім сенің екі айтарыңды.
Ұят-ау, енді қайта шақырғаным
Баяғы кетіп қалған сайтанымды.

Бәтима:

Әй, Төке, арқаныңды қайдан алдым,
Алған құрлы бірталай сөзге қалдым.
Бойынан ауру кетіп, әдет қалған
Өлеңіне кез болдым Сіздей шалдың.

Мен Сізге ішілмейтін арам аспын,
Ішсең де тамақ болып тарамаспын.
Менің теңім – отыз бен жиырма бес
Алпыс беске көз салып қарамаспын.

Өзің кәрі, бұзбалы сөзің әлі,
Жас адамға түскендей көзің әлі.
Болмасты болдырам деп шаршамаңыз
Ақсақал, арт – белгілі, тіл – күнәлі.

Сөйлейін осы сөзді бастан құра,
Адамзат жүрсе – көрер, білмес туа.
Ауызыңызбен қырам деп босқа айтасыз
Және Сізге болмайды Құсжан куә.

Төлеу:

Өзің жас, мені шал деп жанаспаң,
Қартайған жағдайыма қараспаң.
Отыз бенен жиырма бес теңім депсің
Жөн-ақ қой қырық-елуге ары аспаң.

Өкіндің кездестім деп мендей шалға,
Екіншіде берем деп арқан алма.
Ең кемінде қырық, елу белден асып
Аралап сен көрмеген адыр бар ма?

1943 жыл

Ескерту: Шар стансасына ұрымтал «Көшек» колхозының адамы. Бәтиманың атынан өлең жолдаған – Төлеудің өз баласы Құлжанбек. Осы айтыста есімі аталған Құсжан – Төлеудің кейінгі әйелі...



ТӨЛЕГЕНГЕ

Арыстандай айбатты
Қаһармандай қайратты,
Қамқоры болған халықтың –
Тоқтар ұлы Төлеген.

Жай отындай жарқылдап,
Жауға шаптың алқымдап,
Қазақ атын айқындап
Шыққан ерім келеден.

Қанын судай ағызып,
Қос өкпеден дәл үзіп
Жемтігін итке жегізіп,
Найзасын алған жебеден.

Ат туады ер үшін,
Ер туады ел үшін,
Көсегемді көгертіп
Көп үшін туған ардақтым.

Жігерің қайнап бел шешпей,
Ыза кернеп дәм ішпей,
Жауға қарап түйіліп,
Түсінді бұзып түн қаттың.

Жау анталап келгенде,
Қара норын көргенде,
Бір кісідей ойламай
Қаһар оғын зулаттың.

Төлеген саған өлім жоқ,
Тарихта атың қалған соң,
Отан үшін құрбан боп
Топырағың нұрға толған соң.

Тұлпар мініп ту ұстар,
Артында ерлер болған соң.

Сенің кегің, қаныңды,
Мың есе ғып алған соң!

Жаудың жолы жосадай,
Аққан қаны қызыл сел,
Жау талабы бола ма,
Жау қырылмай қоя ма!
Туымды ұстап тұрғанда
Сталин көсем кемеңгер.

1943 жыл



САПАРҒАЛИҒА¹

(Өзіл)

Жарай ма қартайғанша шоқтанғаның,
Балаша үкі тағып мақтанғаның.
Қазақстан ақыны бас қосқанда
Кеуделеп кеңнен толғап қапталдадың.
Бір сөзді сөйлеймін деп бет алғанда
Тіпті көп ретімен атқарғаның.
Жасыңда «мергендігің» басым болған
Сау кетпей нысанаға оқтанғаның.
Ауру қалса дағы, әдет қалмай
Шәлкем-шалыс жүрістен тоқталмадың.
Олқы емес отағасы деген атақ
Теріс болмас жас мінезден сақтанғаның.

Жарасса, көбейте бер таққан шоғың,
Әркім өзі біледі ашын, тоғын.
Мен оған намыстанып қажымаймын
Десең де: «кәрі-құртаң сен бір соғым».
Бір күнде ардақтысын таңдап атқам
Ордалы ор құланның қалың тобын.
Өмірде талай белең, тар кезең бар
Дәл тауып, асатұғын тура жолын.
Адасқанын түзу деп жүре берсе
Кім ұстап тұрад дейсің кімнің қолын?
Болмаса інде жатқан суыр, борсық
Түлкіге тие қоймас сенің де оғың.
Малым деп суыр атып мәз боп жүрсең
Осыдан байқатады ынсап жоғың.

Қайратпен тас қопарып, тау құлатсаң,
Балқытып қара тасты балбыратсаң.
Маған да, басқаға да сонда мақтан
Көрсетіп құндыз, түлкі, бұлғын атсаң.

¹ Сапарғали Әлімбетов – халық ақыны, Төкеңнің замандасы.

Сапаш-ау, өзің емес, сөзің мерген,
Атқан аңың бар ма еді көзім көрген?
Мен әлі дәнемеңді көргенім жоқ
Түлкі ілуге шыққанға кезің келген.

Ауызбен ойды аласың, қырды аласың,
Менен гөрі жассынып қырланасың.
Күресіп күш сынасып көргеміз жоқ
Жалғыз-ақ жасыңды айтып бұлданасың.

Деп едім кәрі көкпен тебінейін,
Өлеңді не білмейін, не білейін.
Жассың ғой, талабыңа таңба салмай
Енді мен жеңбесең де, жеңілейін.

Көңілмен қол жетпеске ұмтыласың,
Деуші еді «Бермесінді кім сұрасын?».
Сен жөн бе, негізінде, мен жөнмін бе? –
Бұл сөзді енді тоқталық, ел сынасын.

1943 жыл



САПАРҒАЛИ МЕН НҰРЛЫБЕККЕ

Әңгіме ақындармен құрып едім,
Айтысқа сөздің бетін бұрып едім,
Тот басып, ескі тартып қалған екем
Мен-дағы ақ алмастың сынығы едім.
Сіздерге қарай-қарай көзім талып
Кеш жатып елден ерте тұрып едім.
Бұғалық қашағанды құтқармайтын
Тіпті ұзын жібек арқан құрық едің.
Қопарып сөз астынан кен табатын,
Ақ алмас, асыл құрыш бұлық едің.
Тізетін сөз маржанын меруерт тағып
Бұлақтай ағып жатқан тұнық едің.
Тұп-түгел төрт құбылам бола қалды
Екеуің қасыма кеп тұрып едің.

1943 жыл



КӘЙКЕНГЕ¹

(Өзіл өлең)

Қартайсаң болбыр түгіл бос боласың,
Арыған кәрі мәстек бастанасың.
Ең жақының – жарың да күрең қабақ,
Жасыңдағы досыңмен қас боласың.

Тоқтық бойда жүрмейді баяғыдай,
Ішіп-тойып отырсаң аш боласың.
Көз айырмай жүретін күлім көздің
Бетіне бір қарауға жасқанасың.

Кәрілік те, қажу да, алжу да бар
Басқа келсе білерсің масқарасын.
Алтын миың азайып, мырыш болса
Мінсіз ғып сөзді қалай басқарасың?

Көтермелеп кетер деп жас тұлпарым,
Нобайлап жіберемін бастамасын.
Жаманымды жасырып, жақсы асырып,
Сенген соң бекер жерге тастамасын.

Жас күнде ойладық па шал болам деп,
Қызулы қызық күнге зар болам деп.
Ми кеміп, терең ойың таязданып,
Адасып аз біліммен дал болам деп.

Өлең болсын, басқаша өнер болсын,
Талаптанып, бәріне бар болам деп.
Кәрілік кеп жағамнан ала түсті
«Қайда кетіп барасың, ал бәлем!» – деп.
Өздерің қолтығымнан сүйемесең –
Айтпаймын өздігімнен мал болам деп.

1944 жыл

¹ Жазушы Кәйкен Шамкинге арнаған қалжың өлеңі.

АХМАДИГЕ¹ ЕКІНШІ АЙТЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Бір пұт бидай беріп ең, жартысы – тас,
Сен берген соң, тасың да тәп-тәуір ас.
Ұлымның бірі Ахмади деп жүруші ем
Дорбитып сені берген құдайға – бас!

Ахмади тумаса да, тонды балам,
Деп жүрген «туғаннан да оңды балам».
Онан семіз хайуанға теңемейін
Бордақтағы бұқадай жонды балам.

Құлжанбек пен екеуі егіз балам,
Ахмади қарны салық семіз балам.
Екі сөзді алады қайдан тауып
Болғандай-ақ түрі бар негізді адам.

Көргенде көз сүйініп толымына,
Қалыпты қара нардай порымына.
Әудем жерге бармайды есік аттап
Айтқан сөзі қалады орынында.

Мұғалімдік, бастықтық орыны бар,
Екеуі мені алуға жаны құмар.
Асыраудың орнына қарт әкесін
Өзімнен дәмтететін қарымы бар.

1944 жыл

¹ Ахмади – менің 1940 жылы қайтыс болған Мақұлбек деген баламмен жолдас болған адам. Ол балам өлгеннен кейін, «мен сізге бала болам» деп мені «әкем» деп уатып, жақын боп жүретін еді (автордан).

ЖАМБЫЛҒА

Ақын Жамбыл алдымда
Асқар шыңдай бел едің,
Бұлғынның жүнін құлпыртып
Ебіден соққан жел едің,
Жауған рахмет жаңбырдай
Тасқындап аққан сел едің,
Алтындай сөзің тым асыл
Таусылмайтын кен едің,
Алған сайын артылған
Алтын завод кен едің,
Бес мың құлан баспалап
Мейірі қанған көл едің,
Көптің жырын жырлаған,
Ел үшін туған ер едің,
Орден тағып кеп едің,
Ақынның алтын ордасы
Ең жоғары төрі едің,
Жәкем тірі тұрғанда
Қазақстан ақыны
Кем болмаспыз деп едім.

Малға кедей, тілге бай
Ақын болдың жасыңнан,
Дуда қызған тұлпарым,
Тайында атқа қосылған,
Ақындығың бар еді
Дариядай шалқып тасыған.
Құрмет көрген ақын жоқ
Бұрынғы өткен ғасырдан...

1945 жыл

ҚАСКЕНГЕ¹

Баласы жаман болса өкпелейді,
Әкесі өз баласын «кет!» демейді.
Ақылын әкесінің ұққан бала
Әкенің ұрысқанын кектемейді.

Әкесі ұрыспайды «жаман бол» деп,
Ұрсады баласына «адам бол» деп.
Бұлақтай өнер-білім ағып жатыр,
Кім айтар: «Білім алмай, надан бол» деп.

Болмай ма баласына әке – қазық,
«Жақсы әке – жаман ұлға үнемі азық».
Тіл алмай, балаң беттен алып тұрса,
Қалдымға ұшырайсың неден жазып?

Жиреніп әкесінен безіп кеткен,
Бала көп мейірімсіз жүрген азып.
Әкеңнің ұрысып айтқан ақылы осы –
Ұмытпай жүрегіңе алсаң жазып.

1947 жыл



¹ Қаскен – Төлеудің екінші баласы.

МӘНТАЙҒА

(Сельпо бастығы Мәнтай Қарақатұлына)

Сельпоның ұзын тартқан желісінен,
Көсіліп құлаш жайған өрісінен,
Болады тірі жанның бәрі үміткер
Үкіметтің ортаға үйген жемісінен.

Зат келсе құлақ естіп, көз көрмейді,
Қайда кетіп қалады келісімен?
Қайтеді ашық түрде амандассаң,
Көмескі қол алыспай жең ұшынан?

Ел үшін еңбек еткен батыр да бар,
Еңбекті бағалауға хақың да бар.
Азамат Отан үшін құрбан болған
Жетім-жесір бала мен қатын да бар.

Тілін қылыш, өлеңін оқ қып атып,
Жеңіс жырын жырлаған ақын да бар.
Өзің той, өзің сүйген кісіңе бер,
Деп пе еді басқасына татырмандар.

Мойныңнан жалынғанда құшып-сүйіп,
Он кило ұн босаттың азар иіп.
Қампайып қарын тойған былай тұрсын
Ұртым толмай, ернімнің ұшы тиіп.

Мен бір қарт ортаңдағы бірдей жұртқа,
Үкімет те теппейді мені сыртқа.
Амалсыз жағдай билеп алып кеттім
Ұялып толмаған соң анық пұтқа.

Он кило ұн бір-ақ илем нан болады
Жарайды неше күнгі расходқа.
Әне құн қырық қылып қойдым демей
Мәнтайжан, екіншіде тағы ұмытпа.

Бір жаққа кетсең, келмей кешігесің,
Қатаңырақ сөз айтсам, өшігерсің.
Халыққа зарықтырмай таратсаңшы,
Үкіметтің көпке берген несібесін.

Сельпоға халқың қалап бастық қойса
Өзің ғана болғандай есіресің.
Көпшілік бір жеріңнен жіп байласа
Оп-оңай одан қайтіп шешілесің?

Біз сағынсақ, сен неге сағынбайсың,
Сағынып іздеп барсақ, табылмайсың.
Өзіңнен жоғарыны тік көтеріп
Төменгі бұқараға бағынбайсың.

Өзің жүрген жолыңмен жүргізбейсің,
Қалпыңды еш адамға білгізбейсің.
Көрсетпей «дәретіңді күлмен көміп»
Мысықша тықырыңды білгізбейсің.

1949 жыл



ШАҒЫР МОЛДАҒА¹

Сипаңқырап айтайын батырмай-ақ,
Сыпайы молда деген атыңды аяп.
Бір жазда хатым бердің, құрбан шалдың
Адам деп біреуіне шақырмай-ақ.
Отырған ортандағы бір шал едім
Қойдың-ау сауабыңнан татырмай-ақ.
Оқырана түсер ең хатым берсе
Жемқұмар жәмшіктің атындай-ақ.

Адам деп шақырмадың хатымыңа,
Өзіңнің екшеп беріп жақыныңа.
Қай кітабың айтады зор күнә деп
Татырсаң басқа рудан ата ұлына.

Шын атың ол емес ед, көзің шағыр,
Шағыр молда деп шыққан елге дабыл.
Татпасам да айтайын алғысымды
Құрбаның көк қошқардай болсын қабыл.

1949 жыл



¹ Шағыр молда, шын аты – Мұхаметқали. Өзіл-қалжыңы жарасқан ақынмен өкшелес адам еді.

АУЫТҚАНҒА

Ауытқан балташы «Қараштағы»,
Қолында сол кісінің ағаш жағы.
Жазғы арба, қысқы шана сақадай-сай
Қолхозға басқа да көп қарасқаны.

Сахардан ерте тұрып күн шығармай,
Біткенше колхоз ісі тынышы қалмай.
Жазғы ыстық, қысқы суық, боран демей
Бітіріп бар сайманын мін шығармай.

Ағаштан өрім өріп, түйме түйіп,
Қолхозды ынтасымен жаны сүйіп.
Шын еңбекқор, халқы үшін туған адам
Қайыры ауданға да отыр тиіп.

Ежелден үлкен сыйлау ата мұра,
Келеді кей жұмысы соған тура.
Қадірлі халық ақыны ақсақал деп
Маған да істеп берді бір домбыра.

Қобыздай дауысы бар күмбірлеген,
Бөйгі аттай бұлдыр қағып, жүр-жүрлеген.
Жұлып ала жөнелді қолға алғанда,
Міне шапқан кісідей дүлдүлменен.

Домбыра көмекшім сол, жан серігім,
Қыздырып келтіретін сөз көрігін.
Еріксіз кәрі өмірге әсер беріп
Баяғы қайта орнады жас желігім.

Үніне домбыраның тойғаным-ай,
Шіркіннің жан біткендей сайрауын-ай!
Жалғыз-ақ лак-сыр жағылмапты,
Өзгесі болған екен ойдағыдай.

Адам ғой қолы өнерлі, қайыры мол,
Кезінде болған шығар жағдайы сол.
Қай күні лак, сыры қолға түссе
Қайта сырлап берер деп сенімім зор.

1950 жыл



ТҮСІПХАНҒА

Тапсырдым Түсіпханға мүйіз шақша,
Мүйіз де алтын бағалы – ісін тапса.
Сүйек қақпақ орнатып, күміс күмбез
Көз салып асыл тастан нақыс шапса.

Бітіретін мезгілі болып еді
Алдыңғы өз аузы айтқан сөзге бақса.
Еңбегін жемейтінді болжай алмай
Жұр ме әлде салмады деп қолыма ақша.

Шығады өнер-білім, ақыл-ойдан,
Адам көңілі бір атым насыбайдан.
Ондағы салтаң әйел балалы боп,
Айтқалы асып кетті тоғыз айдан.

Өнерім – өлең менің, жиған мүлкім,
Қазына, бұлғын, жаннат, орман тұлкім.
Өткізіп қойған бұрын өтесім жоқ,
Болмаса аттық әзіл, тайлық күлкім.

Бірісің сен де өнерлі ырымдының,
Адырдай жұт жүрмейтін жылымдының.
«Шешен тіл, шебердің қолы ортақ», – деп,
Сөзі бар айтып кеткен бұрынғының.

Ел едік құдандалы, қонысың бір,
Дуандас, болмаса да болысың бір.
Бас қосып іргелі ел боп қала салып
Бұрынғы жат та таныс болысып жүр.
Төсекте бас қосылған сүйек едің
Төскейде мал қосылған өрісің бір.

1950 жыл

* * *

Көрген жан дейді мені жетпіс асты,
Сексенге жетпіс асып аяқ басты.
Білмеймін солар қалай айтатынын
Өзімше биыл көрдім отыз жасты.

Көріп ем тар заманның қыспағын мен,
Бұл күнде жеңіс туын ұстадым мен.
Отызға Қазақстан биыл толды
Келемін бірге жасап Отаныммен.

Үздіксіз өлең-жырды айта берем,
Тұрлентіп домбырамды тарта берем.
Елімде шаттық заман орнаған соң
Жасыма жиырма бес қайта келем.

Тұрам ба осы өмірде мен жасармай,
Жүруші ем сұм заманда теңдесе алмай.
Жыл сайын нұр себіліп, гүл төгілген
Заманым жасарып тұр, мен де сондай.

1950 жыл



ТАҒЫ ДА КӘЙКЕНГЕ

Кәйкенжан, барған сөзді талдайсың ғой,
Кейін алып, кейбірін алмайсың ғой.
Қарағым басқа цифр білмеушімен
Бір таяқ, екі төрттен танбайсың ғой.
Алдыңнан алтын ағып, көл тұрса да
Үштікке екі дөңгелек салмайсың ғой.
Аруаққа әлем байлаған шүберектей
Ырымнан құр тастамай алдайсың ғой.

Қартайып бірі болдым жас баланың,
Балаша көлеңкемнен жасқанамын.
Кәйкеннің жеке өзіне арналған сөз
Ортақтасып жүрмеңдер басқаларың.

Ғафу ет, қатем болса байқалмаған,
Жақсы сөз жаңа тілмен айта алмаған.
Белгілі хал-жағдайым өздеріңе
Кәрілік жіпсіз байлап арқандаған.
Жемісім дәні толмай жерге түсіп
Биылғы жүгім де ауыр тарта алмаған.
Жабырқап, жабыланған ойды бөліп
Тиістім сөз жазар деп Кәйкен маған.

1950 жыл



ҚАЖЫҒАЛИҒА

Зақор да емес, «е» десе, «ме» дейтұғын,
Өзі адал, кісі еңбегін жемейтұғын.
Бір түрлі рахымсыз жақсы жігіт
Жанымдағы жақсарсын демейтұғын.

Адал ісін арам деп сенбейтұғын,
Жолдасын кісі орнына көрмейтұғын.
Төбелеске бергісіз ерегес қып
Еңбегін де дұрыстап бермейтұғын.

Өзінің қисығын да «жөн» дейтұғын,
Өзі айтқаннан басқаға көнбейтұғын.
Сөзі қандай биязы, тілі – әдепті
«Сіз» дегеннің орнына «сен» дейтұғын.

1950 жыл



БАҚИҒА

Бақым үйіне аман жетті ме екен?
Жүк алып жолдан аман өтті ме екен?
Қорқып ем мінген аты әлдеқандай
Бір жаққа алып қашып кетті ме екен?

Мінгенің қара ма еді, құла ма еді?
Қонысың жол бойынан жырақ еді.
Басына мінген аттың ие болмай
Зым-зия кететұғын мұраң еді.

Жарайд деп айтқан жерде құптасаң да,
Жарылқап құр аузыңмен мықтасаң да.
Қарағым, өзің аман, тірі жүрші
Айтқан сөзің орнынан шықпаса да.

1952 жыл, қаңтар



ҚАЙЫҚБАЙҒА¹

Келдің бе көңілім сұрап, замандасым?
Әлде шын, әлде былай амандасың.
Қымбатты естен қалмас, қимасым-ай,
Адал сөз, тұзу шығар сенің басың.

Қала ма өзіл-қалжың, тәтті сөзің,
Жатырмын жан кеудеде менің өзім.
Алланың ақ жолына мойын бұрдым
Дұғаңнан тастамашы, ескі көзім!

Дүниеге келген адам өлмегі хақ
Тағдырдың кім көрмейді құрған тезін!?
Жүрегім әр нәрсені жатыр шалып,
Жүресің сен де менен қанша қалып?
Тәңірдің ақ жолынан бұйрық келсе
Жетерсің кейінгі елден хабар алып.

Қалмаған бұл дүние жалғыз бізден,
Тағдырдан лайық па күдер ұзген?
Маһшарда жолығайық, қолыңды бер
Қалайын кешу алып енді сізден.

Атандым өз тұсымда ақын Төлеу,
Келгенің халім біліп, болды демеу.
Жүрегім дертке ұшырап, төсек тартып
Ауырып бір жыл бойы жаттым жүдеу.
Басқарып бұл тойымды өзің жөнелт
Туысым жоқ қасымда бірде біреу.

1954 жыл

¹ Қайықбай молда – Төлеудің замандас адамы.

**ТӨЛЕУ АҚЫННЫҢ
ЖАРИЯЛАНБАҒАН
ТУЫНДЫСЫ**

АҚТАЙЛАҚТЫҢ ТОЛҒАУЫ

Автордан: Бұл сөздің жәй-жапсарын өзіміздің елдегі ақсақалдардан естіген едім. Олар тек Ақтайлақтың толғау жырын білмейтін-ді. Толғауын өзімнің шешем Қуандық білуші еді. Сол шешемнен Ақтайлақтың толғау жырын естіп, жаттап алған едім. Төменде соларды өзімше толғаймын.

Алпыс асқан, жетпіске таяу кезім,
Жасымда-ақ онша емес ем менің өзім.
Оқымай қараңғыда қалар ма едім
Әуелден жүрегімде болса сезім

Құм басқан құнары жоқ шұқанақтай
Апсам да өнер емес өлең көзін.
Сонда да білген жайды жазып көрем
Түзеуші алдымда деп әділ тезім.
Басында әңгімесін баяндап кеп
Жазбақпын Ақтайлақтың толғау сөзін.

* * *

Арқада керей деген халық болған,
Басында он екі ауыл келіп қонған.
Азулы арғын, найман арасында
Жүргені кемшілікте анық болған.

Зорлық бар арғын, найман баласында,
Қонысы Сарыарқаның даласында.
Түнде ұрлап, күндіз тартып малын алып
Көп болған ұрыс-жанжал арасында.

Барғанда дес бермейді малын сұрап,
Өзіне дау айтады жоқты құрап.
Орысқа қарамаған ескі заман
Қайтады мал иесі босқа жылап.

Қазақтың ши-туырлық үйлері бар,
Өнерсіз малға сенген күйлері бар.
Кейде алып оның сөзін, кейде алмайды
Әр елдің жөн айтатын билері бар.

Керейде бір Биболат деген кісі,
Мейлінше елдің қамын жеген кісі.
Ат мініп, асын ішіп жүреді екен
Өзінен ағайынның төменгісі.

Кісі екен ағайынға қадірі мол,
Көргем жоқ, үлкендерден естуім сол.
Тағы да ерлігі бар деп айтады
Тұрса да қайтпайтұғын жасанған қол.

Қазақтар мал сауады, бие байлап,
Үйлерін түйеге артып, жылқыны айдап.
Жонына Ақшатаудың қарсы келіп
Қайтады тобықтымен бірге жайлап.

Бір табы – тобықтының көкше халқы,
Ұрлыққа үйір екен түгел жалпы.
Шешесі у құдықтан су ішкен деп
Жайылған тобықтының елге даңқы.

Қайтуға ел жайлаудан қозғалыпты,
Тату боп тарамайды бірқалыпты.
Көкшенің ұрылары аттанып кеп
Ауылынан Биболаттың жылқы алыпты.

Болады әркім мықты өз елінде,
Сыналар тайғақ кешу кезеңінде.
Биболат Сарықорыққа қонған екен
Құрының ағып жатқан өзенінде.
Күн бата елді көрді Сарықорықтан,
Деседі: «Бос қайтпаспыз бұл жорықтан».
Аттанған жалғыз жолы бір бұл емес
Бұрыннан дағдылы ерлер ел торытқан.

Тиелік жылқы шықсын өрісіне,
Қарамай оңы менен терісіне.

Ендігі жөні сол ғой, кеш боп қалды
Күндіз-ақ тиер едік желісіне.

Кермеге бар жүйрігі байланып тұр,
Келед деп көкше бүгін ойланып тұр.
Сойылын үйге сүйеп жігіт жинап
Сақадай Биболат та сайланып тұр.

Биболат сонда айтады жылқышыға:
«Кез болған бір жұмыс қой тұрмысыңа.
Жылқыға он бес жігіт атқа мініп
Жүріндер кежуіл сап тұрғысына.

Жау келсе, қайтер екен, аялданар,
Өзі кеп соқтыққанша таянбаңдар.
Өлсең – шейіт, өлтірсең – қазысыңдар
Қалғанша қасық қаның аянбаңдар».

Мінгізді он бес жігіт сөзбен қайрап,
Өріске апармақ боп жылқыны айдап.
Сиынып өзі білген аруаққа
Ұран сап шықты ауылдан «жобалайлап».

Отырып тау астында атын сулап,
Тынығып өздері де алды қунап.
Ауылдан шыққан бетін көріп тұрып
Жылқыға келе жатыр жау да дулап.

Сол күні күндізгідей ай да жарық,
Байқады жылқышыны жақын барып.
Бірінен біреуінің артығы жоқ,
Екенін саны бірдей білісті анық.

Бойына бар қайратын жиып келді,
Ат жарау, киімді ықшам киіп келді.
Ол күнде тобықтының ұраны екен,
Жылқыға «маябоздап» тиіп берді.

Жылқышы қарсы шапты жаудан қашпай,
Түйіліп түйдегімен жігін ашпай.

Сайланып, «келсең, кел» деп тұрған ерлер
Тұрсын ба қан майданға араласпай.

Ал енді соғыс болды сартылдаған,
Айбалта, сойыл-шоқпар жарқылдаған.
Барлығы ел мен жаудың отыз кісі
Бәрі бойын тежеп тартынбаған.

Бәрі де қызыл қанға арандапты,
Ешбірі жараланбай қала алмапты
Ауғанша тұн ортасы ұрыс салып
Меңгеріп бірін-бірі ала алмапты.

Ел мен жау түгел батты қызыл қанға,
Қан түгіл қарар емес шыққан жанға.
Бірі өлмей екі жағы тоқтар емес
Серттесіп соғысқандай бір тұн таңға.

Байлаған шылбырларын белге түйіп,
Баяғы қазақ-қалмақ кебін киіп.
Бірі өлді таңға жақын жылқышының
Шүйдеден екі айбалта қатар тиіп.

Біреуі жылқышының аса мықты,
Сол жерде жекпе-жектеп шетке шықты
Жекеге жаудың бірі шыққан екен
Келгенде қарсыласып ұрып жықты.

Атын кеп жығылған соң іліп алды,
Өлген жоқ жау жаралы тірі қалды.
Айрылып бір атынан қалғаннан соң
Жау да енді жеңе алмасын біліп алды.

Жау қашты жылқы ала алмай, атын тастап,
«Келмеген жол болды», – деп, – оңға бастап.
Білмедік өлі екенін, тірі екенін
Жығып ек бір кісісін жерге жастап».

Жүргенде мықты-ақ едік үйімізбен,
Тұрмадық үйдегідей күйімізбен.

Кісі өлсе, ол да бізге оңай тимес
Қайтайық осы көрген сыйымызбен.

Сау қалған біріміз жоқ, жаралымыз,
Ел тауып қиын болды барарымыз.
Қайталық түк көрмеген кісі болып
Бұл жолғы бастан асты залалымыз.

Аты жоқ бір батырын мінгестіріп,
Баралық түн болғанда, күн кешкіріп.
Биболат кісісі өлсе күн сұрайды,
Айтпалық бұл хабарды елге естіріп.

Барды да тым-тырыс жатып алды,
Керейде біреуінің аты қалды.
Кісі өлтіріп айғаққа атын тастап
Басына зор пәлені сатып алды.

Сонымен дым үндемей көкше жатқан,
Қорқады «куә ғой» деп қалған аттан.
Ұрылар түк көрмей-ақ жата тұрсын
Ал енді сөз сөйлейік Биболаттан.

Жау болды таң атқан соң көзден таса,
Соғысқан жан аямай баса-баса.
Күн шыға жылқышылар келді ауылға
Бірі өлі, өзгелері қызыл жоса.

Сауы жоқ жау да біздей жараланды,
Ағызған ат мойнынан қара қанды.
Кісісін мінгестіріп ала қашты
Олар да алды-артына қарамады.
«Қатын ер қашқан жауға» десе-дағы
Баруға бізден де ешкім жарамады.

Аз емес жаудың салған жарақаты,
Балтаның, сойыл-шоқпар батқан таты.
Ертоқым, қоржын, торсық сайманымен
Мінеки, жаудың бізде қалған аты.

Бола ма кісі өлген соң жыламасқа?!
Тағдырға жыласа да, шыдамасқа?
Көкшенің бір атақты батырының
Аты екен ұран болған құла қасқа.

Адамға ашу – дүшпан, ақыл – қорған,
Дәм бітсе, кім құтылмақ ажал ордан.
Сүйегі өлген жігіт уақ екен
Жасынан Биболатқа бала болған.

Ажал-ор алып қалды есіл жасты,
Бәрі де қызыл қанын судай шашты.
Өзінің баласынан кем қайғырмай
Биболат елін жиып ақылдасты.

«Менікі» демес көкше атын танып,
Ат танып, құн бере ме мойнына алып.
Бұл атты мініп жүріп таныталық
Басқаша бір белгілі жерге барып.

Қорыды осылайша сөз сабасы,
Ол күнде көптен аздың кем бағасы.
Әкесі Құнанбайдың Өскенбай би
Тоқтамды тобықтының ел ағасы.

Өзіне жаудың атын ерттеп берді,
Қасына сегіз кісі жолдас ерді.
Жолықпай көкшеге де, басқаға да
Биболат Өскенбайды іздеп келді.

Түн қатып түнде шыққан түү басында,
Бұлардың іздеп келген турасында.
Байлатып биелерін, мал суғартып
Өсекең отыр екен су басында.

Ауылы қонған екен сол күн көшіп,
Жайқалған бір бұлаққа шалғыны өсіп.
Айтысып аман-есен, жөн сұрасып
Отырды су басында сәлемдесіп.

Отырды аттан түсіп амандасып,
Құрметті махаббатпен жөн сұрасып.
«Жолың болсын, Биеке, барыс қай жер
Түн қатып неғып жүрсің түсің қашып».

«Тобықты жылқы алады күнде барып,
Жатпаймын бір күн тыныш ұйқым қанып.
Тағы да жеті-сегіз жылқы алдырып
Келемін ел аралап сұрау салып.

Алдырып үй артында қымыз ішті,
Биболат ойлап отыр әрбір істі.
Жөн сұрап әңгімемен отырғанда
Құла атқа Өсекеңнің көзі түсті.

Өсекең қалжындайды сөзбен қаршып,
Жымиып Биболатқа езі тартып:
«Жүрсің бе өз еліңнен тай таба алмай
Атына біздің елдің аяқ артып?»

Жақсыға ұнасады әзіл-қалжың,
Мүшесі бөлек тұрар жақсы малдың.
Таныдым – көкшедегі бәйгі құла ат
Биболат, шыныңды айтшы, қайдан алдың?

Өсеке, сөзің бар ма бұдан бөтен?
Кәрілігіңді мойныңа алсаң екен.
Айтасыз қартайған соң қателесіп
Керейде сондай құла тай жоқ па екен?

«Жөніңді айт, қалжың қылмай, ей Биболат,
Таныдым, сен тансаң да неше қабат.
Бұл құла ат Орта жүзге ұран болған
Жүрісі шапса – тұлпар, ұшса – қанат.
Ол ат болса, қалы бар қапталдықта
Біріне жолдасыңның қазір қарат!»

Биболат жөнін айтты бастан-аяқ,
Ешбірін артық-кем ғып тастамай-ақ,
«Қор болдым тобықтының кірмесіне
Құдая, отыр екем не жанды аяп?!

Өсеке, айтып тұрған сөзіңіз дәл,
Халқыңа қадірлісіз – айтқаның бал.
Бұл құла ат бір кісіге құнды болды
Таныған атыңызды өзіңіз ал».

Деді де ертоқымын жұлып алды,
Көрсетті қапталдағы қара қалды.
«Осы ат», – деп, – боздағымның қанына ортақ»
Биболат «бауырымдап» айғай салды.

Ат екен болат тұяқ, бөкен санды,
Қаз мойын, қаршыға төс, жібек жалды.
Биболат «ой, бауырымдап!» жылаған соң
Өсекең танығанын қайта танды.

«Биболат, кісі емессің дауға құмар,
Құла атқа жала жауып, тақтың тұмар.
Малға мал, адамға адам ұқсамай ма
Әлде мен танығаным қате шығар?»

Өсекең осы арада жаман сасар,
Өзінен болмаса да ешкім асар.
Сөз тыңдап осы арада бос отырған
Құнанбай жас бала екен он төрт жасар.

Талап бар, жас та болса, жетесінде,
Шыдамай түзу жолдың төтесіне.
Тоқтатпай отты жүрек өрге жүзген
Айтыпты мына сөзді әкесіне:

«Кетіпті шаһит болып ердің жаны,
Мойныңа, ақтамасаң, қалар қаны.
Атадан бір туған соң, екі тумай
Таныған атыңызды жазбай таны».

Өсекең енді түсті терең ойға,
«Әңгіме қалдым-ау, – деп, – үлкен тойға».
Құла атты таныдым деп айтып қалды
Жуытпайын десе де сөзді бойға.

«Биболат, бүгін мұнда боларсыздар,
Тынығып, ат оттанып қонарсыздар.
Қашық емес, жақын жер ертеңгі күн
Көкшеге өз бетіңмен барарсыздар».

«Құла атты танысыз ба, білмесеңіз,
Көз көріп, қолмен ұстап мінбесеңіз.
Барғанмен, көкше бізге сөз бере ме
Өзіңіз бізбен бірге жүрмесеңіз?»

«Бұл өзі аз сөз емес, ердің құны,
Қашан бір шешілгенше сөздің шыны.
Сөзді мен аяғымнан ертіп барып
Бола ма айтқанменен сөздің пұлы?»

Көкшеге барыңыздар, ел емес пе?
Құла атты танып тұрған мен емес пе?
Әуелі өз бетіңмен сөйлесіңдер
Көрерміз, егер түссе ерегеске».

Сонымен, Бекең келді көкшені іздеп,
«Жолаушы, жоқ іздеген адамбыз» деп.
Береді қырын қарап қонағасы
Бір адам тіл қатпайды «Сіз кімсіз?» деп.

Жүрісін Биболаттың көреді жек,
Береді қонағасы құр ғана тек.
Ауылында бұландатып жүрсе-дағы
Құла атты танымайды «менікі» деп.
Бұл атты танымайтын себебі сол –
Артында кісі өлтірген пәлесі көп.

3-4 күн басты адамын аралады,
Құла атты тануға ешкім жарамады.
Бәрі де күрең қабақ, күл беттенген
Бір адам жылы жүзбен қарамады.

Биболат қиял-ойын кездіреді,
Өзінің егде тартқан мезгілі еді

«Хабарсыз ұн жоқ, тұн жоқ кетем бе?» деп,
Кісі өліп, ат қалғанын сездіреді.

«Осы елге келгендегі ісің не?» – деп,
«Өңің бе айтып тұрған, түсің бе?» – деп.
Құла атты ұрлап алып қоя берді
«Атың не айтып жүрген, кісің не?» – деп.

«Пәлең көп жан екенсің ішінде», – деп,
Нахақтан құн алатын күшің бе? – деп
Құн да алар жеңген жерде атын да алар
Бұларды енді ауылға түсірме?» – деп.

Сонда Биболат айтады:

«Қоймаймын жерге түсіп жоғалсаң да,
Өзіңше үйде отырып ағарсаң да.
«Елден көп елу кісі болмайды» деген
Астымнан қалған атты тағы алсаң да.

Құнымды мен алармын, сен бересің,
Болмаса, сен де мендей сенделерсің.
Өзен боп өз үйінде отыра тұр
Біреудің алдын көрсең, жөнделерсің!»

Биболат осыны айтып атқа мінді,
Көкшенің атын ұрлап көңілі тынды.
Бір ауыз жөн сөз айтпай қала берді
Не маңғаз жақсылары адам сынды.

Биболат Өскенбайға қайтып келді,
Көргенін, естігенін айтып келді:
«Таныған атыңызды ұрлап алып
Көкшеңіз жауап бермей қоя берді».

Өсекең сонда айтады Биболатқа:
«Қамықпа, мен тұрмын ғой қалған атқа.
Құн бермей енді көкше тоқталмайды
Құла атты жасырса да мың қабатқа.

Кетті ғой екі ел қайтып екі жаққа,
Биболат, қапаланба ісің аққа.
Келерсің ендігі жыл жаз шыққан соң
Беттесіп ел жайлауға келген шақта.

Шыққанда ел жайлауға бие байлап,
Қояйын оған дейін сөзді жайғап.
Екеуің соған барып жүгінесің
Көкшені қосып берем Бопыға айдап.

«Өсеке, қалай айтсаң, сөзіңіз жөн,
Адамсыз ел иесі, ақылың кең.
Шайқамалы төре деп естуші едім
Бопының жеке өзіне бармаймын мен.

Қарасам сөзіңіздің порымына,
Азырақ жетпей жатыр толымына.
Ақтайлақ деген бала бар дейді ғой
Қу дауысты Құттыбай орынында.

Олардың әділдігін көзім көрген,
Халыққа жаман аты сезілмеген.
Атасы нар дауысты Нарымбай би
Әділдік тұқымынан үзілмеген.

Өсеке, көкшеңізден тұрмын шошып,
Бірақ Сіздің сөзіңді күтем тосып.
Ризамын екеуіне жүгінуге
Бопыға Ақтайлақты берсең қосып».

«Биболат, бұл айтқаның дұрыс ақыл,
Бұл жері қалған екен менен ғапыл.
Жарайды, екеуіне жіберем», – деп
Бұл сөзден Биболаттың көрді мақұл.

Айрылып ел арасы кеткен қашық,
Асыққанмен бола ма асып-сасып.
Жайлауда ендігі жыл келмек болып
Биболат қайтты еліне сөз байласып.

Биболат сөзін байлап кетіп қалды,
Көкшеге ол кеткен соң хабар салды.
Шақыртып «мұнда келсін, сөйлесем» деп
Он шақты басты адамын жиып алды.

«Ағайын, аман-есен келдіңдер ме,
Керейді құн сұраған көрдіңдер ме?
Өзіңді «ел» деп, «жұрт» деп барып еді
Жөн айтып, тұзу жауап бердіңдер ме?»

«Ауылға кеткені рас керей барып,
Қолына бір қосар ат жетек алып.
Басында жеті-сегіз жылқы алдырып
Соны іздеп жүрміз, – деді, – сұрау салып».

Аралап әр ауылға түсіп жүрді,
Қонағасы, түстігін ішіп жүрді.
Бір күні «осы құла ат кісі өлтірді –
Құн беріп, атыңды ал», – деп түсіндірді.

Өтірікке өлмейміз, шынға өлеміз,
Аққа шығын тартуды мін көреміз.
Біздің құла ат жаздыгүні өліп қалған
Жаласына қалайша құн береміз?!

Жанды зат бір нәсілден таралмай ма,
Ақ, қара сын алдында қаралмай ма?
«Малға мал, адамға адам ұқсайд» деген
Хайуан түстес болып жаралмай ма?

Құйрығы біздің аттың болған шолақ,
Керейің емес екен шыншыл қонақ.
Ол атын сырттан біреу ұрлау керек
Керейдің келіп кеткен жөні сол-ақ.

Өскенбай:

Сендерге мен де құлақ түріп едім,
Істеген жұмысыңа күліп едім.

Құла атты ұрлап алып жоқ қылған соң
Осындай айтарыңды біліп едім.

Бірақ мен екі туып жаралмаймын,
Сен үшін отқа түсіп жана алмаймын.
Мен танысам, сенікі құлақасқа ат
Тегінде көргенімді тана алмаймын.

Тіл алсаң, керейменен жарасыңдар,
Көнбесеңдер, көпке өліп қаласыңдар.
Бұл сөзбен құтылсаңдар не қылайын
Бопы мен Ақтайлаққа барасыңдар.

Менімен керей кетті сөзін байлап,
Сендерді жүгінуге қойдым сайлап.
Келеді ендігі жыл жаз болғанда
Шыққанда ел жайлауға бие байлап.

Көкше айтады төреге барармыз деп,
Құтылып төре алдында қалармыз деп.
Өздері оңашада сөйлеседі
Төрені бірдеңе ғып алармыз деп.

Көкшені осы сөзбен қайырыпты,
Сөзінің ақ-қарасын айырыпты.
Осы айтылған әңгіме бастан-аяқ
Әр елге айқындалып жайылыпты.

Білетін кемеңгерлер сөздің тегін,
Ашпайды, қолдан келсе, елдің шегін.
Бопы мен Ақтайлақ та есітіпті
Келер жыл өздеріне жүгінбегін.

Бопының көкшеменен қонысы жақын,
Теңгерген әділ төре кісі хақын.
Баласы Солтабайдың жігіт күні
Аң аулап, ит жүгіртіп, құс салатын.

Көкшелер түсіп жүрді әрбір ойға,
Төрені жуытамыз қайтсе бойға.

Бопыға сөйлесуге бата алмайды
Айтады сырттап келіп Солтабайға.

«Нахақтан керей бізден құн сұрайды,
Нахақ жала жапқанға кім шыдайды?
Ендігі жыл төреге жүгінбекпіз
Естіген шығарсыздар осы жайды.

Біздің құла ат жаздыгүн өліп еді,
Өлгенін көкше түгел көріп еді.
Жетелеп сол секілді бір құла атты
Құн сұрап керей бізге келіп еді.

Өсекең біздің елмен қырын қабақ,
Қырындықпен ұсады күнде сабап.
«Мен таныдым – сол құла ат сенікі» деп
Ол да отыр пәле үстіне пәле жамап.

Төренің әуілетті алдын көрсек,
Керейге жан ұстатып, күмән берсек.
Күмәнінен өте алмай қара болып
Армансыз болар едік малына өлсек.

Сырттағы не демейді дұшпанымыз,
«Күмән» деген сөзімді ұстаныңыз.
Өсекеңнің сөзіне қарағанда
Күмәнсіз малға өлетін нұсқалымыз.
Бізде бір құстан ұшқыр сары жорға ат бар
Сол аттың майын мініп, құс салыңыз.

«Құс сал» деп сары жорға аттың майын берді,
Бергенді жек көрмейтін жәйін көрді.
«Ханымдарға көйлек» деп қырық кез торғын
Ішетін қантыменен шайын берді.

Алған соң төре беті бұларға имек,
Болмас деп шарифатсыз малға күймек.
Арғыдан келе жатқан ақ сүйектің
Кетіпті ар-ұятын нәпсі билеп.

Солтабай мұның бәрін алмақ болды,
Сездірмей әкесіне бармақ болды.
«Құн кеспей, керей сөзін күмән кес» деп
Жай сөзбен құлағына салмақ болды.

Алғанын әкесіне сездірмейді,
«Кейін ғой билік айтар мезгіл» дейді.
«Төре ұрды – құдай ұрды» дейтін қазақ
Төреден басқа жанды көзге ілмейді.

Алты ай қыс сіңіреді құлағына,
Жасынан билік айтқан қырағыға.
«Жарайды, күмән болсын», – деді Бопы
Сөзіне баласының, ұнады да.

Білмейді баласының не қылғанын,
Торғынның абдыраға тығылғанын.
Сары атты да «басқадан алдым» дейді
Сездірмейді көкшемен сыбырларын.

Ақтайлақ жатыр мұны сырттан бағып,
Бір адам бар алғанын айтады анық.
Бопыға айтпай көкшенің атыменен
Жүргенін қыстай мініп түлкі қағып.
Баласы жарамсыз іс қылған екен
Бетіне әкесінің күйе жағып.
Жарайды, уағында сөйлесерміз
Тілімді байламаса жылан шағып.

Ақтайлақ бәрін сырттан сезіп еді,
Әр елдің сары жорға атты көзі көрді.
Бұл әңгіме осыменен тұра тұрсын
Керейдің құн сұрайтын кезі келді.

Қыс өтіп, жаз шыққан соң қары кетіп,
Ат қара тіл болғанда көгі жетті.
Биболат Өсекеңе келді тағы
Қасына отыз жігіт жолдас ертіп.

Келгенін Биболаттың көзі көріп,
Сөйледі әңгіменің бәрін теріп.
«Барсын, – деп, – керей келді жүгініске»
Көкшеге жіберіпті хабар беріп.

Өткізді қонақ болып бірер күнді,
Білгенін Өсекең де айтқан сынды.
«Жарайды, біз де даяр отырмыз», – деп
Ду етіп көкше адамы атқа мінді.

Төреге жақындасып қалған нанып,
Параға пұл өткен соң көңілі жанып.
«Мал бермей, күмән беріп құтылғам», – деп
Көкше жүр ақ кісідей саңлақтанып.

Отырған уәделі күнін тосып,
Біреу малдан, біреуі жаннан шошып.
Жіберді төрелерге Өскенбай би
Керейдің көкшеменен басын қосып.

Екі жақ жүгініске жүрді саулап,
Керей жүр өлгенінің құнын даулап.
«Мал бермей-ақ жан беріп құтылам», – деп
Көкшелер келе жатыр омыраулап.

Көкшелер бұрылыпты Бопы жаққа,
Кереймен келіспейді ынтымаққа.
Бопыға көкше адамы бұрылған соң
Түсіпті Биболат кеп Ақтайлаққа.

Биболат:

Көкшеден кісім өліп жараландым,
Құн сұрап тобықтыны араладым.
Өскенбай би Бопыға жібермеді
Мен Сізді өзім айтып қалап алдым.

Әуре боп жүрген жанмын кебеппенен,
Жалғызбын, серігім жоқ көмек берген.

Бопыға Өскенбай би жіберсе де
Сізді алдым екі-үш түрлі себеппенен.

Айтысып аман-есен аялдады,
Биболат білген сөзін аянбады.
Былтырдан болып өткен әңгімені
Қалдырмай бір нүктесін баяндады.

Беретін менің Сізге парам да жоқ,
Ісім ақ, жұмысымда арам да жоқ.
Жазығым – жалғыз ауыл керейлігім
Қонысым арғын, найман араңда боп.

Көкшеден кісім өлді ажал жетіп,
Барамын аздығымнан құнсыз кетіп.
Сізбенен әділдікке жетем дедім
Атаңның аруағынан үміт етіп.

Ақтайлақ айтты: «Құлақ салып едім,
Хабарды іші-тыстан алып едім.
Сөзінің бөтені жоқ, бәрі де рас
Барлығын сырттан сұрап қанып едім».

Бопыны шақыртыпты: «Мұнда келсін,
Керейді мұнда отырған көзі көрсін.
Тастамай көкшені де ала келіп
Осында екеуіне билік берсін».

Көкшемен келді Бопы шақырған соң,
Етін асып, қымызын сапырған соң.
Ал енді әңгімеге кіріседі
Дәмін ішіп, жайланып отырған соң.

«Жасыңнан оза шауып жүлдені алдың,
Ақсүйек тұқымысың шын сұңқардың.
Бізге сөйлеу ұят қой сіз тұрғанда
Ал, Төре, билігін айт мыналардың.

Ал, Төре, бердім сізге сөздің алдын,
Белгілі бәрі өзіңе болған халдің.

Көкшелер «көргем жоқ» деп танып отыр
Құн сұрап жүргені бар керей шалдың» .

Бопы:

«Рас, Көкше бұл сөзден танып отыр,
Көпшілік қайсысына нанып отыр?
Көзі жеткен бар ма екен анығына
Бірталай осы арада халық отыр.

Өсекең араз екен көкшеменен,
Кісі еді о да бізді өкшелеген.
Құла атты «көкшенікі, таныдым» деп
Өсекең айтса керек өкпеменен.

Көкшелер мойынына алмаған соң,
Айқындап мойнына ешкім салмаған соң,
Көкшеден төрт кісі ұстап күмән алсын
Белгілі айғақ, куә болмаған соң.

Күмәнға өте алмаса, құнын берсін,
Ер құны – елу түйе жолын берсін.
Төрт кісі жанын берсе, о да бітім
Осымен екі ел тоқтап, тыным көрсін» .

Өсекең теңдес кісі өзіменен,
Көргенін бекер дейді көзіменен.
Төреміз осы жерде тірі өледі
Баланың ұғындырған сөзіменен.

Төренің билігінің көрді түрін,
Алған ғой баласының бұрын сырын.
Билігін «күмән» деген дұрыс көрмей
Ақтайлақ сөйлеп берді толғау сөзін.

Ақтайлақтың толғау сөзі:

Бай жайлауын сұрасаң,
Батпағы сулы даладан.
Қой жайлауын сұрасаң,
Кекірелі жантақ сорадан.

Малды жисаң, қойды жи,
Қолың кетпес шарадан.
Итті жисаң, сырттан жи
Қой бермейді қорадан.
Некесізден би қойсаң –
Екі көзін айырмас
Өл-өлгенше парадан.
Қас батыр неге шіміріксін?!
Жебеден тиген жарадан.
Шын құдайға сиынсаң,
Ей, Биболат, құтқарар тәңірім пәледен.
Бай жайлауын сұрасаң,
Батпағы сулы даладан.
Қой жайлауын сұрасаң,
Кекірелі жантақ сорадан.
Малы кімнің көп болса,
Қызғаншақ жердің даласы.
Жылқысы кімнің көп болса –
Орындықты сабасы.
Ұлы кімнің көп болса,
Бәйбіше болар анасы.
Қара қылды қақ жарған
Қаса бидің данасы.
Түбінде жұмақ таппай ма
Осыны тапқан анасы.
Қызыл түлкі сырт киім,
Құндыздан болар жағасы.
Алпыс екі торғайдың
Салдама болар сағасы.
Аспан, көкпен пара-пар
Алланың үйі – ақ мешіттің төбесі
Кімді жастап, кімді ұрмас
Алланың жалғыз құба жебесі.
Жақсылық деген бір жол бар
Қусаң оған жетпейсің –
Қойқап таудың қиясы.
Пиғылдық қылсаң, Бопыеке-ау
Көңілде бар емес пе, алты иманның ұясы?!
Сен мына отырған керейге
Төрт кісі күмән ұстатсаң,

Мен тоқсан түйе құн кестім
Сөзімнің болса расы.

Сонда Бопы төре: «Сенің «некесізден би қойсаң» дегенің – төрені – құл, қожаны – сарт дегенің ғой. Төре – құл, қожа – сарт болғанда, қазақ өзіңнің орның қайда болады? Мен түкке жарамайтын құл болсам, атам – Әбілфайызды сенің атаң Нарымбай Ташкеннен «төре ғып ұстаймын» деп неге әкелген? – деп ашуланыпты.

Ақтайлақ:

Аланай болмай, тау болмас,
Бұланай болмай су болмас.
Ақшамнан соң құн тумас,
Ағарған сақал қараймас.
Батыр болсаң – кім білмес
Басқанда қара жер де ойылмас.
Жез қарғылы құмарлан,
Жетпей түлкі шала алмас.
Біреудің жеткіншегі жығылса,
Ол жер таянбай тұра алмас.
Сауын саусаң – бие сау,
Салқын түспей суалмас.
Күшті жисаң – түйе жи
Қырқадан қиялай көшсең мұңаймас.
Мыңды беріп бірді алсаң да дегдарды ал
Жұртыңда жылай қалса кім алмас.
Көл үйрексіз көркеймес,
Үйректің көбін қаз сүймес.
Қаз үйректі сүйсінбес.
Жеті қабат тон кесе
Жетесі жаман көркеймес.
Жеті атасын тең сөксе,
Жетесі асыл шамданбас.
Арқадан атан жығар жел тұрса
Ойда боран борамас.
Жақсылар шорға шауып жығылса
Жаманның еш нәрсесі құрамас.
Құрамағаны құрысын

Сол шіріктер түбінде
Қор болғанын біле алмас.
Ендігінің төресі
Пара жемей тұра алмас.
Үкілі балақ, сексен шоқ
Сары аяқ едің, ау Бопы,
Сенің тұқымың жеті атаңа дейін оңалмас.
Жел, жел есер, жел есер,
Жекенменен тал өсер.
Жекендейін желкілдеп
Ораздының ұлы өсер,
Шиырлының қызы өсер.
Алыстағы дұшпанның,
Жақындағы достардың,
Атпай-шапшай түбінде
Көкірегін сол кесер.
Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер.
Сақылдаған сары аяз
Жылқының мойнын ол кесер.
Бұлаң-бұлаң жүгірген
Бұланның санын оқ кесер.
Бұлаңдаған жігіттің
Бір көкейін жоқ кесер.
Әуелі Баһар ашылса,
Аққу шомар көлдерге.
Ағайыны кімнің көп болса
Үлкен медеу белдерге.
Атадан жақсы ұл туса
Есіктегі атасын
Сүйреп шығар төрлерге.
Атадан жаман ұл туса,
Төрде отырған атасын
Дос-дұшпанның көзінше
Қазбай көмер жерлерге.
Бес таңбалы найманда
Белгілі туған төре едің
Лайық па саған жем жерге?
Менің көзім жоғалса,
Жан табылмас «кел» дерге.

Халайық сөзді білмей ме,
Қисық айтқан билікті
Көкше мен керей көрмей ме.
Бұл керей құнсыз кеткенмен,
Енді кісі өлмей ме? – деп,
Ақтайлақ сөзін тоқтатыпты.

Сол кезде қысылыпты Бопы терлеп,
Ақтайлақ бітірген соң сөзбен жерлеп.
Бір ауыз сөз айта алмай тысқа шықты
«Келемін дәрет алып, құман бер», – деп.

Сөзі жоқ Ақтайлақтың нанбайтұғын,
Кісі емес нанымсыз сөз жалғайтұғын.
Бопының бір күтуші жігіті бар
Қасынан үйде-түзде қалмайтұғын.

Жолдасы ере шықты шәугім алып,
«Бір сұмдық болды-ау» деген ойға қалып.
Сұрайды күтушіден Бопы төре
Ауылдан аулағырақ алып барып.

«Ақтайлақтың сөзінің түрі жаман,
Бір ұят іс қылған ғой біздің надан.
Алғанын Солтабайдың сен білесің
Қалдырмай білгеніңді айтшы маған.

Мен бұрын бұл сұмдықты білмедім ғой,
«Аң аулап өз бетімен жүр» дедім ғой.
Көкшеден пара алғаны рас болса
Тірідей өлмей жерге кіргенім ғой.

«Ақтайлақ пара алғанын біліп отыр,
Білген соң, сөзбен кекеп іліп отыр.
Сіз түгіл Ақтайлақтың айтқан сөзі
Менің де жүрегімді тіліп отыр.

Айтайын білгенімнің барлығын да,
Жүреміз Солтабайдың жарлығында.
Басқа да алғандары болу керек
40 кез торғын жатыр сандығында.

Айтқаны Ақтайлақтың жаман батты,
Адамға сөз бола ма бұдан қатты.
Аң қаққан қыстай мініп, жемге байлап
Көкшеден алып еді сары жорға атты.

Құр емес ақша мен бұл, қант, шайдан,
Қаршыға, қыран бүркіт, тұрымтайдан.
Көз көріп, көңіл сезіп жүрсе-дағы
Қорқушы ек Сізге айтуға Солтабайдан».

Қарады күтушіге мойын бұрып,
Ұғынды айтқан сөзін тыңдап тұрып.
Болары болып қойған іс болған соң
Даладан үйге кірді мысы құрып.

Бопы сөзі:

«Бар еді деген мақал: «Ұлда көз жоқ»,
Көзсіз ұл отыр маған бүгін кез боп.
Тоқсанға тоқсан түйе қосып кессең
Айта бер білгеніңді менде сөз жоқ.

Жайымша отырамын сөзден шығып,
Арамға адал істі берме жығып.
Алпыста ақылымнан адастырып
Тірідей қойды балам жерге тығып.

Көкшенің сатты балам бір тайына,
Тай да емес басын алған, ат майына».
Шыққан соң Бопы сөзден осыны айтып
Бар сөзді алды Ақтайлақ ыңғайына.

Ақтайлақ сөзі:

Билікті айтқан едік екеуара,
Өзі айтпай, төре маған берді дара.
Бұл сөзді аяқтатып бітірелік
Биболат, мойның бұрып бері қара!

Мен саған 90 түйе құн кесемін,
Кескенде, ойын емес, шын кесемін.

Қазақта аруақ сыйлау рәсім бар
Азырақ кескен малға мінгесемін.

Сөзімнің құлағың сал салмағына,
Пайданы түгел баспа бармағыңа.
Он-оннан кескен малдың жиырмасын
Байлаңыз арғын, найман аруағына.

Қалғанның кемітпелік жасағасын,
Аларсыз толық түйе дәл бағасын.
Бопыға он түйесін тағы байла
Төренің құр тастамай босағасын.

Өскенбай жіберіпті Бопыға айдап,
Сен мені тілеп апсың өзің сайлап.
«Құттыбайдың орны деп келдім» дейсің
Беріңіз он түйесін маған байлап.

Болады осылайша ескі жүйе,
Ортақ жоқ, қалғанына өзің ие.
Он-оннан төрт аруаққа қырқын байла
Еріңнің құны болсын елу түйе.

Биболат «разымын, мақұл» деді,
Көпшілік те «мұныңыз – ақыл» деді.
Керейдің дереу жиып малын берсін
Көкшені түгел мұнда шақыр деді.

Алдына көкше адамын түгел жинап,
Тез бітір кескен малды сөзді сыйлап.
Былтыр-ақ өзің бітер жұмыс екен
Келтірдің бұл араға босқа қинап.

Бітірді үш-ақ күнде кескен малды,
Биболат елу түйе құнын алды.
«Ер құны елу түйе болсын» деген
Жол болып Орта жүзге содан қалды.

Әртүрлі әр ғасырда заман болған,
Кейі жүйрік, кейбірі шабан болған.

Қазақша әдет-ғұрып, рәсім, – деп
Өзінше заң шығарған адам болған.

Мен жаздым өзім білген ойда барды,
Түгелдеп айта алам ба өткен халді?
Көз көрген жұмыс емес, естуімше
Аяғы әңгіменің тамамдалды.

1941 жыл





ЕСТЕЖІКТЕР



Жазушы Сапарғали Бегалиннің Төлеу ақын қабірінің басында сөйлеген сөзі

(1954 жыл, қараша. Шар қаласы)

Ардақты Төке! Ақырғы сағат, ақырғы минут ғазиз сүйегінің алдында қош айтып бас иеміз. Қазақ халқының шешендік қабілетін бойына тұтас сыйғызған, еліміздің ізгі қасиетін, адамшылық ізетті мінезін айнытпай ұстана білген, заманын ұққан, даналықтың сәулетті сезіміне жетік қадірлі ақсақалымыз едің, Төке!

Төкеңнің ақындық жолы, өмірі – таусылмайтын өте ұзақ дастан. Дегенмен бір-екі өте жауапты кезеңдерін айтпай болмайды. Төкең «өлеңді 12 жасымда бастап айттым» дейтін еді. Халқымыздың ардақты данышпан ақыны Абайдың мектебін көрген, өзіне ұстаз тұтқан, сөзін меруерттей етіп орналастыра білетін шеберлігімен қатар, төкпе дарынды ақын болған. Ақын болғанда, сөзін сатып ел мазасын алған қыдырма ақын емес, халық күйін, ел көкейін сезіне жырлайтын шын мәнісіндегі халық ақыны едің, Төке.

1916 жылғы ұлы оқиғада Төкеңнің жазған өлеңі сол жылда-ақ бүкіл Семей губернасына ауыздан ауызға тарап, майдандағы жігіттердің, елдегі ата-ананың көкірегіндегі шерін тарқатар сырласына айналған.

*«Ата мен жер таянып ана қалды,
Бесікте шырылдаған бала қалды», –*

деп ел күйін күйзеле жырлап, сол өлеңнің бір жерінде:

*«Ұлықтар пара алады болды демей,
Нәпсім тойып, жан қалтам толды демей.
Ақшамен бай баласы аман қалып
Майданға кетті жылап сорлы кедей», –*

деп, ол кедей табының мұңын айрықша баса айтты.

...Совет өкіметінің халық таланттарына айрықша жасаған тамаша қамқорлығының арқасында Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындары өздерінің талантты жырларын Совет халқына, халықтар достығына, еліміздің байлығына, еңбек ерлеріне, еліміздің ұлы табыстарына, жеңістеріне арнағанда Төкең де сол топтың ілкі алдында болды.

1943 жылы бүкіл республика бойынша ұйымдастырылған халық ақындарының айтысында ең алдыңғы жүлдені алған ақынның бірі Төкең еді. Төкеңнің ұзақ өміріндегі халқына істеген еңбегі аса тамаша құрметке бөленді. Ол кісіге Қазақстан Жоғарғы Советі Президиумының Указымен «Халық ақыны» аты берілді.

Халқымыздың талантты ұлы, Қазақстан Жазушылар одағының қарт мүшесі, ақсақал ақын Төке, өзіңіз өмір бойы құрметтеген халқыңыз Сізді де ақырғы жолыңызға құрметпен шығарып салып отыр. Сол халықпен бірге Қазақстан жазушылары зор құрметпен қабіріңізге бас иеді.

Қазақстан Жазушылар одағы төралқасы атынан, бүкіл жазушылар қауымынан қабіріңізге бас иіп, топырағыңыз торқа болсын деймін.

1954 жылы қараша айында Қазақстан Жазушылар одағы атынан арнайы келген (С. Бегалинмен бірге) ақын Нұтфолла Шәкеновтің Төлеу ақсақалдың қабірінің басында оқыған өлеңі

Жырмен туып алтынын,
Жырмен ұзап барады.
Жаршысы болып халқының
Сөз көркіне жарады.

Сүрінбей өткен тілек бір,
Абайдың ұзақ жолында.
Қарт Төкеңмен жүрек бір
Мұрасы тарих қолында.

Неткен әншіл дала еді,
Ұрпақтай жырлар түр екен.
Ақын еді, ақ еді,
Хош, сүйікті қарт Төкем!

**Қаскен Есенғараевтың әкесі Төлеуді жерлерде
қабір басында оқыған өлеңі**

Тиянағым – өмірлік,
Таусылмайтын – азығым.
Асқар белім, айдыным,
Қазығұрттай қазығым.

Кімдер көрмес, кім көнбес
Шернекте тағдыр жазуын.
Риза боп кет халқыңа,
Ой суарған шеберім.
Бақытты өмір қалпына.
Белгісіз жұртқа емессің
Айта жүрер білгендер
Сөз тастадың артыңа.

Түсің суық, сұм ажал
Бұзылып сілкін тастарда.
Қабіріңе бас иіп
Тұр жақының, достар да.
Халқың отыр хош айтып,
Үлкен-кіші, жастар да.
Қайран әкем, хош, хош бол!
Кез қылсын тағдыр мәншарда.

1954 жыл



Атам бос кезімде жанына ертіп жүретін...

...Мұханды (М. Өуезов) мен алғаш 1945 жылы июнь айында Семей қаласында, өзіміздің жерлесіміз, белгілі әдебиетші ғалым Мұхамедханов Қайымның үйінде көрдім. Бұл жылы ұлы ақын Абайдың 100 жылдық мерекесі Одақ көлемінде кеңінен аталып өткен. Абайдың туған ауылында ғылыми конференция болып, үлкен той өткізілді. Осы тойға Мұхтар Өуезов бастатқан ақын-жазушылар, әдебиет зерттеушілері келді. Сол жолы Қайым ағай астаналық ақын-жазушылармен қоса менің әкем Төлеу Көбдіковті де қонаққа шақырды. Жасының ұлғаюына байланысты атам Төлеу сабақтан бос кезімде мені үнемі жанына ертіп жүретін. Мен атама бұл жолы да еріп бардым. Біз барған кезде Қайым ағайдың қонақ үйінде біраз адам отыр екен. Атам төргі орындыққа жайғасты. Кейін білсем, атамның оң жағында отырған адам Мұхтар Өуезов екен де, сол жағында отырғандар Ғабит Мүсірепов пен Есмағамбет Ысмайылов екен.

Ас үстінде «Біржан-Сара» айтысының кімдікі екені туралы сөз болды. Бұл әңгімені бастаушы Қайым ағай еді.

– «Біржан-Сара» айтысын мен Әріп Төңірбергеновтікі деймін. Менің бұл сөзімді Төкең де құптайды», – деді. Атам Қайым сөзін дереу қостады.

Ғабит Мүсірепов ағай тек:

– Төке, дәлел келтіріңіз, – деді.

Атам Сараны сырттай білетіндігін, өз әкесінің Сараны қалыңдыққа айттырмақ болғанын, қазіргі басылып жүрген «Біржан-Сара» айтысының Сара Жиенқұлға тұрмысқа шыққан соң пайда болып, ел ішіне тарағанын, өзінің сол айтыс нұсқасын түгелдей жатқа білетіндігін айтып, айтыста мақталатын, жамандалатын адамдардың бәрі дерлік Семей, Қарқаралы, Талдықорған маңының «игі-жақсылары» екендігін, ал Көкшетау, Ақмола жағының Атығай-Қарауыл, Алтай-Қарпық, Сүйіндіктің адамдарынан бірде-бірінің аталмауын мысалға келтірді. Олардың жоқ болу себебі – Әріп ол жақта болған жоқ, ол жақтың жақсысын да, жаманын да білген жоқ деген дәлел келтірді.

Ғабит ағай: «Дәлеліңіз орынды, мен иландым», – деді. Мұхаң жай байыппен, бірқалыпты сабырлықпен тыңдап отырды да, ешқандай пікір айтқан жоқ...

Жемісбек Есенғараев,

немересі.

1967 жыл

ӘКЕМ ТУРАЛЫ ЕСТЕГІЛЕРДЕН

(*Ықшамдалған нұсқа*)

Әдетте естелік жазу – қиын іс. Себебі ол, біріншіден, аса адалдықты, шындықты қажет етсе (белгілі уақыт өткен соң, адамдар өміріне қатысты жайларды жақсы білетіндер сол кісі дүниеден озған соң, шындықты бұрмалап жататындар жиі кездеседі), екіншіден, өткендегіні еске түсіруде кем ойлап, келте соғатын балалық шақ әсерлері де аз емес. «Балалық шақ әсерлерінің» деп отырғаным, әкем дүние салған жылы мен орта мектепті бітірген едім.

Ресми құжаттарда әкемнің фамилиясы дұрыс жазылмаған. Бұрынғы қазақ «тіл, көз тиеді» деп балаларына жақсы ат қоюға онша ықыласты болмаған. Менің де атамның шын аты Көбдік емес Көпжер болыпты. Барнауыл қаласына барып тұрақтағанда фамилиясы «Ковдыков» деп қате жазылып, әкем өмір бойы осы фамилиямен кетті.

Оның руы Орта жүз ішінде – керей. Одан бері таратып айтсақ – Абақ – Жастабан, Бегімбет, Қосай, Құтыке, Төлек, Сарыбай, Тоқымбет, Қожаберген, Ерубай, Көпжер, Төлеу...

Туған жері – Семей облысының Шұбартау ауданы, бұрынғыша Қарқаралы дуаны, Дағанды болысы, Мүзбел ауылы.

Үлкен әкем Көпжер орта шаруалы, момын, оның әкесі Ерубай ер мінезді, дәулетті адам болыпты. Әкем Төлеу сол үлкен әкесінің бауырында өскендіктен ел ішінде «Ерубайдың Төлеуі» атаныпты. Ерубай бабамыз «Мен неғылсам да найман Ақтайлақ би ауылымен құда боламын» деп Ақтайлақтың кенже ұлы Сабырбайдың қызы Қуандықты біреу айттырып, малын беріп қойған жерінен Көпжер баласына әйел үстіне алып беріпті. Жақын аға-бауырларының бірі қайтыс болуына байланысты келін бір жыл кешігіп түседі. Себебі ол кезде кісісі өлген ауылдың қыз-келіндері таңсәріде және кеште жоқтау айтады екен. Әкемнің 1975 жылы шыққан «Жырларым» атты жинағына жазып берген алғысөзімде осы жайт өзгертіліп, қате басылған. Ал шындығы, жоғарыда айтылғандай. Оны әкемнің өз аузынан естігенмін.

Әкемнің жинағына алғысөз жазғызған қадірлі замандасым, жазушы Медеу Сәрсекке еді. «Мұрат, қазіргі жазба ақындар бұрынғы өткен қарт ақындардың жазғандарын оқыды дейсің бе? Әкеңді өзіңнен жақсы білетін ешкім жоқ, сондықтан алғысөзді өзің жаз» деп еді. Онысы рас болды. 1974 жылы келетін 100 жылдығы қарсаңында шықса деген ниетпен облыстық әдебиет бөлімшесінің хатшысы жазушы Медеу Сәрсекенің көмегімен «Жазушы» баспасының поэзия бөлімін басқаратын ақын Қадыр Мырзалиевке 1970 жылы тапсырылған қолжазба 1975 жылға дейін қозғаусыз жатты. Жазушылар одағының сол кездегі басшысы Әнуар Әлімжановтың, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік баспасөз комитеті председателінің орынбасары Кәкімжан Қазыбаев сынды ағаларымыздың қабылдауларында болдым. Ақыры, 1973 жылы 30 март күні Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамызға арыз жаздым. Ол арызымда Қазақ ССР-нің халық ақыны атағын алған, есімі қазақ энциклопедиясына, «Қазақ әдебиетінің тарихы» («Қазақ халқының ауыз әдебиеті», екінші кітап, Алматы, 1964) деген кітапқа енгізілген, кезінде ұлттық мақтанышымыз Абайды көрген, одан үлгі алған, кейін де заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов құрметтеген әкем Төлеу Көбдіковті сол кезде Есет Әукебаев сияқты адамның қалайша менсінбейтініне қайран қаламын» деген сөздерді келтірдім. Бір айдан соң Орталық Комитеттен мынадай жауап келді:

*«Семипалатинская область, Аягузский район,
совхоз им. Б. Абжанова
тов. Толеуову Мурату.*

Уважаемый тов. Толеуов!

Ваше заявление рассмотрено в отделе пропаганды и агитации ЦК КП Казахстана. Руководству издательства «Жазушы» рекомендовано включить сборник народного акына Казахской ССР Т. Кобдикова в план редакционной подготовки и издать его в 1975 году.

Зам. зав отделом пропаганды и агитации ЦК КП Казахстана В. Руднев.

8 мая 1973 года».

1974 жылдың қыркүйек айының басында Смаханұлы Шонадан хат алдым.

«Қымбатты Мұрат!

Әкеңіздің жинағы өндіріске кетті. Өзімше, ең жақсы өлеңдерін жіберуге тырыстым. Әкеңіз – жақсы ақын екен! Алғысөз – өзіңдікі. Мазмұнының екі данасын жіберіп отырмын. Суреттен тымақ киіп тұскен жақсы портреті кетті.

Сәлеммен Шона Смаханұлы.

P.S. Мерекелеріңізбен құттықтаймын. Әсіресе көрмеген келінді.

5/IX -1974 ж.

«Келін келе жатыр» дегенді естігенде Көпжер атамның бәйбішесі Лекер әжеміз де ауылдың қыз-келіншектеріне қоса ілесіп кетіпті. Сонда оған ақын апамыз (Қуандық әжемді барлық балалары солай атаған көрінеді):

*Керейге келін болдым баяулатып,
Бір сұмдық жаңа шықты жаяулатып,
Сен Лекер болғанда, мен жандарал,
Шапшаң барып ұй тіктірі даярлатып, –*

деген өлеңмен танысыпты.

Әйтсе де екі шешеміз күндес болса да тату өтіпті. Бұрын перзент көрмеген Лекер шешеміз жұкті болып ұл табады. Сонда ақын апамыз «бұл баланы мен келген соң көтердің. Сондықтан бала менікі және оған өз атамның атын қоямын», деп баланың есімін Байғара қойып, өз бауырына салыпты. Байғара – Ақтайлақтың әкесі екен. Сонымен Көпжер атамның бәйбішесі Лекерден – Байғара, Ботағара, Болғанбай, Толғанбай, Жұмақан атты бес ұл, ал әжем Қуандықтан – Есенғара, Шешенғара, Төлеу, Мұқаш атты төрт ұл туыпты. Шешенғара жастай шетінеп кетіпті де, одан кейін туған баланың, яғни менің әкемнің атының Төлеу қойылуы содан екен.

Екінші анамнан туған әкеммен бір Көпжер-Көбдіктен тарағандардың ұрпақ жалғастығына келсек: Байғара деген ең үлкен ағасының Сапарғали, Қарақан, Жәңгірхан деген балалары

болды. Сапар ағамыз Лепсі стансасында Сіләм деген баласының қолында тұрды. Сол Лепсіде қайтыс болды. Сіләмнан туған немерелері бар. Қарақан, Жәңгірхан ағаларымыздың Әділхан (қайтыс болған), Әмірхан, Әзімхан деген балалары және олардан туған немерелері Үржар ауданында тұрады.

1930 жылдардың бас кезінде Шұбартаудан ауып барған Байғара әкеміз де сонда қайтыс болыпты. Сүйегі Үржардың орталығындағы ескі зиратта көрінеді. Мұны маған осыдан бірнеше жыл бұрын Мұсабеков Қанапия деген ағамыз айтты. Ол кісі әлі тірі, жасы жүзден асты. Қазір ескіше «1-май», жаңаша «Жоғарғы Егінсу» деген ауылда тұрады. 30-жылдардың бас кезінен Үржар ауданын мекендеп қалған. Таяу жылдарда ол кісіге «Үржар» ауданының «Құрметті азаматы» деген атақ берілді.

Ол кісінің бізге туыстығы былай: Ерубай бабамыз бен Матығұл бір туысады. Матығұлдан Ақша, одан Мұсабек, Мұсабектен Қанапия туады. Бұл ағамыздың балалары, немерелері бар.

Ботағара, Болғанбай, Толғанбай әкелерімізден ұрпақ баржоғын білмеймін. Ал Жұмақан әкемізден Берікбол, Смақан деген ағаларымыз туған. Екеуі де қайтыс болған. Берікбол ағамыздың Киләш деген жалғыз ұлы Баршатаста тұрады. Оның алты ұл, бір қызы бар. Ал Смақан ағамыздың он бір ұл-қызы бар. Бәрі де Шұбартаудың «Көктал» деген жерінде тұрады.

Әкем Төлеудің өз кіндігінен тараған балалары: Қасқабас (шын аты Төленді), Қаскен (шын аты Нұрқасым), Құлжанбек, Сіләмбек, Мақұлбек және екінші әйелі Құсжаннан (шын аты Гүлғүсия) – мен жалғызбын. Менің шешеме әкем 1934 жылы Қарқаралының түрмесінен шыққан соң қосылыпты. Өзінің бұрынғы құдашасы екен – бір келінінің немере апайы. Шешем 1935 жылы Орынжан деген бір қыз бала тапқан екен, ол екі жасқа толмай шетінеп кетіпті. Шешемнің төркіні – төлеңгіт деген ел, оның ішінде Әмірзақ табынан.

Анам Гүлғүсияның тегі туралы да бірер сөз айта кетейін: ол үшін «Абай» журналының 1998 жылғы № 1 санында жарияланған Мұздыбай Бейсенбаев ағамыздың «Тарихи деректерге мұқият қарайық» деген мақаласынан үзінді келтіремін: «Аға сұлтан Шалғынбай Біралиннің рапортында мынадай сөз бар: «Старшего султана Каркаралинского округа сотника Биралина

рапорт... Со мною прибудет в г. Омск кандидат по мне хорунжий Копбай Есетов, два киргизских заседателя Малыбай Байгуттин и Джумабай Джантемиров, шестнадцать волостных управителей султаны: Солтабай Биралин, Бек Асанов, Мейырхан Арыстанбеков, би Альдике Ксенов, Юсуп Алшынбаев, Чокбай Балапанов, Калисбек Кульбаев, Менаяк Бегембетов, ...и из каждой волости по четыре бия и почетных киргиза» («Дело о проезде по Западной Сибири князя Владимира Александровича». Каз. ар. ф. 375 оп-1 д-970 листь 22, 1868 г.). Осы жолдаудағы Бегімбетұлы Меңаяқ би менің анамның үлкен әкесі. Меңаяқтан Әлпи, Оспанқұл, Бердібай туады. Менің шешем Бердібайдың қызы.

Меңаяқ бидің үш ұлының ортаншысы – Оспанқұл, кезінде ел арасында өте беделді азамат болыпты. Жиырма екі жыл үздіксіз болыс болып, орыс патшасынан шен алып, шекпен киген көрінеді. Сол Оспанқұл нағашы атамның балалары – Мірасыл, Нұрақым, Нұртазалар совет өкіметі орнағаннан кейін құғын көрген соң Қырғызстан жеріне ауып кетіпті. Сол жақта бой тасалап жүріп оқу оқып, еңбек етіп ұстаздық жолын ұстаған нағашыларым 1950 жылдардың ортасы мен 1960 жылдардың бас кезінде Фрунзе қаласында қайтыс болды. Ұрпақтары бар. Мәселен, Мірасыл нағашымның баласы Төлеубек Әлпиев Астанадағы К. Байсейітова атындағы опера және балет театрының директоры, Нұрақым нағашымның баласы Мұхтар биология ғылымдарының докторы, Бішкек қаласында тұрады. Нұртаза нағашымның Тынай, Есен деген екі ұлы жай қатардағы еңбек адамдары, олар да Бішкек қаласында тұрады.

Мірасыл (кейін атын Нығмет деп өзгерткен), Нұрақым, Нұртаза нағашыларымның фамилиясы – Әлпиев. Өз әкелері Оспанқұл кезінде болыс болғанынан қорқып, бәрі де бертінде Әлпиев деген фамилияны иемденген. Ал Әлпи деген кісі Оспанқұлдың туған ағасы екен, оқымаған, қатардағы елеусіз адам болыпты. Бәрі де балаларымен бірге Қырғызстан жеріне ауып барған. Сүйегі де сол жақта. Ағайынды үш нағашымның ортаншысы Нұрақым Әлпиев кезінде Қырғыз пединститутының директоры болған. Институт университетке қосылған соң сондағы орыс тілі мен әдебиет факультетінің деканы қызметін атқарған...

Әкем Төлеу Оспанқұл болыс қайтыс болғанда қоштасу өлең жазған, үзінді келтіремін:

*«Жығылды төлеңгіттің ала туы,
Суалды ағып жатқан шәрбат суы.
Сабырлым сары алтындай сәуле беріп
Бұрқырап уәлаятқа жеткен буы.
Алланың әмірімен опат болды-ау,
Ақылдың ұйып жатқан қалың нуы.*

*Алтындай қалайыға өң бергенім,
Аударып жұрт салмағын меңгергенім.
Мынау бай, мынау жақсы, жарлы демей,
Ғаділім – азды көпке теңгергенім.
Келтіріп қызметін орынына
Патшадан да шен келгенін.*

*Халқыңа өрнек шаштың тұғыр жолдан,
Сөйлеуші ең екі жақтап – оң мен солдан.
Халықтың суығына жылу беріп,
Ғаділім ыстығына пана болған.*

*Үш жүзге атағыңыз мәшһүр болды,
Секілді қажы Құнанбай, Мұса-Шорман.
Бас қосқан шербаштей сиезінде
Самсаған шығушы едің сары қолдан.*

*Аз ауыл төлеңгіт пен керей түгіл,
Жол алдың майқы-бошан, қара-шордан.
Басыңа бақыт дарып уағыңда,
Талай жан ақылыңа қоңсы қонған».*

Поляк революционері Адольф Янушкевичтің қазақ жерін аралау кезінде алған әсерлері туралы жазған күнделіктерінде аты аталатын зағип ақын қыз Жазық та менің анамның әкесі Бердібаймен бір туған, яғни Меңаяқ бидің қызы. Ал «Ақтам-берді – Жаскілең» поэмасын жазған Әзімбай Бижанов – менің анамның әкесі Бердібай Меңаяқұлының немере туысы. Өйт-

кені Меңаяқ би Өзімбайдың әкесі Бижанмен бір туысады. Әкем Төлеудің менімен «айтысында» баласының аузыма:

*«Өлеңнің ұлы дария арнасымын,
Ән салған әртістердің жолдасымын.
Ақындық әр затымның бәрінде бар,
Адамның қызыл тілді жорғасымын», –*

деген сөзді салуы содан.

Әкемнің менімен осы «айтысы» жазушы Медеу Сәрсекке құрастырып, баспаға әзірлеген «Бес тұғыр» атты жинаққа тұңғыш рет кіргізілген.

Әкем ақындық тәрбиеге өзі өскен ұяда кездескен. Өйткені шешесі Қуандық Сабырбайқызы сөзін өлеңмен айтып отыратын суырыпсалма ақын адам болған. Қуандық әжемнің ағасы Төлепхан (өзі ауру адамдарды емдейтін емші де атанған ерекше мықты суырыпсалма ақын болыпты. Амал не, олардың өлеңдері, ел аузындағы бірен-сараны болмаса, хатқа түспегендіктен ұмытылған. Демек, әкеме және оның інісі Мұқашқа өлең өнері нағашы жұртынан келген.

Әкемнің ертеректе жазған бір өлеңінде:

*«Нәпсіні жамандықтан тыйып жүрмін,
Көңіліме жақсы сөзді түйіп жүрмін.
«Нағашың он жеті ақын» дегеннен соң
Солардың ыстығына күйіп жүрмін.*

*Нұсқалы сөз асылын теріп жүрмін,
Бетімді туралыққа беріп жүрмін.
Әйтпесе әкемде жоқ, атамда жоқ,
Шешем ақын болған соң сеніп жүрмін», –*

деуі соған дәлел.

Ақындық үлгі мәселесіне келетін болсақ, әкеме бұл тұрғыда Абай шығармаларының игі әсері болғандығы даусыз шындық. Анасы Қуандықтың арқасында ұлы Абайдың алдын көріп, шығармаларын оқығаннан кейін ол өлең өнерінің мәнін оймен

түсінгендей болады. Сондықтан да алғашқы өлеңдерінің бірінде:

*«Өлеңге әркімнің-ақ құмары бар,
Ішінде аз-аз ғана ұғары бар.
Көн жамап былғарыға былғамайық,
Әр сөздің өз жөнімен ұнары бар», –*

дейді.

Абай атамызға тікелей еліктеген әкем бірқатар өлеңдер жазыпты. Мысалы, Абайдың «Әліпби» атты өлеңінің ізімен бозбала шағында Шақаман деген байдың қызына іштей ғашық болып жазған мынадай өлеңі бар:

*«Сәт саған һәм тағатсыз болдым ғашық,
Рә рахым етші маған пердеңді ашып.
Би басыңыз артылған адамзаттан
Ләм лебізің жұпардай жүрген шашып.
Ләм лажын оу ойлап таба алмай жүр,
Қап қалқам бола ма деп Сізден нәсіп.
Қош келсе бұл жауабым көңіліңе
Жасалық бір келісім уағдаласып».*

Ал «Ойлаған елдің қамын кісі бар ма?» деген ұзақ өлеңі де тура Абай үлгісімен жазылған десе де болғандай.

*«Ойлаған елдің қамын кісі бар ма,
Қазақпен қарны тойса ісі бар ма?
Әуелі өз арқаңнан бір жұлады,
Тығылсаң, әлің келмей күші барға», –*

деп басталатын бұл өлеңі «Абай» журналының 2003 жылғы 4-санында жарияланған.

Әкем ғұмырының тең жартысы қоғамдық өмірдегі, жеке өз басындағы небір қиын-қыстау жағдайлармен, қайғы-қасіретпен өткен. Осылардың басы – 1916 жылдың дүрбелеңі. «1916 жыл» деген ұзақ толғауы елді үдере көшіп Қытай асып кетуден тоқтатқан. Бұл өзі – ұзақ толғау, баспа бетін көргені тек үзіндісі

ғана. Толғауда туған жер табиғаты, елдің салт-дәстүрлері кең суреттеледі. Соңында «жат жерге ауып барғанда ата-бабамыздың сүйегі жатқан жер» деп қай моланың басында құран оқимыз деген ой айтылады. Табиғатты суреттегенде мынадай әдемі шумақ та кездеседі:

*«Құдығың шөл қандырар тас қалаған,
Мал ішіп көк бастауды баспалаған.
Қызығы жаңа шыққан жасыл шөптің
Кем емес тілі шыққан жас баладан».*

1916 жылдың дүрбелеңінен кейінгі жағдайлар да дүйім жұртқа белгілі: Қазан төңкерісі, азамат соғысы, кәмпеске, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, 30-жылдардың басындағы алапат аштық, 37-жылғы репрессия, ұлы Отан соғысы, 50-жылдардың бас кезіндегі қайталанған саяси қуғындаулар, қысқасы, ел-жұртпен бірге көрешекті тәуір-ақ көрген адам – әкем Төлеу.

Оның арасында жеке басы көрген қайғы-қасіреті тағы бар: 1926 жылы Қарқаралы педтехникумында оқып жүрген баласы Сіләмбек 17 жасында қайтыс болған, 1927 жылы ел жайлауға шығар кезде анасы Қуандық өмірден өткен, 1940 жылы 27 жасында Мақұлбек деген кенже баласы Топчиха деген орыс стансасында қайтыс болған.

1937 жылы «халық жауы» атанып ұсталып кеткен Құлжанбек деген баласы (ол кісі мектепте мұғалім болған) 1943 жылы февраль айында келіп, айдауда жүргенде көрген ауыр азабының кесірінен 1949 жылы қайтыс болды.

1940 жылы Қазақстан Жазушылар одағының тапсырмасы бойынша және М. Әуезовтің өтінуімен Барнауыл қаласынан іздеп тапқан қадірлі Ысқақов Әрхам (ұлы Абайдың немере інісі) ағамыз әкемнің үйінде бір апта жатып, ақыры елге көшіріп әкеледі. Сонда әкем Әрхамға өлеңмен:

*«Сөзіне ақындардың сын тағасың,
Жеткізіп кім айтады сөз бағасын?
Қырағы қыран көзбен қарағанда
Айырып мысқылдана мін табасың.
Елігіп айғай дуга босқа кетпей,*

*Адамзат ойлау керек өз шамасын.
Толтырып толық түрде айта алам ба,
Үкіметтің шалқып жатқан кең сабасын.
Жастардың қатарына қосамын деп,
Әрхам-жан сүйреп отыр кәрі ағасын.
Ежелден жүйрік емен зырқыраған
Сөзіңіз арзан емес сіз сұраған,
Әуелден оқымаған қараңғы едім,
Сәуле жоқ көкірегімде жылтыраған.
Ескі сөз ертеде айтқан бар да шығар
Түтіні будақ-будақ бұрқыраған.
Сақтанам, білемін деп айта алмаймын,
Жеңіл сөз нәтижесіз тапқандаймын.
Керекке жарайсың деп шақырғанға,
Бұлданып, не бой тежеп тоқталмаймын», –*

деген.

Елге оралған бетінде темір жолы бар Шар стансасын қоныс еткен әкем қолына қайта қалам ұстап, жаңа дәуірді дәріптеп жырлауға ден қояды.

*«Кеш келдім дүниеге, ерте туып,
Жетпіске жеткізгенде өмір қуып.
Өлеңді көп жыл бұрын қапқа салып
Қоймаға тастап едім аузын буып.*

.....
*Алланың адам басы байлауында,
Тұрмыстың қалай қақса айдауында.
Өзім де таң-тамаша қалып жүрмін.
Тілімнің қартайғанда сайрауына.
Жарқ етіп жас өмірге келіп қаппын
Көктемде ел шыққандай жайлауына», –*

деген шумақтар сол кездерде жазылған.

1940 жылы тамыз айында Мақұлбек атты кенже баласы (бәйбішеден) қайтыс болады. Кезінде 4 жыл орысша оқу бітірген екен. 1933 жылдың күзінде Науалы балалар үйінен (Үржар) ең үлкен ағасы Қасқабастың екі баласын – Шайбал (1922 ж.)

мен Әбусәлімді (1924 ж. туған) арқалап, Аякөзге жаяу жеткен. Жаңбырлы қарасуықта өкпесіне суық тиіп ауырған. Көп жыл емделсе де, қабынған өкпенің дерті өршіп, бой бермеген. Бурабайға барып та көрген.

1942 жылы жазған «Мұңзар» деген өлеңінде әкем былай деген:

*«...Аяусыз ажал келді қыршын жасқа,
Тоқтау жоқ ұйқы, тамақ ішер асқа.
Артында тірі қалып отырғаным, –
Болған соң, амал бар ма, жаным басқа».*

Жігіт шағында көз жұмған Мақұлбек есімді баласының жастығының астынан табылған қағазда мынадай өлең жолдары болыпты:

*«Бұл науқас жазылмай тұр емдегенге,
Білмеймін, біржолата дендеген бе?
Қорқамын: жан терім бе, жай терім бе,
Жөтеліп кеудем қысып терлегенде.*

*Сағатына жеткізбей бір қысылам,
Бәрі оңай басқа түсіп көрмегенге.
Үздіксіз сегіз жылдай мехнат тарттым,
Әншейін мәз боламын өлмегенге.*

*Аузымнан әрбір түрлі зар шығады,
Ішімді қайғы-шерім кернегенде.
Тілеймін: «Ақырын бер, бір Алла», – деп
Бола ма Алла ісіне көнбегенге.*

*Кетеді кей уақытта кеудем қысып,
Жөтелден қабынады өкпем ұшып.
Қор болдың науқаспенен газиз жаным,
Жас өмір жауқазындай тұрған пісіп.
Елестеп алды-артымның бәрі көзге
Кетемін түпсіз қиял ойға түсіп.*

*Жас шақта науқас билеп болдым ғаріп,
Күн сайын кетіп барам етім арып.
Кетерім қай жағына белгісіз боп,
Отырмын жол үстінде екі кәріп.*

*Жатырмын бір Алланың панасында,
Жүрегім, артымды ойлап жанасың да.
Не халде күн көресің, әжежаным,
Алпыс пенен жетпістің арасында.*

*Ата-анам, мен кеткен соң, есің ауып
Біржола ақылыңнан танасың ба?
Құданда, сүйек-шатыс ағайындар,
Көз қырын кемпір-шалға саласың ба?*

*Не керек есіл еңбек жанбаған соң,
Қызыққа бір-ақ жұтым қанбаған соң.
Өзім өштім – атымның мүлде өшкені-ау,
Артымда бір иісім қалмаған соң...»*

Мақұлбек ағамыздан ұрпақ қалмады. 1950 жылдары Семей-дегі облысаралық әдебиет бөлімшесінің жетекшісі болған Жәрдем Тілеков ағай әкеме көңіл айтып жазған өлең-хаты сақталыпты:

*«Ақсақалы арқаның
Алдым, Төлеу, хатыңды.
Көрмесем де сыртыңнан
Естуші едім атыңды.
Оқыдым талай сөзіңді,
Сөзіңнен көрдім асылды.
Асыл сөзбен айтпай ма
Ақынға ақын ақылды.
Бауыр мен бала өлді деп
Көңілің неге жасиды?
Есіңе алшы, қарт Төке:
«Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,*

*Қанаты бүтін сұңқар жоқ»
Деген бір ескі нақылды...»*

«1929 жылы жаз жайлауда отырғанда, біздің үйге үш белсенді келіп кірді. Біреуінің белінде тапаншасы бар. Өздері қызулау екен. Мен төр алдында шынтақтап жатыр едім. Насыбай аттым. Олардың не көздеп келгенін біле қойдым: өз еліміздің бір байы біздікіне үш тоғанақ пұл тығып кетіп еді. Менің насыбай атқанымды көріп, тапаншалысы:

*«Шалдар неге атады насыбайды,
Жасаңғырап көңілі жасымайды.*

Аяғын сіз айтып жіберіңізші» дегенде, мен:

*«Пәле қумай жайыңа тыныш жүрсең,
Насыбайдан иманың сасымайды», –*

дедім де, – Шырағым, қолымнан тартып жіберші, – дедім алдыма келгенде оң қолыммен тапаншасын қапсыра ұстап қолтықтап, далаға алып шықтым да:

– Ал не керек өзіңе? – дедім.

– Ойбай, Төке, ештеңе де керегі жоқ.

– Ендеше жүр деп үйге алып кіріп, төсек астында жатқан «ақ дабы» деп аталатын бұлдың тоғанасын суырып алып, табаныма салып жыртып:

– Мынадан дамбал тіктіріп ки, – деп қолына бердім», – деп әңгімелейтін еді әкем.

Өзі Қуандықтай анасының тәрбиесін көрген, Абайдай ұлы ақынның үлгісін алған әкем адалдық, адамдық жолынан ешқашан таймаған. Кедей тапқа теңдік әперген Кеңес өкіметінің саясатын қуана қарсы алған. 1922 жылы Қарқаралыда өткен Қазақ автономиясының екі жылдық тойында:

*«Коммунист айналайын ақ жүрегім,
Бұлақтай тастан шыққан мөлдір едің.
Біз үшін білегіңе жаныңды орап
Халықтың алып бердің бар тілегін...» –*

деп басталатын ұзақ толғауын оқыған.

1930 жылдың қаңтарында нақақтан ұсталып, 10 жылға сотталып, небір қиындықтарды басынан өткізген әкемнің көп нәрседен көңілі де қалған сияқты.

«Ақылыммен кеңесу» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

*«Сұм өмір тиянақты тіреуі жоқ,
Болады бірі – жалын, біреуі – шоқ.
Басына мәдениет орнап тұрған
Жастарды дей алмаймыз тілеуі жоқ.
Азынап от басында отырсаң да,
«Ақсақал, сіз біл» дейтін біреуі жоқ.*

*Себебі олар ескіден ерте безді,
Алмайды қалған дәуір, ескі сөзді.
Оқымаған соқырдан жөн сұрай ма,
Жол көрген өкіметтен екі көзді.*

Бұл шумақтарды біз 1975 жылы шыққан «Жырларым» атты жинағына қасақана кіргізбеген едік. Өйткені қатаң бақылау күллі жинақты өткізбес деген қауіппен...

Әкем өлеңді жазып шығаратын, қолма-қол айтып жіберетін-ді. «Қолма-қол айтысқа, шіркін, Нұрлыбек, Нұрғали, Сапарғали, Шәкерлер ғой» деп отыратын.

1943 жылы республикалық тұңғыш ақындар айтысының алдында Қайып, Жолдыкей, Сәби деген қарағандылық ақындармен жай кездесу кезінде жалғыз өзі айтысыпты. Сонда кешігіп жеткен Нұрлыбек пен Сапарғалиға (бұл кісі атақты Қалихан Алтынбаев ағамыздың туған нағашысы) былай депті:

*«Әңгіме ақындармен құрып едім,
Айтысқа сөздің бетін бұрып едім.
Тот басып, ескі тартып қалған екем,
Мен-дағы ақ алмастың сынығы едім.*

*Сендерге қарай-қарай көзім талып,
Кеш жатып, елден ерте тұрып едім.
Бұғалық қашағанды құтқармайтын,
Тіпті ұзын жібек арқан құрық едің.*

*Тізетін сөз маржанын меруерт тағып
Бұлақтай ағып жатқан тұнық едің.
Тұп-түгел төрт құбылам бола қалды,
Екеуің қасыма кеп тұрып едің.*

1945 жылдың 7 қараша күні Шар ауданының «Қараш», «Кезеңсу» деген екі колхозының атынан әкем мен Тәңірберген Өміренов ағамыздың айтысқаны бар. Аудан басшылары «соғыс жаңа ғана аяқталды, елдің хал-жайын өздеріңіз білесіздер, сондықтан кемшіліктерді сынау жағына онша бара бермеңіздер, – депті. Бірақ Тәңірберген ағамыз «Кезеңсу» колхозының екі азаматының жылқы ұрлап, істі болғанын айтып жіберген.

Сонда әкемнің қолма-қол былай дегені бар:

*«Қараштан» не шықпайды ақтарғанда,
Барасың желдей есіп мақтанғанда.
Үйде кісі қалмаушы ед кешке жақын
Ұрлыққа жалпағынан аттанғанда.
Үй басы қап-қап болып астық шығып
Қайда едің алты әйелі сотталғанда».*

Өрелі, өнерлі ақындарды үлкен ризашылықпен мақтап отыратын. Аса жоғары бағалайтын ақындарының бірі қарағандылық Қайып Айнабеков деседі. Абай ағамыздың 100 жылдық тойын суреттеген толғауында ол туралы әкей былай дейді:

*«Ақыны Қарағанды Қайып ақын,
Қолма-қол сөйлер сөзге дайын ақын.
Жұп-жұмыр төрт аяғы түгел тиіп
Сөзі жоқ оқшау шығып жайылатын.
Салмағы сары алтындай маңызы зор
Толғамын кеңнен толғап қайыратын.
Қараса дүрбі салып мін таппайды
Шеберлер сөздің мінін айыратын.*

Өмірінің жартысы ел ішіндегі, жеке басындағы ауыр жағдай, қайғы-қасіретпен өткен әкем рухы өте күшті адам екен. Көрген хикметтеріне еш мойымай, советтік кезеңде он төрт жыл ғана

қалам ұстап еңбек еткен әкемнің жан дүниесінің беріктігіне қайран қаламын.

«Мәселен, «Абай тойында» деген ұзақ өлеңін алсақ, біз білген ақындар Абайды да, Абайдың салтанатты тойын да Төкеңдей жырлап берген емес», – деп жазыпты ақын Жақан Сыздықов /«Екпінді» газеті, 28.VII. 1946 ж. №149/.

«Абайдың ерекше әсерімен, Абай мектебінің өнегесімен жазба әдебиет үлгісінде көптеген өлең, дастандар тудырған Төлеу, Нұрлыбек, Шәкір, Сапарғали, Тәңірберген сияқты сауатты, дарынды халық ақындар легі бар. Бұл ақындарды да Абай мектебінің шәкірттері деп есептеу лазым», – деп жазыпты Мұхамедханов Қайым аға «Абайдың ақын шәкірттері» деген кітабында (4-кітап, 234-бет. Алматы, 1997 ж.).

Өлеңді, жалпы өнерді қатты құрметтейтін әкем арамдықты, тек өзім ғана болып-толсам дейтін қараниеттілерді өте жек көретін және оңдырмай сынайтын. 1924 жылы Дағанды елінің болыстық атқару комитетінің председателдігіне Байжұманұлы Күрдеубай деген жұмысшыдан шыққан, коммунист, сүйегі Арғын Шаншар табынан шыққан азамат сайланыпты. Бес-алты айдай Күрдеубай келе алмай, қызметті оның орынбасарлығына сайланған әкем Төлеу атқарыпты.

Сол Күрдеубай туралы әкемнің ұзақ өлеңі сақталған...

Әкем Төлеудің әділетсіздікке, менмендік топастыққа шыдай алмайтындығына мысал келтірейін. Ол – Тошан деген болысқа айтқан өлеңі.

Тошан арқадағы керей руының (Қосай, Бекназар деген екі ата елдің) Қосай табынан тараған Байсейіт деген тармағынан шыққан адам екен. Жасында кедей болған. Сол заманда орысша оқыту үшін қазақтың балаларын алмақ болған. Тошанның Тойсары деген бірге туған ағасының баласы Бейсенбайды 12 жасында бес тоқтыға сатып алып, оқуға жіберген. Бейсенбай орысша оқу бітіріп, мал дәрігері болып оралғанда, болыс қоймақшы болады, оның жасы жетпейді де, ағасы Тошан болыстыққа сайланады. Өлеңнің ішінде «Кешегі құмда жатқан арбалымыз» деген сөз бар. Оның мәнісі Тошан кедей кезінде Жетісуға астық алмақ болып барғанда, көлігі нашарлығынан арбасы Тауқұм деген жерде қалып қойыпты. Екінші, тағы сол өлеңнің ішінде айтылатын «қалған күнде мың теңге санап алдың» деген

сөздің себебі – Тошан бір сайлауда болыстықтан түсіп қалғанда, әкімдер оған халықтан мың теңге жинап беріпті. Бір жылы ел жайлауда отырғанда, – дейтін әкем, – сәлем беріп келгенімде Тошан болыс: «Әй, Төлеу, сәлеміңді қайтадан өлеңмен берші», деді. Кім білсін, сөзден тосылар деп сынағаны ма екен, сонда айтқаным дейтін:

*«Ассалаумағалейкүм, Тошан болыс,
Қосайға, Бекназар мен болдың қоныс.
Жасыңнан көргеніңнің бәрін айтсам,
Сабырмен тыңдайсыз ба көрмей теріс?»*

– Тыңдаймын, – депті болыс.

– Ендеше, – деп ары қарай былай жалғастырған екен әкем:

*«Бір кезде аз-ақ болған дәрменіңіз,
Жер бетін нашарлықпен шарладыңыз.
Онда құда, тамырың жоқ еді ғой,
Орынбор арғы шеті – барғаныңыз.*

*Жасыңда жалтыр тақым ұры атанып,
Талшық қып айыл, жырым жалмадыңыз.
Болысқа расселнай ұлтан боп,
Күн көріп тақымыңды жалдадыңыз.*

*Қарық болмай қара суға жүруші едің,
Сапырған сары қымызды талғадыңыз,
Бейсенбай орысша оқып келгеннен соң,
Қатардан ақсап жолда қалмадыңыз.*

*Бұл күнде бір болысқа патша болды-ау,
Кешегі құмда жатқан «арбалымыз»,
Бақ-дәулет бұл уақытта қатар орнап.
Кендірге жібек арқан жалғадыңыз,
Қырық үйің бір сайдағы қырық ауыл боп,
Қыдырға толып кетті жан-жағыңыз.
Ескендір Зұлқарнайын патшадай:
«Е» десең, екі болмай пәрманыңыз.*

*Рахымың тұскенді еркелетіп,
Жібермей жек көргенді қарғадыңыз.*

*Қарғыс малы қарныңа майдай жақты,
Кем-кетік жетімдерден алғаныңыз.
Қалған күнде «мың теңге» санап алдың,
Патша ол да сіздің болғаныңыз.*

*Жаста – бейнет, кәрілікте дәулет берді,
Жалғанда жоқ деп білем арманыңыз.
Көргенің жақсы-жаман бәрін айттым,
Осыдан бар ма, сірә, қалғаныңыз.
Алдың ғой бір жетіліп не дегенмен,
Болмаса кісі ақысы бар малыңыз».*

Тошан болыстың ашуланып, өңі бұзылған екен, інісі Бейсенбай:

– Тошеке, ашуланбаңыз. Төлеудің айтқанының бәрі шындық қой, – депті.

Бейсенбай өте ақылды, парасатты адам екен. Болыс болғанда жұртқа қылдай қиянат жасамапты. Байларды кәмпескелегенде жұрт: «Бейсекеңді жер аударсаңдар, бізді де қоса ала кетіндер», деп аман алып қалыпты. Сөйткен Бейсенбай 1937 жылы маңқа болған жылқыларды атқызғаны үшін айдалып, содан оралмапты. Шешек шыққан балалардың сары суын сау балаларға егіп, көп сәбилерді ажалдан арашалап қалған екен.

Бейсекеңнен ұш қыз қалған. Үлкені – Ғайни деген апайымыз, атақты диктор марқұм Әнуарбек Байжанбаевтың (руы – тобықты-жігітек), ортаншысы Зәуреш ақын Жаппар Өмірбековтің жолдасы еді. Кіші қызы – Бақыт деген апайымыздың жолдасын көргем жоқ. Естуімше, ол жездеміз де баспасөз маңайында қызмет істеді ғой деймін.

Әкем өмірі қадірлеп, пір тұтып өткен сыбан елінен шыққан он жеті ақынның соңғы талантты өкілі (өмірі Аякөз қаласында өткен) ақын Ғаббас Шөкімұлы еді. Ол кісі 1924 жылы туған. Жас шамасы жағынан – Төлеудің немересіндей.

Бір жиында Әріп Тәңірбергеновтың баласы Ақматай деген ақын Ғаббас Шөкімұлына былай депті:

*«Ақматай, Шұғыбан боп аталып ек,
Біз дағы ұлкендерден бата алып ек.
Әріптің Орта жүзге аты шыққан,
Шәкірт боп сол кісіден хат алып ек.
Бересің бұгін маған қандай баға,
Сыбанның ақыны деп атанып ек».*

Сонда, Шөкімұлы Ғаббас (бұл кісі де Байғара бидің Баубек деген екінші әйелінен туған Үш қоңыр деп аталған тармағынан) былай деп жауап беріпті:

*«Әріптен туған атың туырлықтай,
Бұл күнде тартылыпсың құр құдықтай.
Қор болып есіл атақ кеткен екен,
Шал бопсың үшкіл тұмсық жұдырықтай.
Алтайдың ақиықтай қыранынан,
Тұрымтай туады екен бұлдырықтай».*

Осы сөз әкем Төлеудің құлағына жетеді. Сонда ол «апырай, нағашы жұртымның бұлағы суалмаған екен» деп, талапты жасты бауырына тартып, алғашқы өлеңдерін баспасөзде жария етуге көмектеседі. Тәкей деген құдасынан сәлем хат беріп шақыртады.

*«Талабы таудай екен Ғаббас бала,
Жабылмас жақсы сөзге бекер жала.
Таныссын, өлеңдерін ала келіп,
Демесін не үшін керек өлең шалға», –*

деп бастапты өлең хатын.

Арада он шақты күн өткенде Ғаббас келіп сәлем береді:

*«Ассалаумағалейкүм, Төлеу жиен,
Қалайын бір сөйлесіп, қолдаса ием.
Алдыңа асыл жырдан маржан шашып,
Ақ жібек сақалыңа басымды ием.*

*Белгілі жиендігің Байғараға,
Жүйрік боп топтан озып шықтың дара.*

*Қуандық тегенелеп тасығанмен,
Таусылмас бірақ оған қара саба.*

*Сол кісі бізге ештеңе түк қоймапты,
Қотарып тегенелеп Сізді ойлапты.
Керейге кетерінде келін болып,
Ерке қыз еншісіне өлең апты».*

– Осы әңгіме Ғаббас Шөкімұлы екеуіміздің, – деп жазады тамаша журналист, айтыскер ақын, марқұм Тоқтархан Шәріпжанов, – өзілмен қағысуымызға себеп болды. Менің тұп негізім Төлеу ақынмен туыс болғандықтан, «құда – мың жылдық» деген қағида бойынша бір-бірімізді «құда» десетінбіз. Бір жолы редакцияға «Болмайды соғыс» деген толғауын әкелген кезде өлең формасына поэзияның қазіргі жаңалықтарын қолдануды ескерте отырып, қалжыңмен былай деген едім:

*«Ұрқы едің өнер қонған «он жетінің»,
Белгілі бедері бар сөз бетінің.
Кезінде тұсауыңды әкем кескен,
Содан ғой теріс кетпей, оң кетуің.*

*Оң кеттің, содан кейін теріс кетпей,
Таппайды тұлпар түбін өріс теппей.
Өлеңді жазсаң нетті «супер мода»
Тігісін құдаңызға тегістетпей?*

*Сар желіп сырғақтатып майдалаған,
Ескі сөз сен білетін қайда маған?
Бағыма құдам болып туармысың,
Өрбіткен он жеті ақын Байғарадан.*

*Бас құдам кешегі өткен ер Сабырбай,
Кезі жоқ сөзден қорқып тайғанаған.
Күшімен қазақ асқан Боранқұлдың,
Күні жоқ белдескенін жайламаған.*

*Сыбанда қаза берсең, қазына көп,
Жаза бер көсіп алып айналаңнан.*

Сонда Ғаббас Шөкімұлы бөгелместен былай деп жауап берді:

*«Мұндағы жүрген күнім болды базар,
Аудардың, Тоқтарханым, маған назар.
Төлеу жиен болғанда, мен – нағашы,
Алтын шыққан жермін ғой белден қазар.*

*Сөзің жөн, тілің шебер, керей бала,
Төлеуден бата алғаным емес жала.
«Суперден» тарғып шалбар тікпесем де,
Осал ма тон шығарсам алтын жаға.*

*Ақиық мекендейді Алтай тауын,
Шыңдайды балапаны қарлы жауын.
Болған соң заты текті есеп емес,
Қыранның кім кессе де аяқ бауын.*

*Алған соң қанаттанып тарттым шырға,
Зымырап ойдан ұшып, қондым қырға.
Таңынан марал – өлең ілсем дағы,
Ояттың қиялымды енді ғана.*

*Ежелден қара шаңырақ Семей ордам,
Кетпеспін ауа басып жырақ одан.
«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөз бар,
Мұра боп бізге жеткен бұрынғыдан.*

*«Мың жылдық құда» дескен бұрынғылар,
Ұрпағын жақсы атаның ырым қылар.
Танитын сөз төркінін шын ақынсың,
Жабыға айтқан сөзің шығын болар».*

– Мен осы жолы Ғаббас Шөкімұлымен ақырғы рет жүздесіп отырғанымды білгенім жоқ, – деп жазыпты, өзі де алпыстан сәл ғана аса бере көз жұмған қайран Тоқаң, Тоқтархан Шәріпжанұлы.

Ендігі біраз сөз әкем Төлеу мен Абайдың ақын шәкірттерінің бірі, атақты ақын, әнші-сазгер Уәйіс Шондыбайұлы жөнінде. Екеуі де ақын, туыстығы да жақын, әрі құрдас екен, тек Уәйіс

бір жас әкемнен үлкен екен. Туыстығы – Шұбартау өңіріндегі бір болыс керей елі – Бегімбет баласы Қосай және Бекназар деген екі таптан құралса, Төлеу Қосай ішіндегі Сарыбайына жатады да, Уәйіс Бекназар ішіндегі Қожагелді деген табынан. Екеуі дос болған. Айтысып та қалған кезі болыпты. Ел ішіндегі байлармен сыйыспаған Уәйіс тобықты ішіне (нағашы жұрты болуы керек) ауып кетіп, сол жақта 1925 жылы қатерлі ісік ауруынан қайтыс болыпты. Уәйіс төсек тартып жатқанда Төлеу арнайы барып көңілін сұрап қайтқан.

Әкем Төлеудің «Мың бір түн» хикаясының бір желісімен 1941 жылы жазған «Қырық уәзір» деген шығармасы бар еді. Соны Қайым аға Мұхамедханов «Ол Уәйістің шығармасы емес пе?» дегенде мен «Жоқ, аға, Уәйіс, Төлеулер ондайға (плагиат – әдеби ұрлық) бара қоятын адамдар емес қой, мен де атамның өзі ауызша айтып отырып жаздырған екі дәптері бар. Сыртында әкемнің өз қолымен арабша «Қырық уәзір» әңгімесі. Шығарған Төлеу» деген жазуы бар дегенмін. Қайым аға ештеңе деген жоқ еді. Көлемі – мың жарым жолдан артық. Сол Қайым ағамыздың «Уәйіс ақынның шығармалар жинағы жайында» деген мақаласында (27.08.1987 ж.) «Уәйістің өз қолжазбасы болмағандықтан бұл шығарма әзірге баспаға жіберілмеді» деген сөйлем бар. Ал менің әкеме телініп жүрген «Кешубай» атты поэма басқа біреудікі екен. Оны айтып отыратын, және өз қолымен жазған сол поэманың аяғында «бұл шығарманы жазған мен емес, кімдікі екені белгісіз» деген сөздер бар.

Төлеу ақын шығармашылығы бойынша диссертация қорғаған Тұрысбекова Жанар деген қызымыз да кітабының 109-бетінде мынадай сөйлемді келтіріпті:

«Шығарма соңында жақшаның ішінде «Бұл «Кешубай» мен шығарған сөз емес. Кім шығарғаны белгісіз» деген сөйлем бар. Бізді бұл сөйлем әртүрлі ойға жетелейді. Сол кездегі саяси ахуалдан жасқанған ақынның осы сөзді әдейі қосып қоюы да мүмкін». Мен мұндай ойша топшылауымен келіспеймін. «Кешубай» – Төлеу ақынның шығармасы емес.

Енді бір оқыстау әңгіме әкем Төлеудің «Ақтайлақтың толғауы» дастанына байланысты. 1990 жылдың наурызы аяғында мектепте жүргенімде бір кішкене бала бүктелген қағаз әкеліп

берді. Ашып оқысам, Сүйіндіков Балтабай деген нағашымның маған жазған өлең хаты екен:

*«Жиеншар, халің қалай, есенбісің?
Өзіңше үй ішінде көсембісің?
Тұғырға әкең шыққан көтерілмей,
Буынсыз өспей қалған мешелмісің?»*

*Айтқызбай сөз төркінін десем түсін,
Болмаса тойтарарсың келсе күшің.
Арғы атам жуан таптан болса-дағы
Мен емес кеуде керер кесел кісің.*

*Тегіме тегін ісіп мақтанбаймын,
Болмаса ақынмын деп ақталмаймын.
Шындықты айтар кезде үй артында
Жалтақтап кісі бар деп сақтанбаймын.*

*Жалғыздың жалаң сөзін тыңдамақ кім?
Егер жалған айтсам, сонда тақ мін.
Толғауын нағашыңның ұрлап алып,
Атынан өз әкеңнің жырламақсың.*

*Зіл тастап бүкіл сыбан қауымына,
Намысын дүйім елдің сынамақсың.
Болсаң да жиенімнің төл баласы,
Қорлыққа көпе-көрнеу шыдамақ кім?*

*Әркімге өз тумасы тиесілі,
Қайтарғын, ұрлап алсаң, иесіне.
Аруағын бабалардың қылма мазақ
Әйтпесе ұрынарсың киесіне.*

Мұны жазған әжем Қуандықтың туған бауыры Сүйіндіктің немересі, Сүйіндіков Балтабай деген азамат еді. Біздің Қарақол ауылынан қырық-ақ шақырым жердегі Шыңырау деген фермада мал дәрігері болып жүретін. Ештеңеге түсінбей хатты қалтама салып жүре бердім. Біраз күннен кейін сол кезде «Семей

таңында» істейтін ақын інім Мерғали Ибраев үйге телефон шалды. Аmandық-саулық сұрасқаннан соң Мерғали інім:

– Мүке, үстіңнен шағым түсті. Сүйіндіков деген нағашыңыз: «Менің атамның «Ақтайлақтың толғауы» деген шығармасын үрлап алып, өз әкесінің атынан шығарғалы жүр екен Мұрат Төлеуов деген жиеншарым» депті. Жариялаймыз ба оны қайтеміз? – деді.

Мен: «Жариялай беріңіздер, жауабын өзім жазамын», – дедім.

Мәселенің мәнісі былай болған: әкемнің «Ақтайлақтың толғауы» деген дастаны бұрын жарияланбаған дүние еді. Қалихан Алтынбаев ағамыз Төлеу жайлы бір мақаласында («Ұлы өзеннің арнасы», «Семей таңы» 12 сентябрь 1989 ж.) «Төлеудің «Ақтайлақтың толғауы» деген дастаны бар. Ол әлі жарық көрмеген. Түпнұсқасы баласы Мұраттың қолында», – деген.

Сонымен, 1990 жылдың 7 сәуірдегі «Семей таңындағы» нағашымның «Төрелігін айтыңдаршы, ағайын» деген мақаласын оқыдық. Мен де жауабын бердім. Газеттің 1990 жылғы 19 мамырдағы санында «Аңдамай сөйлеген...» деген мақалам. Оның үстінде Қайым ағамның «Пікірге, пікір» деген жауабы да шыға келді. Сол газеттің 1990 жылдың 28 шілдедегі санында Қалихан ағамыздың «Ақтайлақтың шөбересіне жауап» деген мақаласы шықты.

Ал мен болсам, Балтабай нағашымның алғашқы өлең-хатына былай деп жауап бердім:

*«Балтабай, хәлің қалай, есенбісің?
Өзіңше сен де үйіңде көсембісің?
Ауыл түгіл, Семейге асыратын,
Бар еді қандай ғана «кеселді» ісім?»*

*Сыйлаушы ем нағашым деп, одан басқа,
Қандайлық көрсетіп ем бөтен пішін?
Жақсыдан жаман туган өзіңсің ғой,
Іздесең өспей қалған мешелді шын.*

*Газетке деп жолдапсың Семейдегі,
Ақтарып бар жыныңды көмейдегі.*

*Жақсыдан қалған ұрпақ сендей болса,
Өкпе артып басқаларға не дейді елі?*

*Сыйласаң жақыныңды жаттан артық,
Содан ғой көңіл шіркін кеңеймегі.
Сыбанның «он жетісін» жалғастырсаң,
Алдыңа бөгет болған керей ме еді?*

*Қалды ғой талай сөзі жазылмай да,
(Шіркін-ай, сол жақсылар қазір қайда?)
«Өлең енді кетті, – деп, – керей жаққа»
Айтқызыған мен емес қой Сабырбайға.*

*Қалайша бұл өрескел жайға бардың?
Неңді ұрлап, неңді құртып пайдаландым?
Мұрасын ата-бабаң іске асырсаң,
Ауғанша жер ортасы қайда қалдың?*

*Сөзіңді ғайбат айтқан кім қолдады?
Атадан өз басыңа дым қонбады.
Қазақтан сөз қалған ба, қайран дүние-ай,
Жақсының арты осы ғой жын болғаны.*

*Жаздың ба күн ойланып, түн ойланып,
Жүргенің боқ бітірмей құдайға анық.
Қойдың көтін құрттаумен ғұмыр кешіп.
Шықпадың Шыңыраудан шыр айналып.*

*Арам тер боп миыңды талдырыпсың,
Әр бұтаның басын бір шалдырыпсың.
Ақын да емес, көп-көрім қатын да емес,
Жетесіз туған жаман шәлдіріксің.*

*Деп ойлап «бар мұраны қалды басып»,
Төлеуге бір жаланы таңдың ашық.
Алдымен келіп менен білмедің бе,
Айтыспай көп алдында салғыласып.*

*Албаты ақымақтық сөзің құрысын,
Енді ептеп басыңа бір сезім кірсін.
Қарғапсың «аруақтар атады» деп
Сол аруақ алдыменен өзіңді ұрсын»!*

21 сәуір, 1990 жыл

«Андамай сөйлеген»... деген мақалам жарияланғаннан кейін Балтабай нағашым кешірім сұрағандай болып маған хат жазды. Бірақ содан пайда не? Нағашымның «ал кеттік» мінезінің кесірінен көпшілік алдында ыңғайсыз жайда қалдық...

Әкем Төлеу өлеңді таза жазатын адам еді. Кейде табан астында да айтып жіберетін-ді. Бірақ «мен жүйрік емеспін, шіркін суырыпсалмалыққа Иса, Нұрлыбек, Сапарғалылар ғой» деп отыратын. 1943 жылы Алматыда болған тұңғыш республикалық ақындар айтысында дастархан басында отырғанда ғалым – әдебиетші Есмағамбет Ысмайылов ойламаған жерде: «Төке, мына асқа бір бата жасап жіберіңіз» дегенде, ол сәл-пәл ойланып, батаны төрт шумақ өлеңмен қолма-қол берген.

Сол сапарында әкем жыр алыбы Жамбылды кездестіріп, жүзін көріп, сәлем беріп қолын алған екен. Кейін, 1945 жылы радиодан ақынның дүниеден өткенін естіген сәтте жазған өлеңі жұртшылыққа мәлім. Ақынның сол өлеңі Ұзынағаштағы Жамбыл музейінің кіреберісінде ілулі тұр.

1943 жылы жаз ортасында туған жерді бір көріп қайтамын деп Шұбартауға аттанған әкем туған елін ұзақ аралап, қар жауған кезде Шарға оралып еді. Қасында ақын серіктері – Сапарғали Әлімбетов, ат айдаушы Қалихан Алтынбаев. Сонда елге қайтарда көңілі толқып отырып толғаған ұзақ өлеңі төмендегі:

*«Шұбартау, қыз боп келдім төркіндеген,
Көз жасым төркінді іздеп мөлтілдеген.
Сөз қайда жат кісіні жарылқамас
Өз қайда – өкпелесең де, өлтірмеген.*

*Кешігейін дедім бе, кешіктіріп,
Уақыт мезгілінде келтірмеген.
Ұмытайын дедім бе, ұмыттырып,
Өмірдің бақсысы ғой селкілдеген.*

*Сол бақсының соңынан мұрнын тескен,
Ілестім боз тайлақша елпілдеген.
Айырылып он үш жылда азар көрдім
Шұбартау, қайран елім еркіндеген.*

*Келгенде он үш жылда қадам басып,
Құрметпен жұрт қарсы алды есік ашып.
Бой сергіп, ой тазарып, қиял кетіп,
Көңілім дариядай отыр тасып.*

*Реңсіз көшкен елдің жұртындай боп,
Жүруші ед күңгірт тартып көңіл жасып.
Төбеме жеті қат көк түскендей боп,
Еңсемді көтертпеуші ед мүлде басып.
Бір көру асқар таулы асудай ед,
Отырмын сол асудан бүгін асып.*

*Дәл бүгін төбем көкке жеткендей боп,
Түпсіз ой, ауыр қайғы кетті қашып.
Көрерміз, әлде болса көрісерміз,
Көруге тәңірім етсе алда нәсіп.*

*Бет алды жас кезімдей жібермейтін,
Дос боп тұр кәрілік те жақындасып.
Болжаусыз соққан гайып желіндей ғой,
Келе ме ажал шіркін ақылдасып.
Ажалдан бүгін аман тұрғанымда
Құтылдым парызымнан амандасып.*

*Кей жаман сырттан сөз ғып мін айтады,
Сөз қоспай ақын айтса шын айтады.
Елімнің адал көңіл пиғылына
Алғысты мен айтпаған кім айтады!?*

*Данышпан болмасам да сөзге шешен,
Кеткен жоқ қызыл тілден ешкімге есем.
Түрім жоқ тоятындай ел сыйына,
Күніне он бес үйдің етін жесем.*

*Келмесем, балаларды өзің әкел,
Тағдырдан жүрсек егер аман-есен.
Қайтам деп асыққанның бір себебі,
Мұратым жас, науқас ед кәрі шешен.*

*Ал жаттық, рұқсатсыз қозғалмадық,
Қатемді қайтып алдым артық кетсем.
Қарағым, жүріс жайын енді өзің біл.
Түрің бар ренжитін қайтам десем.*

*Дәм татып қона жатып, ішкен шайым,
Үстіме киген шапан, мінген тайым.
Осы да өлгенімше азық болар,
Мен басқа бұйымтайды не қылайын?*

*Артына өздеріңдей із қалдырған,
Ата-анам, аруағыңнан айналайын.
Ел-жұртты тіршілікте бір көргенім,
Бар алған, осы, менің бұйымтайым.*

*Уақыт бар ма, жоқ па қайта келер,
Сіздермен тағы осындай ойнап-күлер.
Туған ел, өскен жерім, қош-есен бол,
Енді көрер, көрместі тәңірім білер».*

Бұл өлеңді ақын Жұмақан деген ағасының баласы Берікболға айтқан. Екі түрлі дәуірді басынан өткізген әкем Төлеу «Советтік дәуірге жеткен соң ескінің барлық әдет-ғұрыптарынан ада болған еді» десем, шындыққа жанаспас еді...

1946 жылы ақындар атасы Жамбылдың жүз жылдық тойына шақырылған жайтты бізге былай әңгімелеп еді.

Тойға келген жұртшылықпен Жәкеңнің зиратына бардық. Көпшілік оның бір жақтағы есігінен кіріп, жай басып екінші жақтағы есігінен шығып жатты. Топтың ортасында келе жатып, марқұмның қабірінің дәл тұсына келгенде тікемнен тік кетуге дәтім шыдамай тізерлеп отыра кетіп, құранды оқи жөнелдім. Алды-артымдағы жұрт кілт тоқтай қалды. Құранды аяқтап, қол жайып бата істедім. Зираттың ішінде тұрғандар да қолда-

рын жайды. Сыртқа шыққанымда Мұхтар Әуезов бастатқан бір топ жазушы: «Апырай, Төке, рахмет сізге, өте дұрыс болды... десті» деп жатты.

Әкем Төлеудің басты қасиеті – мінезінің аса ұстамдылығы, халықтық қасиетті дәстүрлерден таймайтындығы еді.

Қызылорданың сүт өнімдері заводында инженер болып істеген немере қызы Айгүлге Асқар Тоқмағамбетов ағамыз мынадай өлең жазып беріпті:

*«Қарағым айналайын Айгүл қызым,
Дүниеге келіп қалдың қай күн өзің.
Жарқырап жүрген жерің жарқырады
Өмірге жібергендей ай-жұлдызын.*

*Әкеңді білуші едім Төлеу ақын,
Жырымен талайларға болған жақын.
Өзі дүр, сөзі балдай ағатын еді,
Жетісу, Семей, Көкше білген атын.
Кездестік талай думан, талай тойда,
Кісі еді ие болған абыройға.
Сабырлы сары алтындай мінезі бар,
Сөйлессең, сөзге тұлпар, әрі жорға.*

*Қызы деп есітемін сол ақынның,
Жүйрігі болған әкең бұл ғасырдың.
Мен де әкең, сексенге кеп, қария боп,
Жыр жазып, көңілім шат, мен жатырмын.*

Асқар Тоқмағамбетов, 7/XI. 1982 ж.

1945 жылы Қазақстанның 25 жылдығына байланысты Алматыда республикалық ақындар айтысы болған. Соған біздің облыстан әкем Төлеу барып, Талдықорғанның ақыны Қуат Терібаевпен айтысқан. Сол айтыстың алдында, баласындай болса да, әкеммен қатты қалжыңдасатын Шәкір Әбенov: «Төке, бас жазатын бірдеңе бермейсің бе?» – депті.

Әкем: «Ой, жынды-ау, тектен текке аласың ба, бірдеңе де», – дегенде:

*«Бәйгеге кәрі айғырды қосып тұрмыз,
Алдынан келе ме деп тосып тұрмыз.
Жаздай сұлы жемеген құнқақты еді,
Сүрініп қала ма деп шошып тұрмыз», –*

депті Шәкір атамыз.

Әкемнен ол 25 сом алыпты. Айтыс сәтті аяқталып, төрешілер өкеме шапан жауыпты. Қырғыздың атақты ақыны Османқұл Бөлебалаев пен Бауыржан Момышұлы қолын алып, қуана құттықтапты. Тегі қырғыз ақынымен біраз әңгіме құрған ғой деймін, дәптеріне оның адресін жаздырып алыпты: *Кир.ССР. г. Фрунзе, Красный Октябрь, 57, Бөлебалаев Османқұл...*

1944 жылдың жазы болса керек, әкем Шардан жеті шақырым жердегі «Қараш» колхозының бастығы Қиқымов Ахмадидің үйіне барады. Ақсақал төр алдындағы жастыққа жантайып жатқанда Ахмади биік үстелдің жанында бір жолдасымен арақ ішіп отырып:

– Төке, қарап отырмай, бізге бірдеме айтсаңызшы, – депті.
Сонда ақсақал мынадай бір-екі ауыз өлең айтыпты:

*«Бұл күнде қадірлі асың – арағыңыз,
Қалған соң қара саба, шара қымыз.
Араққа дендей түсіп кеткен екен
Тапқан мал, еткен еңбек, талабыңыз.*

*Арақ ішкен кісіге мақтау айтасыз:
«Маладес, жақсы кісі, жарадыңыз.
Арақпен ақылыңды қосып ішіп,
Бұтаға ілінбесін балағыңыз», –*

деген.

Сол Ахмади кейіннен келеңсіз бір іс жасады. 1945 жылы жазда үйге Есмағамбет Ысмайылов пен Қайым аға келді. Әкеме олар Жазушылар одағының атынан қақпақты ескерткіш жазу жазылған қалта сағат әкелді. Дәл сол кезде удай мас Ахмади келе қалмасы бар ма.

– Көрейінші, – деп әкемнің қолынан сағатты алды да, шығып кетті...

Содан кейін ол сағатты біз көрген жоқпыз. Сол жылдың күзінде істі болып ол сотталып кетті. Бір сағатта тұрған ешнәрсе жоқ қой. Бірақ қақпағындағы ескерткіш жазуы ғана өкініш туғызады.

Әкем 1954 жылдың сәуір айында Семейге бір жиналысқа барғанда залда отырып ауырған соң, машинамен үйге әкеп салды. Содан сегіз ай жатып, желтоқсан айының 20-сы күні қайтыс болды. Ескертер бір жайт: қазан айында өзіне Қазақ ССР-інің халық ақыны атағын беру туралы Указын көріп кетті. Сол жылы қыркүйекте болған жазушылар съезіне баруды да, тойланбақшы болған 80 жылдығын көруді де тағдыр әкеме нәсіп етпеді. Өтерінен біраз күн бұрын көңілін сұрауға Қайықбай молда деген кісі келген еді. Әкеммен жасы шамалас, өте бір білімді, ескінің айтуға тұрарлық сарқыттарының бірі еді. Сонда сол замандасымен недәуір әңгімелесіп, сол күні оған айтқан өлеңі сақталған...

*«Жүрегім әр нәрсені жатыр шалып,
Жүресің сен де менен қанша қалып.
Тәңірдің ақ жолынан бұйрық келсе,
Жетерсің кейінгі елден хабар алып.
Қалмаған бұл дүние жалғыз бізден,
Тағдырдан лайық па күдер үзген.
Мәһшарда жолығайық, қолыңды бер,
Қалайын кешу алып енді Сізден.
Басқарып бұл тойымды өзің жөнелт
Туысым жоқ қасымда бірде біреу!..» –*

деп кешу айтысқан.

* * *

1974 жылы маусым айының 7-8-і күндері Шұбартауда ақынның 100 жылдығы аталып өтті. Оған К. Оразалин, Ә. Нұршайықов сынды жазушы ағаларымыз, академик Р. Нұрғалиев, тамаша ақындарымыз С. Жиенбаев, Ж. Өмірбеков, М. Рашев, Төлеудің өз замандастарынан қарт ақын Т. Әміренов, аяулы ақыным Қ. Туғанбаевтар және М. Сәрсекке қатысып еді. Тойдың

алдында (7 маусым, 1974 ж.) және соңында (14 маусым) «Семей таңы» газеті бір-бір бет арнады. «Қазақ әдебиеті» де материалдар берді.

2004 жылы Аякөз қаласында ақынның 130 жылдығына арналған республикалық айтыс өткізілді. 16 ақын екі күн бойы халықты жырға сусындатты. Демеуші болған азамат – Нұртай Сабильянов жерлес ініміз еді. Алайда сол тамаша айтыс, неге екені белгісіз, телеарналардан көрсетілмеді.

Мұрат Төлеуұлы.
2006 жыл, шілде



МАЗМҰНЫ

<i>Ахметов Д.</i> «Абай әлемі» – таңдаулы жауһарлар	3
<i>Ысмайылов Е.</i> Төлеу ақын	5
<i>Төлеуұлы М.</i> Ақын әкем туралы жүрекжарды ойларым	8
Абай туралы Төлеу Көбдікұлының естелігі	13

ТӨЛЕУ АҚЫННЫҢ СУЫРЫПСАЛМА ЖӘНЕ ЖАЗБАША ТОЛҒАҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Жұмбақ өлең	24
Төлеу мен інісі Мұқаштың айтысы	25
Төлеу, інісі Мұқаш және шешесі Қуандықтың бөліп айтқан бір шумақ өлеңі:	30
Төсек тартып жатқанда	31
Тірлік туралы толғаныс (Сарыарқа)	36
1916 жыл	42
Қайран жастық	50
Қырық бес	53
Сіләмбекті жоқтау	55
Кенже баласымен айтысы	56
Алпыс бес	59
Өзіме талап	60
Оқушы серті	61
Жеңіс салтанаты	63
Ертіске құрмет	65
Қара байталмен айтыс	66
«Бұрлен бәйтеректің бірі едім»	69
«Тұрмыстың толқынына түстің жалдап...»	73
Ұлдарыма	74
«Дүние бір күн олай, бір күн былай...»	75
Жаудан жерім тазарады	76
Құлаш жайған көк дала	77
Қарағанды ақындарына	79
Құттықтау бата	81
«Мінейін жасымдағы қайратыма...»	82
«Өлеңге мына ақындар ағып жатыр...»	83
Семей ақындарына	84
«Шұбартау – туысқан ел, туған жерім»	85

Ақындар айтысында.....	88
Егін	90
Қартайсаң.....	91
Көрікті көктем алдында.....	92
Маржандай басын иген мол егінім.....	94
Совет әйелдеріне.....	96
Тұрманым түгел, қапым жоқ.....	97
«Бұл тоқтам жай тоқтам ба, жеңіс тоқтам...».....	99
Тойым тойға ұласты	100
Мен кімін?.....	101
Абай	102
Ақын тойы.....	106
Той толғауы	116
Ерікті, еркін, тең елміз	120
Мақтан, қазақ	121

АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІ

Төлеудің Нұрлыбекпен айтысы.....	124
Жас ақындарға жауап	147
Қазақстан	149
Ақылыммен кеңесу.....	157
Достық	161
Жоқтау	162
Заманым.....	165
Көркем айы көктемнің	167
Менің өмірім	168
Май көрінісі	179
Пішеншілер	180
Шар қаласына	182
Көктем	183
Жас туралы	184
Өрге басын бар ісің.....	185
Ұсақ мақал, мысал өлеңдер	186
Өмір туралы	187
Япыр-ау, қайтер екен мына сексен	188

АҚЫННЫҢ ЗАМАНДАСТАРЫНА АРНАҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Қойгелдіге	190
Жылқыбайға.....	193

Күрдеубайға.....	194
Рахымжанға	199
Елтайға	201
Елемеске	204
Бәтимамен айтыс	205
Төлегенге.....	207
Сапарғалиға	209
Сапарғали мен Нұрлыбекке.....	211
Кәйкенге	212
Ахмадиге екінші айтылған өлең.....	213
Жамбылға	214
Қаскенге.....	215
Мәнтайға	216
Шағыр молдаға.....	218
Ауытқанға	219
Түсіпханға	221
«Көрген жан дейді мені жетпіс асты...»	222
Тағы да Кәйкенге	223
Қажығалиға	224
Бақиға.....	225
Қайықбайға	226

ТӨЛЕУ АҚЫННЫҢ ЖАРИЯЛАНБАҒАН ТУЫНДЫСЫ

Ақтайлақтың толғауы	228
---------------------------	-----

ЕСТЕЛІКТЕР

Жазушы Сапарғали Бегалиннің Төлеу ақын қабірінің басында сөйлеген сөзі	254
Қаскен Есенғараевтың әкесі Төлеуді жерлерде қабір басында оқыған өлеңі	256
<i>Есенғараев Ж.</i> Атам бос кезімде жанына ертіп жүретін... ..	257
<i>Төлеуұлы М.</i> Әкем туралы естегілерден.....	258

«Абай әлемі» кітаптар топтамасы

Төлеу Көбдікұлы

ШЫҒАРМАЛАРЫ

«Атандым өз тұсымда ақын Төлеу»

Редакторы *Фарида Тобашалова*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*
Дизайнері *Асет Салиев*
Корректоры *Назғұл Бимағанбетова*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 05.07.18 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 18,5.
Тапсырыс №123. Таралымы 1000 дана.

ISBN 978-601-338-008-7



«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13